

P 2017

331 к

ҚАЗАҚТЫҢ САЛ-СЕРІЛЕРІ

ТҰЛҒАЛАРЫ

ДАРА

ДАЛАНЫҢ

ҰЛЫ









p2017/331 r

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАЛАРЫ

ҚАЗАҚТЫҢ САЛ-СЕРІЛЕРІ



АЙҒАНЫМ

Алматы•2017

ӘОЖ 94 (574):7
КБЖ 63.3 (5 Қаз)+85
Қ 66

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Қорабай С.

Қ 66 ҚАЗАҚТЫҢ САЛ-СЕРІЛЕРІ: танымдық жинақ/Құраст.
Серікқазы Қорабай – Алматы, «Айғаным» баспа үйі, 2017. – 216 б.

ISBN 978-601-03-0451-2

Жинақта қазақ халқы мәдениеті мен өнерінің жарқын белгісі, биік шыңы – сал-серілік өнердің қыр-сыры туралы ғұлама ғалым, академик Ә.Марғұланның, көрнекті фольклортанушы-ғалым Е.Ысмайыловтың және басқа ғалымдардың зерттеулері мен пікірлері, ақындық, сазгерлік, әншілік, орындаушылық қасиеттерімен дараланған, жүйрік баптап, құс салған әрі аңшы, саятшы, әрі мерген, әрі әнші, күйші, ақын, өнерпаз, балуан әрі шешен болған атақты Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Шашубай және т.б. көптеген сахара сал-серілерінің сегіз қырлы, бір сырлы талант ерекшеліктері туралы мақалалар берілген.

ӘОЖ 94 (574):7
КБЖ 63.3 (5 Қаз)+85

ISBN 978-601-03-0451-2

© Қорабай С., 2017
© «Айғаным» баспа үйі, 2017

ҚАЗАҚТЫҢ САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮРІ

.....

Сал, сері екеуі де — өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Оны осы күнгі сахнада мирас болған Біржан салдың бейнесі анық сипаттайды. Қазақ тілінде ерекшеленген сал мен серінің адамшылық қасиеті ауызбен жеткізуге болмайтын орасан асқақ болып отырады. Олар күштіге табынбайды, кедейді мақтап жыр шығарады (Жанақ ақын, Дәулеткерей, Сейтек). Олардың бар ынтасы — махаббатқа бас иіп, оған бәйек бола түсу, ол үшін ел-елді қыдырып, өзіне ақылды, сұлу қыз іздеу, оған барлық жас өмірін сарп қылып, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан ету. Бұл тек қана сал мен серілерге ғана тән. Сал мен серіні мұндай ардақты дүниеге бағыттайтын — оның жаратылыс ерекшелігі, дарынды ойы, ашық-жарқын мінезі, сыпайылығы, сұлулықты, ғажайып жаңалықты жақсы көретіні, әдемі дүниеден ләззат ала білуі.

...Сері мен сал барған жерін думанға бөлеп, ойын-сауықпен жұрттың көңілін табады. Сал жүрген жерін ұзақ уақыт қызыққа батырады. Олардың шырқап салған әндері жаздыгүні түн ортасы ауғанша шырқалатын.

Ел-елді аралап жүретін әнші серілер, салдар — тарихи дәуірден келе жатқан мәдениеттің бір жарқын түрі. Олар — өздері шығарған ән-күйді, музыкалық шығарманы, халықтың эпикалық жырларын мәңгілікке сақтайтын аяулы ой иесі. Өткен ғасырларда сахарада ән мен күйдің өркендеуі, бір ғана сал мен серілердің, атақты домбырашылардың көркейіп өркендеуімен байланысты болады. Олар әнді бір дауыспен айтпай, кейде көпдауысты әдемі әндер шығарып жүреді. Біржан салдың Абай үйінде жатқанда көп серімен бірлесіп айтқан сұлу әндері. Бұл әндер, тіпті жай нәрсе емес, қазақ музыкасының көркейіп, биік сатыға жеткенін сипаттайды.

Демек, сал-серілік өнері халық шығармашылығының жарқын бір түрі. Оның негізгі құрылысы ойын-сауыққа негізделген, ән шырқау, жарқын күй тарту, билеу (Дәулеткерей алдында), ән желдірме айту, тағы басқалар. Бұл сауық көрінісін сал-серілер әрқашан көркем киімдермен не ешкімге белгісіз біралуан киімдермен, ат-тұрманын алтын күміспен, мыспен таусылмайтын сұлу өрнекті әдемі жібектер мен елді толықсытып жүретін. Бұлар әсіресе, Бәйтен салда, Ниязда, Сегіз серіде, Біржанда орасан көп.

Бірақ, бір өкінішті жері — сал мен серінің қашан шығып, қалай өркендегенін айтып берген бірауыз сөз әдебиетте кездеспейді. Ол туралы қысқа-қысқа жазып алған хабарлар бір ғана Ә.Ә.Диваев пен А.Н.Добромыслов та жолығады. Осы күнгі жазушылардан бұл мәселеге көңіл қойып жүргендер — Бижанов пен Ақселеу Сейдімбек.



Алайда, сал мен сері туралы күрделі аңыздар ел аузында орасан көп. Қай жерде қандай сері, қандай сал болғанын олар әлі күнге ұмытпай есінде сақтаған.

Тарих көзімен қарағанда, серілік ту баста түрік қағанаты кезінен шыға бастаған. Серілікті әдет қылған ойшыл кісінің бірі — сол кезде жасаған атақты Иоллық деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты әдемілеп ұстайтын ат сейіл, онымен қатар ол — асқан ақын, жырау. Ағалары Білге хан мен Күлтегін қайтыс болғанда, оларға арнап эпикалы оқиғаларды әдемілеп құрып, оны тасқа жазып қалдырған да — осы атақты Иоллық тегін. Түрік қағанатының асқаралы биі Тоныкөк терең ойшы кемеңгер білгіш кісі болған. Өлерінде басына қоятын құлпытасқа атақты жазуды ол өз қолымен жазып, қанша данышпан сөздер қалдырған. Тоныкөктің жалпы бейнесі VII—VIII ғасырдағы кемеңгер, Қорқытқа өте ұқсас.

Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Қорқыттың қобызын, оның музыкасын өзіне мұра еткен ұрпақтары әл-Фараби, Нысан абыз, Қойлыбай, Балақай, Жанақ ақын, тағы басқалар. Тарихи дәуірде қолданған музыка аспаптарының шығу тегі бір таңсық нәрсе. Оны терең оймен анықтауды бірінші рет алдына қойған — ұлы жерлесіміз әл-Фараби (Өзлығ). Ол кісінің бейнелеуінше, әрбір музыка аспабының үн шығаруы жаратылыс үнімен тығыз байланысты.


4

Қорқыт дәуірінде Сыр бойындағы қалаларды мекендеген тайпалар: оғыз, қыпшақ, қаңлы, қарлұқтар қобыз күйін киелі үн деп, Қорқыттың қобызына бас иетін болған. Бұл аңыз соңғы дәуірге дейін келіп жетті. Қазақ аңызы бойынша Қорқыт күмбезінің жанынан өткенде одан Қорқыт қобызының «Қорқыт-Қорқыт» деген дауысы естіліп тұрады. Биікте ұшқан құстың сайрауы, тау басынан ұлыған бөрінің дауысы, үйдегі қойдың маңырауы, өрістегі жылқының кісінеуі естіледі. Демек, қобыз күйінің сарынына зор елес берген жаратылыс үні: үрген жел, соққан боран, тамшылаған жаңбыр, судың ағыны, қамыстың шуы, орманның толқуы, шөптің сыбдыры, тау-тастың жаңғырығы, найзағай — күннің күркіреуі барлық жаратылыс үні — күй шығарудың негізі болады. Күй шығарушылар: Қорқыт, Жұмағұл ақын, Ықылас әрқашан үйден қобызын алып шығып, өзеннің жағасына барып тартатын болған. Өзеннің ағысы олардың жан күйін толқытып, шабытқа бөлеген. Ерте дәуірде шығарған күйлердің аты да осымен орайласып отырады. Мәселен: «Аққу», «Қызыл қайың», «Асау өзен», «Көк бұқа», «Боз айғыр», «Жез киік», «Қорқыт күй», «Ақсақ құлан», «Жошы хан», тағы басқалар.

Аспаптың өзіне келсек, қобыздың сыртқы түрі, оның шығарған үні келесі күйді еске түсіреді. Қу — қазақта киелі құс. Сондықтан «Аққу» күйі ерте кезде көпшілікке әсер еткен. Қобыздың түрі қуға ұқсас екенін бірінші рет суреттеген — әл-Фараби. Одан кейін оны солай салыстырған саяхатшы — П.С.Паллас. Ол кісі 1772 жылы Семей өлкесін аралап жүріп, әлден уақытта қобыз тартып отырған бір қазақты кездестіреді. Ол саяхатшыға «Аққу» күйін тартып береді. Палластың байқауынша, қобыздың сыртқы көрінісі одан сұңқылдап шығатын үн тұтасымен құдың түрін елестетеді.

Сал мен серінің сипаты әсіресе Қорқыт дәуірінде оғыз-қыпшақ арасында өте күшті болды. Олар туралы Қорқыт жырында айтқан ғой:

*Елден елге,
Бектен бекке*


Қобызын артып қасына.
Ұзандар жүр ел кезіп.

Бұл аңыз қазақтарда осы күнге дейін айтылған «ұзанның» орнына «ақын» деп айтылады, яғни эпикалық жыр айтушылар. Оның мысалына: Жанақ ақынды, Сабырбайды, Нысанбайды, Найман баланы, Марабайды Абылды, Сүйінбайды, тағы басқа ақын, күйшілерді келтіруге болады.

Сал мен серінің өнерлерінің қалай өркендеген жолдарын, оның сұлулық ой-сана туралы халыққа қандай әсер бергенін әдемілеп суреттейтін, әсіресе Қорқыт аңызы, Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Қыз Жібек, Ер Сайын, Ер Тарғын жырлары ғажайып түрде кездесіп отырады. Жырда айтылатын кейіпкерлер Қозы Көрпеш, Төлеген, Ер Тарғын тамаша серілер. Ел елден қыз таңдап, шатыр тігіп аң аулап, қасына көп сері жігіт ертіп, ойын-сауық құрып жүреді.

Қыпшақ даласында серілік пен сал өнерін таратқан майталмандарының бірі — Жошы хан. Оның өзі бір ғажайып сері. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап бірыңғай сауық үстінде болған. Оның сұлулықты жақсы көруі бойынша әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-Ойнақ даласына әдейі аң аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың әдемі қара ат тарту етіп отырған (Рашидеддин). Жошы жас кезінің өзінде аңқұмарлық ісіне салынып, саят құруды, сауық қою өнерін ерекше көрген еді. Жошының аңда жүріп көп шыққан биік жері Ортаудың сұңқар ұя салатын биік басы. Ол жерді Жошы ерекше қадірлеген. Сұңқардың ең тамашасын осы арадан ұстайтын. Ол биік шыңды қазақтар осы күнге дейін сақтаған. Оның ғажайып таңғалатын әфсаналары ХІХ ғасырдың соңында «Дала уалаяты» газетінің үш нөмірінде көлемді етіп басылған. «Ақсақ құлан — Жошы хан» күйін А.В.Затаевич Әнуар Медетовтан жазып алды. Бұл ескі аңызбен айтылатын күйлерді келістіре тартатын бір ғажайып дарынды күйші еді, атақты Мұхит салдың ұрпағы болатын. Жошы ханның аң аулап жүргенде құлан шайнап өлтіргенін сол кездегі атақты күйші Кете Бұқа әкесіне домбыраның сарнауымен естіртеді. Медетов тартқан домбыраның дауысы, жанды күйзелтетін аса қайғылы еді. Әсіресе ішектің төменгі бунақтағы сарнап шыққан қасіретті үні ханды ойға түсіреді. Жоғарғы бунақтарынан шыққан аңқыған қоңыр үндер екеуі қосылып қапылыста өлген жас жігіттің бейнесі көз алдында тұрғандай болды, екеуі қосылғанда домбыра жылап тұрды.

А.В.Затаевич жазып алған Әнуар Медетов тартқан «Ақсақ құлан — Жошы хан» күйін Ромен Роллан оқығанда атақты ойшы бір үлкен ойға батқандай. «Бұл аңыздың сюжетінде не деген ұлы күш, не деген музыкалық қасиет бар. Бұл нағыз симфониялық поэма». Тағы бір хатында: «Ақсақ құлан — Жошы хан» аңызындағы музыканың тасқын күші мені таң-тамаша қалдырды. Бұл күй қазақ сахарасын талай рет ой толқынына бөлеп, сұлу гүлдің алысқа атқан шарықтауын елестетеді», — деп жазады.

Қыпшақ сахарасында серілікті әдемі суреттеген ақынның бірі Құтыб. «Хұсырау-Шырын» ғашықтығын жырлаған кемеңгер ақын. Ол жырды Сырдария бойында тұратын Жезд қаласында 875 (1383 ж.) жылы жазып бітірген. Жер аттары — көбінесе Қазақстан жері. Негізгі сюжеті серілік, ғашықтық туралы. Сал-серінің бірі Хұсырау не Фархад, оның сүйген қызы Шырын туралы. Бұл аңыз Құтыбтан кейін Сырдария бойындағы қазақтар арасында ХІХ ғасырға дейін айтылып келді.

Құтыб жырының соңында өзі туралы айтқан:

*Бітірдім кітабымды қатесін бағып,
Бұ захмет шеккенімді білгейсің оқып.
Атағымды «Берке факыр» деп айтады,
Өзім мүмін, өзім мүслім, асылым қыпшақ.*

Кітап тарихы жеті жүз сексен бесте (1383) сафар айының 25-де жазылып бітеді. (Құтыб. Хұсырау-Шырын.)

Қыпшақ ортасынан шыққан екінші ұлы ақын — Сейфи әс-Сарайи. Ол 1393 жылы Саадидің «Гүлістан» жырын қыпшақ тіліне аударды. Гүлістан — Алтын Орданың орталық қаласының бірі. Сарайи осыны тегісімен өз тіліне аударып, оған өзінше сюжеттер қосып отырады. Кейбір жазуларда Сейфи қыпшақ арасын көп аралаған бақсы, ақын, ән салып, күй тартып жүрген, серілік туралы ол екі нәрсені жарқын түрде анықтаған: бірінші «Ғашықтық пен жас серінің сипаты» екінші «Қартайып мүшкіл тарту сипаты» (Сейф Сарайи. «Гүлістан»), Бұл екі мәселе қазақ әдебиетінде Біржан сал мен Ақан серінің қартайғанда айтқан ойларына дәл келеді. Арқада серілікті ескі дәуірде Түрік қағанатынан кейін таратқан серінің бірі атақты күйші, әрі ақын, жарқын ойшыл Қотан деген кісі. Оның бір күйін «Суға кетті Ер Қотанды» Шоқан Уәлиханов жазып алған. Тегі оны Шоқан Жанақтан жазып алған сияқты. Демек, Жанақ жыр айтарында ылғи Қотанға бас иіп отырған.

Ескі дәуірде серілер көбіне Жалайыр елінен көп шыққан. Соның бірі — атақты Шедегей, сері, саңлақ, майталман, өзі аңшы, өзі ақын, өзі күйші өзі сауыққой кісі болған.

Салдық пен серілік өнерінің биік сатыға жеткені — қазақ дәуірі. Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары Жошы, Орда Ежен сияқты ақын сері болған. Соның бірі — Әз Жәнібек. Ол өзі атақты аңшы Құладыңға қу ілдірген саятшы, ойын-сауықты көп қуған, ел-елді аралап, әдемі қыз іздеген. Жәнібектің ел жұмысын басқармай, тек аңмен, той-думан мен бос уақыт кетіріп жүргенін Асанқайғы ұнатпаған. Қасымханның баласы Ақназар да атақты серінің бірі, бірақ серілікті ол бір ғана сұлулық күшін, елге үлгі болу үшін пайдаланған. Серілікті биік сатыға жеткізген, әсіресе, Есімхан. Оның қамқа тондары, басындағы телпегі, аяғына киген қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп отырған. Құстың да ең қырандарын ұстаған: сұңқар, лашын, түйғын, «Алтайдың ақ иық бүркіті».

Абылай хан мен Әбілхайыр ханның ұрпақтарына дейін серілік пен сал өнері үздіксіз көтеріле береді. Серілікті жаны сүйген әсіресе Абылайдың жауынгер батыры, уақ Баян батыр — атақты серінің бірі. Күйді ол алысқа шалқытып, сыбызғымен тарататын болған.

Абылай заманында жасаған ескі серінің бірі — Тайлақбай, ол да сыбызғымен тартқан. Оның асқақтататын сұлу күйі «Қыз жылытқандай» әскерден есен-сау қайтқанын қуаныш етіп, осы сәулетті күйді қалдырған. Сыбызғымен көп тартушы — әсіресе Кіші жүз серілері. Олардың қосымша елші топтап, кісі жиып, сыбызғы тартып отырғанын орыс өнерпаздары әр уақытта қағазға түсіріп отырған. Сондай сыбызғыдан тартқан ұзақ күйдің бірі — Сырым батыр тартқан әдемі күйлер. Бөкей ордасында ерте кезде күйді төндіре тартқан күйшілер атақты Дәулеткерей, оның баласы — Салауат, олардың туысқаны, халыққа аңыз болған Мұхит сал, Ұзақ, оның мұрагері — Құрманғазы, Алыкей, Мар сері Жапаров, атақты Сейтен сері.



Арқаның асқан серілермен адамды ойға түсіретін саңлақ жүйріктерінен, жүректі қуанышқа бөлейтін ойшыларынан ауызға алдымен түсетіндері — Тәттімбет, Дайрабай, Өтеболат күйші. Шоқанның айтуынша мұның тартқан күйлері «Қызыл қайың», «Тарғыл бұқа», «Алабайрақ», «Суға кетті Ер Қотан», «Балбырауын», «Шығыт жібі бес бармақ». Шоқан бұл күйлерді тартқан Қанқожа Уәлихановты, Досжанды, тағы басқа күйшілерді бірге қосады.

«Шығыт жібі бес бармақ» — саусақтың әдемі саласымен көп ішекті домбыраға мөлдірете тартатын әдемі күйі, оны Тәттімбет, Дайрабай, Өтеболат, Мұхит сияқты асқан күйшілер тартатын бір сәулетті күй, сыбызғыдан тартатын ескі күйдің бірі «Серпер» де қуанышқа арналған. Оны бергі кезге жеткізгендер — Тәттімбет, Дайрабай, Құрманғазы, Мұхит.

Ең ғажайып аңыз «Қапыда өткен қарбалас» атты ескі күй, жазып алған — Шоқан Уәлиханов. Ту баста бұл «Ақсақ Құлан — Жошы хан» аңызының бір түрі, кейін оған «Еңлік-Кебек» тағдыры келіп қосылып, Арқаның күйшілері оны бір ұлы бейнеге айналдырады.

Бір айтатын ой, сал мен сері бір типті емес, екеуі екі алуан, өзгеше нәрсе. Олардың бір-бірінен өзгешелігі — олардың тұрмыс көрінісінде. Ең алдымен сал, сері деген сөздер қалай туған, осыдан бастайық.

...«Сал» сөзі киімді салпаңдатып кең тігуден шыққан, сал, салпаң. Әрбір салдың шалбарының балағы сондай кең, оған бір кісі толығымен сыйып кетеді. Ақселеудің «сал» сөзі «Сал ауруынан алынды» деуі келіңкіремейді. Халықтың әдеті бойынша, өнер иесіне ондай ат қоймайды. Қайта сол «салдық аурудың өзі осы «сал» сөзінен шыққан болуы керек «Атым сал бөксе болып жүр» десе, салды басқан кең киім сияқты атты да ауырлатып жүр, дегенді білдіреді. Демек бұл сөздің өзі салдың киімінен шыққан. Құлағы үлкен кісімен құлағы үлкен малды да «салпаңқұлақ» дейді, ол да үлкендікті, кеңдікті көрсетеді.

...«Сері» сөзі серпілуден шыққан, бой жазу, серпер осы сөзбен бірдей, шалқыту, асқақтау. Сері көбінесе оқымысты кісілер арасында көп болған. Жақсы көрген қызға салдар сияқты іздеп бармайды хат пен жұмбақ жазысады.

Біз оны Жошы ханның қазақ хандарының серілік құрған тұрмысын айтқан түрде көрсеттік. А.В.Затаевич жазған: «Сери были детьми белой кости, богатыми, но их эксцентризизм не принимал крайних форм».

Серілер, біріншіден, атақты мерген, екіншіден саятшы, сұңқармен, лашынмен, түйғынмен қызық көруші, тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы. Ақын болып әдебиетке үлкен үлес қосуы, Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Алпамыс, Қыз Жібек, Мұңлық — Зарлық сияқты ескі жырларды бірден-бірге айтып жеткізіп отырды. Бір ғажайып жері, серілердің көпшілігі Орта Азияның, шығыс елінің әдебиетінен де үлкен хабары болған (Нияз, Сегіз сері, Ақан сері, Мұхит, Сейтек, тағы басқалар). Олар қазақ халқының алдына «Мың бір түннің», «Мәлике кітабының», «Тотынаменің», «Зейне зайыптың» нұсқауларын әдемі жазып отырған.

Нияз серінің үлкен ұлы Қыруар — атақты серінің бірі. Ол парсы тілінен «Тоты намені» қазақ тіліне аударып, ғашықтық жырын күшейте түседі. Сол «Тотының» бір тарауы «Мәлике» жырын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында жазып, ол бүгінде Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы тұр. Сондай серінің бірі — Қарауылдан шыққан көкшетаулық Сейіткерей.

*Дәулетше Махмуди хан сенің атың,
Артылған әр пендеден салтанатың.*

*Жаһанда Сейіткерей атым шығып,
Бүгінде бұл бір сөзім тамам болдым.*

Қобыланды жырының басталуын Сейіткерей былай деп суреттейді:

*Мал сататын базардың
Бояуы мен бөзіне,
Салған жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне.*

Сегіз сері «Қозы «Көрпеш — Баян сұлу» жырын Торғай еліне таратады. Жетісудың Жүсіпбек Қожа ақыны да осындай серінің бірі, елді, жерді көп аралаған атақты ақынның бірі.

*Арқада Сарысуда тұрған жерім,
Сарытау құм, Сары Үйсін туған жерім (Айман — Шолпан)*

Болмаса, Иман-Жүсіптің өз өмірін өзі баяндауы:

*Баласы мен Құтпанның Иман-Жүсіп,
Серілік— бала күннен қылған кәсіп.*

8

...Сал-серілер әр уақыт жарқын жүзді, майталман, әзілқойлық пен қулықты қатар ұстап, бір жағынан сынағыш, сын көзімен қарайтын, отырған маубас басшыларды сықақпен өлтіріп, игі адамдарға мөлдіреп жарқын пейіл білдірген. Осыған орай халық сал туралы неше алуан қызықты әңгімелер туғызып, әрбір салдың өмірін бүкіл сахараға таратады.

Салдық ерте кезде халықтың дағдыланған бір дәстүрлі ісі болған. Ең соңғы салдың бейнесін Біржан мен Мұхит салдан көруге болады. Олардың соңын ала шыққан Жаяу Мұса мен Үкілі Ыбырай салдықтан гөрі әншілікке жақынырақ. Салдықты еске түсіретін Жаяудың өзгеше киінуі (ылғи қызыл киініп жүреді), Ыбырайдың басына үкі тағып жүруі.

...Шоң, Торайғыр би, Дәулеткерей кезінде олар бұрынғы ата дәстүрі бойынша салдардың кейбір асқан мінезіне бөгет болмай, оларды еркелетіп, қызық көрген. Сарысудың бойындағы екінші Шоң Толыбай салды аса қадірлеп, оны өзіне ақылшы етіп алады. Толыбай сал ақыл иесі халықты өзінің әдемі көрінісімен, шешен сөзімен, шырқап салған әнімен қуантатын болған. Бұл қасиет барлық салда болған, оның ішінде Біржан салдың өзі де халықтың кемеңгер қайраткері, ақылды ойшысы, жүйрік ақыны болып есептеледі.

Салдардың киім киюінің өзі бір өзгеше нәрсе. Олар кие алмайтын қымбат киім алу үшін өзінің мал-мүлкін аямаған. Киімді кең, мол қылып, тіктіруді әуес еткен. Атақты салдардың киімі тіпті өзгеше. Олардың киетіні — мауыты шекпен, қамқа тон, қырмызы не жасыл шапан, олардың етегін, арқасын, жеңін тегіс кестемен өрнектеп, әшекейлеп қойған. Шапанды бір ғана торқадан не қалың жібектен тігеді. Тоғыз қойдың терісінен істейтін, өрнектелген әдемі жарғақ тон, төрт қойдың терісінен жасайтын кестелі кең шалбар, өрнектелген шоңқайма қызыл етік, басына киетіні жібектен жасалған биік телпек.

Кедейірек салдар жібек киіммен өзін көркейте алмай, жай матаның өзінен тіктіретін болған. Ауқатты салдар елді бір аралап шыққанда кемінен жүз



метрдей жібек артып жүрген. Жібек арқан неғұрлым ұзын болса, ол солғұрлым салдың атын ел арасына тарата берген. Жібек арқан қыз-келіншектерді салдарға тез тартатын мықты әдістің бірі болған. Жетісудың атақты салы Дәурен Құдайбайұлы Іле өзенінен өткенде оның алып жүрген жібегінің бір ұшы өзеннің арғы қабағында шұбатулы жатады.

Сал әрқашан аттың ең сұлуын, ең жүйрігін іздеп табады. Ол атты жақсылап мәпелейді, сипап сүртеді, жал-құйрығын әдемілеп тарайды, оған жібектің үзінділерін қадайды, моншақ, маржан тағып әдемілеп қояды.

Атты әртүрлі ойынға үйретеді — жат десе жатады, тұр десе тұрады, секір десе, секіреді, алдынан дөңгелеп билейді, тула десе тулайды. Қыздар далада жатқан салдың қасына келгенде оның аты аяғын бүгіп, басын иіп тәжім қылады. Қыздар атқа «өнеріңді көрсет» десе алдыңғы екі аяғын көтеріп, артынан шаншылып тік тұрады, шөк десе түйеше шөгіп жата қалады. Аттың аяғына күміс білезік, құлағына алтын сырға қадайды, маңдайына үкі тағып жүреді, сал су орнына атына күн сайын сүт беріп тұрады. Ең қымбат қазына аттың тұрманы, оның ер тоқымы, күміс пен алтын жалатқан сұлу жүгені, көркем тартпасы, ақ сауқан өмілдірік ауы, алтын, күміспен өрнектелген құйысқаны, әдемі үзеңгі, ерді көркейтіп тұратын оның өрнектелген екі жақ қасы, ғажайып өрнектелген ердің тебінгісі.

Осы әсем күймен, осы салтанатты ат тұрманымен, осы кербез атымен, іші өлең мен жырға толған атақты сал зор мақтаншпен сұлу қыз іздеп ел аралауға шығады. Оның қолында күмістен, алтыннан жасаған сом сақиналар, білезіктер, құлағында дөңгелек сырғалар.

...Баянауланың атақты салы Бәйтен — ел аралауға шығарда түйенің құрғақ құмалағын жидырып, оны алтынның буына малып, әдемілеп тізіп, ешбір адам кимейтін аса қымбат киім дайындатқан. Мұны балаларына қызықты әңгіме қылып айтқан Марғұлан — Бәйтенмен бірге жүрген серінің бірі.

Қой құмалағынан шапан жасатқан кісі атақты Төлебай сал. Ол туралы ілгеріде айтылмақ. Бұл айтылатын киім де тек жұртқа ерекше көріну үшін қолданған салдар істеген әдістер.

Сал ел аралап жүріп, қызды ауылдың сыртына келіп біраз тоқтап тұрады, атынан жерге құлағандай түсіп, оны жібек арқанмен ұстап, шалқасынан түсіп, екі қолын екі жаққа жіберіп, мүдіртпестен жатады. Халық дәстүрі бойынша, ауылдың қыз-келіншегі оны көтеріп тұрғызып, ауылға алып келеді. «Сен менің сүйген жарымсың», — дейді. Ат байлап отырған жібекті қыз-келіншектерге сыйға тартады. Қыздар салды ертіп сұлу қыздың үйіне әкеліп кіргізеді.

Үйдің ішінде сал жарқын түрге көшеді, әдемі өнер, сұлу күйлер тартады. Барлығы қыз бен оның әке-шешесіне қатты ұнайды. Екеуі бірін-бірі көзбен сүйіседі. Салдың тілегін орындауға жақын екені байқалады. Ол қасына алып жүрген барлық қымбат дүниелерін, алтын-күмістерін сұлу қызға жолдайды, мініп жүрген жүйрік атын оның әкесіне сыйға тартады, өзі үйіне жаяу қайтады.

...Дегенмен, сал болу оңайлыққа түспеген. Сал болған кісілер атасының барлық малын осыған жұмсап, кейін қартайған кезінде кедейленіп жүдеген (Біржан сал, Жамбас сипар). Сал болған жігіттің мал-мүлкін былай босқа шаша бергенін оның туысқандары ұнатпаған. Салдық өмірден шығару үшін, туысқандары жігітке жақсы көрген қызын алып беріп, тынышталады.

Бұрын сұлу қыз іздеп, малын босқа тігіп жүретін сал, енді жібек асуды, алтын-күміс алып жүруді қойып, тек ән салып, жыр айтудың соңына түседі. Абылай заманынан көркейіп өскен сал мен серілер әсіресе, Көкшетауда,



Баянаулада, Ақмола, Ұлытау, Торғай бойында көп болды. Ол Айғаным заманында да өркендеп келді. Айғанымның сарайының алдында жаз күні ақындар, күйшілер, әншілер отыратын, жыр жырлайтын, сөз сөйлейтін үлкен сауық орны болған. Мұндай мәдениет дүниесі күнбатыста Бөкей Ордасында жоғарғы сатыға жетті. Атақты күйшілердің көбі осында болды. Күнбатыста ой-санаға ұйытқы болған саңлақ адамдар — Сырым батыр, Исатай, Махамбет, Дәулеткерей, Жәңгірдің өзі. Солардың ішіндегі ең данышпаны Дәулеткерей Шығайұлы (1820 — 1871 жж.) Ол Қарамола қыстағында туып өскен, қазақша оқыған адам, орыс тілінде сөйлей білген. Күйді Дәулеткерей өзінің ұстазы Мүсірәліден үйренген. Дәулеткерейді бірінші рет суретке түсірген Т.Паули. Оның кітабы 1862 жылы Петерборда басылған. Ол суретті 1854 жылы акварельге түсірген Чередеев. Ол геолог Ауербах пен И.П.Корниловтың экспедициясына қатысып, қазақ пен қалмақ елінің тұрмысын көрсететін 33 суреттік көркем альбом жасаған. Альбом бүгінде Ленинград қаласындағы ЦГИА архивінде сақтаулы тұр. Альбомдағы бір жақсы сурет Дәулеткерейдің жазғы киіз үйдің ішінде бейнеленген суреті.

Онда бір топ кісі жиналып атақты күйшілердің тартқан күйін тыңдап отыр. Ортасында бір жігіт би билеп жүр. Чередеевтің жол дәптеріне жазылуы бойынша ұзын сыбызғымен күй тартып отырған атақты күйші Шеге 66 жаста, екінші домбырамен күй тартып отырған — Дәулеткерей, олардың артында отырған Қапажан Байшегірқызы мен Саражан — Дәулеткерейдің әйелі, қасында қымыз құйып отырған — баласы Азаматкерей, сұлтан Көшекғали Шығайұлы, әнші, ән шығарушы Әлнияз Құдайқұлов, бұрын Жәңгір ханның аспазы болып істеген.

Дәулеткерей ХІХ ғасырдың орта кезіндегі атақты күйші, барлығы елуге тарта күй шығарған. Кейінгі кезде оның сәулетті күйлерін шалқыта таратқан өзінің туған немересі атақты домбырашы Науша Бөкейханов. Дәулеткерейдің күйлерінен сақталып келгендері — «Қос алқа», «Қыз Ақжелең» - атақты күйші Ақбал қызға арнап шығарған күй, «Қоңыр», әсерлі күй «Керілме», «Шалқыма», «Желдірме», «Жұмбақ бике». «Жұмбақ бике» күйін Масқар елінің сұлу қызына арнап шығарған. «Бұлбұл» — әдемі құс дауысын күйге қосқан. ...Дәулеткерейдің пәлсапалық күйлерін біздің заманға жеткізген — оның баласы Салауаткерей 1918 жылы қайтыс болған, атақты күйші Мақар Жапаров 1922 жылы қайтыс болған, тамаша күйші Науша Бөкейханов болған.

XVIII ғ.соңында, ХІХ ғ. басында аты шыққан күйшінің бірі Мүсірәлі — Құрманғазының аяулы ұстазы. Мүсірәлі Сырым Датовтың ел басқарған кезін ардақтап, оған арнап «Сырым сазы» деген күй шығарады.

Жайық бойындағы асқан сері, атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлы (1806 — 1886 жж.). Оның асқан серілігін, атақты күйші екенін жазған журналист И.Савичев ел-елді аралап жүріп, Құрманғазыны И.Ф. Бородиннің үйінен кездестіреді. И. Савичев Құрманғазының қияпатын келістіре жазып, оны суретке түсіріп алады. Жас кезінде саясат жөнінен көп қиыншылыққа ұшырап, елінен қуылған Құрманғазы, Жайық бойын артта қалдырып, созылып жатқан кең сахара Сарыарқаға келеді. Арқасына кигіз қапқа домбырасын салып, жүре-жүре таңғаларлық көркем жерлерге кездеседі. Алдынан алыстан көгеріп тұрған биік таулар, үзіксіз ағып жатқан мөлдір сулар, жайқалып желмен тербелген түрлі шөптер, биікке шаншылған қия тастар, бұлардың барлығы Құрманғазының шабытын көтеріп, әдемі елестер туғызады. Көгерген



майса шөпке сондай қызығып, бір судың басында тоқтап, атының ауыздығын алып: «Жануарым, бір кенелші», — деп қоя береді. Өзі домбырасын алып бір жылтыр тастың үстіне отырып, Сарыарқаның сәулетіне қарап бір таңданады. Оның көгерген көп таулары, жайлап соққан қоңыр желі, көсіліп жатқан айдын даласы оған бір қуаныш бергендей домбыраны бірнеше рет шертіп-шертіп, сол арада отырып «Сарыарқа күйін» шығарады. Оның сарыны бір ғана елдің қызықты өмірі, шалқыған еркін дала, қуанышқа бөлейтін байтақ дүние. Саясат пен өмір күресіне арналған күйлердің ең жарқыны «Кішкентай», Исатай мен Махамбеттің көтерілісін ардақтауға арналған «Қайран шешем» абақтыда отырып анасына арнаған күйі, «Түрмеден шыққан» күйі. Құрманғазы Орынбордан Итжеккенге (Іркут қаласы) айдағанда, ол сол жерде тұруға шыдай алмай, бір жылдан кейін қашып, жаңадан Сарыарқаға келеді. Бұл жерге келісімен ат-тонды болып, көп қаражат жинап алады. Ең соңында өзінің туған жері Байұлы елінің ортасына барып, енді бір ғана күй шығару, күй тарту ісіне ауысады. Бұл кезде шығарған күйлерінің аса күштілері «Адай», «Ақсұңқар», «Манатау» (Үстірт), «Серпер».

...Жайық бойында атақты серілерден ХІХ ғасырда екі Мұхит болды, біреуі — халық аузында аңызға айналған дарынды күйші, атақты композитор Мұхит Мералиев (1806 жылы туған). Халық аузында аңызға айналған дарынды күйші. Оның ұрпақтары екі жүз жылдай тегісімен күйші болды. Мұхиттың шығарған күйлерін біздің заманымызға дейін тартып келген атақты күйшілер Лұқпан Мұхитов, атақты Мұхиттың немересі Ғұбайдолла Мұхитов. Екіншісі Мұхит Қаратаев (1843 — 1916 жж.) белгілі сері, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші. Ол қазақ музыкасын аса сұлу тартатын ұлы шебердің бірі, аты аңызға айналған, тарихи заманның асқан күйшісі. Бұл — Мұхиттың әнін, күйлерін таратушы ел арасында орасан көп. Сондықтан А.В. Затаевичтің бақылауынша, ол өзінің көп шығармаларымен бүтіндей бір мектеп ашқан кісі дейді. Затаевичтің бұл сөзі көбінесе бірінші Мұхитқа лайықты. Мұхит сері жас күнінде әйелдердің еркелеткен аяулы адамы, сұлулықтың жарқын бейнесі. Қартайғанда ол шалқыған ашық жүзді, қуанышты сүйетін сұлу қарт. Оның шығарған әні, күйлері орасан көп. Халық аузында кейінгі дәуірге дейін айтылып келгендері: «Мұхит әні «Қыпшақ», «Сал-Ораз» — Ораз салдың үндері, «Ақ иіс» — домбырашы қыз, соған арнап Мұхиттың шығарған күйі. Оны Мұхит үш домбырамен қосылып тартатын болған өзі, екі інісі — Жекен және Ашу. Олар үшеуі бірікпей үш жерде тартқан, бірақ, бір кісі тартқандай домбыралардың дауысы бүтіндей қосылып, мөп-мөлдір болып шығып отырған. Халық бұл күйді ерекше ұнатқан. «Медет хан» оның сұлу қызына арналған бүкіл Қазақстанға тараған сұлу ән «Зәуреш». «Айнам көз», «Киелім» осылардың бәрін ұмыттырмай сақтап келген күйшілер — Мұхиттың ұрпақтары Ануар Медетов, Шайқы Қаратаев, Досқайыр Бабасов, Ғабдұл Бөкейханов, Ғұбайдолла Мұхитов, Науша Бөкейханов, тағы басқалар.

Жайық бойындағы халыққа мәлім серінің бірі Сейтек Оразалиев (1861 — 1933 жж.). Ол Бөкей Ордасында Сірәжін ауылында туып-өскен. Орта бойлы, қоңыр өңді, шашы көмірдей қара, көзі оттай жанған қаракөз, кең маңдайлы. Оның мұрагері асқан күйші Исмағыл Көшебаев, Фазыл Сұлтанов. Оның күйлерін бергі кезге дейін ойнап жеткізген — оның досы Науша Бөкейханов. Сейтек күйді бір ғана хан базарына барып жүріп үйренді. Көбінесе Астрахан түбіндегі түркімен күйшілерінен тыңдап жүрді. Қорқыттың күй сарынын айыру үшін Сейтектің бұл күйлері бір тарихи қазына.



Бөкей Ордасында Байқұмар деген бір кісі болған. Оның домбыра ашы, күй тартқыш Айша деген қызы болған. Сейтек осы қызды көбірек жақтайды. Бірақ, Байқұмар өте менменшіл Сейтекті менсінгісі келмейді.

Сейтек Айшаға арнап күй шығарады, атын «Бұлбұл Айша» дейді. Күйдің үні құстардың ән салуы сияқты көңілге өте тиімді, қоңырланып тұрады. «Бес қыз» атты әдемі толқынды күйді, көп қыздарға арнап шығарған.

Сейтек революция ісіне қатысып, көп жыл Сахалинде отырып, 1905 жылы еліне келеді. Сахалинде отырып сүйген қызы Забираға арнап хат жазып, күй шығарады. «Заман» деген күйінде айдауда жүріп елін сағыну, мұңын айту, сүйген жарын еске түсіру, үмітсіздік уайым сезіледі. «Айдау» күйінің (1904 ж.) мазмұны бостандық қашан келеді деп үміттену. Революциядан кейін шығарған «Еркіндік» күйінде халықтың еркіндік алғанына қатты қуанады.

Атақты күйші Сейтек 1923 жылы Мәскеудің ауылшарушылық көрмесінде болып, әр алуан күйлер тартты.

Маңғыстаудағы адайлардың аяулы күйшісі Абыл Тарақұлы (1750 – 1822 ж.). Ол мықты балуан, атқыш мерген, атқұмар, аңшы. Барлығы серілерде болатын қасиет. Күйді ол ескі дәуірде жасаған Қошқар деген күйшіден үйренген, түрікменнің күйлерін көп тыңдаған. Оғыз-қыпшақ заманындағы данышпан Қорқыт сияқты ескі күйлерді жүйрік білген. Абылдың күйлері «Ақ желең», басқа күйшілерде де кездеседі. «Нар ату» күйі болмаса, «Түйені атып түсіру» Сырым Датовтың көтерілісін мадақтауға арналған, «Ақсақ құлан – Жошы хан» халық аңызын шалқытуға арналған тарихи күй. Оны соңғы рет А.В. Затаевичке мөлтілдетіп тартып берген белгілі домбырашы – Әнуар Медетов. Абылдың күйлерін бергі кезеңге дейін әдемі сақтап келген домбырашы Лұқпан Мұхитов (1884 – 1957 жж.). Абылдан кейін Маңғыстауда талай атақты күйшілер болды, солардың ішінен Лекер, Жоламан, Есір, Өритан, Өскенбай, ең ардақты күйші, әсіресе, Өскенбай Қалмамбетұлы (1860 – 1925 жж.). Ол Жетібай қыстағында дүниеге келген. Әкесі Қалмамбет өнерімен жұрттан асқан аса қадірлі кісі болған. Өскенбай – құсбегі, мерген, атқұмар, зергер. Серілерде болатын – әдет. Күйді Дәулетәлі деген қарт күйшіден тыңдап, үйренуге соған барып жүреді. Шығарған күйлері Ақан серінің «Құлагері» сияқты аяулы атына арналған күйі «Жирен жорға», «Ақ желең» сияқты атақты күйлер.

Ұлы жүз елінде «сал» болып жүргендер, көп болмаған. Халық айтатын аңыздарда жиі кездесетін есімдері Дәурен, Байсерке, Қожабек, Сатқынбай, Сүйінбай, Тезек сияқты ақындар серіге жақын.

Дәурен Құдабайұлы – айтулы сал болған кісі. Салдық құрып жүріп, жас күнінде шапырашты елінің сұлу қызына бәйек болып, оны алады. Бірақ, дүниеден ерте кетеді. Сөйтіп алған келіншегі қайтыс болса да, жас жігіт Дәурен сал одан кейін әйел алмауды өзіне ант етіп қояды. Бұл махаббат жолын құған салдардың бір өзгеше қасиеті еді. Дәурен сал Іле өзенінен өткенде оның алып жүрген жібегінің ұзындығы сонша, оның бір ұшы судың арғы қабағында шұбатылып жатады.

Ұлы жүзден шыққан белгілі салдың бірі Байсерке Құлышұлы (1841 – 1906 жж.). Әкесі Құлыш етікші, мұқтажсыз тұрған. Баласы Байсерке шымыр мықты болып, жеті жасынан домбыра тартып үйренеді. Кейін үлкейіп, салдық өмірге ауысқанда көптеген күйлер шығарады. Соның бірі «Ат ойыны» – атты алдына қойып күй тартуы, оны биге үйрету. «Жетпіс бұтақ» Алатаудың жемістері, соны әдемі күйге айналдыру. 1890 жылы Жетісуда үлкен жұт болып ел қатты күйзеледі. Мал жоқ, тек көзге түсетін семіріп жүрген қарға.



Сал қарғаға тіл қатып: «Сендерден басқа көрінетін еш нәрсе қалмады. Сендер менің қасымда болыңдар» — деп, қайғырып мұңаяды. «Дүние деген осы, төрт қарғадан басқа дәнеңем қалмады», — деп күрсінеді. Оған күй шығарып «Төрт қарға» деп ат қояды. Бұл күй Біржан салдың «Тауық жылы» деп атаған жұт жылына (1862 ж.) арнағанға ұқсайды. Байсеркенің күйлерін бергі кезге дейін тартып келген домбырашылар Қожабек, Сатқынбай.

Елге аты шыққан салдың бірі — Тарақты Дүйсебай сал. Оның көп барған жері жалайыр елі. Онда Дина деген бір сұлу қызға бәйек болып, бар мүлкін соның алдына апарып тартады.

Атасу өзенін қоныстаған тамалар ортасынан шыққан салды қазақ аңызында «Балжан сал» деп атайды. Бұл ескі дәстүрді көп қолданған салдың бірі. Ол әрқашан иығына түлкінің пұшпағын қадап, басына үкі тағып жүретін болған. Мінезі көбінесе Біржан салға ұқсайды, өлеңі де соған ұқсас:

*Сұрасаң, менің атым — Балжан салмын,
Пайдам жоқ, зияным жоқ жүрген жанмын.*

Демек, тура Біржанның айтуындағы үлгі Сарыарқада жасаған салдардан алғаны анық көрінеді. Арқа мен Сыр бойын қоса білген күйшілер қоңырат Әлшекей күйші, Ықылас, Сүгір күйші, оларды бергі кезге әкеліп жеткізуші Жаппас Қаламбаев. Әлшекей 1847 жылы Түменарық болысында туған, кейін аты аңызға айналған асқан күйші. Оның ең қызықты күйі — «Ақсақ тоқты» сыбызғымен тартатын күй, «Ат үстінде ойнау» атты күй, тағы басқалар. Әлшекейдің ұрпақтары тегіс күйші, олардың ішінде Қарабала, Дәнібек кейінгі заманға дейін Сунақшада тұратын.

Ықылас Дүкенұлы (1843 — 1916 жж.) Қаратау мен Сарыарқаның арасында, Шуда тамалардың қыстауларында туып өскен ғажайып күйші. Қорқыттың қобыз дәстүрін жарқын түрде ұстаған, оны ерекше сүйіп бір таңсық көрген адам. Ықылас қобызды бала күнінен қызық көре бастады. Олай болуына үлгі берген оның ата-бабалары, өз әкесі Дүкенде тегіс қобызшы болған. Қорқыттың қобызына бас иіп отырған саңлақтар. ...Ол қобыздың керемет ой түсіретін музыка аспабы екенін әкесінің күн сайын үйде отырып тартуынан көріп өсті. Әкесі сондай жүйрік қобызшы, ел аузында сақталған толқынды аңыздарға табынатын, бәйек болған жан күйетін істерді ашық түрде сипаттап отыратын. ...Ықыластың қобызы өзі жасаған қобыз емес, ол ерте кезден келе жатқан сәуегейлік мұраға айналған ескі қара қобыз. Оны әкесі Дүкен аяулы баласы Ықыласқа мұра етіп қалдырған.

Бұл қобызды мен 1946 жылы Бетпақдалада көшіп жүрген Ықыластың үйінен көрдім. Ол Созақ ауданына қарайтын «Талап» колхозының ауылы Көк өзеннің бойында отырған еді. Ықылас ескі үйіне басшы болып отырған ақылды, сыпайы адам қартая бастаған оның келіні, қобызды алғашқыда көрсеткісі келмей, «тығулы жатыр» деген еді, соңынан түсінген соң көрсетті. Қобыз бүтіндей қап-қара, оның көп заманнан келе жатқаны түрінен көрініп тұрды. Қобыздан бастап Ықылас туралы көп жаңалықты сол кісіден естідім. Әйел сөзге өте шебер және Ықыласты жақсы біледі екен. Ол кісінің айтуынша «Ықылас күйді әрқашан өзен басында отырып тартушы еді», — дейді. «Оның әкесі Дүкен — ол да үлкен қобызшы болған. Осы қобыз сол кісіден Ықыласқа мұра болып қалған. Қобызбен байланысты халыққа үлгі болған ғажайып аңыздарды олар ерте кезден біліп келген, әсіресе Қорқыт ту-



ралы, оның жасаған қобызы туралы, Ықылас шалқыған оймен саңқылдатып айтып отыратын. Бұл аңызды ол бала күнінде әкесінен естіп, кейін қобыз тартып отырғанда, оны әңгіме етіп таңғалып отыратын. Оның көп айтатыны, әсіресе Қорқыт туралы. Оның қалай туып, қалай қобызшы болғанын көп әдемі сөзбен, қобыздың үнімен жұртқа түсіндіріп отыратын. Оның айтуынша, Қорқыт қобызын арқасына тағып, желмаяға отырып, дүниенің төрт бұрышын кезген, бар тілегі өлімге дауа іздеу. Әсіресе қызық қылып тартатын Қорқыттың желмаясы. Оның желдей есіп тоқсан дауа таба алмай күйзелгенде ақырын-ақырын боздап сарнауы — Ықыластың күйлеріне үлкен әсер берген.

Солардың ішіндегі Ықыластың зор шабытпен тартатыны — «Қорқыт күйі». Қазақстан сахарасында ескі заманнан қалыптасқан ұлы әфсана күй. Халық есінде көбірек сақталғаны Қойлыбай мен Балақай бақсының тартқан «Қорқыт күйі», XIX ғасырда күйші Қанқожаның тартқан «Қорқыт күйі» (Шоқан Уәлиханов), олардың соңын ала бұл күйді аяулы қобызмен өмір бойы тартқан Ықылас екенін көреміз. Ықыластың ой-елесі бойынша, қобыздың бір ғажайып жері, оны тартқанда ішінен Қорқыттың үні естіліп тұрғандай болады. Бұл аңыз ел аузында тап солай айтылып келген. Оның бір әдемі түрін жазып алған — П.С. Спиридонов. Ол аңызда айтылған: «Сыр бойының жағасында тұрған Қорқыт моласының қасынан өткенде құлағына «Қорқыт-Қорқыт» деген әдемі күйдің дыбысы алыстан естіліп тұрады». Оның екінші күйі «Кертолғау» — «Ақсақ құлан» күйінің бір түрі, ескі дәуірден келе жатқан толғаудың бір түрі. ...«Қасқырдың ұлуы» — Ықыластың бір ерекше шығарған өзгеше күйі. Түп аңызы қыпшақ елінің ескі аңыздарынан шыққан. Бұл да Қорқыт аңызында кездесіп отырады. Ықыластың қобызбен тартуында алдымен бір қасқырдың ұлуын, содан кейін екеуінің, содан бір тобының ұлуын тапжылтпай суреттеп отырған.

Елдердің айтуынша, түнде отырып Ықылас осы күйді тартқанда ауылдағы иттердің үрейі ұшып, шуылдап үре шығатын.

Ықыластың аса ерекше шығармасының бірі — қобызбен тартатын «Қазан күйінің» негізі тама елінің тарихи аңызынан шыққан бір өзгеше күй, олардың атақты батыры Шораның жорығына арналған. Тама елінің тарихи шежіресі бойынша Шора батыр олардың түп ағасы. Қыпшақ заманында олар Қазан қаласының ішінде тұрып, Шора батыр кезінде олар Жайықтың басына ауысады. Тарихи оқиғаның баяндалуы бойынша олардың бір шеті созылып Шу өзенінің бойына, Қаратауға келеді. Осы тарихи аңызды Ықылас қобызбен күйге айналдырады. ...Эпикалық жырдың негізінде туған «Қазан күйі» домбырамен де әдемі тартылады. Бірақ екеуінің мазмұны бір шығады. А.В. Затаевичтің зерттеуінше, «бұл күйде ескі заманның маршы, жорықтың түрі, соғыстың суреті көрінеді». ...Қобызшы эпикалық аңызды аса жақсы көрген. Соның бірі қобызбен тартқан «Қамбар мен Назым» күйі. Қамбар кедей егіншілер қыстағында (тобыр) туып-өскен, атақты аушы, сері, мерген, батыр. Ол өздерін басқаратын ханның атақты қызы Назым сұлуға ғашық болады, Назым да оның ерлігін, серілігін ісін ардақтайды. Бірақ Назымның әкесі, туысқандары Қамбарды қара қазақ деп менсінбейді. Ханның еліне жау шабады. Оларды жеңуге ханның шамасы жоқ. Назым оған қарсы Қамбарды шақырады. Алып ер жауды жеңіп елін қуанышқа кенелтеді. Хан Қамбарды жақсы көріп, қызын оған береді. Ықылас осы екі ғашықтың қосылғанын мақтанш етіп, оларды қобыздың әдемі күйіне айналдырады.

Халық аңызының негізінде Ықыластың тағы бір шығарған күйі «Аққу»



күйі. Қобыздың күйі аққудың әдемі үнін, оның қалай ұшуын, оның қалай сәулетті жүзіп жүруі ғажайып сұлу оймен шешілгені айтылады. Өзге таныс күйлерден Ықыластың сүйікті күйі «Жез киік». Оны Тайлақбайдың сыбызғыдан тартқаны (Шоқан Уәлиханов) белгілі.

Ықыластың күйлерін мирас еткен оның баласы Түсіпбек, Созақтан Сүгір күйші, немересі Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаев.

Сал мен серінің көп шыққан классикалық жері әрине, Сарыарқа, оның ішінде, Көкшетау, Ақмола, Баянаула, Қарқаралы, Торғай елінің бойы. Ертістің бас жағында, Алтайда, Тарбағатай тауларында жасаған сал мен серілер әбден ұмытылып біткен. Бергі кезге дейін айтып келгендері тек Тарбағатай жерінде өскен — Ағашаяқ, Қарқаралыдан — Әсет әнші. Бұл екі әншіні де Құнанбай мен оның баласы ақын Абай өте жақсы көріп, олардың мұраларын өздеріне жақын тұтқан. Алтай тауында домбырамен күй шалқытқан бір серіні Аткинсон суретке түсіріп, бірақ атын жазбаған. Әдемі киінген сері, ол — найман елінің күйшісі. Делбегетей тауында «Ағашаяқ» деген бір сал болған, Құлам тастағы жазуы бойынша оның шын аты — Назар Сапақұлы. Назар Сапақұлы 1818 жылы туып, 1898 жылға дейін жасаған, түсі сары, көзі көк, өзі кедей болған. Ғашық болған қызына тез бару үшін, аттың орнына, екі ұзын бақанға мініп үйренеді, соған орай «Ағашаяқ» атанып кетеді. Жүргенде ербеңдей басып, он шақты қадамды бір-ақ басып отырады. Оның жүріп өткен жерлері Қалба тауында осы күнге дейін «Ағашаяқ» деп аталады. Бақанмен жүру бір ғана аты жоқ кедей салдың ісі. Ғашық болған қызын барып көргенде, бұл өте таңсық нәрсе болып көрінген. «Ағашаяқ» әрі сал, әрі суырылыпсалма ақын, әрі асқан әнші. Ол бір байдың қызына бәйек болып, онымен хат арқылы байланысып жүреді. Қыз оның өнеріне қызығады, көп мейірімі түседі. Бірақ қызды бір байдың баласына атастырып қойған, жақын арада күйеудің «ұрын келетін» кезі. Қыз ол күйеуді жақсы көрмейді екен, «Ағашаяқты» ұнатқандықтан күйеу келгенше «тез кел» деп шақырады. «Ағашаяқ» қуанып, екі бақанмен жүгіріп қыздың ауылына келеді. «Жәнекей» деген әнді сол қызға арнап шығарады. Ол керемет ойыншы, түрлі аң мен құстың даусына келтіріп ән салып, үнін неше алуан етіп құбылтқан. «Ағашаяқтың» аты көп жерге аңыз болып тараған, оны Алтайдан бастап Сарыарқаның түкпіріне дейінгі елдер жүйрік біледі. Көп адамдар «Ағашаяқты» Құнанбайдың әншісі еді деп айтуы осыдан шыққан. Халықтың аңызы бойынша «Ағашаяқ» бақанмен жүруді нағашысы Апақ балуаннан үйренген. Өзінің шығарған жырында:

Атандым өзім Назар — ағашаяқ,

Қалдым мен қашан достан жаным аяп, — дейді.

Тарбағатайда жасаған серілердің бір әйгілісі — Әсетақын Найманбайұлы. Ол 1867 жылы Қарқаралы аймағында, Қызыл-Арай төңірегінде туып, бала күнінде өзінің ата-бабаларының мекені осы әдемі тауларды қызықтап өседі, ержете Тарбағатайдағы Бақты қаласына барып, оның медресесінен сабақ алады. 14 жасында әкесі қайтыс болып, нағашыларына барып тұрады. Сол кезден бастап ол асқан әнші, әрі сері болады. Әсет өте сыпайы, нәзік жанды кісі болған, әрі жазғандарын әрқашан қағаз бетіне түсіріп отырған. Ол ел аралап жүрмеген, шығарған әндерін, жырларын тек үлкен сауық үстінде, қыз ойнақта, ұлы тойларда айтып жүрген, ел аралауды, сый алуды онша жақсы көрмеген. Оның бұл ардақты мінезі Абайға да ұнаған. Оның

айтқан әндері «Әсет», «Үлкен ардақ», «Кіші ардақ», «Еркем-ай», «Ісмет». Өзі өткір тілді, шешен, мысқылшыл, айтыс ақыны болған. А.С. Пушкиннің «Евгений Онегинін» аударған, оның қолжазбасы бүгінде Қазақстан ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр.

Арқаның сері-салдарының келіп жеткен дәурені ХІХ ғасырдың соңы, одан кейін олар мүлде жойыла бастады. Бұл тегінде тұрмыс пен байланысты іс болу керек. ХІХ ғасырдың соңынан былай қарай салдар ел аузында аңызға айналып, тек олардың айтып кеткен әндері, күйлері, жырлары сақталып келді. Сал-серіні ұмытпаған көбінесе қазақтың жас әйелдері. Әдемі киініп жүрген жас жігітті олар «сал», «сері» деп атады. Сол айтқан кезден бастап сал бейнесі бүтіндей төмендеді. ХХ ғасырдың басында олар тым өрескел түрге көшті. «Салмын» деп өзін-өзі атап жүрген кісілердің бойында бұрынғы салдықтың көркем түрі болмады. Ол бір құбыжық ойынға, өрескел іске айналады. «Салмын» деушілер жаман ер тоқымын теріс ерттеп, киімін теріс киіп, азып кетті. Ондай «салдар» қатарында айтылатын кісілер Тоқырауыннан шыққан Нұралының Сүлеймені, Кеңесбайдың Оспанбайы. «Сал» боламыз деп бұлар барлық малын босқа қырып, пішенін құлатып, ойына келгенін істеді. Ел ортасында бейуаз, бетімен кеткен кісінің бірі «Сарыауыз» (Қарқаралы даласынан). Ел ішінде бүлік салып, ауыздықсыз кете бастаған соң, ел ішіндегі ақылды адамдар оған тыю салып тоқтататын. Сері мен салдың көп тараған жері — Көкшетау төңірегі. Олардың бұл өлкеде көп екенін бірінші рет айтып жазған түрік елдерінің тілін жүйрік білетін ғалым — Услар деген кісі. 1840 жылды Усларды Кенесары көтерілісін бақылауға жіберген. Бірақ ол қазақ тұрмысын зерттеуге айрықша көңіл бөледі.

16

Оның бақылауынша, қазақтардың сөйлеу мәнері әзірбайжандардың сөйлеу мәнерімен бірдей, айырмасы — тек дыбысты өзгертіп сөйлеуінде. Алғаш Көкшетау қаласына келгенде ол көп жаңалықты көреді. Қаланың іші толып жүрген қазақ. Солардың ішінде өзгеше киінген көп қазақ сал-серілерін көреді. Кигендері — ылғи жібектен тігілген қырмызы не жасыл кең шапан, басында шошақ бөрік, аяғына кигені көксауыр шоңқайма етік. Көкшетауда ол кезде көп жүретін сал-серілер Нияз, Шәрке, Сегіз сері, кейінірек Қанқожа Уәлиханов, Біржан сал, Тулақ, Ақан сері, Сейіткерей, Қозыке, ең соңында Үкілі Ыбырай шығады. Бұлардың ішінен халыққа аса атақты болғаны — Сегіз Сері, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай. ...Баянаулада көркейіп шыққан салдардың ең ұлысы — Өтебай сал (ХVІІІ — ХІХ ғғ.), өзі күйші, өзі ақын, Бәйтен сал, Марғұлан сал, қаржас-жаулыбай тобынан Өтебай — асқан әнші, ақын, оның баласы Әубәкір, сері Сұр Омар (Жаулыбай) ғажайып әнші. Әбжан Атубайұлы, сері Мұса мырзаның әншісі. Атақты әнші, әрі сері Жарылғапберді және Атубайдың Әбжаны Мұсаға еріп Сырымбетке талай рет барған. Кейін Мұсаның баласы Сәкен Шыңғыстың қызы Нұриланы алуға барғанда қасына күйеу жігіт етіп, асқан әнші Жарылғапбердіні ерте барады. Екі әншінің екеуі де Көкшетаудың атақты сал-серілермен кездеседі.

Абжанға көп әсер еткен — Сегіз сері, Біржан сал, жас жігіт Ақан сері. Бұл екеуі Баянауланың әндерін Көкшетауға апарып таратып, оның ғажайып әндерін Баянаула мен Қарқаралыға әкеліп таратады. Оған Жарылғапбердінің бірнеше әндерін мысалға келтіруге болады:

*Жігіттер шек келтірме құдіретке,
Тілеймін медет бер деп барше ұмбетке.*

*Бауырында Көкшетаудың екі қызға
Ән бастым осылай деп Топайкөкке.*

Баянауладағы ең атақты күйші, өзі сері Өтепбай сал, руы — қақсал. Ол күй тартқанда жұрт кейде көздерінен жастарын сорғалатып, сүйсініп таңдайтын (Мәшһүр Жүсіп). Оның тақырыбындағы күйлер «Саймақтың сары өзені» (Қытайға қарсы соғыс), «Боз айғыр» (Соғыс туралы ескі күй), «Ақсақ құлан Жошы хан» жайлы (ескі аңыз), «Боз інген», «Суға кетті ер Қотан» — тарихи заманда жасаған атақты күйші, ақын, серілікті ең алғаш таратқан жарқын кісінің бірі Қотан сері туралы «Қазан күйі» (соғыс суреті, ескі күй), «Алшағырдың ащы күйі» — атақты ер Алшағырдың ескі күйі, «Тәттімбеттің сылқылдағы», тағы басқалар.

Өтепбайдың аса келісті тартқан күйінің бірі «Бозайғыр» аңызы. Ескі заманда елді қытай әскері шауып тірі адам қалмағанда, Бозайғыр жалғыз өзі өлейін деп жатқан ердің қасында тұрып, азынап тұра алмайды. Құлағына тау ішінде тығылып жатқан елдің жылқысының үні естіледі. Жерді тарпып-тарпып жігітті үстінде отыруға шақырады. Жігіт есін жиып, жануардың үстіне отырғанда Бозайғыр жөңкіле алыстағы құз тауға тартады. Жігіт оның бір нәрсе біліп келе жатқанын сезіп еркіне жібереді. Құз таудың ішінде кіргенде Бозайғыр кісінеп, көзі жаудырап, бір жақсылық бар екенін біледі. Кейде арқырап кісінеп қояды. Өз жерінің шөбін, суын көргенде жаны сүйіп шұрқырап отырады. Бірақ тыныққан жігіт түсіп, 17 жануарды шалдырып алайын десе де айғыр елегізіп ілгері тарта береді. Алыстағы ауылдың жылқысының дыбысын естіп, тұрғысы келмейді. Елге таянғанда Бозайғыр кісінеп жібереді. Ол кісінегенде тау ішінде жатқан көп жылқы тегіс кісінеп, шұрқырайды, олардың шұрқыраған дауысы бүкіл тау ішін жаңғыртады. Тығылып жатқан елдің көбі жас әйел, бала, қарттар екен. Олар кейін көбейіп тағы да ұлы елге айналады. Өзінің тақырыбы бойынша «Бозайғыр» күйі «Ергене-көң» аңызына өте ұқсас. Ергене-көң — Алтайдың бір биік басы. Қытай әскері келіп түркі тайпаларын шапқанда, I — V ғасырда олар осы Ергене-көң баурайына тығылып, осы арада өсіп-өріп көбейеді. Тарих бойынша, онда тығылған елдер: Ергенекті-найман, қият, қоңырат, қыпшақ, оғыздар. Күй осылардың басынан кешірген дәуірлерін суреттейді.

Баянаула сал-серілерінен ескі дәстүр бойынша жас кезін қызық түрде өткізгендер: Бәйтен сал мен Марғұлан сал. Олар кейбір киімін түйенің құрғақ құмалағының алтын суына бояп, соны ішкі камзол етіп киген. Олардың көп барған жері қаракесек шаншар елі, жақсы қызды да осы арадан тауып, соған үйленеді. Мәкеңнің бәйбішесі Айман — Тәттімбеттің туысқандарының қызы, жарқын сыпайы ашық жүзді адам еді. Немерелеріне көп үлгі берді, әдемі аңыздарды жүйрік тілмен айтып отыратын. Бәйтен мен Мәкеңнің жас кезінде көп барған жері: Әулиеата, Ташкент, Түркістан. Онда тек жібек іздеп баратын, әдемі нәрселерді сол жақтан әкеліп жүрген. Мәкеңнің шығарған күйлері «Бұхар-екем» — Бұхар жырауға арнап домбырамен тартатын күй. «Ала ту» күйі - бабасы Олжабай ерді еске түсіріп, сол кісінің туына арнап шығарған. Бұларды немересі жас домбырашы Маусым тартып отыратын. Сары ала тудың ұзындығы бір жарым метрдей, ені 80 см, біздің үйде әбдіреде тығулы жататын. Тек босанғанда қиналған әйелдерге шетінен үзіп-үзіп кесіп беріп жүрді. Ол тумен бірге Қалдан-Сереннің Олжекеңе сыйға тартқан үш жарлығы бар еді. Оның әрбірінің ұзындығы бір жарым метрдей болатын.

Бала күнімде мен оларды көп айналдырып, оқуын шығара алмай әуре болатынмын. Жарлықтың сол жақ бұрышында қызыл бояумен түсірген құба қалмақ хандарының мөрі бар еді. Мен Ленинградта оқып жүргенде (1930 ж.) шешем қайтыс болып, туды да, жарлықты да сол кісінің қабіріне салған.

Мәкең мен Бәйтен екеуімен қатар серілікті жақсы өткізген кісі — Сұр Омар. Олар Сұр Омардың толқынды әнші екенін ерекше сүйіп, дос болып өткен.

Баянауланың ілгеріде болған сал-серілікті бергі кезде мұра қылып әкелгендер Жаяу Мұса, Сәлмен, Ашубайдың Әбжаны, Жарылғапберді. Олардың мұрагері «Ағашаяқ» Мұстафа, Қали Байжанов, Сапарбек, Байбөрінің Сейсенбайы, тағы басқалары. Қали әнді Жарылғапберді мен Жаяу Мұсадан үйренген. Олардың ауылы Қалиға өте жақын тұратын. Ол Қоянды жәрмеңкесінде әр жыл сайын қаракесек әншілерінің сұлу әндерін көп естіді. Абайдың әншісі Алмағамбет әншіні тыңдап, одан «Ағашаяқ», «Екі жирен», әндерін естіді. Ақмола жәрмеңкесінде Атбасардың (Терісаққанның) атақты әншісі Сатмағамбет шығарған «Әупілдек», «Еділбай» әндерін естіп білді. Сондықтан Сарыарқада айтылатын көп әндерді Қалидан артық білетін кісі аз еді. Өзінің шығарған әндері «Ардақ», «Тама» бірақ бұларды бұрынырақ айтқан Жарылғапберді.

Бір қызық әңгіме — Қали Байжановтың қазақ музыкасын зерттеуші оны жазып алушы А. Бимбоэспен жолығуы. Ол 1923 жылдың күзі еді. Ол кісі Семейге келіп, облыстық оқу бөлімінің орынбасары Әбікей Сәтбаевпен кездесіп, қазақ музыкасын қалай жазып алуының бағдарламасын құрады. Әбең мені шақырып алып: «Сен осы кісіге көмек көрсет, театрға апарып әншілермен кездестір. Қаладағы қарт әншілерді тауып, солармен жолықтыр», — деді. Қали ол кезде Семейде театрда ән салып жүретін. Мен Қалиды Тоқырауынның бір жас әншісімен екеуін пәтерге шақырдым және ол сағатқа Бимбоэс та келмекші болды. Пәтер ағаш үйдің бір кішкене бөлмесі, оған алпауыттай Қали кіріп келгенде әзер сыйғандай болды. Түрі батырлардың түріндей алпауыт, жауырыны кең, басы үлкен, қара көзі жаудырап, адамға бір қуаныш бергендей болып тұрады. Бимбоэс оның жан-күйінен сұлулықтың елесі аңқып тұрғанына біраз үніліп таңғалып отырды. Сол арада-ақ әнші домбырасын гулетте шертіп, әнді үсті-үстіне түйдектетіп айта бастады. Айтқан әндері «Шама», «Ардақ», «Гаухартас», «Әупілдек», «Алтыбасар», «Қарға», тағы басқалар. Бимбоэс бұл әндерді жақсы жазылды деп соншалық қуанып отырды. Кейін Ленинградта басып шығарды.

Баянаула әншілерімен қатар шыққан аяулы серінің бірі Естай Беркімбауұлы (1874 — 1940 жж.). Шідерті өзенінің жанындағы ескі Ақкөл болысында туып өскен. Түсі қызыл шырайлы, көзі шегірлеу келген үлкен, отырысы, жүрісі серілердің әдетіндей сыпайы, байсалды, өзі саңлақ кісі. Ән айтқанда өте салтанатты бейнемен, саспай толқынды шалықтаумен келтіретін. ...Естай жас кезінде Сарыарқаны тегіс аралап шыққан, оның барған жері Баянаула, Қарқаралы, Шыңғыстау, Ертіс бойы, жоғарғы Қара Ертістің жағасы, Өр Алтай: Тарбағатай, Лепсі, өзенінің бойы, солардың жарқын елін көруі, күнбатыста Ақмола, Атбасар, Обаған өлкесі.

*Көкшетау, Баянаула көрдім бәрін
Ұлы Ертіс, Омбы, Семей араладым.
Қарқаралы, Қараөткел, Есіл бойы,
Еркелетті уақ, керей, бәсентин.*



Елу жасқа дейін осы елді тегіс аралап, одан кейін «сонша жүре берудің лайығы жоқ» деп мал шаруасының соңына түседі. Оның аса сүйген қызы — Маралды болысындағы атақты сұлу қыз Хорлан. Бірінші әнін осы Хорланға арнап шығарады. Біздің бала күнімізде бұл әнді ғажайып түрде айтатын Баянауланың әншілері Фәрит Абсаттаров (Керекуде тұрған), Барбар Мусин, Ертіс бойында Ақсу, Алтыбай, Маралды болыстарының оқып жүрген жас жігіттері керемет дауыспен айтатын, солардың бірі Рамазанов еді.

Мен 1926 жылы Ленинградтан елге демалысқа қайтып келе жатып, Павлодарда Жаяу Мұсаның қызы Анна деген кісінің үйінде жатқанымда, ол жігіттер Ертістің шығар аузына бір үйді тіктіріп мені апармақшы болған. Бастап жүрген Кәрім Сәтбаев, «Хорланды» ондай қазір ешкім айта алмайды. Кәрім ұзын бойлы, ашық жүзді, көзіне пенсне киген, бар музыка аспаптарын сол үйге апарып жиып қойған. ...Үй сондай көркем, сұлу, бәсентин елінің асқан төрелері жасаған. Сол үйде отырып жігіттер Хорланның өзі бір ғажайып кісі «әнін тыңдаумен қатар өзін көріп қайтса тіпті жақсы болар еді» деді. Баруға келістік. Өкінішке орай, сол жылы елде сүзек болып, Хорлан ауырып қалыпты. Біз оған жете алмай Керекуге қайтып келдік, Естай Хорланды есіне түсіргенде айтқан: «Қызығымды көп көрді бәсентин, Қолына ап еркелетті момын елім», — деп Хорланның шыққан елін сондай ардақтайды.

Сал мен серінің көп шыққан жері — Ақмола, Сарысу, Есіл, Нұра өзенінің бойы, Қорғалжын төңірегі. Мұнда жас күнінде сері болып кейін ақындық жолына түскен кісі Құлтума — Теңіз бойының атақты серісі, айтыс ақыны. Сейдалының асында (XIX ғ. орта кезі) ол Көшетаулық Тоғжан ақынмен айтысады. Ең атақты сал-серілер Өтебай сал, Төлебай сал, Сары-Тоқа, Қаспақ сал.

Есіл бойындағы қыпшақтар арасынан жеке қара шыққандары: Иманжүсіп — сері, ақын, жазушы, Қошан сері, Бекетай Тәттіұлы (Омбы қыпшақтарынан). Иманжүсіп сері болғанын өзі айтып суреттеген.

Ең ескі сал-серілердің бірі Қуандықтан тараған Өтебай сал, қыстауы Ортауға таяу Көктің-көлдің жағасында болған. Өзі үлкен бай, әкесі Күшікбайға он екі мың жылқы біткен. Өтебай XVIII ғ. соңына таман туған, 1835 жылы Сапақ бидің ағасы Қорыспайға ас бергенде соған қатынасады. Бұл асқа Баянауланың атақты биі Шоң, қасына атақты жырау Сақау ақынды ертіп келеді (Мәшһүр Жүсіп). Өтебай бұл аста өзінің ерекшелігін көрсету үшін, көп жасаулар дайындайды. Ең алдымен жүз биенің құнына түскен әдемі сәукеле жасатады. Ол сәукеле Сапақтың қызының сәукелесінен артық болсын деп, шеберге тағыда алтын, меруерт қосып береді. Бұл асқа барған кісілердің бәрінен асып түссін деп, жүздеген түйені әдемі кілемдермен малындырып, көркем сәукелені басына киіп, өзі әкелген он қанат ақ үйге келіп жатады.

— ...Мә, бар болғаның осы ма? Бар түрің осы ма? Пішініңе ұрайын! К...ді сүртейін! — деп, айнаға қарап ернін шығарып... өзін-өзі келемеждеп жатады. Сол кезде Өтебайдың үстіне Баянауланың қарт ақыны Сақау жетіп келеді. Келісімен өлеңді үсті-үстіне ағызады. Өтебай басын көтеріп: « — Үйден барып қысырақ ал», — дейді. Ақын: « — Басыңнан бермесең үйіңдегінің керегі қанша?» — деп өлеңмен қусырмалайды.

— Олай болса, өзім де сүйкімсіз болып түрімді бұзып жатыр едім. Енеңді ұрайын, осыны әрмен алып кетші. Мә, қайтып көрмегенім осы болсын! — деп, басынан сәукелесін жұлып алып, есікке қарай лақтырады. ...Шоң би осы астан кейін қыстыгүні қайтыс болады да 1837 жылы Әзіретке апарып қояды.

1838 жылы ас беріледі. Түріне қарағанда, Өтебай сал бұл сәукелені,



малынған кілемдерді тек сыйға тарту үшін әкелген. Оның тағы бір өзгешелігі — Баянауланың Бәйтен салы сияқты киетін ішікті, қамзолды киіктің құмалағынан жасатып, оны тігуден бұрын алтынның суына малып, жағасына барқыт салдырып, ішін жібекпен астарлатып отырған. Төбесіне арқардың мүйізінен телпек жасатып, жұрт алдына шыққанда: «Міне, менің Іскендір Зұлқарнайыннан не кемдігім бар?» — деп, серпіле мақтанатын.

Сарысу бойында ХІХ ғасырдың ішінде жасаған сондай ескі салдың бірі — Төлебай сал. Оның өзгешелігі де орасан күшті болған. Басқадан ерекше көріну үшін ол киімді бір ғана қойдың құмалағынан тізіп жасатқан. ...Төлебайдың көп барған жері — Қарқаралы шаншар елі. Ол жердің адамдарды сауыққой, әнші, серілері көп, қыздары ашық-жарқын келеді. Өзіне сүйген қызды осы арадан алған. Осы араға талай келіп, талай рет қайтып жүрген.

...Төлебай тек сал болып қалған жоқ, ол мосқал тартқан кезінде әлеуметтік іске көп қатынасты: Тоқа Шоң бидің қоластында оның ақылшысы, кеңес берушісі болды.

Шоң Сапақ бидің ағасы Қорыспайға ас берген жылы (1835 ж.) туған. Ол асқа Баянауылдың атақты биі Шоң да қатынасқан. Сол жылы Тоқа Телқозы Шоңды үйіне қонаққа шақырғанда әйелі босанып, «бұл бізге бір ырым болды» деп, оның атын да «Шоң» деп қояды. Тоқа Шоңның әлеумет ісіне қатысуы 1855—1890 жылдар арасы. Шоң алпысқа таянып қартая бастағанда, әлеуметтік істен босанып, оны енді баласына береді. Баласы Оспан Шоңның өзіндей халық бұқарасына болысуды білмейді, қайта көп наразылық тудырады. ...Бір күні шоң Төлебайды үйіне шақырып: «Төке, көптен бері біздің үйге келмей кеткенің қалай?» — деп сұрайды. Төлебай оны жырмен түспалдап білдіреді:

— Уа, Шеке, бір ақсұңқар құс бар еді, оның алған құстарын бір жапалақ келіп жеп жүруші еді. Ақсұңқар алтын тұғырынан түсті, оның орнын енді жапалақ басатын болды, Ақсұңқар кеткен соң ел де күйзелетін болды, оларда наразылықтан басқа еш нәрсе қалмады, — деп күңіренеді: Мұны жақсылап түсінген Шоң би, баласын әділдікке, игі іске ие болуға шақырады. ...Сері мен салдың көп жинаған жерінің бірі — Қарқаралы аймағы. Оны ХІХ ғасырдың бірінші жартысында бақылаған А. Янушкевич әдемі сипаттаған. Сал мен серінің өмірі мұнда ХVІІІ ғасырдың соңы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысында күрделі болған.

Халық аңызының суреттеуімен Шаншар елінің ішінен аты көп шыққан сал-серілер ХVІІІ ғасырдың өзінде көп болған. Олар әсіресе Тәттімбеттің арғы аталары, Қазыбек бидің маңайына жиналған серілер, әншілер, ақындар, атақты күйшілер. Соның бірі — бәсентин Ұзақ сері, әнші, құсбегі болған. Ол ХVІІІ ғасырдың соңында, ХІХ ғасырдың басында Ертіс бойында Бесқарағайда серілік құған кісі. Оның бір өзгешелігі — ешкімде жоқ қыран құс салумен аты көпке тараған сері, құсбегі, оның атақты қыраны Солтүстік мұз теңізінде жүретін жойқын көк сұңқар. Ұзақ оған «Көкжендет» деп ат қойған. Бұл қыран күніне отыз үйрек, он қаз іліп жүрген. Он екі түлектен кейін Ұзақ аяулы Көкжендетін жоғалтып, көп уақыт таба алмай, оған арнап әдемі ән шығарады:

*Көкжендет — тұғырың алтын
маржан баулы,
Отырушы ең ағаш үйде асыраулы.*

*Күнінде отыз үйрек, он қаз ілген,
Бар ма екен сендей қыран тояттаулы?*

Бір жыл Ұзақ сері Ертістен өтіп, өзінің атақты сұңқарымен Ертістің сыртын ала тұрған Дегелең, Едірей тауларына аң аулауға шығады. Ол жерді қоныстайтын шаншарлардың айтуынша, ол жерде көп жүретін аң — қара түлкі. Ол итке де, бүркітке де алдырмайтын тәсілқой, тезінен орманның ішінде, не тасқа тығылып кететін. Ұзақ сері Едірей тауының ішінде қонып, таң ата аң аулауға шығады. Бақылап қараса, бір түлкі зымырап орманның ішіне қарай зулап бара жатыр екен. Көргеннен ақ сұңқарын жібереді. Ол көзді ашып-жұмғанша болмай түлкіні ұстап, екі көзін шұқып түсіріп, әлсіретіп отырады. Ұзақ әлсіреген түлкіні бастан ұрып өлтіреді, сілкіп-сілкіп жерге тастайды. Сұңқарының арқасын, басын сипап аялайды. Дем алып болған соң оған түлкінің тілін алып жегізеді.

Демек, ерте кезде Қарқаралы жерінде серілік құрған кісінің бірі осы Ұзақ. Онымен қатар шыққан ақын, әрі сері Жанақ ақын (1776 — 1846 жж.). Ол тілге орасан шешен, сөзді тауып айтатын білгіш, ескі аңыздарды, эпикалы жырларды жүйрік білген ғажайып жыршы. Сондықтан халық Жанақты ерекше қадірлеген. Ақын өзінің сиқырлы сөздерімен халыққа орасан үлгі берген.

Жанақтың туып-өскен жері — Кент тауының іші, Қарқаралы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай алпыс шақырым жерде тұрады. Бұл таудың ішінде «Жанақ қыстауы» дейтін қыстаудың орны сақталған. Кент тауын қазақтың ескі аңыздарында «Қазылық тауы» деп атайды. Жырда айтылатын «Қарқаралы — Қазылық» соның бір түрі.

Жанақ ақыннан қалған ұлы мұра «Қозы Көрпеш— Баян сұлу» жырының ескі нұсқасы. Бұл жырды ақын XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында айтып келгені бір ғажайып аңыз. Ол жырды ақын көбінесе ұлы той үстінде не атақты кісіге ас беру үстінде айтып жүрген. Сондықтан халық Жанақты ерекше ардақтап, оған қымбат сый тартып жүрген. Бірінші сыйды Жанаққа 1816 жылы тартқан. — Барақтың әкесі Солтыбай төре, екінші рет «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын Өскенбайдың асында асқақтатып айтқаны үшін Құнанбай оған ат сыйлап, үстіне қамқа тон жауып, алдына мал салып береді.

Жанақ, бір жағынан, белгілі айтыскер ақын. Ол атақты Сақау ақынмен, Сабырбаймен, Найман баламен айтысқан. Жанақ өз заманындағы болыстарға, ел бастаушы төрелерге өте сын көзімен қараған. Солардың ішіндегі адамға қатты әсер ететіні — «Рүстем төреге айтқаны». Рүстемді асқақ сөзбен батыл сынағаны үшін, Рүстем оған бас иіп, қадірлеп астына ат мінгізіп, үстіне асыл тон кигізеді. Оған айтқан сөзі:

*Ау, тақсыр, елге барсам шынымды айтам,
Көз көріп, ой жорыған сынымды айтам,
Жетіскен, жеткендерді айта келіп,
Балтамен шабатұғын мініңді айтам.*

Жанақты халық бұқарасының қатты сүйгені, оның осындай әзіл тілімен сөйлеуі, зұлымдықты аямай ашық түрде сынауы.

Сал мен серілер осындай жарқын сөзді, әсіресе ұлы жиылыстарда,

жойқын тойда, ұлы ас үстінде ашыла еркін айтқан. Халыққа мұра болған аңыз бойынша, ондай жойқын астың бірі — Өскенбайдың асы. Онда жырдың, әннің, ғажайып күйлердің аса көп айтылғаны белгілі. Оған қатысқан серілер: Тәттімбет, Жанақ, Түбек ақын (1836 ж.). «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының ең ескі, ең көркем түрі де осы арада айтылады: екінші ас — Сарысу өзені бойында болған Қорыспайдың асы (1866 ж.), онда Арқа серілерінен бармай қалғаны кемде-кем-ақ: үшінші ас — Сайдалының асы (1843 ж.), онда Құлтума мен Тоғжан ақын екеуі айтысып, саясат, сауда тақырыбын көтереді. Төртінші ас — Тұрлыбектің асы, онда Біржан сал шығып сөйлейді.

Ең жойқын Ұлы жүз—Қожамқұлдың асы. Оның түріне байлығына қарағанда, ондай ас еш жерде болмаған. Қожамқұлдың баласы Мақсұт өр ауыз қатал кісі болған. Байлардың мыңдаған жылқысын өз еркімен ағаш қашаға (қора) қамап, оны молынан қырғызған. Әкесінің асына қазақ, қырғыз, өзбек, ойғыр басшыларын жияды. Олардың ойыншы, музыканттарын шақырады. Қарқаралының бойында мыңдаған жерге үй тіктіреді. Бәйгеден бірінші болып келген жүйрік атқа тоғыз күң, тоғыз құл, тоғыз отау тартады, екінші атқа 500 жылқы береді. Бұны феодализмнің әбден шарықтап жеткен жері деуге болады.

Сарысу бойындағы Қорыспайдың асы да осыған таяу болған. Асқа сойған мыңдаған жылқының қаны-жыны Сарысу өзенінің бойында тау-тау болып үйіліп жатқанынан, бір жыл бойы одан жылқы су ішпей жүреді.

Қарқаралы аймағында сал мен серілердің аса есейген кезі — Құнанбай мен Алшынбайдың кезі (1825 — 1860 жж.), Құспек пен Жантайдың кезі. А. Янушкевичтің айтуынша, Құспектің қасында ағайынды екі сері болған Қожамсүгір, Қожамжар. Екеуі де асқан әнші, ақын, сауыққой, атақты мерген. Қарқаралы қазақтарының таңдауынша бұлардың екеуі де Орынбайдан жарқын түрде анағұрлым айтады (А.Янушкевич). Құспектің сынауынша: «Бұл екеуінен гөрі де Алшынбай мен Құнанбайдың аясында жүрген Тәттімбет пен Жанақ табылмайтын жүйрік, олар бұлардың тәңірісіндей», — деген.

Әлкей МАРҒҰЛАН,

академик

Дереккөз: Марғұлан Ә. Шығармалары. — Алматы, 2007. Т.2. — 432 б.

ӘНШІ АҚЫНДАР, САЛ-СЕРІЛЕР


Қазақ қауымында қашан да болған өнер саңлақтары. Халық халық болғалы ән, сал-серілік өнер бірге жасап, біте қайнасып келеді.

Қазақ поэзиясындағы әнші ақындардың творчествосы ерекше орын алады. Әнші ақындар негізінде сал-сері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Сал-серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар. Әртістерше сырттай жарқ-жүрқ әшекейлену, елден ерекше сәнді, көз тартарлық кескінмен жүріп-тұру — әнші ақынға тән негізгі салттың бірі.

...Ал сал-серілер жұрттың ортақ салтында жоқ ерекше, көзтартарлық әлемішті киімдер киініп, жарқылдақ моншақтарды тағынған. Олардың шалбарының балағы көш құлаш ұзын, сүйретіліп жатады. Бас киімінің, шапан, шалбар, байпақтардың шүберегі ала-құла, қырық құрау болады екен. Бөрік, тымаққа үкі, неше түрлі моншақ қадаған. Сырт киімді кейде бірыңғай ақ, кейде қым-қиғаш әр шүберектен араластырып тіктірген, оған тоқыған шекпенде құрым киіз де қоса тігілген болады. ...Ойын-сауықты олар шапшаң басқарып кететін болған. “Абай” романында М.Әуезов салдың, оның төңірегін, ақындық, әншілік өнерінің бейнесін кең сипаттай келіп, үлкен тойға жұбын жазбай келіп түскен сал-серілерді былай суреттеп кетеді:

Келе жатқан топ екі-екіден, бір сал, бір келіншектен, мойындарына білектерін артысып, құшақтаса әндетеді. Ортада сал ағасы өзге топтан оқшауырақ алда келеді, өзге жігіттерден жасы үлкен, бой бітімі де келбетті келген Байтас ақын. Домбырасы да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да “мен сал домбырамын” дегендей, ән арасында сол домбырасын Байтас аспанға көтеріп, бұлғақтатады. Сал ағаның осы белгісімен арттағы өңшең әнші топ өздерінің шұбар ала домбыраларын аспанға көтереді. Біржанды, Ақан серіні көргендер — олардың жүріс-тұрысында ерекше көзтартарлық сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық салттармен қатар, салдардың кейбірінде болатын оғаш, күлкілі киімдерді қасақана киіну, қасақана салдың ерсі мінездерін көрсету жоқтығын айтады. Шын салдық дәстүр, өнер сол салдың барлық тіршілігімен біте қайнасып кетуі тиіс. Қазіргі қария ақын И. Жылқыайдаров (1973 жылы туған) бала күнінде жасы сексенге жақындаған Қыпшақ Жаңқа салды көргендігі жөнінде былай дейді:

— Жаңқа қыр мұрынды, атжақты, ақсұр адам екен. Ұзын мұртты, тал-тал аппақ сақалы беліне түседі. Әлі қайратты, тіп-тік. Тұсында домбыра, сыбызғы, қобыз ілулі тұр. Сал басына төбесі біздеі шошақ, сегіз сай әлеміш бөрік киіпті. Бөріктің әр сайы әртүрлі ала-құлаш шүберектерден құралған. Төбесіне қадаған тоқпақтай үкі, сал басын анда-санда сылқ еткізіп тұқыртып қалғанда, бұлғаң етеді. Үстінде тізесінен асатын ұзын қайырма жағалы көйлек, екі иығында екі үкі және қадалған. Аяғында өзбектің ала мәсісі, бұтында шұбатылған ұзын шалбар. ...Таңертең шай ішер алдында кешеден бергі шалдардың тілеуін орындап әуелі сыбызғы тартты. Сыбызғымен “Досымжан” күйін ойнады.



Ертеде Досымжан күйші күйлерін ылғи таңертең ашқарында тартады екен деп ескертіп қойды. “Боз інген” күйін де ол сыбызғыда ойнады. Одан кейін қызыл доманадан істелген бұйра қобызын ойнап, ескі күйлерді тартып еді, тыңдаушы шалдар жылап отырды. Ақырында домбырасын тартып “Құтының баласын тербеткені”, тағы бірнеше күй-сарындар ойнады. Кетерде шалдар ауылға шақырды. ...Сол ойын-сауық үстінде Жанқа сал, өзінен бұрын болған, Башен салдың жайын айтты:

— Біз Башен салдай сал бола алмадық. Ондай киім кие алмадық. Ол көл жайлап, көлдің аралына барып сауық құрады екен. Менде ондай көл болмады. Төрт күн жүгініспен отырғанда оның аяғы бір талмады, мен шыдай алмадым. Бірақ сол Башеннің өзі де Мақпал деген сұлуды ала алмай, қайғыдан құса болып өліпті. Өзінен үмі алғалы келген жас салдарға айтатын өлеңі мынау еді:

*...Мінгенім көш алдында қидасын кер,
Желден жебір тайлақ бұйдасын жер.
Басыңды көтер дазы сылқ ете тұс,
Қайтесің көрген адам қимасың дер.
Сауғырма тай саусым-ай,
Қу жетпейдің даусын-ай!
Ойтыр-ай!
Дәурен-ай,
Мақпал салған әден-ай! —*

деп сылқ ете қалар еді. Міне, біз сол Башен бола алмадық деп үгімеді” (Иманжан Жылқайдаровтың 1949 жылы ауызша айтуынан).

Салдардың салты, мінезі жөнінде осындай әңгімелерді Шашубай, Омар, Төлеу, Қайып сияқты қария ақындар да көп айтатын. Бұған қарағанда сал, сөздердің өнер дәстүрі қазақтың тіршілігінде елеулі орын алған сияқты.

Сал жайында әңгімелердің бәрінде де салдардың ерекше жүріс-тұрысы, ерекше өрескел киім киюлері, оған мінездері айтылады. ... Халық арасында оғаш, қыңыр күлдіргі мінезімен тентек аталған Былақ, Қиясбайдың жүріс-тұрыстары да салдардың дәстүріне жатады. Салдардың осындай тентек аталған күлдіргіштердің өлеңдері де өз мінездеріне сай өтірік, қыңыр мағыналы, қисынсыз құралған күлдіргі болып келеді. Жантұрған деген сал өзінің бір құрбысына кездескенде:

*Алибас ит көрдің бе шілдерлеуші,
Әр ауылдың көлінде оттып тұраң, —*

деп бастайды өлеңді. Тағы бір тентек салдың өлеңінде:

*Көк сарыдан түрлі жарен айыр,
Шықпа-шықпа күйің қисыр шылбалы,
Битілің інген тұлпардай көкте ұшып жүр,
Бұрынғымыз беліме сенсек арқан, —*

дейді (Бісқақ Бегалин жинағын материалдардан).

XIX ғасырдағы аты шулы Біржан сал, Ақан сері, Топыбай, Жығу Мұса, Ағашан, Әдемов, оған бергі Шашубай, Естай сал тағы басқалары әншіліктің қалың өнеделілерінің дәстүрін дамытып, қалыптастырған. Қазақтың әншілік-құралды, сал, сөздері өнердің тұтастық қасиетін бойына жинаған адамдар.



Бұлардың көркемөнерінде көне заманның тұтастық (синкретизм) элементі күшті. Ән-күй, өлең, би әуелінде бөлінбей тұтас өнер түрінде жасалғандығы туралы ғылымдық қағида қазақтың сал-сері, ақындарының өнер тәжірибесінде де толық дәлелденеді.

Сал, серілер, әншілік, ақындық, жыршылық, аңшы-мергендік, спорт-палуандық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі күлдіргі, ғажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш— бәрі халық өнерпаздары. «Ағашаяқ» — ірі әнші ақын, халық композиторы болудың үстіне неше түрлі спорт ойындарын көрсетіп отырған. Ысқақ Бегалин қарт (1865 жылы туған) айтады:

— Кемпірбай ірі ақын әнші болудың үстіне, өнерпаз, ойыншы екен. 1879 жылы Семей қаласында үлкен бір жиын болып, сол жиында Кемпірбайдың ақындығы мен ойынына жиналған орыс-қазақ қайран қалды. Кемпірбай екі аяғына екі бақанды байлап алып, гармонь үніне қосылып билеген. Үстіне түрлі әлеміш киім киіп алып, аяқ-қолын төрт жағына керіп шеңбер жасап, зырлап дөңгелеп ойнаған. Ат үстінде әралуан ойын көрсеткен. Белгілі Тәттімбет күйші де, Зарубай өнерпаз да сал, серілерге лайықты дәстүрді сақтаған, халық өнерінің адамдары. ...Бұл жөніндегі профессор А.Жұбановтың пікірлері орынды. А.Жұбанов сал, сері типіндегі әнші-ақындар тұрақты театры, концерт орыны жоқ, көшпелі ауылдың әртістері, сегіз қырлы өнерпаздар (әрі ақын, ірі әнші, әрі әртістік өнерге бейім) деп біледі.

«Сал», «сері» деген сөздің өзі ақын, әншілік мағынасында қолданылуының тарихи, қоғамдық мәні бар. «Сал» етістік (салу, салып қою) немесе зат есім (сал байлап өзеннен өту) мағынасында да қолданылады. Радловтың талдап түсіндірулерінде түркі тілдес елдердегі бірнеше ұғымдарды келтіреді. Сал шор тілінде жерошақ, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау, дабырлау мәнінде, қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сөйлеуші, оғаш қыңыр киім киюші адам мәнінде қолданылады дейді.

...«Сал» деген сөзге Ильминскийдің берген түсінігі де осыған дәл келеді. Сал — «тұла бойым сал-сал болып түсіп барады» деген мысал келтіреді. Қазақта ән айт демейді, ән сал дейді. Осындағы сал жалғыз етістік мағынасында ғана емес, асқақты ән, күйді айтудың бейнелі мағынасында да қолданылып тұр.

Сал, серілер әнсіз өлең айтпаған. Бұлардың ақындық дәстүрінде әншілік шешуші орын алады. Бұрынғы, соңғы сал, сері типіндегі әнші, ақындар жырлаймын деп өлең бастамайды, ән шырқамайды, ән саламын деп бастайды.

*Бұл салдың өзі өлеңші аты — Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған...
Атадан Біржан сал боп тудым артық...
Ақкумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасашы, күйді түптен тартып, —*

деген Біржан сал сөзінде айтысты әнмен қыздырғандығын көреміз. Шашубай: «Ал гармоным, гармоным» деп, Нартай ақын «Ән шырқа, жез тіл сырнай, алдым қолға» деп ән шырқау, гармонь, домбырамен кеңесуден бастайды өлеңдерін.

Ал «сері» бәлкім, арабтың сир (сейір) — қыдыру, кезу деген сөзінен туып, серуен, сайран салу мағынасына айналып, сонан сері ұғымы қалыптанған болуы мүмкін. Радлов сир (сейір) қазақ, татар тілдерінде серігу, тынығу мағынасында екендігін де ескертеді.



«Серінің» — «сарын», «сарнау» (төлеуіт, шор, сағай, қойбал тілдеріндегідей өлең, ән айту, жырау мәніндегі) деген сөздермен де жақындығы бар. Сырнай да осы сөздермен төркіндес. Қыпшақ тілінің XIII ғасырдағы ескерткіші «Кодекс Куманикусте» «сері» (шері) әскер мағынасында қолданғандығы айтылады. «Шеру тартып», «Шеру қол» деп келеді.

Қазақ әдебиетінде сал, серілік көне дәуірдегі ақындық дәстүр екендігіне ешқандай дерек болмаса да Орта Азия, орыс, сибирь, орта ғасырдағы Еуропа, көне шығыс, тағы басқа елдердің әдебиет, фольклор, этнография тарихында сал, серіге ұқсас ақындық салт болғандығы бізге мәлім.

Орыстың көне дәуіріндегі ақын, халық өнерпаздарының бір түрі скоморохтар болған. Олар елді кезіп жүріп өлең, жыр айтқан, ән салған, билеген, түрлі ойын-сауық көрсеткен. Сондықтан, орыс жұртында «Попты Құдай жаратса, скоморохты сайтан жаратты» деген мақал бар. Немесе Украинада соқыр жыршы кобзарьлар да халықты аралап жүріп жыр айтады. Біздегі қобызшылардың кобзарьлармен тектестігі (типологиялық ұқсастығы — ред.) болуы ықтимал.

...Біржан мен Сара айтысында Сарадан бұрын қағысқан әйел Біржанды, «салдықпен сайтан қуған» деп кемітеді. Науан хазірет мешіт ішінде өлең айтуды тоқтатпақ болғанда Ақан сері: «Махшарда өлеңім шарифатыңмен тең түспесін қайдан білдің», — деп жауап берген.

Онан соң орыста бал-маскарад ойыны бар. Қазақтың ұғымында маскара — сырттай оғаш, өрескел кескінге түсуді (бұрынғы заманда бетіне күйе жағып, құрым кигізуді) маскаралау деп атаған. Орыстар маскарад ойыны бетіне маска (перде) киініп, түр-түсін өзгертіп жүріп ойнауды айтады. ...Ал сал-серілік қазақ тарихының қай дәуірінде туып, дәстүрге айналғандығы туралы мәселе бізде әлі зерттелген жоқ. Егер қазақтың көне, орта ғасыр заманында сал, серілер болса, олар ертегі, эпостарда жырау сияқты неге аталып отырмайды? Алайда серілік ертерек кезде болуға ықтимал дерлік бір дәлеліміз — мұның бақсы, балгерлік, ескі шамандық нанымдарға кейбір байланыстылығы және әскер мағынасындағы «шерінің» ертеректегі тілімізде кездесушілігі. Шынында серілер қалың қолдың қатарында жорыққа қатынасып, әскердің музыкантшы, сырнайшы, кернейшілік қызметін атқаруы мүмкін. Серілер ірі әскербасы, хан, сұлтандардың қасында басқалардан ерекше әлеміш киініп, орта ғасырдың трубадурларындай (дауылпазшыларындай) әнші, ақын болып жүрмеді ме екен?

Қазақтың сал-серілері феодалдық қоғам құрылысы жағдайында туған. Сал-серілердің бірқатары ірі феодалдардың қолында, мырзасының қатарында сауықшыл өнерпазы болады. Бірақ олардың шын талант иелері феодалдық қоғамның моральдық, діндік, махаббаттық заң ережелеріне бағына бермейді, оны бұзады, халықтық өнер жолына беріледі. Біржанның тегі, қоғамдық ортасы мен шығармашылық жолы осылай.

Қазақтың сал-серілерін түгелінен халықтық ақын, әншілер деуге болмайды. Шыққан тегі, таптық ортасы жағынан алсақ, Ақан сері мен Жаяу Мұса бірдей емес. Жаяу Мұса үстем феодал қауымынан қуғын-сүргін көрген нағыз еңбекші, халық ортасынан шыққан сері ақын. Ал Ақан сері болса да лирикаларында өз дәуірінің күрделі қоғамдық мәселелерін, өмір шындығын кең қамтып жырлай алмады. Кейде діншілдікке де салынады. Міне, осындай, идеялық шығармашылық қайшылықтары бола тұрса да Ақан — халыққа ұнамды лирикалы өлең, ән шығарып таратқан әнші ақын.

Қазақтың бірқатар салдары байлардың мырзалары болған. Иманжан айтқан Башен сал да ірі бай. Он түрлі ат міну, өзінің саяхат жасайтын аралы бар көл иемдену дәулетті салдың қолынан келетін салт. Бірақ мұндай сал-серілер



қоғамдық мәні бар өлең, ән-күй шығарып айта алмаған. Сөзі, ән өнері, көпке ұнаған сал-серілер қалың бұқараның тілегіне, ой-сезіміне қонымды, қызықты салттарды қолданған. ...Кемпірбай, Шолақ, Ағашаяқ, Шашубайлардың спорт, цирк ойындарына берілуі, Жаяу Мұса, Біржан, Әсет әндеріне орыс, украин музыкасы әсер етуі Ақан серінің:

*Көптен-көп поклон айттым скажия,
Сырымды кімге айтамын сізден зи
Именной, секретный ескеріңіз
Хорошенко сестра сватия —*

деп жырлаған.

Сондықтан да сал-серілік өнер қазақтың ірі феодалдарына, молда-ишандарға жат, ерсі көрінген.

Сал-серілерде ақындық пен өнерпаздығы, әншілігі қатар келеді дедік. Бұлардың өлең әндері нәзік, сезімді толқытарлық лирикалы, көбінесе махаббат тақырыбына арналып айтылады. Өлеңдерінде лирикалық саз басым болып отырады. Бұл ретінде Ақан серінің «Торыны таң асырып мінген қандай» деген лирикасын мысалға алуға болады. Мұнда торы атты әсемдеп жаратып мініп, қызды ауылдың тұсында ән шырқап, сұлу қызға жеңгесі арқылы сөз айтып, ишаратпен әзілдесіп, іштей бірін-бірін ұғысқан, біріне-бірі ынтақ болған қыз бен ақын сыры баяндалады, онан әрі:

*Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп,
Жүгіртіп сайлау жермен желген қандай?
Бір сайға торышаны байлай тастап
Тұсына ақ боз үйдің келген қандай..
Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда,
Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай...
Сол жерде айтылмаған сыр қалмайды,
Мысалы, әбдіре ашып ақтарғандай...
Ақырын үйден шығып таң алдында
Манағы сайдағы атты тапқан қандай? —*

деп қызбен кездескен кешін, бірін-бірі қимай айырылысқан таң алдындағы мезгілді сипаттайды.

Сал-серілердің әрбір лирикалы ән, өлеңдері, белгілі бір поэмалық сюжетке құрылған аңыз әңгімелері бірге айтылып отырады. Мәселен, Ақан серінің «Құлагер» өлеңі, оның Құлагері біреулердің қастығынан өлгенде жоқтау ретінде шығарылған. «Сырымбет» ақынның ғашығына арналған. Біржан салдың «Жанботасы» өзін Азнабай болыстың поштабайы сабап, домбырасын тартып алғанда ыза болып өз елінің болысы Жанботаға күйікпен шағым етіп шығарылған. Жаяу Мұсаның «Ақ сисасы» Шорман тұқымдары өзін қудалап, тұтқындап, жаяу айдап жер аударғанда айтқан кекті өлеңі, Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Шашубайдың «Ақ қайың» атты лирикасы, Естайдың «Қорланы» да осындай мотивтермен шығарылып жырланған. Міне, бұл аталғандар жай көңіл лирикасы ғана емес, арнаулы әні болудың үстіне, драмалық сюжетке құрылған күрделі шығармалар...

...Ақан серінің «Ақ көйлек», «Торыны таң асырып мінген қандай» сияқты лирикалары сал-сері ақындардың поэзиясына тән ерекшелік. Сөз жоқ, сері, сал



ақындар өзінің жүріс-тұрысына, махаббат жырында өз ортасындағы отбасылық қоғамдық заң, әдеттерге қайшы да келіп отарады. Серілер сүйетін әйел біреудің жары, немесе қалыңдығы болуы мүмкін, әйелдер сал, серіні ұнатпауы, ықыласын бермеуі мүмкін. Олар сыртынан ғашық болады, ынтықтығын білдіріп жырын айта береді.

Қазақтың сал, серілерінің ақындық, өнерпаздық қызметінде күлкілі, қалжың, сықақ сөздер де көп кездеседі. Сөйтіп сал-серілік қазақ жағдайында, әсіресе XIX ғасырда кең дамыған ақындық өнер. Ол халықтың өнердің ертедегі әралуан түрлерін қамтып, ақындыққа жаңа мазмұн, ажар берген.

XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында әнші ақындардың творчестволық дәстүрінде елеулі өзгеріс бола бастайды. Әнші ақындардың бір қатары оқып хат таниды, кейбірі жас кезінде сері болса да оқығаннан кейін серілік дәстүрді қалдырып, жазба ақын дәстүріне көшеді (мәселен, Мәшһүр Жүсіп, Нұржан ақындар).

...Бұрын серілердің бірі болған, солардың бірқатар өнерпаздық дәстүрін сақтаған ақын, әнші — Шашубай Қошқарбаев, Ақан сері, Біржан сал, Естай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұсалар сынды дарындармен жолдас болып, бірге жүріп сал-серілік құрған. Осы серілік өмірінің куәсі, шындық айнасы ретінде ол сұлу лирикалы өлеңдерін айтқан. 1890 жылдары (жоғарыда аталған жинағын қараңыз):

*Құс атып, аң аулаймын Саршығаннан,
Қызға жылы көрінер қаршыға алған.
Қиынға ұя салған қыран едім,
Аққудың төсінде ұйықтап, талшық алған, —*

деп өзінің гармонға қосылған ән мен жырын, мергендік, аңшылық өнердің жастық серілік дәуіріне құрал болғандығын аңғартады. 1925 жылы «Бес балқандай» ән шығарып отырған Шашекең «сері» деп толғайды. 1940 жылы Доскей ақынға айтқан бір өлеңінде.

*Сексенде сері атандым, сембей жағым,
Мерейім ұстем болды артып бағым.
Екі дос — өлең, гармонь қайта оралып,
Денемді кетті билеп тосқын ағын.
Қашаннан халық қалаған едім сері,
Кәнеки, гармоньды әкел бері, —*

деп жырлайды.

1952 жылы «Мен жігіт» деген өлеңінде былай дейді:

*Келсем де дәл сексеннің сегізіне,
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізінде.*

...Шашубай өлең, әнді домбырамен ғана айтпайды, көбінесе гармоньға қосылып жырлайды. Ол гармоньмен жырлағанда сахнадағы әртіс сияқты қасы-көзін сан құбылтып, ойнақшытып, екі мұртын тікірейтіп: «Сөйле, Шашеке», — деп бір ақырып қойып жырлайды. Оның үстіне, Шашубай қолына таяқ алып, түрлі құбылтумен де қақпақыл (жонглерлық) ойынын да қызық көрсетеді. Бұл ақынның шығармашылық процесіндегі тұтастық (синкретизм) белгісі. Мұнда



сыртқы көрініс (живопись) пен ән-күй (музыкалы) де, дене қимылы да (мимика, ритмика), поэзия да, әртістік өнерге қатысады.

...Бұрынғы Біржан сал, Естай, Мәди, Жаяу Мұсалардың даралық ой-сезімдері, шығармалары феодалдық үстем қауымының, дін, шариғаттың заң, ережелеріне қарсы келген еді, үстем қоғамдық орта мен ақын әнші арасында бітпестік қым-қиғаш (конфликт) болып отырады, содан келіп, олардың шығармаларында дарашылық немесе ызалы наразылық мотив айқын сезілетін еді. Ал қазіргі әнші ақындардың өзінің ақындық, әншілік өнерлерін кең дамытуға толық мүмкіндік алды, әнін де, жырын да, ойындарын да еш нәрседен жасқанбай еркін айтып таратуына кең жол ашылды. Осындай шығармашылық қуатын дамытқан, әнші-ақындық өнері қайта туып, гүлденген сері ақын халық композиторы белгілі «Қорлан», «Бір мысқал» әндерінің авторы — Естай Беркімбаев (1874 — 1946).

Жасы жеткен адам тоқырап қалуы мүмкін, бірақ ақындық жан, сезім қартаймайды, ол сол ақынның көңілі өсіп, тауына қарай түрленіп, құлпыра бермек. Ал бірқатар орта жастағы әнші ақындар Кеңес дәуірінде талантын шын мәнінде жарыққа шығарып, дамытты, зор әнші ақын дәрежесіне көтерілді. Бұған әсіресе ақын, әнші Кенен мен Исаның шығармашылық тәжірибесі толық дәлел. Кенен Әзірбаев күшті әнші ақын. Кенен (1884 — 1976 жж.) ақындық жыршылық жағынан Жамбылдың шәкірті. Ол 14 жасынан бастап домбыра тартып, ән салған. Ол да Жамбыл мен Шашубайдың қасына еріп, әншілік, сал-серілік құрған. Қырғыздың ақын-жыршыларының ортасында болып, олардың да ән-өлеңдерін үйренген. Жігіт кезінде өзінің кедейлік, жалғыздық көрген аяншыты тұрмысынан алып “Бозторғай”, “Көк шолақ”, “Ақ ешкі” атты тамаша лирикалы ән, өлеңдерін, өзінің серілік өмірінің бір сыры, сипаты ретінде “Тоғыз келін” атты өлеңін шығарып таратқан. Шашубай арқылы Арқаның көптеген әндерін үйреніп жаттаған.

Кененнің шабыты келіп, домбырасын күйлеп ән салуында үлкен бап, ерекше шеберлік бар. Ол домбырамен әралуан күйлер тартады, қазақ, қырғыздың ең жақсы әндерін, өзі шығарған ән, өлеңдерін, дастандарын жырлайды. Жамбыл жырларын, Сүйінбайдың Тезекті сынағандарын, “Манас” жырынан үзінділер айтады. ...Бұрын да, қазір де сал-сері ақындарға тән негізгі ерекшелік — ән мен өлеңнің үнемі түйісіп, ұштасып айтылатындығы дедік, осы ұштасудан келіп, әнші ақындар тыңнан өлең, жыр ғана шығарып қоймай, әнді де шығарып айта-тын халық композиторлары болды. Атақты Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Мәди — барлығы да әнші ақын ғана емес, өзінің шығарған төл тың әндері бар композиторлар. ...XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жасаған Естай, Шашубай, Кенен, Нартай, Исалар да поэзия мен өнердің өнерпаздары ретінде танылады. Әнші ақындардың шығармашылық дәстүріндегі мұндай тұтастық белгілер, элементтер тек көне заманнан қалған жұрнақ, жұғынды түрінде сақталып отырған жоқ, қайта олар бұдан да гөрі түрлендіріп, тереңдете түсу бағытында дамыды.

Есмағамбет ЫСМАЙЫЛОВ,
Қазақ ССР ҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымының докторы, профессор

Дереккөз: Ысмайылов Е. Әнші ақындар, сал-серілер. — Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. — Алматы, 2006. Т.5. — 65—77-бб.

САЛ-СЕРІЛЕР ӨНЕРІ

Ұлттық поэзия тарихында сал-серілердің өрелі өнерпаздық табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленеді.

Бұл орайда халықтың жуан ортасынан суырылып шыққан осындай біртұтас киелі өнердің көрнекті қайраткерлері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Күлтума, Сары, Майра, Естай, Нартай, Кенен, т.с.с. жөнінде түйдек-түйдек ойлар өрбіткен Ахмет Жұбанов пен Есмағамбет Ысмайыловтың сүбелі зерттеулері тарихи-әдеби деректерімен, мағыналы толғамдарымен құнды. ...Мысалға жүгінсек, ақпа-төкпе ақын, әйгілі әнші, айтулы композитор Айтбай Демікпеұлы жайлы мағлұматтар жоқтың қасы. А. Затаевич Айтбайдың Ғаббас, Қадыс, Усайын дейтін өнерлі ұлдарынан бірнеше әндерді нотаға түсіріп, «Қазақтың 500 ән-күйі» еңбегінде жариялаған. Мұның ішінде аты «қазаққа мәлім болған», сөзі «үш жүзге тәлім болған» Айтбайдың «Раушан», «Перизат» әндерінің нотасы берілген.

...Қашанда үздік туған хас таланттың мұрасы, рухы, жарқын бейнесі толқын-толқын буындардың жүрегін толқытып, бойын балқытып, қиялын шарықтатып, болашақ биігіне бірге адымдап, бірге жасайды. Ендеше, бұл кітапта халықтың рухани мәдениетінің ірі өкілдері Арыстанбай, Қанапия, Күлтума, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Доскей, Шашубай, Майасар, Тайжан, Болман, Кенішбай, Қалқа, Иса сияқты саңлақтардың өмірі мен өнерпаздығына қатысты сирек әдеби деректерді жүйелі баяндауға ұмтылды.

Алаш қайраткері Смағұл Садуақасұлы ұлт туралы жазбаларында қазақ өнерпаздарының ұлттық болмыс-бітімі хақында ой-пікірлер байыпты баяндалады. Мысалы, «Алтын сақина» ойыны туралы» мақаласында мынадай мәліметтер мөлдірете келтірілген: «Қалибектің шал, кемпір, қыз болып сөйлеп, жылағаны, көк бұзау болып бақырғаны — өрен әртістік, келешек қызметке көп үміт береді. Иса ақын тақырып сұрағанда бір азамат «Камхоз» деп айқайлайды. Халықтың ішінен біреу тұрып: «Үй беретін мекеме», — деді. Иса көңіліндегі үй туралы мұңын, камхозшыл азаматтардың азын-аулақ олақтық қылатынын өлеңмен жақсы суреттеп берді... Иса он әртістің орнын толтырады». Немесе: «Ұлт театры туралы» мақаласында С.Садуақасұлы Исаның ақындық, әртістік, айтқыштық өнеріне тағы үңіледі. Ол «айту тәртібінің өзін біртүрлі өлеңнің мазмұнына қарай өзгертіп отырады. Біресе ақырын, біресе айқайлап кету, біресе күліп, біресе ашуланып кетуінің бәрі Исаның әртістігіне жатады», — дейді. Ұлт санаткері С.Садуақасұлы дарынды дарабоздардың бір өзінде әртістік, әншілік, жыршылық, ақындық, палуандық қабілеттер болатындығын айта келіп, «Қоянды жәрмеңкесінде бір жігіт талай ойындар көрсеткен. Үстелдің үстіне қоян болып секіріп шығып, үстінде тұрған қымыз, самауыр, шыны-аяқ — соның бәрін қимылдатпай,



қайта жерге түсіп, қайтадан үстелге шығып, сол сықылды басқа ойындар көрсеткен» деп мәлімдейді. Я болмаса ән тәңірісі Әміре «Ағаш аяқты» шырқағанда тыңдаушы «еріксіз күліп жібереді» екен. «Күлдіретін сонда — «Ағаш аяқтың» өлеңі емес, Әміренің өнері. Оның жыламсыраған дауысы, қыржиған беті, жұмылған көздері, қысқасын айтқанда, Әміренің әртістігі» (С.Садуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, «Алаш», 2003. 270–280-беттер).

Сонымен С.Садуақасұлының ұлт руханияты жайындағы жойқын шабыттан туындаған толғамдары, әдеби-мәдени деректері — сал-серілер өнері табиғатын жарқырата көрсетуге септігін тигізеді.

...Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан серілер бірнеше тілді меңгерген, сол тілде ән шырқаған. Жалпы, ұлт өнерпаздарының атақ-даңқы қазақ елінен тыс аймақтарға, атап айтқанда, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, ноғай, башқұрт, татар, орыс халықтарына кең жайылған. Бұл жөнінде кейінгі тарауларда кеңірек айтамыз. Сонымен бірге Кеңес дәуірінде Мәскеудің Үлкен Театрының сахнасында сал-серілердің үздік шығармалары орындалған. 1927 жылы Советтердің IV съезінің делегаттарына арналған башқұрт әртістерінің үлкен концертінде Ақан серінің «Сырымбет» әнін башқұрт қызы келістіре шырқапты-ау! Осы бір оқиғаны Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында:

*Шырқайды Ақан әнін ой мен қырда,
Жайылған қазақ түгіл, қыр мен сырға.
Ақанның «Сырымбетін» башқұрт қызы
Ырғалтқан Мәскеуде Үлкен театрда —*

деп ынтызарлықпен суреттеген.

1936 жылы мамыр айының 17–27 күндерінде Мәскеуде қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндігі өткені мәлім. Оған ақын-композитор, әнші Тайжан Қалмағамбетұлы қатысты. Декаданың бірінші күнінде «Правда» газетінде (1936, 17 мамыр) Қазақ АССР Халық ағарту комиссары, әрі мәдениет істері жөніндегі Басқармасының бастығы Темірбек Жүргеновтің «Поэты и импровизаторы Казахстана» деген мақаласы жарияланды. Ол онда орыс халқына ұлт мәдениеті өкілдерінің тал бойында композиторлық пен әншіліктің, ақындық пен жыршылықтың, суреткерлік пен ойыншылықтың жарасым табатындығын қадап айтты.

Ұлт руханияты тарихында сал-серілердің шығармашылық өнернамасы өзгеше. Сахара сәулеті сал-серілердің өнерімен ерекшеленген. Салдық пен серіліктің ғажайып көріністерін Жаңқа салдың өнерінен көруге болады. «Таңертең шай ішер алдында қызыл доланадан істелген қобызын ойнап, ескі күйлерді тартып еді, тыңдаушы шалдар жылап отырды. Ақырында домбырасын тартып, «Күтының баласын тербеткен», тағы бірнеше күй-сарындар ойнады». Сал-серілік өнердің барша сұлулығы мен сән-салтанатын бір өзіне жинақтаған Жаңқа сал өзінің ұстазы Башен сал жөнінде былай дейді екен: «Біз Башен салдай сал бола алмадық. Ондай киім кие алмадық. Ол — көл жайлап, көлдің аралына барып сауық құрады екен. Менде ондай көл болмады. Төрт күн жүгініспен отырғанда, оның аяғы бір талмады...» (Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956, 53-бет).

Жетісулық Дәурен сал Құдабайұлы жүз метрдей жібек арқан алып жүреді екен. Іле өзенінен өткенде сол арқанның бір ұшы екінші жақта шұбатылып



жатады екен. «Өлеңтіні жағалай тал шығады деп еді, Тал шыбықтай бұралып сал шығады деп еді» деген сөз осыдан туған сияқты.

Академик Әлкей Марғұланның көрсетуінше, өзі сал, өзі төкпе ақын, өзі ойыншы, өзі асқақ әнші, өзі күйші-композитор Ағаш аяқ ағаш бақанға отырып, он шақты қадамды бір-ақ аттайды екен. Аңдар мен құстардың даусын айнытпай салады екен.

Задында, сал-серілерде паңдық, кербездік, мәрттік, мықтылық секілді қасиеттер де мол. Киім киісі де көркем. Нешеме алуан цирк тік ойындарды орындауға төселген шебер. Ал осынау сал-серілер шығармашылығының тақырыптарына келер болсақ, «богема лирикасы, богема сарындары яғни махаббат, жастық шақтың қызығын, той-думан, шаттық көңілді жырлау болып табылады» (Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы, «Ғылым», 1976, 148-бет).


Ақындардың өнерпаздық табиғатына (қиял дүниесі, түйсік қуаты, шабыт әлемі, дүниетаным дәрежесі, білім-білігі) үңілу, әншілік - композиторлық дәстүр болмысын, ақындық мектебін, жетілу, өсу, өркендеу жолдарын тексеру, олардың асыл сүйекті шығармаларының көркемдік-эстетикалық сипатын, шығу төркінін айқындау ұлтымыздың рухани келбетін баяндаумен шендеседі. Ел еркелерінің ғажайып ғибратты өнері мен мағыналы өмірін жаңғырта сөйлету, дәстүр тағылымынан үлгі-өнеге алуға үйрету, рухын тірілту — біздің биік парызымыз. Кейбір аяулы, ардақты ақындардың өмірбаяны да күңгірт. Сондықтан да Қазақстан Рес публикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар қорларындағы құнды деректерді, мағлұматтарды барынша ескердік. Осы уақытқа шейін Доскей мен Шашубай сынды сұңқар үнді, әнші ақындарымыз Кенесары-Наурызбайды жырлағаны үшін қазақ әдебиеті тарихына енбеген.

...Сарын — буырқанып бұрқыраған сөз өнерпазының сыр сарайын керемет жарқыратып көрсететін кілт іспетті. Сарында ақынның ынтықтық, құштарлық сезімі, асқақ рухы, дария көңілі, көркемдік дүниетанымы толқынды әуезділікке, күйлілікке, ағыл-тегіл сыр түйдегіне, тізбегіне көшеді. Бұл ретте Байкөкшенің, Кемпірбайдың, Кәмештің, Сабырбайдың, Жанақтың, Қуандықтың, Түбектің, Байбаланың сарындары дарынды жыршы ақын Шәкір ӘбенOVтың (1901—1994) орындауында жеткендігін айтар едік. Бұл сарындарды 1944 жылы өнертанушы Б.Г.Ерзакович жазып алған.

Он бір жасында айтысқатүскен жыр тұйғыны Байбала Жайсаңбайқызының сарынына құлақ түрейік:

*Іздесең мен сұраған Байбаламын,
Сендейдің қолы жетпес ай боламын.
Қанатым күн нұрына шағылысып,
Аққудай айдын көлді айналамын.
Көз жетпес көк теңіздің көркі менмін,
Аң емес сен ілетін айдаланың.
Көкте ұшқыш, суда жүзгіш, жерде жүйрік,
Атсаң оқ, шапсаң қылыш сай боламын.*

Немесе Сабырбайдың сарыны былайша өрнектелген:



*Екпінім тау еңсеріп, көл толқытқан,
Өрепін өрге ұшып, шыңға шыққан.
Желге айтып асыл сөзді селге ағыздым,
Сөзімді кім бар дейсің желден ұққан.*

Байбала мен Сабырбай шүү дегенде ой, қиял, шабыт қанатында самғап, керім-кербез, сымбал да сымбатты, әуенді-сазды, ұйқасты, ырғақты, ұшқыр да әсерлі, көркемдік сиқыры өзгеше сөйлемдерді толқындата туындатып, тындаушының жүрегін аттай тулатып, оттай жандырады.

Сонымен қатар ақындардың сарынына әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтар өзек болған. Мысалы, «Жанақтың сарыны» былайша кестеленген:

*Бұл күнде хан мен қара тең болған кез,
Бағалы бағасыздан кем болған кез.
Ғаламат аспандағы жерге түсіп,
Ғажайып түсте көрген өң болған кез.
Қайғы-теңіз, көз жасы — сел болған кез.
Шалқыған шалқар көлің тандыр болып,
Шалшық су тепкіні жоқ көл болған кез.*

...Жалпы, мақам-сарындар әлемін зерделеу, талдап түсіндіру — өз алдына жеке бір зерттеудің міндеті.

Ақындар жайлы ой толғағанда, мына бір жайтты айтпай өтуге болмайды. Қазақ ауыз әдебиетінің байырғы өкілдері мен таратушылар бірнеше топқа жүйеленеді: әнші ақындар, жыршылар, өлеңшілер, айтыс ақындары, сал-серілер. Шынтуайттап келгенде, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері әрі бір-бірімен бірлесіп, ұштасып өмір сүретін қасиеттері де бар.

Серік НЕГИМОВ,

филология ғылымының докторы, профессор

Дереккөз: Негимов С. Қазақтың сал-серілері. — Алматы, 2005.

САЛ-СЕРІЛІК

Көшпелілердің көркем кеңістігі мен рухани ділі, тіршілік табиғаты XIX ғасырдың екінші жартысында сал-серілерді өнер сахнасына шығарды. ...Ол туралы М.Әуезов: «Ақындық, әншілік өнері жақсы жігіттің белгісі сияқты саналған. Сондықтан ел ішінің қызық сауығы үшін сән түзеп, қыдырумен жүретін салдар шыққан. Атақты ақындарға еліктеуден серілік молайып, бері келген заманда Біржандай сал, Ақандай ақын серіні шығарған. ...Алайда қазақ сал-серілерінің нақты қай кезеңде қалыптасып, халықтың салтанатты дәстүрлі өнеріне айналғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Сал-серілік қазақтың көшпелі қоғамында ғасырлар бойы қалыптасып, XIX ғасырда кемеліне келген сияқты. «Ақтабан шұбырынды» дәуірінде саябырсығанмен тыныштық орнаған заманда қайтадан жанданып отырған. Бұған Доспамбет жыраудың: «Жұпарын қардай боратып, арулар құшқан өкінбес», Шалкиіздің: «Жағына жалаң жібек байлаған, арулар кімнен қалмаған», Ақтанбердінің: «Айттырса бермес сұлуын, аппақ қылып маңдайын, бұғақ қылып таңдайын, қиылдырып қастарын, төгілдіріп шаштарын, күнінде аламанға, тегін олжа қылар ма екеміз!», деген толғауларында сал-серілікке тән, өршіл махаббаттың, құштарлы сезімнің, сән-салтанаттың рухы есіп тұр. Қалай дегенмен де сұлулыққа деген дәл осындай қылаусыз құрмет пен сүйіспеншіліктен барып сал-серілердің сахара сахнасына шыққаны анық.

34

...Осы уақытқа дейін сал-сері бір өнер және олар міндетті түрде өлең шығарып, ән айтуы тиіс деген ұғым қалыптасып келді. Өнердің бұл саласы туралы жинақталған деректер мен зерттеулерге зер салсақ, салдық пен серіліктің арасында айырма барлығы байқалады. Салдар: жұрттың ортақ салтында жоқ ерек ше, күлкілі, көзтартарлық әлемішті киімдер киініп, жарқылдақ моншақтар таққан. ...Әр сал өзіне тән оқшау мінезімен жұрттың назарын аударуға міндетті болған. Бәшен, Толыбай, Ағашаяқ, Зәрубай, Тәттімбет (жасында), Әздембай, Жантұрған, Жаяу Мұсалар салдық құрып, нөкер жиып өнер шашқан. Сөз өнерінің саңлағы Біржан сал мен Ақан серіні көзі көргендер Е.Исмаиловқа: «Олардың жүріс-тұрысында ерекше көзтартарлық сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық салттармен қатар, салдардың кейбірінде болатын оғаш, күлкілі киімдерді қасақана киіну, қасақана салдың ерсі мінездерін көрсету жоқ екендігін айтқан» (сонда, 52 б). Осы еңбегінде ғалым Шашубай, Омар, Төлеу, Қайып, Иманжан сынды халық ақындарының естеліктеріне сүйене отырып: «сал» деген сөздің мағынасын тектей келе, оның шығу төркінін салдардың мінезіне, оғаш қимылына байланысты қойылған болуы керек — деген ишара жасайды. Оған Біржаннан басқа салдардың барлығы ауылдың шетіне, не жастардың отауының алдына, қыздың төсегінің жанына келгенде «салдығы ұстап» сілейіп жата қалатын болыпты. ...Біржанның «оғаш мінездері» анық байқалмағанымен де, оның «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай», «Телқоңыр» әндерінің астарынан жоғары да аталған «салдық мінез» байқалып қалады. «Салдығы ұстаған» тұста шідер үшін Ләйлімді



жорта құнды етіп, оның екі ағасына қиғылық салуы, «жамбастап жатып», «телқоңырды ауылына бос жіберуі» соны аңғартады.

...А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» атты еңбегінде Біржанның, Ақанның, Әсеттің, Жаяу Мұсаның, Балуан Шолақтың, Ағашаяқтың, Шашубайдың, Естайдың, Жарылғаптың, Үкілі Ыбырайдың ән мен әншілік дәстүрі музыка теориясы тұрғысынан салыстырыла талданған. Әр жылдары С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Исмаилов, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, М.Жармұхамедов, Е.Жақыпов, М.Мағауин, С.Негимов сияқты көрнекті ғалымдар түйінді де тұжырымды пікірлер білдірді. Өкінішке орай, салдар поэзиясы тұтастай жинақталып, аттары анықталып, өмірі мен шығармашылық жолдары зерттеліп, оның өнер ерекшелігі арнайы сөз болған емес.

...Серілер өмірді бар ащылы-тұщылы шындығымен қабылдап, сүйінетін жерде сүйініп, күйінетін жерде күйінген, жауының жағасынан ала жүріп арудың алқасын жырлаған. Соған қарағанда Е.Исмаиловтың «сері» сөзінің түбірін көне қыпшақ тіліндегі «сері, шер (мысалы, Әлішер-әлі шерлі), «шеру» деген мағынадан іздеуі (сонда, 57-б) назар аударарлық. Сері «салдар» сияқты өнерпаз ғана емес, сонымен қатар ер мінезді қайраткер. Бұған Сегіз серінің, Нияз серінің, Имам-Ғабит серінің, Көрпеш серінің, Ақан серінің, Әсеттің, Балуан Шолақтың, Жаяу Мұсаның, Сарының, Қанапияның, Бүркітбайдың, Үкілі Ыбырайдың, Иманжүсіптің, Сейтжан серінің тағдыр талқысына түсіп, жан жабығуына ұшырап, өмірлерін жалғыздықпен аяқтауы толық дәлел.

Жоғарыда аталған серілердің барлығы да ел намысы үшін тәуекелге барған намысты тұлғалар. Ескерте кетер бір жайт, олардың кейбіреуі жасында серілік құрғанымен, кейіннен ол өнерінен суынған. Мысалы, серілік өнердің баламасына айналған Сегіз сері мен Ақан сері өмірінің соңын жалғыздықпен аяқтаған. Ақан сері тіпті сопылық тақуалықты ұстанып дүниеден баз кешкен. Оның бұлай торығуының себептері М.Жұмабаевтің мақаласында барынша қанық пайымдалған.

Қорыта келгенде айтарымыз, «серілік» деген өнерпаздық қасиетпен қоса, рухы өр, тағдыры талайлы тұлғаларға ғана берілген. Одан өзге өнер иелерін ақын, әнші, күйші, домбырашы деп атаған.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,

филология ғылымының докторы, профессор

Дереккөз: Жұртбай Т. Біртұтас алаш идеясы. — Алматы: Елшежіре, 2013. —126—129-б.

САЛ-СЕРІЛЕР ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Салдар мен серілер туралы жазу, оң мен солды тани бастаған бозбала кезімнен көкейімде жүретін. Содан бері талай жыл өтті, мәдениет пен өнердің тарихына, қыр-сырына қанығу үстінде көптеген жұмбақ жайттардың мән-мағынасы ашылып, мүлдем басқа қырынан көрінді. Бұл жерде сал-серілер әулетінің тарихына аздап тоқталып өтуге тура келеді.

Дәстүршілдіктің (традиционализм) негізін салған кейбір ғалымдардың айтысына қарағанда (Рене Генон, Герман Вирт, Мирча Элиаде және т.б.), бұрынғы-соңғы тарихта ізі қалған барлық дерлік жұрттардың әскери ісінің негізін қалаған әулет (бізше «сал-серілер», Еуропа халықтарының тілдерінде «рыцарьлар») бір кездері жойылып кеткен жаһандық патшалықтың әлеуметтік құрылымынан тамыр тартады екен.

Әрине, әскери әулеттер барған жеріне сіңіп, ассимиляцияға ұшырап, байырғыланып кетіп отырған. Батыс Еуропада рыцарьлықтың тарихы Тамплиер орденінің күйреуімен аяқталды. Ал Шығыс Еуропадағы серілердің тарихы ХІХ ғасырға жетіп жығылады. Белгілі мәскеулік дәстүршіл ғалым Роман Багдасаровтың пікірінше, бірде Запорожье казактары, бірде черкастар деп аталатын украин әскер жасақтары Польшаның, Осман империясының және Қырым хандығының соққысына шыдамай, тоз-тоз болған әлдебір рыцарьлық орденнің қалдықтары. Сондай-ақ Украинада кейіннен пайда болған гайдуктер мен гайдамактар, Польшадағы полковниктер (мысалға, Генрик Сенкевичтің «Топан суы» атты романындағы полковник Кмициц және оның достары), Болгария түріктің телімінен кетіп, Ресейге бағынғаннан кейін орыстың отарлық саясатына қарсы бас көтерген қыржалылар, неше мың жыл бойы жапон жұртына, жапон рухына сақтау болған, ақырында несібесі таусылған күні елдің тағдырын басқа әулетке табыстап, өздері тарих сахнасынан кеткен самурайлар, міне, осылардың барлығы баяғы бір тектен тараған ұлы әскери әулеттің түрлі тарихи тағдырды бастан кешкен, түрлі кепке енген жұрнақтары.

Ал қазақ жұртындағы серілердің тұлғасы, алатын орны сәл басқашалау болған. Көшпелі тайпалардың барлығы дерлік жауынгер әулеттен тарайтын болғандықтан, қазақ әлеуметі, қазақ халқы тұтастай әскери халық болып саналады. Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі жаугершіліктің тарихын зерттеген ғалымдар көшпенділерге қатысты «әскер-халық» («народ-войско»), «мәңгі ел» («вечный народ» немесе «вечный народ — войско») деген терминдерді пайдаланады.

Белгілі ғалым Серікбол Қондыбай қазақтың Алтын Ордадан кейінгі тарихында кәсіби әскери адамдар құрған «Үш қиян» деген орденнің болғандығын айтады.

Енді қазақтың сал-серілерінің кім екендігін қысқаша ғана түсіндіріп



кетейік. Орта Азия сопыларының басты пірі — Қожа Ахмет Йассауи. Осы Қожа Ахметтің көп шәкірттерінің бірі және ең қабілеттісі — Бекташ есімді сопы болған. Қазақтың сал-серілерінің пірі — осы Бекташ. (Осман империясының тарихында Қожа Ахмет пен Азиядан шыққан сопылардың есімі ерекше құрметпен аталады. Қазіргі Ыстамбұл, бұрынғы Византияның астанасы Константинопольді жаулаған әскердің алдыңғы легі тұтастай Қожа Ахмет Йассауидің жаужүрек шәкірттері болған деседі). Қазақтың сал-серілері соғысқа жеке шерік болып және сауытсыз, жанболатсыз шығатын болған. Әрине, кәсіби әскери адамның қан майданға бұлай қамсыз шығуы күмәнді сауалдарға жетелеуі мүмкін. Бұндай сауалдарға жауап сал-серілердің, пидагер, құрбаншыл әскер екендігінде жатыр. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сал-серілер — өз еркімен тұтастай өлімге кесілген әскер. Бүкіл тарихы ат үстінде, қан кешу — соғыс үстінде өткен елдің қатыгез әскери заңы. Оқырман, бұндай қатыгездік не үшін керек деуі мүмкін. Тұтас бір шерік әскердің жауға сауытсыз шабуы — қалған әскер үшін, ат жалын тартып мініп, алғаш рет қан майданға шыққан көкорай жас ұрпақ үшін ерліктің теңдесі жоқ үлгісі, үлкен рухани және психологиялық көмек деп жауап береміз бұндай сауалға. Қол бастап тұрған кәрі батырлар: «Әне, сал-серілер жауға сауыт кимей шапқанда, сауыт киіп, темір құрсанған сен неден қорқасың?» — деп қаннан шошынып тұрған жас ұландардың көңілін демдейді екен. Әрине, көп жағдайда сал-серілердің шерігі тұтастай қырылатын болған. Ал осы аяулы әскердің кездейсоқ тірі қалғандары болса, бейбіт кезде олар елдің еркесі саналған. Қазақта «аттың майы» немесе «аттың тері» деген ұғым бар. Біреудің атын минуте алған адам, атты иесіне қайтарғанда «аттың майын» береді екен. Қазақта «аттың майы — бір тоқты», немесе «аттың майы — бір қозы» деген ұғым да бар. «Қылыштың майы» да сол көне күндерден жеткен қасиетті ұғым. Ұрыстан әлдеқалай аман шыққан сері ел шетіне, алғашқы кездескен ауылдың сыртына келіп жығылады. Ауылдың адамдары аңырап жылап кеп үстіне түскенде, сері: «Қылышымның майын бер», — дейді. Бұл, серінің: «Қылышымды қапысыз шауып, жаудың да қанын, өзімнің де қанымды аямай төктім, енді сол қылышымның өтеуін бер» деген назы екен. Бүкіл аймақ жиналып серіні кілемге салып немесе жатқан жерінде үстіне отау тігіп, басына көтеріп ардақтайтын болған. Қан жұтып жауды жеңіп келген серінің тілегін беріп, оған ләззат сыйлау қандай ұрғашы үшін болса да үлкен абырой көрінеді.

...Қазақ ордасы ұлы империяның теліміне түскеннен кейінгі жерде сал-серілер бұрынғы мәртебесінен айырылып, басқа сапаға өтті. Қару-жарақ асынып жүруге тыйым салынды, сол себепті сал менен серілер қылыш пен найзаны қабырғаға іліп қойып, енді қолдарына домбыраны алып, әртістік богемаға айналды.

Қазақтың ұлы әншісі Біржан сал Қожағұлұлы, міне, ұлтымыз биліктен айырылып, тізгіні сырттан болған, малы мен жаны талауға түскен, ардагер ұлдары абақтыға айдалған шерменде заманда туып, шерленіп өткен ер еді.

Таласбек ӘСЕМҚ ҰЛОВ
өнертанушы, мәдениеттанушы

ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ

Жанақ Сағындықұлы XVIII ғасырдың соңына қарай қазақтың жыраулық поэзиясының күні өтіп, жеке ақындық өнер туа бастаған кезде, соны бастаушылардың бірі — осы Жанақ ақын болған. XVIII ғасырдың соңына қарай қазақтың жыраулық поэзиясының күні өтіп, жеке ақындық өнер туа бастаған кезде, соны бастаушылардың бірі — осы Жанақ ақын болған. ...Қазақ әдебиеті тарихында Шал, Көтеш, Жанақ сияқты ақындар алғаш осындай өлең үлгілерін тудырған. Жанақ Сағындықұлы 1770 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Темірші болысының 6-ауылында туған. Кейін бұл өңірде “Прогресс” атты шаруашылық ұйымдасқан. Сол ауылдың шығыс жағындағы Құмадыр бұйраты — Жанақтың туған жері.

Жанақтың шыққан тегі кедей шаруадан. Ата-анасы көріп өскен жоқшылықты Жанақ та бастан кешірген. «Жасымда кедейліктен жедім таяқ, Жалаң бас, жамау дамбал, жалаңаяқ. Кедейлік қыршаңқы аттай топтап қуып, Үйірге қосыла алмай жүрдім саяқ», деген ақынның өлең жолдары бұған дәлел. Ес білгеннен кейін де Жанақтың қолы байлыққа жетпеген. Тапқан-таянғаны күнделікті күн көрісінен аспаған. Бірақ ол жоқшылыққа мойымай, ақындық өнерге бой ұрған. Оның қобызға қосылып айтқан жырлары елді тәнті еткен. Оны халық, хан, қара бәрі сыйлаған.

*Жанақ бере білмеді, ала білді,
Құдай ал деп берген соң шебер тілді.
Сондадағы түскем жоқ ел алдында,
Әркім-ақ бұл Жанақтан үзіп-жұлды.
Жақсы десін, мейлі жаман десін,
Жанақты бұл Үш жүздің ұлы білді.
Хан, қара мен сыйлады би-төресі,
Болмаса сыйлар ма еді сөзім бұлды, — деген ол.*

Жанақтың өмірі мен өнері көзінің тірісінде-ақ аңызға айналған. “Жанақ айтыпты” деген сөз ел ішіне кең тараған. Оларда ақынның тапқырлығы, бірбеткейлігі тілінің өткірлігі көп айтылады. Сондай әңгіменің бірі — Бәкі төремен бірге шыққан сапары жөнінде. Ақынды өз ықтиярымен сөйлетпек болған Бәкіні ол көп жерде тыңдамай кетеді. Қолына қобызы тиіп, қызған кезде өз ойындағысын еркін, қысылмай айтқан. Ақын бұл мінезін төреге ашық мойындап, “Қобызым қолыма тиген соң, Құдай аузыма не салса, соны айтамын... Өлең деген сөз солай болады, мен сіздің тапсырмаңызбен айтсам, ол сөз менікі емес, сіздікі боп шығады. Ал, мен сізден ат мініп, шапан киіп жүр екенмін деп бас билігімді берсем де, сөз билігін бере алмаймын” деген. «Кет, олай болса ...» деп төре ашу шақырыпты. Жанақ төре мінгізген атынан түсіп, шапанын шешіп тастап, ер-тоқымын арқалап, жаяу кеткен. Сасқан төре «Мен ат-шапанды




сұрағам жоқ, апарып беріңдер», — деп кісі жұмсаған. Жанақ алмаған. «Төреге ерген ерін арқалайды» деген.

Жанақтың шыншылдығы, тілінің өткірлігі және тапқырлығы «Рүстем төреге айтқаны» деген атақты өлеңінде анық көрінеді. Бұл — сюжетті ұзақ өлең. Ол төрені іздеп келіп сәлемдесуімен басталып, оның зұлымдығын, парақорлығын әшкерлейтін өткір сатираға ауысады. Рүстем сияқты ел басшыларының халықтың арман-мұңына құлақ аспайтынын айта отырып, отаршылдықтың елді аздырып-тоздырып бара жатқанын, сол елдің шерін арқалаған өзінің ауыр сезімін суреттейді. Өлеңнің образдық жүйесінде халықтық даналық ойлардың әсері мол. Ең алдымен ақын Рүстем төреге кірудің қиындығын, мұның да басын қатерге тігіп келгенін ашық айтады. Біреу айтты Рүстем қастайды деп, Жасқанбаған бетіңді жасқайды деп. «Барсаң, аман қайтпассың, тоқта» — деді. «Ашуланса, басыңды ап тастайды» деп. Кейбіреу: «Жанақ тілің ащы», — деді. «Бетің қайтпай араның тасты» — деді. «Ащы тілмен төрені сұғып алып, Алғызып-ақ қайтарсың басты», — деді. Осындай әңгіме үстінде ол Рүстемге пара әкеп берген балықшы мен аңшыны көреді. Ол «аңшының тышқанына, балықшының сазанына» ортақтасып төре тұқымының азып, ұсақтап кеткенін сынайды. Кешегі Абылай тұқымының от басын, ошақ қасын аңдыған, «бақыт құсын қолынан ұшырып алған» күйін суреттейді.

*Береке — көктен деген, жылдан — жылыс,
Ер ұл туса болады елге тыныс.
Сөйткен ер ұл сен болсаң, тумай-ақ қой,
Сен туған соң елімнен шайқалды ырыс.
Тұқымы азып төренің тұқыл болып,
Болат ағып бұл күнде болды мырыш.
Шабар болсаң, датымды айтқызып шап,
Дат айтқызбай шапқан жоқ атау қылыш,—*

деп, төре ашуының алдын ала біледі. Өлеңнің бейнелі, астарлы сөздері ел басшылары деген адамдардың азғындаған күйін бейнелейді. Олар «Болат ағып, бұл күнде қалды мырыш», «Шынар құлап түбірде қалды шіріп, Ел ұйтқысы бұзылды мәйегі іріп», «Үй күшіктей отынның басында үріп», «Аш қасқырдай нашарды жейсің жығып, сырт жау келсе, кетесің шиге бұғып» деген образдардан көрінеді. Оның бәрі хандықтың жойылып, ел басшыларының әлсіреп кеткенінен, отаршылдықтың езгісі ұлғайғанынан деп түсіндіреді.

*Бұл күнде хан мен қара тең болған кез,
Бағалы бағасыздан кем болған ез.
Ғаламат аспандағы жерге түсіп,
Ғажайып түсте болған өң болған кез.
Қайғы — теңіз, көз жасы — сел болған кез,
Сөз байлаусыз, оғы да жез болған кез.
Шалқыған шалқар көлің тандыр болып,
Шалшық су тепсеңі жоқ көл болған кез.
Асқар тауды бұлт басып, мұнар алып,
Теріскей тебіні жоқ бел болған кез.
Ханнан қайрат, байынан қайыр кетіп,
Телмірген теңдігі жоқ ел болған кез.*


*Қайғың азық, ермегің шер болған кез.
Елмен араз, татуың бір болған кез.
Шеп бұзып, ту құлатқан батыр құрып,
Тебінгі сауған ұры ер болған кез.*

Осындағы тың образдар, дәуірдің шындығын сол кезеңнің түсінігі, бейнелері арқылы суреттеу, тапқырлық Жанақты үлкен ақындардың қатарына қояды. ...Рүстем төре Жанақтың ащы сыны елге тарап кетеді деп қауіптеніп, оны дұрыс қабылдайды. Сый-сияпат жасайды. Сыйлы қонаққа тартылатын тоғызды (ішік, ат, күміс қын, кісе, пышақ, әйеліне арналған асыл бұйымдар) көрген сайын Жанақ оларды суреттеп, өлең айтады. Атты, аңшылық қаруларын сипаттайды. Бірақ мұны Жанақтың төреге жағынуы деп қарауға болмайды. Ақын сөз сыйлаған халықтың сый ұсыну дәстүрін жырға қосады. Сый иесіне ризалығын білдіреді.

Мұндай өлеңді Жанақ Барақ төреге де, оның баласы Бексұлтанға да айтқан. Сөйте тұра кедей ақынды менсінбеген Қамбар мен Кәрібайдың тәкаппарлығын сынап бетіне басады. Жанақтың заманында кедей ақындардың осындай мінездері болғанын кезінде Абай сынаған. Оларды «Өлең сөздің қадірін кетіргені», «Жат елде қайыршылық қылғаны», «мал үшін жанын жалдап, тілін безегені» үшін шенеп, мінеген. Бұл — ұлы ақынның өлең сөздің бағасын көтеру жолындағы күресі кезіндегі ойы, сөзі. Алайда, әр дәуірдің, әр ортаның өз ақындары, олардың өлең шығаратын, айтатын ортасы барын мойындасақ, Жанақ, Шөже, Сүйінбай, т.б. ақындардың да өз дәуірін аттап кете алмағанын түсінеміз. Сол үшін халық құрметіне ие болған. Жанақ та халықтың ерке ұлдарының бірі болғанын оның өлеңдері айғақтайды. «Ер көңілді, ерке өскен Жанақ едім», «Қыран ем ойдан ұшқан құздағы аңға», «Мен едім Айдаболға келген Жанақ», т.б. өлеңдері ақынның халықпен тығыз байланысын ашып көрсетуге құрылған. Оның көп өлеңдері көзі көрген жайға қолма-қол үн қосуға арналған. Жанақ өз дәуіріндегі белгілі айтыс ақыны есебінде де белгілі. Оның Түбек, Садыр, Сабырбай сияқты ақындармен айтыстары сақталған. Оларда да ақындық тапқырлық, ұтымды сөзді бағалау, әзіл-қалжың, т.б. ерекшеліктер кездеседі. Жанақ — ескі халық жырларын айтушы, кейінгі заманға жеткізуші жыршылардың бірі болған. «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының бір нұсқасы бізге Жанақ арқылы жеткен. Оны алғаш Шоқан Уәлиханов жазып алған. Ғалым Жанақтың қобызға қосылып айтатын өнерін зор бағалаған. Жанақтан соң қобызбен айту дәстүрінің кеміп кеткенін сөз еткен. Мұхтар Әуезов «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының Жанақ нұсқасының көркемдігін зор бағалаған.

Жанақ 1856 жылы қазіргі Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданының бұрын «Хан сүйегі» деп аталған жерінде қайтыс болған. Бұл жерге бұрын Бөкей хан жерленіпті, содан «Хан сүйегі» аталған. Ақынды құрметтеген халық оны хан бейітінің ішіне жерлеген. Хан тұқымы оған намыстанып, Жанақ сүйегін шығарып тастауға тырысқан екен, бірақ елдің қадірлі, сөзі өтімді адамдары (Алшынбай би) қарсы болып, тигізбепті. Бұл да — халықтың Жанаққа деген құрметі.

Жанақ — қазақтың жеке ақындық өнері туып, қоғамдық, әлеуметтік мәселелердің әдебиет назарына іліге бастаған тұсының көрнекті ақыны. Сонымен бірге ол ескі мұраны сақтап жеткізуші, айтыс өнерін XVIII ғасырда қайта жаңғыртушы ақын есебінде де әдебиет тарихында елеулі орынға ие.

Серік ҚИРАБАЕВ,

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ОН ЖЕТІ

Кемеңгер ойшыл Абай Құнанбаевтың батыс пен шығыс әдебиетінің озық үлгілерінен еркін сусындағаны мүмкін. Соған қоса бүкіл бұрынғы Семей губерниясының, әсіресе Аягөз өңірі қазақтарының өте бай ауыз әдебиетімен мейлінше таныс болғанын да теріске шығара алмаймыз.

Аягөз ауданын айтқанда, ең әуелі Сыбан елінің Байғара табынан шыққан 17 ақын ауызға оралады. Ақсақалы Ақтайлақтан бастап кешегі Әріп Тәңірбергеновке дейінгі аралықты қамтитын әйгілі 17 ақын түгелімен суырыпсалма желқабыздар болған. Мұндай «Ордалы таланттар», басқа жұрттарды былай қойғанда ән мен жыр елі атанған қазақ даласының өзінде сирек ұшырасады. Сол себепті болар бұл ғажапқа кезінде әйгілі түркітанушы В.В.Радлов та, одан кейін Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин мен М.Әуезов те назар аударғаны тарихтан аян. Жазушы Кәмен Оразалиннің 1976 жылы жарық керген «Абай ауылына саяхат» атты кітабында: «Біз Абай мен Қуандықтың кездескен жерінде тұрмыз. Ана бөктердегі биікті «Сабырбайдың Саршоқысы» дейді. Абай қоңыр Көкшеде болыс болып жүрген кезінде мұнда жиі келіп-кетіп жүрген...

«Біржан — Сара» айтысында Жанақ ақынмен сөз қағыстырған Сабырбай және табандап айтысатын Түбек ақын жайлы әңгіме қозғайды ғой. Осы өңірден шықты дейтін он жеті ақынның «Бітіхан мен Күміс қыз» айтысында аттары аталды...

Осында аттары аталған ақындар жайлы 1943 жылы Мұхаң (М.Әуезов) көбірек сұрастырып, Құндызды — Шет өңірінде төрт күн болған дейтін деректер бар.

Менің қолымда 17 ақын туралы бұған дейін де азды-көпті мағлұмат бар-тын. Байғара әулетінің тікелей ұрпағы аягөздік Ғаббас Шөкімұлынан бір кездескенде 17-нің есімдерін жазып алғам-ды. Шөкімұлы солардың әрқайсысының бірлі-жарым өлең шумақтарын есінде сақтапты. Енді сол мағлұматқа К.Оразалин кітабынан алған әсерім қосылып, 17-нің әдеби мұраларын зерттей бастадым. Әуелгі кезекте кітапханадан тапқаным — «Айтыстың» бірінші томы. Сонда «Бітіхан мен Айсары — Көкеннің» айтысы жарияланыпты. Осы арада айтыскерлердің кім екенін оқырман қауымға таныстыра кетейік. Сыбанның бір баласы — Жангөбек. Одан Ташкентке бек болатын Нарымбай туады. Оның бәйбішесінен Ожар, одан Әлімбет, одан Тайынша, одан әлгі қызбен айтысатын Бітіхан туады. Демек, Байғара табына жатпайды. Байғараның әкесі Құдауысты Құттыбаймен бірге туысатын Ожардың кіндігінен тарайды. Бұл да ақпа жүйрік. Екі қызбен айтысында жақын туысы «Байғараның 17-сін» мақтан ете сөйлейтіні содан.

Айсара мен Көкен — Найманның мұрын руының Құттымбет тармағынан шыққан апалы-сіңлілі ақын қыздар. Бұлардың қонысы — қазіргі Ақсуат



пен Аягөз ауданына тең бөліне қарайтын Өкпеті тауы. Айтыс сонда өткен. Апалы-сіңілілі екі қыздың одан кейінгі тағдыры белгісіз. Көнеқұлақтылардан қанша сұрастырсақ та, ұрпақтарын кезіктірмедік не басқа деректерін естімедік. Біз үшін ең құндысы — осы айтыста Бідіханның аузынан Байғарадан шыққан 17 ақынның аттарының аталатыны. Бірақ бұлардың есімдері Кәмен ағаның жоғарыдағы кітабында келтірілген екі шумақтағы кісі аттарымен ішінара сәйкеспейді. Мұны біз Бідіханның Күміс деген басқа қызбен айтысынан шығар немесе ауызша айтушылардың жіберген жаңсақтығы болар әлде баспаханада кеткен қателіктер шығар деп жорамалдадық.

Сол сөз сайысында апалы-сіңілілі ақын қыздар қарсыластары Бідіханға:

*Елінде жүйрік те бар, желтақым бар,
Тобында соның тұрған немақұл бар.
Кесілген көмекейің ақын болсаң,
Айтып бер Байғарадан неше ақын бар? —*

деген сауал тастайды.

Бідіхан бұған:

*Құдай-ау, айналайын құдіретіңнен,
Берейін барын тауып өз шетімнен.
Елімде Ақтайлақпен он жеті ақын,
Көтерген көңілдерін құрметімен, —*

деп жауап қайтарады.

Қыздар бұған қанағаттанбайды. 17-нің аттарын түгендеп атау ды сұрайды.

Сонда Бідіхан:

*Жақыным, жамағатым ақын Түбек,
Жырлары жұрт аузында жатыр түнеп.
Сабырбай, Кеншімбай мен Сұртай Жылтыр,
Жанұзақ жыр шыңына ұшқан түлеп.
Түбек пен білемісің Сабырбайды,
Өлеңге бәйге атындай дабылдайды.
Өзбек, Өмірбек пен Шәріп, Жандос,
Кәдірбек қара өлеңге аңырмайды.
Қасыма еріп келген Тұғыл ақын,
Әжібек, Дәрібекпен оған жақын.
Бідіхан менің атым өзің білдің,
Сәметтің төрт баласы бірдей ақын.
Елінде жүйрік те бар, жалтақым бар
Түбінде сонау тұрған не мақұл бар?
Шыңына самғағанда жан жетпейтін
Айтқандай Әлсейітте Шәке ақын бар, —*

деп түгендеп шығады.

Өкінішке орай, бұл басылымдарды негізге ала алмаймыз. Өйткені академияға айтыс текстерін әркімдер тапсырған. Олардың әрқайсысының 17 ақын



қатарына өз жақынын немесе өзі естіп білгендерін қосатыны белгілі. Текстің ала-құла шығатыны сондықтан. Бұны жоғарыдағы текстен байқадыңыздар.

Негізге ала алмайтын тағы бір себебіміз мынау: Бідіхан мен қыздардың айтысында келтірілген ақындардың жалпы саны 17 емес, 21 адам. Олардың ішіндегі: Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр, Жанұзақ дегендер Байғараны былай қойғанда, тіпті Сыбанға үш қайнаса сорпасы қосылмайтындар. Мәселен, Кеншімбай Күшікұлы Матайдың елқонды тармағынан шыққан. 1846 жылы Орта жүз бен Ұлы жүздің келелі жиынында Жетісуда арғынның ақын Орынбайымен сілкілесетін мықтыңыз осы. Екеуінің айтысы Қазан төңкерісінен бұрынырақта жеке кітапша болып басылыпты да. Сол айтыстың жекелеген шумақтарын кәрі кісілер әлі күнге дейін жатқа айтады. Кеншімбайдың зираты Жарма ауданы, «Расцвет» ұжымшарына қарасты Аюлы тауында.

Сұртай ақынның руы — қыржы. Зираты Ақсуат ауданындағы «Сұлутал» кеңшарының жерінде. Өзі Тана мырзаның орда ақыны болған.

Жылтыр Бақайұлы бура тайпасының Қаратас деген атасынан шығады. Оның Тобықты еліндегі Борамбаймен ұзақ айтысын Шәкір Әбенев марқұм жатқа білуші еді, амал не, хатқа түсірілмей кетті. Жылтырдың денесі Шар стансасынан 4—5 шақырым батысқа қарай «Бас қарауыл» деген төбеге жерленген. Сол төбенің күнбатыс беткейінде Қазақстанның Халық ақыны Төлеу Көбдіков мәңгілік жай тапқан.

Жанұзақ Шыңанұлы өткен ғасырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туып-өскен ақын. Зираты да сонда. «Біржан — Сара» айтысында Сара саңлақ:

*Қажының осынау сөзі болды-ау себеп,
Қолтықтан көтере гөр аруақ демеп.
Дулат, Сабыр, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ, — қолда дедім, — ақын Түбек! —*

деп сиыныпты осы ақындар. Демек, «Біржан-Сара» — айтысының осынау шумағын академияға тапсырушылардың біреуі Бідіханның аузына сала салған. Тапсырушылар қатарында: Шұғыбан Қауметұлы, Ақматай Әріпұлы, Әбдірахман Жобалайұлы, Қабдырахмен Мақсаламұлы, Медеу Аталықов, тағы басқалар бар. Ала-құлалықтың орын алу себебі содан.

Байғараның Сәмет есімді Кенже ұлынан тарайтын кешегі айтыскер ақын Ғаббас Шөкімұлы да жоғарыдағы тақырыпты біраз зерттеген-ді. Оның айтуынша, төрт емес, «Сәметтің бес баласы бірдей ақын». Ғаббас марқұмның екі хаты менде сақтаулы. Ол хаттарға сүйенсек, «Бідіхан мен қыздардың айтысының» біраз шумақтары кітаптағыдан өзгешелеу. Деректерінде де айырмашылық кездеседі. Мәселен, Ғаббас нұсқасында Әжібектің орнына — Байпейістің, Тұғылдың орнына — Көкеннің есімі аталады. Шәріп, Жандос, Дәрібек дегендер мүлде жоқ. Оның есесіне кітапта ұшыраспайтын Алшынбай, Әйтімбет, Тілеуімбет, Өтеп, Рай, Байтұяқ есімдерін оқимыз.

Бұл құбылыстан мынадай ой түйеміз: Байғара табынан бір кез де 17 ақынның шыққаны рас. Тіпті орынсыз өтірік болса, академик Радловтың, Ыбырай Алтынсаринның, Мұхтар Әуезов тағы басқа көптеген әдебиетшілердің қаламына ілікпес еді. «17-сі бірдей Жанаққа жабылыпты» дейтін аңыз халық арасына тарамас еді. Расы — рас. Бірақ бірізділік жоқ. Әр нұсқада әртүрлі айтылып жүр.



1990 жылы Семей облысындағы Жарма ауданындағы «Бірінші май» совхозында «Қазақ тілі» қоғамының жоспары бойынша 17 ақынға арналған мемориалдық музей қоры ашылып, есеп-қисап құжаттары белгіленіп, атқарылар іс-шаралардың жоспары жасалған болатын. Соның ішінде Аягөз ауданының «Ақши» совхозындағы Байғара мен Ақтайлақ билердің, «Бірінші май» совхозындағы Сабырбай мен Түбек ақындардың зираттары жаңартылмақшы еді. Амал не, нарықтық экономика қыспағы жоспарды орындатқызбай тастады. Тек 1991 жылы Алматыдағы «Журналист» творчестволық фотостудиясы басып шығарған «Ақтайлақ би» кітапшасы ғана қалың оқырманның қолына тиді. Сол мәжілісте Шығыс әдебиетінен дерегі мол, Аягөз қаласының қарт тұрғыны Ғабділахмет Шәкеров, байғара руының қазіргі көзі тірі ақсақалы Сіләмшайық Иманмұсанов, баяғыда Тәуке батырмен сөз қағыстыратын Ұрқияның сіңлісі Үміт Смайылова, қарт теміржолшы Түсіп Сүгіршенов, Ақтайлақтың шөпшегі, бүгінде Шыңжаң өлкесіндегі «Шұғыла» журналының редакторы Бұлынтай Досжанин, соғыс ардагері Серікқали Молдажаров, атақты Түбек ақынның шөбересі Төлеусерік Атабаев, Әріптің жие ні Ақан есімді мұғалім, абайтану ілімінің білгірі, профессор Қайым Мұхамедханов және басқа да көнекөздер алдында мен өзімнің ертеден жиып-теріп жүрген 17 ақын туралы мағлұматтарымды талқыға салдым. Сондағы талқыдан екшелеп өткен 17 ақынның аты жөндері мынадай:

1. Ақтайлақ Байғараұлы. 2. Сабырбай Ақтайлақұлы. 3. Түбек Байқошқарұлы. 4. Орынбай Сәметұлы. 5. Нұрлыбай Сәметұлы. 6. Ташқан Сәметұлы. 7. Уәйіс Сәметұлы. 8. Әділбай Сәметұлы. 9. Тілеуімбет Түсіпұлы. 10. Әтімбет Түсіпұлы. 11. Шәке Әлсейітұлы. 12. Рай Байсалұлы. 13. Кәдірбек Артықұлы, 14. Өмірбек Өтепұлы. 15. Дайырбек Байсалұлы. 16. Байтұяқ Өтепұлы. 17. Көкен Байсалұлы.

Осы арада оқырмандардың есіне мынаны сала кетейік:

Жоғарыдағы тізімде келтірілгендердің ішінде Түбек ақын мен Әлсейітұлы Шәке Байғараға жатпайды. Екеуі де Байғараның ұлы атасы Нарымбайдан тарайды. Бірақ ел аузында 17 ақынның қатарында саналады. Әріпке арналған Әсет Найманбаевтың бір өлеңінде:

*Байғара, 17 ақын сенен шықты,
Тау мен тасты жырлауға Әріп мықты... — деуі содан.*

Әрине, жүйріктің де жүйрігі бар. Он жетінің барлығы қара өлеңге «Сен тұр, мен айтайын» болғанымен, олардың табиғи дарыны бір деңгейде емес. Ақтайлақ — бүкіл Орта жүзге әйгілі қаратіл шешен, өз заманының әділ биі, кең толғаулы ойшылы, ел намысын қорғаған саясаткер. Сондықтан ол жасы жағынан да бірінші орында — он жетінің көшбастаушысы. Одан кейінгілер Түбек тұрғанда ығысып жол береді. Одан кейінгілер Түбек Арқа мен Жетісуды кезек дүбірлеткен жез тағалы еңіреу. Оның әйгілі Жанақ, Құлмамбет, Қарқабат, Бақтыбай секілді желқобыз тарландарымен сөз сайысы бүкіл қазаққа аян. Поляк саяхатшысы Адольф Янушкевич те оған жолығып, ақындық өнерін аса жоғары бағалаған. Түбектің қазіргі Павлодар облысындағы апалы-сіңлілі Айымжан, Жәкежан деген шоқыншы қыздармен діни жұмбақ айтысын «Бірінші май» совхозында тұратын Сіләмшайық Иманмұсаұлы әлі күнге жатқа біледі. Әйгілі Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов марқұмның аузынан мына әңгімені естіген едік.



1936 жылдың жазында халық ақындарының Алматыда үлкен жиыны өтті. Соған мен де шақырылдым. Ортамызда поэзия алыбы Жамбыл отырды. «Түбектің Арқадан келіп, Жетісуды аралап жүрген кезі. Соның алдында ғана Тезек төренің ауылында айтысып, Құлмамбетті жеңгенін естігенбіз. Айтыссам деген менде де дәме бар. Түскен аулына барып көрсем, Түбек тұлғалы, сұсты кісі екен. Қолындағы домбырасына көзім түсіп еді, шанағының тесігі, асырып айтсам жұдырығым сыйып кететіндей. «Мынау маған алдырмас» деп тіксініп, сол ауылдан асығыс кетіп қалдым», — деген екен Жәкең сол әңгімесінде.

Түркітанушы В.Радлов деректерінде әйгілі Жанақтың Байғарадан шыққан 17 ақынның 16-сын жеңіп, тек Сабырбайдан тоқталғанын айтады.

Ақтайлақұлы Сабырбай — Түбектен кейінгі көсілмелі ақын. Аз ұрса да саз ұрып, талмаусыратып тастайтын ауыр қолды боксшы сияқты, жеңер жерін тап басып айтатын ақын болған. Сонысымен талай сөз саңлақтарының әпігін басқан. Ғылым академиясының әдебиет пен өнер институтының қолжазба қорында Сабырбайдың Жайсаңбайқызы Байбаламен ұзақ айтысы сақтаулы. «Абай жолы» эпопеясының бірінші томында Сабырбай есімі Қадырбай деп өзгертіліп айтылған. Оның есесіне, қызы Қуандықтың есімі сол күйінде берілді.

Ақтайлақ би, Түбек, Сабырбай есімдері қазақ совет энциклопедиясына енгізілген. Сабырбай мен Түбекке Біржанмен айтысында Сара да сиынады. Сабырбай секілді аса тапқыр, айтыстың түйінін таба сөйлейтін, қарасөзге де жетік майталманның біреуі Өмірбек Өтепұлы, сол тапқырлығына орай Абай оған «Байлау» деп ат қойған. Байқауымызша, он жетінің бұлардан кейінгі мықтысы Нұрлыбай Сәметұлы секілді. «Әсет пен Кәрібай» айтысынан мысал келтірейік. Онда Әсет арғыннан шыққан Жанақ ақынды мақтан тұта бетке ұстайды.

Соған орай Кәрібайдың:

*Бұл сөзге куә емес пе Арғын — Найман,
Жеңілген сол Жанығың Нұрлыбайдан.
Бас қосса жеті болыс ер Тана бар,
Жеңілген Орынбайдың Кеншімбайдан, —*

деген шумағы бар. Бұл бекер айтылмаған секілді.

Енді қолымызда бар деректерді пайдалана отырып, «Байғараның 17-сі» атанған осынау сұңғыла топтың өкілдеріне жеке-жеке тоқталып көрелік. Жоғарыда айтқанымыздай, бұлардың маңдайалды көшбасшысы — Ақтайлақ би Байғараұлы. Ол Наймандағы сыбан руының Жангөбек тармағынан тарайды. Жангөбектің баласы Нарынбай заманында «нардауысты» атанған, Ташкент қаласында бек болған. Одан туған Құттыбай жезтаңдай шешендігімен «Құдауысты Құттыбай» атанған. Одан туған Байғара әрі би, әрі қасиет қонған адам. Аягөз ауданының «Ақши» кеңшарындағы оның зиратына ауру-сырқаулар күні бүгін апталап түнеп жатады. Одан туған Ақтайлақ әрі Сарымойнақ би, әрі көсілмелі көсем әрі майталман жыршы, әрі сұңғыла шежіреші екенін бүгінде бүкіл жұрт біледі. Алашорда көсемдерінің біреуі Мұхамеджан Тынышбаев өзінің «Қазақ тарихы» (1925 жыл) деген кітабында бұл әулетті «жеті атасынан үзілмеген «қаракөкке» балайды.

«XIX ғасырдағы қазақ ақындары» деген кітапта («Ғылым» баспасы.



1988 жыл) және «Ақтайлақ би» (творчестволық «Журналист» фотостудиясы. 1991 жыл Алматы) жинағында Ақтайлақ Байғараұлы 1720 жылы туып, 1816 жылы, яғни 96 жасында өмірден қайтты делінген. Қазақ совет энциклопедиясының 1-ші томындағы дерек те осындай. Бірақ бұл әлі анықтай түсуді қажетсінеді. Олай дейтініміз, бір орыс саяхатшысының жолжазбасынан «1826 жылы жазда біздің керуенді сыбан руындағы Ақтайлақ бидің жігіттері талап алды» дегенді оқығанымыз бар. Осы екі деректің арасында тура 10 жыл алшақтық бар.

Біздің зерттеуімізше, Ақтайлақ 1730 жылдар ішінде қазіргі Қарқаралы атырабында Ақтайлақ, Құнан өзендерінің бойында туған. Ал, 1720 жылдары Орта жүздің Сыр бойында жүргені, Сарыарқаның оңтүстік-шығысы түгелдей жоңғар мемлекетіне қарағаны тарихтан мәлім.

Ақтайлақ ұзақ ғұмырында 500-ден аса дауға әділ билік айтқан, ондаған толғау, тақпақтар тудырған Орта жүздегі танымал тұлға. ...Би толғауларының ішінде «Ердің құны — екі елу» толғауы шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік туынды десек қателеспейміз. Сондығынан шығар, бұл туындыны Мұхтар Әуезов 1925 жылы Семейде шығатын «Таң» журналының № 2 санында жариялапты. Ұлы Мұхтар өзінің мұнан кейінгі «Билер айтысы», «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген ғылыми мақалаларында Ақтайлақ биге үнемі оралып отырады.

Бидің ең алғашқы туындыларының нендей тақырыпқа арналғанын, көркемдік дәрежесін тап басып айту қиын. Ел есінде қалғандары көбінесе орта жастан асқан кезіндегі «жастық жайында», «Тасыма жігіт», «Куәсіздік қуат болмас», «Кәрілік толғауы» тақылеттес толғау жырлары. Мысалы, өзінің ұзақ жасауы туралы:

*Екі қырық, бір он бестен асып тұрмын,
Аяқты апыл-тапыл басып тұрмын.
Құдайдың өзі берген аманатын
Қай күні алады деп сасып тұрмын, —*

деп немесе:

*Қараша тауға қар жауды,
Құр құдықтан су ақты.
Ұрдың мені тоқсан бес... —*


деп астарлы сөздермен көркем бейнелейді.

Бір жолы Сабырбай ақын әкесі Ақтайлаққа қарап:

*Әй, әке, сан жүйрікті бөгелттің ғой,
Алдыңнан талай топты жөнелттің ғой.
«Атадан бала озбас» деу бар екен,
Дәл сізден осы күні мен өттім ғой, —*

деп тиіседі. Бұған Ақтайлақ:

*Ол рас, сан жүйрікті бөгелттім ғой,
Алдымнан талай топты жөнелттім ғой.*


*Үйретіп өзінді де қартайғанша,
Ақыры жүйріктерге теңелттім ғой, —*

деп мүдірмей жауап қатқанда, Сабырбай:

— Жеңілдім, әке, жеңілдім! — деп шөге түсіп алдына жата кетіпті.

...«17 ақынның көшбасшысы Ақтайлақ би болса, оның баласы Сабырбайдың да ақындық шоқтығы басқалардан анағұрлым биік. Қазақ-совет энциклопедиясында (9 том. 602-бет) деректерге сүйенсек, Сабырбай 1775 жылы туып, 1865 жылы дүниеден қайтқан. Алайда біздің күмәніміз бар. Ағайын-туғандары құрметтеп Сабырбайды «Шәбікең» деп атағаны белгілі. Сол Шәбікеңнің еркелеткен ақын қызы Қуандық — халық ақыны Төлеу Көбдіковтің туған шешесі. Қуандық 1928 жылы қазіргі Шұбартау ауданы жерінде 74 жасында өмірден көшіпті. Сонда ол кісі 1854 жылы туған болып шығады. Сол Қуандық апамыздың 16—17 жасар қыз күнінде Сабырбай хал үстінде жатқанда айтатын мынадай қоштасу өлеңі бар:

*Хан — Шыңғыс, Қарақойтас, қи Қаражал,
Күнім өтіп барады қылмай аял.
Дөң асқан соң дауысымды сағынарсың,
Қуандығым, қарағым, үйреніп ал.*

Бұл өсиет өлеңнің көлемі он шақты ауыз болса керек. Біздің білетініміз осы шумақ. Мөлшері, Сабырбай осы аурудан соң ұзаса екі жыл ғана өмір сүрген тәрізді.


Сонда оның 1865 емес, 1870 — 1872 жылдары дүние салуы қисынға келіңкірейді. Ал, ақынның 90 жыл жасағаны ақиқат. Ендеше, 1780 — 1782 жылдар арасында туған.

Біз бұл мәліметті шешесі Қуандықтың өз аузынан естіген Төлеу ақынның естелігі, сол естелікті өз құлағымен естіген Төлеудің баласы Мұраттың айтуы негізінде келтіріп отырмыз.

Сабырбайдың ақындық қуатының алғаш танылуы 12—13 жасар бала кезінде басталды. Бір жыл әйгілі Жанақ ақын Ағадайұлы Оспан төренің (қазіргі Таскескен ауданы, «Сасықкөл» төңірегі) асына келіп, Байғара табынан шыққан ақынды қирата жеңеді. Өлеңінде дәйім өзі келген арғын елінің байлығын асыра дәріптейді. Сонда босаға жақта отырған бала Сабырбай:

*Жалаулыдан шығыпсың, Ертіс өрлеп,
Үш жүздің баласына «келсең-кел» деп.
Бай болсаң ту алыстан қалай келдің
Шешеңе 80-дегі қобыз теңдеп? —*

деп оқыстан сұрақ қойғанда, көкдауыл Жанақ біраз кідіріс тауып, тоқталып қалады. «Осы биені буаз болса да, жүріске жайлы деп мініп шығып ем», — деп майда шуақтайды. Табандаса айтысып отырған қарсыласы Түбек оған орай Сыбан, Найман руларын билеуші төрелердің қойтұяқ, тайтұяқ жамбыларын жырға қосады. Жанақ осы «Сандықта ұрыша тығылып жатқан тасыңды айтпай, өріп шығатын малыңды айт» деп тойтарып тастайды. Сөйтіп отырып, біраздан соң ас иелерінен өлеңмен жамбы сұрайды. Аңдып отырған Сабырбай шыдай алмай:


*Күмістен жамбы деген тасым еді,
Әр тасым 500 сомдық асыл еді.
Елімнен келмей жатып жамбы сұрап,
Ол тас емей, атыңның басы ма еді? —*

деп мүлде тоқтатып тастайды.

Түркітанушы ғалым В.В.Радлов пен ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің назарына ілініп, тарихқа енетін айтыс осы.

Бірде Жанақ Ақтайлақ ортасында қонып жатқанда, өзіне жыл сайын қарайласып келген Доғал деген байдың өліміне қайғырып былай дейді:

*Дүниеден өтті, кетті Доғалым-ай,
Құдай да қарамайды обалыңа-ай.
Ашыққол, алып жүрек ол өлгенше
Қалмады-ау бар Мәмбетай
(Доғалдың руы) жоғалып-ай.*

Ақынның байды мұншама өрескел мақтауы Сабырбайдың көкейіне қонбапты. Сондықтан тосыннан килігіп кетеді:


*Жәкең де (Жанақты айтады)
сөйлейді екен жас баладай,
Дарынын Құдай берген басқара алмай.
Сыбанда мыңды айдаған Жақаш та өлді,
Доғал өлсе қайт дейсің, жатсын солай.*

Әйгілі Жанақ тағы да тосылып, Ақтайлаққа қарап: «Биеке, осы балаң үнемі алдымнан шыға берді-ау», — деп жантая кетіпті.

Бүгінде Қазақстан Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Сабырбай ақынның «Үш қызыл», «Шақар-ау (Тобықты ішіндегі бақсы) өлемін бе, өлмеспін бе?», «Келіпсің ашуланып балам, қатты», «Үш қаражал» дейтін өлеңдері және «Байбаламен айтысы» сәт сағатын күтіп жатыр. ...Осы 17-нің ішіндегі тағы бір биік шоқысы— Түбек ақын. Ол шамамен 1785 жылы дүниеге келген. Қанша жасағаны, қай жылы өлгені туралы нақты мағлұмат кездеспеді. Зираты Жарма ауданының «Бірінші май» кеңшарының жерінде.

Түбек — бүкіл Арқа мен Жетісу өңіріне кеңінен танымал аруақты дарын иесі. Оның әйгілі Жанақпен және Құланаян Құлмамбетпен айтысы «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды», «Айтыс» томдықтарында жарық көрген. Ұлы жүздің ақыны Қарқабатпен дос-жар болып, қартайған шағында үйіне іздеп келген Бақтыбай ақынмен сөз қағысқан. Ал А.Янушкевичтің «Қазақ даласына саяхаттың күнделік хаттары» кітабында Түбек ақын жайлы мынадай жолдар бар: «Кешкісін бізге Түбек ақын келіп кетті. Бұдан 7 жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып, өлең-жырмен тұрмыс жағдайын жақсартқан еді. Бертін келе ауру ырысынан айырып, қайыршыға айналдырған. Бар байлығы — Барақ берген жалғыз түйе. Көшкенде оған сиқы қашқан киіз үйін артады»...

Алайда, бұл — бір жолғы ғана көрініс. Соған қарап өмірі ұдайы жоқшылықта өткен деуге келмейді. Янушкевичпен кездескенде жеті жылға



созылған шемен ауруынан жаңа айыққан кезі болса керек. Ел араламаса, ақынға дәулет қайдан бітсін. Бірақ 1958 — 1860 жылдары Жетісуға барған, Құлмамбетпен сайысқан сапарынан аса олжалы оралған. Тезек төреден ғана ақбас құндыз, ақжамбы бастатқан бір тоғыз алып қайтады.

Әдебиет әлеміне танымал Түбекті мұнан әрі таныстырудың қажеті бола қоймас. Тек қосарымыз мынау: Түбектің қазіргі Павлодар облысының ескіше «Қиық» селосын мекендейтін Жәкежан мен Айымжан есімді апалы-сіңілілі қыздармен айтысы әлі жарияланбай жатыр. Ағайынды қыздар кезінде христиан дінін қабылдаған екен. Бір ғажабы, сонысына қарамай екеуіне де күшті ақындық дарын қоныпты. Сол төңіректе Ертіс бойының ақындарын жеңіп шыдатпаған соң Аягөз жақтағы аты шулы Түбекті естіп, Семей оязы арқылы шақырту жібереді. Қоятын шарты төмендегіше: егер олар жеңілсе — екеуінің біреуі жеңген ақынға еш қалың малсыз, кәдеге күйеуге шықпақ. Егер келген ақын жеңілсе — Ғайса дінін қабылдайды. Өте қиын шарт. Бармаса елдің намысы кетеді. Барайын десе, сырын білмейтін қыздармен айтысу да оңай емес. Ақырында Түбек тәуекелге бел буады. Орданың орнындағы әрі жасы үлкен, аузы дуалы Сабырбайдан бата алып, қасына екі серігін ертіп, Керекуге сапар шегеді. Айтыс басталар алдында сол маңдағы басентин руынан шыққан әрі болыс, әрі батыр Бәкі деген кісі қазаққа қаны қызып, Түбектің жеңуін тілеп, астындағы атын құрбандыққа шалған екен.

Айтыс екі күнге созылған. Қыздар орыс жұртын, Түбек қазақ елін мақтап, кемшіліктерін қазысады. Екінші күн сайыс дін тақырыбына ойысады. Ақырында қыздар Түбектен бірден оңға дейінгі санның діни мазмұнын өлеңге қосуды талап етеді. Түбек бұл сыннан мүдірмей өткен соң қыздар жеңілгенін мойындайды. Бірақ Түбекті кәрісініп, өздері қойған шарттан айнып кетеді.

Айтыстың ақиығы Түбек Байқошқарұлының мұнан басқа Ұлы жүздегі досы Бұғыбайға, Саурық батырға, Талдықорғандағы Матай елінің атақтысы Маман байға арнаған өлеңдері бар. Түбек Жетісуға барғанда Тезек төре: «Үш жүзден асқан Түбек келді» деп, оны жоғары бағалаған. Түбек те өз бағасын білген. ...Жоғарыда баяндалған үшеуіндей болмаса да, Аягөз төңірегіндегі жангөбек руында есімі көбірек аталатынның тағы біреуі — Нұрлыбай Сәметұлы. 1988 жылы «Жазушы» баспасынан Әсет Найманбаевтың толық жинағы жарық көрді. Соның 137-бетінен бастап «Әсет пен Кәрібай айтысы» берілген. Айтыс тексінде Кәрібай:

*Бұл сөзге куә емес пе Арғын — Найман,
Жеңілген соң Жанағын Нұрлыбайдан.
Бас қосқан жеті болыс, ер Тана бар,
Жеңілген Орынбайдың Кеншімбайдан, —*

деп, екі ақынды көлдеңен тарта сөйлейді. Жанақтың Түбекпен айтысы белгілі. Бала Әріпке айтқаны:

*Кіп-кішкентай баласың, атың — Әріп,
Орыстардың келдің ғой нанын алып.
Көзіңнің шырпысынан танып тұрмын,
Атағың әлі-ақ шығар жерді жарып.*



Бұл өлеңнің шығу себебі мынадай: Әріптің әкесі Нұрлыбай екеуі жандарында кішкентай Әріп бар жолаушылап келе жатып Ащысу өзеніне көпір салып жүрген орыстарға кезігеді. Олардың шатырын көрген Әріп арбадан қарғып түсіп, орыстармен шалдыр-бұлдыр сөйлесіп, бір бөлке нан алып келеді. Нұрлыбай әлгі шумақты сонда айтқан. Айтқандай-ақ, Әріп өскенде білікті ақын, әрі азамат болды ғой. Осыған қарағанда, Нұрлекең көкірек көзі ояу, сөз танитын, кісі танитын сұңғыла адам. Оны мына шумақтан байқауға болады:

*Демеймін мен Сыбанның бұлбұлымын,
Құдайдың қараңдаған бір құлымын.
Жалғыз-ақ мақтанарым әкем — Сәмет
Детуші еді: «Байғараның кенже ұлымын».*

17 ақынның басқаларының осы секілді бірлі-жарым шумақтарын ғана қолға түсірдік. Ел іші — өнер кеніші. Ғылым Академиясы тарапынан Семейдің оңтүстік өңіріне — Аягөз, Жарма аудандарында әдеби-зерттеу экспедициясын ұйымдастырса, осы 17 ақын мұраларын да, басқа да көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін де табуға болады деп білемін.

Өйткені сол даңқты он жетінің ізі тақыр емес. Өнер үзілмейді. Шақпа тілді Садыр Жәпекұлы, Байбала Жайсанбайқызы, Уәйістің Омары мен Жұмабайы, Жобалайдың Қабдырахманы, Мақсамұлы Әбдірахман, Сабырбайұлы Төлепхан, Әріптің Ақматайы, Қауметтің Шұғыбаны, Бектемістің Бейсекесі, күні кешегі айтыскер ақын Ғаббас Шөкімұлы, міне, осылардың бәрі де осы өңірдің тумалары, көпшілігі тағы да сол Байғарадан.

Қалихан АЛТЫНБАЕВ,
Халық ақ

ТҮБЕК БАЙҚОШҚАРҰЛЫ

«Жанаққа өкшелес, ХІХ ғасырдың айтыс өнерін өркендетуші саңлақ ақынның бірі Түбек» деп сипаттама беріпті оған филология ғылымының докторы, профессор Ханғали Сүйіншәлиев «Жазушы» баспасынан 1978 жылы жарық көрген «Саңлақтар сарабы» атты әдеби зерттеу кітабында. Ал белгілі ғалым Ж.Тілепов «Ғылым» баспасынан 1988 жылы шыққан «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» деген жалпы жинақта оның ұлылығын тіпті айқындай түскен.

Автордан үзінді келтірейін: «Қазақтың әйгілі ақыны Түбек Байқошқаров, — дейді ол, — өз дәуірінің ең аты шулы, бүкіл Арқа мен Жетісу өңірін ән мен жырға бөлеген, тыңдаушысының жүрегіне нұр құя білген арқалы өнер иесінің бірі болған...».

Иә, Түбек ақын — зерттеушілердің назарына ерте ілінген кесек тұлға. Қазақтың ауыз әдебиетін зерттеген Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов, Ыдырыс Мұстанбаевтан бастап, қазіргі Рақманқұл Бердібаевқа дейінгі ғұламалардың қай-қайсысы болмасын Түбекке тоқталмай өткен емес. Оның есімі Шөже, Жанақ, Сүйінбай, Құлыншақ тәрізді әр өлкенің алып тұлғаларымен қатар аталады. Оның бірлі-жарым айтыстары мен шығармалары көптомдық «Айтыстың» бірінші томына, «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» кітаптарына енгізілген.

Автордың бұл ыңғайдағы бірсыпыра шығармасы Қазақ ССР Ғылым академиясы әдебиет және өнер институтының қорындағы 336-шы қолжазба бумасында сақтаулы. ...Жасөспірім Түбектің ең алғаш әйгілі Жанақ Сағындықұлымен айтысы арқылы даңқы жайылған. Сыбан елінің Байқара табынан бір мезгілде 17 ақын шықты десек те, солардың ішінен көкдауыл Жанақпен белдесе, бәсекелесіп көсіле сайысқан — осы Түбек қана. Тек Сабырбай ғана орта жолдан киіп әкетіп, тапқыр да ойлы шумақтары арқылы Жанақты бөгеп тастап отырған көрінеді.

*Ат дейтуғын атым жоқ, атым — Түбек,
Шығып ем Байқарадан өрттей үдеп.
Күнінде оннан озып, жүзді алсам да,
Сабырбайды жеңе алмай жүрмін жүдеп, —*

деп мұны ақынның өзі де мойындайды.

Бірде байып, бірде тақырланып күн кешу ақын атаулының көбінің пешенесіне бұйырылған сыбаға. Бұл сыбағадан Түбек те құр қалмаған. Поляк жігіті А. Янушкевичтің «Қырғыз даласынан жазылған хаттар мен күнделіктер» деген кітабында мынандай жолдар бар: «Кешкісін бізге Түбек ақын келіп кетті. Бұдан жеті жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып,



өлең, жырмен өзінің күй-жағдайын едәуір жақсартқан еді. Бертін келе ауру ырысынан айырып, тақыр кедейге айналдырған. Ағайын-тумаларының ешқайсысы оны естеріне де алмайды. Барақ қана оған бір түйе береді. Оның бар байлығы осы. Жалғыз түйесін «лауға» әкетіп бара жатқанын айтып, ол бізге шағынды. Біз оның өнерін қастерлеп, түйесін өзіне қайтаруға уәде бердік».

...Әрі ауру қажытқан Түбектің өнерін басқа жұрттың өкілдері сыйлайды да өзімен рулас жуандар аямастан жалғыз түйесін дауға жаздырады. Ақынның:

*Үш жүздің баласына даңқы жеткен,
Мен едім күнсіз озған күлік өкпең.
Қуына есе тиіп, құты кеткен,
Көңілім қалды бүгін Жанкөбектен, —*

деп күйіне айтқан шумақтары, бәлкім, осындай жағдайдан туған шығар.


...Түбек ақын 1780 жылы қазіргі Жарма ауданы бұрынғы «Бірінші май» совхозының орталығы — Үшбиік теміржол бекетінен қырық шақырым қашықтықтағы «Қарабұжыр» деп аталатын ата қыстауында дүниеге келіпті. Құлап қалған ескі зираты да сонда. Бүгінде ірі қара орналасқан сол жер «Түбек базы» аталады. Ақын 1870 жылы тоқсанға жетіп, қартайып өлген. ...Ескі шежіреге кезек берейік: Сыбанның Жанкөбек тармағынан «нар дауысты Нарымбай» деген атақты адам шыққан. Белгілі тарихшы Мұхаметжан Тынышбаевтың 1924 жылы Ташкентте орысша басылған «Қазақ тарихы» кітабында Нарымбайдың 12 қақпалы Ташкент шаһарының бір бөлігін билейтін бек болғаны айтылады. Нарымбай көп әйел алған кісі. Бір әйелінен әйгілі шешен — «Қу дауысты Құттыбай», одан Байқара туады. Тағы бір әйелінен сүйген перзентінің аты — Сатыпалды. Одан Қондыбай, одан Байқошқар, одан Түбек туған. Ал жоғарыдағы Құттыбайдан Байғара туып, одан әйгілі Ақтайлақ, Сабырбай ақындардың таралатыны белгілі. Демек, Қондыбай мен Байғара бір тумалас.

...Ақынның әкесі Байқошқар да ұзақ жасапты. Ал, Түбектің өз кіндігінен туған баланың аты Көмек. Одан төрт ұл қалған: ең үлкені Ботабай, одан кейінгісі — Атабай. Түбек дүниеден көшкенде Атабай 15 жастағы жасөспірім екен. Атабайдың айтуынша, ағасы Ботабай ұлы атасына өте ұқсас жаратылыпты.

— Құдіреті күшті Құдайым, ақынның жанын осыған ауыстырып салған ба? — деп таңырқайды екен Ботабайды көрген сайын ауыл қариялары.

— Сол кісінің тымақ киіп түскен, сарғайыңқы ескі фотосы қолымызда сақтаулы.

Ақын тұрмысы бірде шөл, бірде көл болады дегенді жоғарыда айттық. Поляк саяхатшысы Янушкевич 1848 жылы көргенде Түбектің жеті жылғы төсек тартқан ауыр науқастан жаңа оңалған кезі. Бірақ, оның есесіне, арада екі жыл өткен соң Жетісу сапарынан қалың олжамен оралыпты. Қасындағы серігі екеуі үйірлеп мал айдап қайтқан. Келісімен көршілес Шыңғыс тауындағы Матай руының бір ауқатты аулынан Жидебайқызы Бөртпені үлкен ұлына айттырып әперген. Бөртпе «Палуан келін» атаныпты. Шөккен түйеге қарала қап бидайларды жалғыз өзі тиейді екен. Келіннің келбетіне және күшіне риза болған атасы:


*Құда болдым Андабай, Жидебайға,
Екі ортасы толқыған шылқа майға.
Жақсы жерден келінді мен түсірдім,
Ризамын осы күнде бір Құдайға. —*

деп өлең шығарыпты.

Оның Бұғыбай батырға арнағаны, Ұлы жүздің ақыны Қарқабатпен ұстаз және шәкірт есебінде тілдесуі, Сабырбай, Қосан, Бақтыбай секілді танымал жүйріктермен қақтығысы осындай асыл мұралардың санатына жатады. Түбектің әбден қартайып, можа болған кезі. Міне, сондай жағдайда көңілін сұрай келген Бақтыбайға қарап толғай жөнеледі:

*Сөйлесін жасы жеткен кәрі тарлан,
Шапқанда құстай ұшқан терең жардан.
Кешегі күйсіз озған заманымда,
Топшымда тозушы еді талай қарғаң.*

Түбек осылайша асқақ жырлап келеді де, келініне қарағыштай берген Бақтыбайды кенеттен:

*Жігітсің сары алтындай жүрген балқып,
Жастықтың маңдайында шамы шалқып,
Көрінсе көк құнажын мәңгіреген
Жол болсын, қаңғып жүрген тана Шартық —*

деп өткір шумақтармен түйрей жөнеледі. Осы секілді Түбектің қартая бастаған шағында кездескен бір ақын қызға әзілдеп тиіскен өлеңі мен оған берген батасы да өзінің көркемдігі мен әрі тапқырлығымен сүйсіндіреді. Кезінде әжептәуір ұзақ болса да, бүгінге жұрнағы жетіп отырғанына да тәубе. Ең өкінішті жай — Түбектің Семей қаласындағы Әйімжан мен Жәкежан есімді апалы-сіңлілі шоқыншы қыздармен неше күнге созылған айтысының қағаз бетіне түспей ұмытылуы.

— Әкем марқұм сол айтысты жатқа айтатын. Мен ол кезде жас болдым да сөздің қадірін білмедім, құнттап жазып алмадым, — дейді Серіктөлеу Атабаев бізге жолдаған хатында. Шынында да орны толмас өкініш.

Атақты Құлмамбет ақынмен Тезек төренің үйінде айтысып, жеңген соң Түбектің даңқы бүкіл Жетісу өлкесіне кеңінен тараған. Мәшһүр Жүсіптің Ғылым академиясында жатқан «Мес» аталатын қолжазба кітабында айтыстың өткен мезгілін 1850 жыл деп көрсетіпті. Бірақ әдебиет зерттеушісі Ж.Тілепов бұған келіспейді. Оның пікірінше айтыс 1858 жылы, яғни Тезек Нұралыұлына поручик шені берілген кезде өткен тәрізді. Өйткені, Түбектің төрені: «Заманында шенеунік жандаралым» деп мақтауы осыны дәлелдегендей.

Біздің топшылауымызша, айтыс мұнан да кейінірек, Тезекке полковник дәрежесі берілген 1863 жылы болған сияқты. Себебі «жандаралым» теңеуіне поручик шені олқы соғады. Ал полковник дәрежесінің жөні басқа. Бұл — бір. Екіншіден, Жамбылға ең алғашқы әдеби хатшы болған жерлесіміз Шәкір Әбенев Жамбылдың өз аузынан мына әңгімені естіпті.

— Бозбала кезім. Жақын ауылға «Арқадан Түбек ақын келіпті» деген-



ді естіп мен де бардым. Мақсатым, жайы келсе, біраз айтысып байқау еді. Түбектің домбырасының шанағындағы тесігіне жұдырығым сыйып кеткендей екен. Жасқанып, ізімше қайттым.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын Жамбылдың бір кездегі әдеби хатшысы Ғали Ормановтың күнделігінен «Лениншіл жаста» үзінділер жарияланды.

*Ат дейтуғын атым жоқ, атым — Түбек,
Шығып ем Найман елден желше гулеп.
Үшжүздің баласына бөлінсем де,
Жеңе алмай Сабырбайды жүрмін жүдеп.*

деп, айын, күнін, сағатын көрсетіпті.

Демек, мұндай әсер көрген, білген адамда ғана сақталмақ. Ендеше жоғарыдағы Шәкірдің айтқаны рас. Жамбылдың 1846 жылы туғаны белгілі. Бұған бозбалалық 17 жасты қоссақ, 1863 жылы шыға келеді. Және Бақтыбайдың Жетісудан Арқаға Түбекті іздеп келуі осыдан жеті-сегіз жыл кейінде болған.

«Біз одан өзін Орынбаймен салыстырғанда қалай бағалайтынын сұрадық. Жоғары тап өкілдері де, халықта Орынбайдан артық бағалайтынын ол тайсалмай айтты. Орынбай қасиеті тарих пен өткен-кеткен істерді ғана жырлап үйренген, ал Түбек болса қазақтардың іс-әрекетін, қазіргі жай-жапсарын қаз қалпында суреттейді».

Янушкевичтің Түбекке берген осынау бағасы көп сырды аңғартқандай. Оның өз ортасы мен дәуір шындығын сипаттауы оны еліне сыйлы еткен деп білеміз. Сөйтіп, дарындылығы XIX ғасырда орыс академигі В.В. Радловтың қаламына іліккен, одан соң Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы шыққан «Қырғыз хрестоматиясына» енгізілген даңқты жерлесіміздің туғанына 217 жыл толып отыр. Осыған сәйкес ақынның «Бірінші май» совхозы жеріндегі зираты қайта жөнделіп, жұртшылық үлкен мерейтой ретінде атап өтпекші. Бәлкім, мектепті не мәдениет ошағының біреуі ақын есімімен аталар деген үміттеміз.

Түбек әрі әнші, әрі қобызшы, домбырашы болған. Оның асқақ сарынын Шәкір Әбенев әлі күнге жатқа біледі.

Қалихан АЛТЫНБАЕВ,
халық ақыны

Дереккөз: Алтынбаев Қ. Шығармалары. — Алматы, 2009. — 350—354-бб.

САБЫРБАЙ АҚТАЙЛАҚҰЛЫ

Сабырбай Ақтайлақұлы 1793 жылы бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай және Жарма аудандарының жерлері түйіскен Құндызды өңірінде өмірге келіп, 1880 жылы сол мандағы атақонысы Апатай деген жерде қайтыс болған. Сүйегі сонда қойылған. Ол да әкесі сияқты ұзақ жасап, тоқсан жасында дүниеден өткен. Ақындық талант Сабырбай бойында бала жасында қалыптасып, жыраулық өнерге, ән-күйге құмар болып өседі, кішкентайынан дүбірлі жиын-тойларға қатысып, өз жанынан өлең шығарады.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында суырыпсалма ақындық өнерімен ұлттық поэзияның өркендеуіне өзіндік үлес қосқан жыр дүлдүлдерінің ұзын саны екі жүзден асып жығылады екен. Солардың біразы Кеңес заманында лайықты бағасын алып, көптеген ғылыми еңбектерде зерттеу нысаны болғандығы, шығармаларының топтама жинақтарға еніп те, жеке кітап ретінде де жарияланғаны белгілі. Тәуелсіздік алған кезеңде ақындық поэзияның ірі өкілдерін жеке зерттеу мүмкіндігіне қол жетіп, арнайы диссертациялар мен монографиялық еңбектер жазылғандығына куә болдық. ...Бұл ретте академик М.Әуезовтің «Айтыс өлеңдері» атты зерттеу еңбегінде айтқан: «Айтыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манатқыз, Түбек, Сабырбай, Тойбалалар сол шаршы топтың алдындағы сөзжарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген ақындар» деген пікіріне сүйенсек осы кілең таланттар шоғырындағы Сабырбай ақын есімі әдебиет зерттеуші қауымға бұрыннан етене таныс.

...Сабырбай Ақтайлақұлы ақындық, шешендік өнер қонған, қазақ сахарасына есімдері мәшһүр кілең тарландар шыққан билер әулетінде туып өсті. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Семей өңіріндегі Жарма, Аягөз аудандарының біраз бөлігін мекендеген Найман ішіндегі сыбан руының Жанкөбек тармағынан шыққан төртінші атасы Нарынбай сөзге шешен, әділетті би ретінде белгілі болып, Ташкент шаһарының бір қақпасына басшылық етсе, оның баласы Құттыбай қазақ шежіресінде асқан шешендігі мен көрегендігіне орай «Құдауысты Құттыбай би» атанған. 1760 жылы Абылай хан атынан Пекинге барған алғашқы қазақ елшілерінің бірі. Құттыбайдың Байқара, Ботақара, Боран, Сейтен атты ұлдары шетінен шешендігімен елге белгілі болып, халық оларды «Төрт Құттыбай» деп атаған. Сол төртеудің бірі Байқара би ел басқарған көсем, жұрт аузында сөзі жатталған шешен болса, оның баласы Ақтайлақ би қара қылды қақ жарған әділ биліктерімен, шешендік дана сөздерімен, ойлы да зерделі өлең-жырларымен бүкіл қазақ сахарасында танылып, бұл талант ерекшеліктеріне қоса елшілік қызметін атқарған көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген.



Қазақ тарихында жеті атасына дейін билік үзілмеген мұндай ғажап құбылысқа таңғалған көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Мұхамеджан Тынышбаев өзінің «Қырғыз-қазақ халқы-ның тарихына байланысты материалдар» атты зерттеу кітабында: «Жанкөбек дейтін найман ішінде ең атақты рудың бірінен саналады. Жанкөбектің ұлы Нарынбайдан бастап Жұмаханға дейін 7 ата бойы аса көрнекті билер бірінен соң бірі болыпты. Мұның өзі қазақ тарихында болмаған құбылыс. Жанкөбектің немересі Құттыбай (Құдауысты Құттыбай) аңыз бойынша Тәуке хан тұсында Ташкентті билеген. Оның ұлы Байқара болса, Орта жүздің атақты биі арғын Қазыбектен кейін Орта жүзде бірінші би саналған, оның ұлы Ақтайлақ би де атақты кісі болған, оның ақылды шешімдеріне салт бойынша бекіген заң ретінде қарап, соңғы кезге дейін жүгінген» деп ерекше атап өтеді. Ақтайлақтың балалары Әкімбай, Кеңесбай, Жарасбай, Сабырбай да әкелеріне тартып, сөзге шешен, би болыпты. Зерттеу өзегі болып отырған Сабырбай ақын есімі осы Байқара әулетінен шыққан он жеті ақын аңызына байланысты жиі айтылады. Ел аузында бұл аңыз «Сыбаннан шыққан он жеті ақын» деген сөзбен таралған. Бұл — халық арасына кең тараған жай ғана аңыз немесе дақпырт емес, нақтылы болған оқиға. «Он жеті ақын» аңызы атақты Жанақ ақын мен бала айтысына байланысты шыққан. Ақиқатында, ХІХ ғасырдың бас кезінде осы бір әулеттен шыққан 17 ақынның атақты жыр жүйрігі Түбек бастаған он алты ақынын әйгілі Жанақтың бірнеше күн айтысып, ойсырата жеңгені, тек он жетінші бала ақын— Сабырбайдан жеңілуі шындық.

Он жеті ақынның Жанақпен айтысына М.Әуезов жете мән беріп, айтыстағы ақындық дәстүр, жоралғы туралы: «Жол бойынша екі ақын айтысса, солардың сөздерін кейін ретке салып, көпке жайып дұрыстығымен дәл айтып беру: жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет болған сияқты» деп айта келіп: «Жанақ пен Найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады», — деп мысалға алады.

Бұл айтыс бүкіл қазақ даласына ғана емес, ХІХ ғасырда орыс ғалымдарында белгілі болған. Орыстың көрнекті түркітанушы-ғалымы, этнограф, аудармашы В.В.Радлов өзі құрастырған «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласында тұратын түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» жинағының тікелей қазақ әдебиетіне арнаған үшінші кітабына он жеті ақынның Жанақпен айтысынан үзіндіні әдебиет үлгісі ретінде бекерден бекер енгізбесе керек. Сол сияқты халқымыздың ұлы ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсарин де өзінің 1879 жылы шыққан атақты «Қырғыз хрестоматия сы» кітабының «Әртүрлі өлең, жырлар» тарауына халық ауыз әдебиетінің балаларға лайықты көрнекті үлгісі ретінде Жанақ пен бала айтысын, яғни Сабырбаймен айтысын енгізген. Айтыс осы кітаптың 1906 жылғы түзетіліп толықтырылған екінші басылымында қайта жарияланды. Жанақ пен Түбек айтысы Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Сәкен Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарық көрді.

Он жеті ақынның Жанақпен айтысы Мұхтар Әуезовті қатты қызықтырғанын жоғарыда айттық. Ғалым жазушы ретінде осы жайтқа өзінің «Абай жолы» эпопеясында қайта оралып, «Қияда» тарауына ұлы Абайдың тәлім-тәрбие алған ақындық ортасын ашып көрсететін айшықты эпизод ретінде енгізген. Жазушы өз романында Жанақты «Садық», Сабырбайды «Қадырбай» деп екі ақын есімдеріне сәл ғана өзгеріс жасағанымен, өзі



білген, естіген мағлұматтар негізінде олардың өмірбаяндық деректерін, екі жыр жүйрігі арасында болған айтыс туралы нақты баяндайды. «Садық Қадырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көреген жан сияқты. Абай осы орайда Қадырбайдың сол Садықпен айтысқанын сұрап еді. «Садық пен баланың айтысы» дейтін Арқаға мәлім айтыс. Сондағы бала осы Қадырбай болатынын Абай жақсы білуші еді. Бірақ Қадырбай ол сөзге көп тоқтаған жоқ.

— Біздің Садекеңмен айтысар шамамыз кәне? Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тосқауыл айтқаным ғой. «Айтысты, жеңді» дейтін сөз емес. Тек қана Сыбанның Шүмек бастатқан он алты ақынын жеңіп отырған соң, мұндағы елдің намыс етіп, көтеріп әпкеткені... — деді де, басқа әңгімелерге көшіп кетті» деген үзіндіден-ақ жазушы-ғалым «Айтыс өлендері» зерттеуінде Жанақ пен Сабырбай айтысы туралы айтқан пікірінен алшақ кетпей, болған оқиғаны сол бетінде жеткізеді. Осы үзіндідегі Садық пен Қадырбайдың прототиптерінің (түп тұлға) кім екенін айтсақ, Шүмек дегеніміз— атақты Түбек ақын екені бірден білінеді. Шынында сол Түбек бастаған он алты ақын Жанақтан жеңілгенде, он жетінші ақын болып тұтқиылдан «намыс етіп» киліккен бала ақын Сабырбай сөзден мүдіртеді.

М.Әуезов эпопеясында сөз етілген ақындар— тарихта болған адамдар, негізгі кейіпкерлерден басқалары прототип ретінде алынғанын ескерсек, сол прототиптер Садық—Жанақ, Шүмек—Түбек, Қадырбай — Сабырбай болып келеді. Оның үстіне, М.Әуезов ғылыми еңбектерінде де осы оқиғаны ақындық айтыс өнерінің жарқын мысалы ретінде ауызға алады. Олай болса, он жеті ақын шынайы өмірде болған. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде «Абай жолы» эпопеясында Жанақ пен он жеті ақын ғана емес, сол ақындардың көшбасшысы Ақтайлақтың есімі өз атымен аталып, оның немересі, Сабырбайдың қызы Қуандық өз есімімен Абай өміріне байланысты суреттеледі. Себебі Сабырбай туып-өскен жер ұлы ақын Абай ауылымен көршілес болған табиғаты әсем Құндызды аймағы — он жеті ақынға байланысты «ақындар елі» атанған. Абай жас шағында да, кейін болыс болып жүрген кезінде де, ақындар ауылына жиі келіп кетіп жүрген, Сабырбай ақынның ақыл-кеңесіне құлақ асып, әңгімелері мен өлең-жырларын құмарта тыңдаған, өзіне ұстаз тұтып, ерекше бағалаған.

...Алақын туралы алғашқы зерттеу талпыныстары 1970 жылдары қолға алынып, «Қазақ совет энциклопедиясының» 9-томында қысқаша мағлұмат берілді. Сол сияқты Сабырбай туралы «Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедиясында» және «Абай» энциклопедиясында қысқаша мақалалар жарияланды. Ал ақын туралы алғашқы зерттеу мақалалар 1988 жылы «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» ұжымдық монографиясында жарияланды «Ақтайлақ—Сабырбай» деген атпен жарық көрген мақала ақын шығармашылығын зерттеудегі алғашқы талпыныс болғандықтан, Сабырбайдың әдеби мұрасын жете таныстыра алмады. Ақын туралы деректердің жұтаңдығы, шығармаларының жүйеленіп жиналмауы бұл жұмысты біраз тежеді. 1990 жылдардың бас кезінде Сабырбай туып-өскен Жарма ауданының Үшбиік ауылында құрылған «Насихат» мәдени орталығы (жетекшісі, мәдениет жанашыры Еркін Жұмағұлов) он жеті ақын мұрасын жинап бастыру ісін шындап қолға алды. Осы орталықтың мұрындық болуымен жарық көрген «Ақтайлақ би» жинағына Сабырбайдың әкесі Ақтайлақ бимен сөз қағысы еңсе, 1999 жылы шыққан «Атасы



асыл сөздің Ақтайлақ би» жинағында ақынның бірнеше өлеңі, Жанақпен, Байбаламен айтыстары және қызы Қуандықпен сөз қағысы жарияланды.


Ақын өмірбаянында әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Оның туған, өлген жылдары әр қилы жазылып келеді. Кей әдебиетте 1775 — 1865 жылдар өмір сүрген деп, туысы Түбек Байқошқарұлынан бес жастай үлкен қылып жазылса, енді бір әдебиетте, Абайдың әкесі Құнанбаймен құрдастығын негізге алып, 1804 — 1874 жылдар деп көрсетілді. Ақын өмірбаянын зерттеу барысында екі деректің де сәйкес еместігіне көз жеткізгендей болдық. Біріншіден, Сабырбай Түбектен жас жағынан әлдеқайда кіші. Бұл жөнінде атақты Жанақ ақынның Сыбан ішінде Жанкөбектің Байқара табынан шыққан он жеті ақынымен айтысы жарқын куә бола алады. М.Әуезов жоғары баға берген осы айтыста ұлы жазушы жазғандай, Жанақпен найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады. Олай болса, осы айтыс өткен кезде есімі елге танылып үлгерген Түбек ақын отыз жас мөлшерінде болса, Сабырбай он бес-он алты жастар шамасында «бала ақын» атанған шағы. Екіншіден, Құнанбай жасы үлкен ағасы ретінде әрі қаракөк билер тұқымы мен ел жақсысы ретінде Сабырбайды ерекше құрмет тұтып, «Сабеке» деп ізет көрсетіп атаған. Екі игі жақсының ағалы-інілі қарым-қатынастары жайлы «Ақтайлақ би» жинағында (2003) ел аузындағы әңгімелерден оқып, көз жеткізуге болады. Сабырбайдың қызы Қуандықтың ақын Көбдіков Төлеуден туған немересі Қаскен Есенқараевқа Жанақ ақын жайлы айтқан әңгімесінде әкесінің Түбектен біршама жас кішілігін сөз арасында келтіргенімен шежіре ауыз әдебиетін жинаушы Ғабділахмет Шәкерұлының ел ішінен жазып алған деректері бойынша, Сабырбай— Ақтайлақ бидің елу жастан асқан кезде туған кенжесі екендігін есепке алсақ, Сабырбай ақын жуық мөлшермен 1793 жылы туған болады. Ал қайтыс болған жылын дәлме-дәл айта алмасақ та, ақынның әкесі мен арғы аталарының, өз ағалары мен жақын туыстарының көп жасағандықтарын тілге тиек етсек, Сабырбай 1880 жылы өмірден өткен. Сабырбайдың ақындыққа бой ұруы алғашқы өлеңдерінің бірі «Үш қызылдан» басталады. Өлеңнің шығу тарихы да қызық. Сабырбайдың әкесі Ақтайлақ сөзден мүдірткен Бопы төренің Солтабай деген бүркіт ұстайтын саятшы баласы болыпты. Мұнымен тұстас Ақтайлақ балалары оның бұл ісіне қызығып, әкесіне қолқа салады. Ақтайлақ өтінішін Бопы екі етпей, Солтабайдың қарсы болғанына көнбей бүркітті бергізеді. Бүркіт — біреу, бала болса — төртеу. Ортада талас болатынын білген Ақтайлақ: «Бүркітті үш қызылдың не екенін шешкендеріңе беремін», — депті. Сабырбайдан басқа балалары беталды жауап қайтарады. Сонда абыржымай тапқырлық танытып, өлеңмен дәлме-дәл шешіп берген екен:

*Жан тартып жақыныңмен аңға барма,
Қызартар қызыл түлкі дауға қалма,—*

деп бірінші қызыл туралы айтып, келесі бір шумақта

*Біреуі үш қызылдың қызыл қырман
Әр адам еңбек қылып егін салған,—*

деп нағыз еңбек қазаны — қырманда қызыл тер төгілетіндігін жырлай келіп:


Біреуі үш қызылдың қызыл желек,
Білмеймін болса қызыл бұдан бөлек.
Үш қызыл, білуімше, осы үшеуі,
Қызғанып бұл үшеуін неге керек

деп үшінші қызылдың жауабын дұрыс айтып, өзінің ақындық талантын байқатады. Ақтайлақ кенже ұлының жауабына қатты разы болып, өлең жолдары арқылы сол бүркітті болашақ ақын баласына тарту еткен екен.

...«Үш қызыл» өлеңінен кейінгі Сабырбай өмірі серілік құрып, өлең шығарумен, ақындар айтысына қатысумен өткен. Қай жерде думан-той, көңілді кеш, сол жерден бір қолында бүркіті, екінші қолында домбырасы бар, соңына тазысын ертіп, жақсы әсем ат мінген Сабырбай өзі сияқты өнерлі жора-жолдастарымен табылған. Бүкіл өмірін ән-жырмен өрнектеп, ел құрметіне бөленген Сабырбай ақынның есімі айтыс өнерімен атағы шыққан. Өз кезеңінің көптеген ақындарымен жыр бәйгесіне түсіп, талай рет жеңімпаз атанған. ...Кедейшілік зардабын көп тартқан Жанақ ақын Сабырбай ауылына жиі келеді екен. Халықты өлең-жырға қарық қылып, сый-сияпат алып қайтып жүреді. Осы ауылдың он алты ақынымен айтысқан кезде Жанақтың қартаң тартқан шағы екен. Себебі, Түбекпен де, Сабырбаймен де айтысқанда «Найман балам», «бала Найман» деп кішірейте сөйлейді. Айтыс атақты бір байдың үлкен асында өтеді. Әрине, он жеті ақынның аттары түгелдей дерлік белгілі емес. Соңғы деректерге қарағанда, ол айтысқа қатысқандар: Ақтайлақтың асыранды баласы атақты ақын Түбек Байқошқарұлы, Сабырбай Ақтайлақұлы және тағы басқа Байғара немерелері. Бұл жерде мына жайтты айтпасқа болмайды: он жеті ақынның түгелі дерлік нағыз жыр жүйріктері емес, белгілі бір аймаққа танымал ауыл ақындары. Ішіндегі аты шулы, айтыс өнерінің хас шебері Түбек те, одан кейінгісі, аз айтса да біліп айтатын, салмақтап айтатын ұтқыр сөз иесі — Сабырбай. Бұл екеуінен басқасын жыр дүлдүлі Жанақтың бірер шумақ өлеңнен кейін-ақ лезде женуі осыған саяды. .

...Бала ақын атанған Сабырбай Жанақты қалай жеңген? Шынтуайтқа келгенде, Сабырбай Жанақпен айтысайын деп айтыспаған, он алтыншы ақын Түбек сөз тізгінін беріп, жеңіле бастаған мезетте, ел қолқалап болмаған соң ғана айтысқа қызу кіріп кетеді. Бұл туралы жоғарыда «Абай жолы» романының үзіндісінде айтып өттік. Сабырбай атақты ақынды айтыс үстінде екі рет мүдіртеді. Жанақ Түбекпен айтысында жерінің байлығын мақтан етеді. Түбек Бексұлтан деген төренің «Сексен түйеге артқан жамбысы бар» деп ақын меселін қайтармақшы болғанда, Жанақ: «Кесер бас, жүрер аяқ жылқыңды айтшы, Ұрыдай не қылайын жатқан тасты», — деп тойтарып тастайды да, біраз сөз кезегін жіберген соң: «Осы жолы сені жеңіп, Оспаннан тайтұяқ жамбы алып қайтарамын» — дегенде, айтысты үнсіз қадағалап отырған Сабырбай килігеді. Сабырбай өзіне келген бір кезегінде жамбы сұраған Жанақты өз сөзінен ұстап:

Күмістен жамбы деген тасым еді,
Әр тасым бес жүз сомнан асып еді.
Елімнен келмей жатып жамбы сұрап,
Ол тас емей атаңның басы ма еді? —

деп бір мүдіртеді.



Үлкен дарын иесі Жанақ бұған да меселі қайтпай, өз жерін тағы да мақтай келіп:

*Жалаулыдан шығып ем, Ертіс өрлеп,
Үш жүздің баласына «келсең-кел» деп.
Қашан келсем алдымнан бір кетпейді,
Қарасур осы неме көлденеңдеп, —*

деп Түбекке қайта шүйлігеді. Сонда Сабырбай қайым айтыс түріне салып:

*Жалаулылап шығыпсың Ертіс өрлеп,
Үш жүздің баласына «келсең-кел» деп.
Байқұс-ау, тңу алыстан қалай жеттің,
Шешеңе сексендегі қобыз теңдеп, —*

деп осал тұсынан тиіседі. Сабырбай жауабының соңғы жолдары Жанақтың осы айтысқа кәрі бие мініп келгенін мегзейді. Сондықтан да Жанақ: «Мына бие тақымыма ұнаған соң мініп келіп едім», — деп сылтауратқанымен еріксіз айтысты тоқтатып, жеңілгенін толық мойындаған.

...Жанақ әбден қартайып, кедейшілік зардабын тартып жүрген кезінде өз еліндегі арқа сүйер адамы — Доғал деген бай өледі де, басқалары ақынға қарайласпайды. Сонда Жанақ Ақтайлақ ауылында қонақта жатқанда, Доғалды жоқтап қайғырып өлең шығарыпты. Өзі ұстаз тұтқан ақынның еңсесі түсіп, байдың өлімін қайғырғаны көкейіне қонбаған Сабырбай:


*Жәкең де сөйлейді екен жас баладай,
Дарынын Құдай берген басқара алмай.
Сыбанда мыңды айдаған Жақаш та өлді,
Доғал өлсе, қайт дейсің, жатсын солай, —*

деп суырыпсалып өлең айтып, жақтыртпаған сыңай білдіреді. ...Сабырбай өзінің қай шығармасында болсын, өмір шындығын осылай бүкпесіз айтқан. Ұнамаған жайттар ойына түсіп, шабыты келсе болғаны, кімнің болса да бет ажарына қарамай, тіпті ел билеген үлкен болыс-шонжар, төре болсын, өткір сын жырларымен өңменінен өткізе айтқан. ...Сабырбай ұзақ ақындық өмірінде алдына жан салмаған жыр жүйрігі болса да, «Сүрінбейтін тұяқ жоқ» демекші, бір рет сүрініп жеңілген. Ол — ақынның Байбала деген қызбен айтыста жеңілуі.

Байбала — оқушы қауымға әлі бейтаныс сол сыбан руынан шыққан талантты ақындардың бірі. Ел қыдырып, өлең айтып жүрген талай ақын жігіттер Байбаланы арнайы іздеп келіп айтысқанда, жеңіліп қайтқан. Сабырбай да ақын қыз есіміне ынтық болып, айтысуға құмартады. Сабырбай бірде Байбала ауылына кенеттен келіп, қыз ұзатып жатқан тойға кез болады. Сабырбай думанды қызық үстіне қошеметсіз кіруді ыңғайсыз көріп, ат үстінен Байбалаға өлеңмен тиіседі:

*Сұңқармын уыз түлек мен шаһибаз,
Сөйлесем, сөзім бейне шыбынсыз жаз.
Оралса талай сұлу тізгініме,
Атымнан түсіре алмай ететін наз, —*

дейді өзін бейне бір сұңқарға теңеп.


*Тұлпармын, тұмарлаған, шоқтығыма,
Ұсынсаң жетпейтұғын қолың қысқа, —*

деп келесі бір тұста өзін әсірелей түседі. Енді бірде Сабырбай шыққан ортасын көкке көтеріп, орынды мақтан етеді:

*Баласы Байғараның — Ақтайлақ би,
Ұлына Орта жүздің айтқан нұсқа.
Кенжесі Ақтайлақтың, мен — Сабырбай,
Одан да жылдам шығып атымды ұста, —*

деп қыз райын бірден қайтармақшы болады.

Өнер жарысы әуелі кереге арқылы бір-бірін көрмей басталып, содан кейін қыз отырған үйде жалғасады. Айтыс ұзаққа созылып, көпке дейін таразы басы тең болғанымен, Сабырбай Байбала қыздан еріксіз жеңілуге мәжбүр болады.

Соңғы кездесуде Сабырбай өзінің бір қарапайым сөзінен қапы қалып жеңіліске ұшырайды. Байбала болса, қалжың сөзге өңменнен өткен өткір өлең шумақтарды қарсы қойып ұтып кетеді.

Екі ақын айтысының ұзақ-сонар тартысына Мұхтар Әуезов «Айтыс өлеңдері» мақаласында толығырақ тоқтаған: «Сабырбай ақын — Байбала қызбен жігіт кезінде, тынымсыз айтысады. Бірінің-бірі қапысын андып, көш жөнекей де, мезгілсіз ертелі-кеш те, түнде де айтысып жүреді. Мал шетінде, түзде кездесе кетсе де, қағысып шарпыса түсіп, ұзақ жылдар жеңісе алмай жүреді. Аяғында Сабырбай өзінің айтқан бір тұрпайы қалжыңы үшін бұны мұрттай ұшырған, мірдің оғындай ащы мысқыл жауапты Тойбаладан алады да, жеңіледі». Сол кезде-ақ қазақ ақындары арасында жақсы да әділ дәстүр қалыптасқан. Екі ақын айтысып, олардың сөздерін кейін ретке салып, көпке таныту мақсатында дұрыстығымен анық жеткізу жеңген ақын емес, жеңілген ақынға борыш болған. Сол себепті де, аға ақындық салтын берік ұстаған Жанақ Сабырбайдан сөзден мүдіргенін, ал Сабырбай болса, Байбала қыздан жеңілгенін ашық мойындап, өз кезіндегі жұртшылыққа, кейінгі ұрпаққа бүкпесіз шындықты айтып отырған.

Бұл жерде суырыпсалма ақындық өнер өкілі Сабырбай табан астында өлең шығара алмағандықтан жеңілмесе керек. Сабырбай ақынның жеңілуі — Байбала қыздың ұтымды, ойлы дәлелінен меселі қайтып, кеселді сөздің атқан оқпен тең болуында.

Сабырбай мен Байбала қыз айтысын шеберлік пен ұтқыр тапқырлыққа толы, өткір тіл мен терең толғауларға құрылған Біржан мен Сара айтысы сияқты ақындық өнердің озық үлгісі ретінде Семей өңірі қатты қадірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жаттап жеткізген. Айтысты құймақұлақ қариялар, белгілі халық ақыны Шәкір Әбенұлы, жыршы Жұмакүлбай Базарбайұлы, ауыз әдебиетін жинаушы Ғабділахмет Шәкерұлы жатқа жақсы біліп, ел арасына таратқан.

Сабырбай — бұқарашыл ақын. Қандай қиын уақытта болсын, халықпен бірге болып, қайғысын да, қуанышын да бірдей бөліскен, көмек қажет болған кезде қолдан келгенін аямай, табан астында өлең шығарып, жыр шумақтарымен жәрдем берген. Сондай бір өлеңі — Барақ сұлтанға арнауы. Барақ — поляк революционер! А.Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» кітабында есімі үлкен құрметпен аталатын Сыбан еліне билік еткен атақты төре. Бірде ағайындарына өкпелеп Үржар деген жерге көшіп кетіпті. Барақ



кеткен соң ауылдың берекесі қашады, ұры-қары көбейіп, барымташылық бітпеген ел мазасы әбден кеткенде, ақсақалдар Сабырбай ақынды Бараққа жұмсайды. Барақ ақынды қатты сыйлайды екен. Бара салысымен, Сабырбай:

*Алдияр, біздің ауыл Берікқарада,
Жыландай белге соққан екі арада.
Қырықбай қысқа күнде қырық шабады,
Иесіз иен елде ерік бола ма? —*

деп сөзін бірден өлеңмен бастап, ауылының Қырықбай сияқты барымташылардан көрген қорлығынан хабардар етеді. Көлемді өлеңнің келесі бір шумағында:

*Шұбарым, арғымағым, арыстаным,
Сөзге бай, ауыздыға қарысқаным.
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,
Болаттың суын тапқан данышпаным, —*

деп Барақты ерекше әсірелеу тәсілдерімен суреттей келе ақылға шақырып, иесіз қалған ауылға қамқор көңіл болуын талап етеді. Сабырбайдың ақындық жолын сөз еткенде, оның әкесі Ақтайлақты жеке алып қарауға болмас. ...Ақтайлақ поэзиясына тоқталғанда, міндетті түрде оның баласы әрі шәкірті Сабырбай есімі аталса, керісінше, Сабырбай туралы сөз болғанда, Ақтайлақты аттап өтуге болмайды. Ақтайлақ Сабырбайға үлкен ақыл-өнеге көрсетіп, ақындық тәлім-тәрбие беріп отырған. Айтыс өнеріне алғаш баулушы да — Ақтайлақ. Екеуі өзара бірнеше рет сөз қақтығысына түсіп, кейде айтысып та қалған. Екі ақын айтыстың әр түрінен жыр сайысына шығады. Мәселен, Сабырбай:

*Әй, әке, сан жүйрікті бөгелттің ғой,
Алдыңнан талай топты жөнелттің ғой.
«Атадан ұл озбас» дсеу бекер екен,
Дәл сізден осы күні мен өттім ғой, —*

деп, әкесін сөз қағыстыруға шақырып киліккен сәтте Ақтайлақ би:

*Ол рас, сап жүйрікті бөгелттім ғой,
Алдымнан талай топты жөнелттім ғой.
Үйретіп өзіңді де қартайғанша,
Ақыры жүйріктерге теңестің ғой, —*

деп баласының өрекіген көңілін сап тыяды.

Осы шағын айтыста Сабырбай әке сөзінен жеңілгенін мойындайды. Бұл түре айтыстың қайым айтыс түрі және айтысуға жеңіл түрі. Сондықтан болар Сабырбайды бала кезінен айтыстың сан қырлы құпияларына үйрету үшін Ақтайлақ өз баласымен үнемі осы қайым айтыс түрімен өлең сайысына түскен. Кейін әкесі дүниеден көшкенде, Сабырбай көпке дейін тоқтамапты. Сонда жиналған жұртшылық: Әкең көп жасады. «Ұлы ұяға, қызы қияға қонды». Несіне жылайсың?» — дегенде, Сабырбай лезде басын көтеріп:

*Ұлы қонды-ау ұяға,
Қызы қонды-ау қияға.*

*Жүз тоқсанға келсе де,
Әкені бала қия ма? —*

деп, ыстық сезімге толы жыр жолдары арқылы әкесіне деген сүйіспеншілігін білдірген.

...Жыраулық пен ақындық поэзия сарайынан бастау алған ақындар әулетінен кейін Сабырбайдың өз қызы Қуандық өлең тілге шеберлігімен, от ауызды шешенділігімен аты шыққан. Қуандық үш ұлдың ортасындағы жалғыз қыз екен. Содан болар, Сабырбай еркек баласын көп еркелетпей, қызын ерекше шолжаңдатып өсірген. Қуандық он үш жастан асқанда, бой түзеп, өлең шығара бастаған, жиын-тойлардағы айтыстарға қатысып, ел аузына ілінген. Қуандыққа көптеген бай балалары сөз салғанда, оларды тең көрмей, менсінбепті немесе реті келген тұста бұлғақтап жүрген бай-балалары мен атақты мырзаларын сол жерде суырыпсалып өлеңге қосып тәлкек еткен.

Қуандық ақынның өлеңдері мен айтыстары әлі дұрыс жинақталмаған. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында Қуандықтың Абаймен, әкесі Сабырбаймен, өзінің балаларымен айтыстары және бірлі-жарым өлеңдері ғана сақтаулы.

Ақын өміріндегі елеулі кезең — оның Абаймен кездесуі. «Абай жолы» эпопеясындағы есте қаларлық және ұлы ақынның іштей өсуі мен қалыптасуының аңғарылар тұсы, ел қамын ойлаған ардагер азаматтың сахнаға шығуы — өткір тілді, ойлы жанарлы осы Қуандықпен кездесуі. Қуандық пен ұлы ақын арасындағы риясыз достық, іңкәр сезім туралы романның Сабырбай, Жанақ жайында айтылатын «Қияда» тарауында көркем де шынайы суреттелген. Ақын қыз Абайға сүйіспеншілігін өле-өлгенше айтып өткен. Абай шығармаларын жаттап алып, әнге салып, ел арасына таратқан еңбегін М.Әуезов «Абай Құнанбайұлы» деген монографиясында ерекше атап өтеді. Қуандық та ақындар әулеті дәстүрін одан әрі дамытып, өз балаларына да дарытты. Олардың ішінде Қуандықтың сүйікті баласы, атақты Халық ақыны Төлеу Көбдіков XX ғасырдағы жаңа сипаттағы халық поэзиясын биікке көтеріп, суырыпсалма айтыс өнерін өркендетуге үлкен үлес қосты.

Сабырбай шығармашылығы өзінен кейінгі ақындарға да игі ықпал етті. Атақты «Біржан — Сара» айтысындағы Сара ақынның жауап өлеңдері тақырыбы мен мазмұны жағынан да, ақындық, тіл шеберлігі жағынан да Сабырбай поэзиясымен үндес келеді. Себебі Сара да атақты он жеті ақын өңірге жақын өлкеде өмір сүріп, Сабырбайды бетпе-бет көрмесе де, оның Жанақпен айтысын білген, өнеге тұтқан.

Айтыс өнерінде суырыпсалма талантымен аты шыққан жыр жүйрігі Сабырбай өз туындыларында өзі өмір кешкен озбыр заманының әділетсіз жақтарын аяусыз сынап, қарапайым халық мүддесін қорғады, шаршы топтағы ақындар айтысында жыр шумақтарын орамды қолдана біліп, мерейі үстем болды. Сол себепті де Сабырбай есімінің XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында лайықты орны бар деп нық айтуға болады.

Серікқазы ҚОРАБАЙ

Дереккөз: *Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. — Алматы, 2006. Т.4. — 65–77-бб.*

БҰЛҒАҚ СЕРІ

Осы кезге дейін баспасөзде мәлімделмей, оқырман қауымға танылмай жатқан бір тұлға бар. Ол — Жарма ауданын мекендейтін Бақы матай елінен шыққан Сеңгірбай баласы Бұлғақ еді. Рас, Отан соғысынан кейін «Ертегілер» атты құрама жинақ шыққан. Соған серінің елге мәшһүр бірер қылығы енгізіліпті. Бұларды жинаққа тапсырушы — жазушы жерлесіміз Садық Қасиманов. Бірақ «Ертегілер» кітабына неліктен қосылғаны белгісіз. Бұлғақ өмірде болған тарихи адам ғой. Бүгінде шөпшектері мен немерелері тіршілік етуде.

Бұлғақ — ескі түркі сөзі. Қазіргіге аударсақ, мағынасы — «Бүліншілік». Соған қарап және серінің тұсындағы замандастарының жас мөлшерін шамалай келе, сері 1805 — 1810 жылдар аралығында туса керек деп ойлаймыз. Өйткені тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев өз кітабында матай руының Шыңғыс тауында, Қалба тауларына қарай бүліншілікке ұшырап көшкен кезі деп осы жылдар аралығын көрсетеді. Сонда туған балаға «Бұлғақ» есімінің қойылуы заңды да. Ел ішінде «Бұлғақ тентек» деген атпен мәлім болған. Алайда «Ертегілер» кітабында ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Әбубәкір Диваевтың Ғылым академиясына тапсырған қорында «сері» деп атапты. Шындығында, Бұлғақтың серілігі мен тентектігі қатар жүрген адам. Оның ең алғаш жұрт аузына ілінуі атақты Рүстем төренің аулына баруына байланысты. Рүстем — Іле өзенінің Балқаш көліне құяр сағасындағы Ұлы жүздің бір бөлігін билеген қылышынан қан тамған қаһарлы төре. Оның есімі А. Янушкевичтің «Қазақ даласына саяхат жазбаларында» да айтылады. Кейіннен Кенесарыны қырғыздарға сатып кеткен опасыз төре. Әйгілі Жанақ ақын тіл шеберлігі арқасында сол төреден сыйлық алып қайтқанын білеміз. Рүстем төренің «Ақсу» өзенінің бойындағы Садыр-матай елінің ауылын шауып, үш-төрт кісісін өлтіріп кететін оқиғасына І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасынан таныспыз. Сол оқиғаға байланысты Қалбадағы бақыматай руының басты-басты кісілері қанға қызып, атқа мінеді. Мақсаттары — төренің алдына барып құн даулау. Бұлғақтың жиырма жасар бозбала кезі екен. Әлі үйленбеген, тентектігі ауыл арасына ғана біліне бастаған. Сөйтіп, арада бір жұма жол жүріпті. Төренің ауылына жақындады-ау деген күні үдере жүріп, игі жақсыларды қуып жетеді.

Мұны көрген олар: «Мына жынды бүлдіреді. Енді қайттік?» — деп қатты сасыпты. Ақырында барлығы ортаға алып: «Сен артық-ауыс сөз айтпа! Осы жолғы олжадан үлес береміз», — деп жабыла жалынсын.

— Жарайды. Айтқандарыңыз болсын! — дейді Бұлғақ.

Төре бұларды салқын қарсы алады. Өзі күмістен шытыра қаққан сүйек төсектің үстінде отыр. Тұсында сары ала қылышы ілулі. Өте сұсты кейіппен келгендердің қимылы мен сөздерін жібермей бағулы. Сырттан: «Ас даяр» деген дауыс естілді бір кезде. Іле төренің бойжеткен қызы үйге кіріп, жез шылапшынды босағадан бастай жағалатып, қонақтардың қолына су құя бастапты. Босағада жайғасқан Бұлғақтың ойына бір сойқан сап ете қалмасы

❦

бар ма! Басқалардың қолына су құйып, сырт айналып еңкейе берген әлгі қыздың құйрығынан сұқ саусағымен түртіп қалады да, көкке қарап танауын шүйіреді. Қыз шылапшын мен құмғанды тастай салып, жылап шығып кетеді. Қонақтардың кеудедегі шыбын жандары да қызбен қоса шыққандай. Қорыққанынан бәрі қалтырап, аңырып қалған. Қанын ішіне тартқан Рүстем төре сұп-сұр. Дереу қыздың орнын даяшы жігіт басқан-ды. Қол жуылып, қонақтар табаққа жақындайды. Ет жеген жоқ, дерт жеп отыр. Бәрінің күткені: «Төре қашан жазалар екен?»

Ас артынан төре әрқайсысының аты-жөндерін сұрап, таныса бастайды. Кезек Бұлғаққа келгенде, барлығы: «Бұл бір ауылымыздағы кедей адамның есалаң баласы еді. Сіздің ауылға кірерде бір-ақ көрдік. Соңымыздан жасырын жүріп отырыпты. Әлгі қылығын айыпқа бұйырмаңыз, тақсыр!» — десіп ұлардай шуласын. Төре Бұлғақтың өзінен жөн сұрағанда тайсалмастан былай деген:

— Тақсыр, менің есім дұрыс. Кедейсініп ертпейтін болған соң соңдарынан көрінбей жүріп отырғаным рас. Кедейді де, байды да Құдай жаратты емес пе?

— Қош, ал әлгі қылығың не?

Бұлғақ та ұшып түрегеліп, төреге басын иіп тағзым етеді. Сөйтеді де:

— Тақсыр, алсаңыз, міне, бас, алмасаңыз алдияр бас! Атама аруақ қонған кісі еді. Соның аруағы бүгінде мені жағалап жүргені. Қызыңызды мазақтайын дегенім жоқ. Бөксесінен болашақ екі ұл, екі қыздың бастары көрінді. Соларға тәуеп еттім, — дейді.

Төренің сазарып біраз отырған соң айтқаны мынау:

— Қызым биыл күзде ұзатылмақ. Егер айтқаның келмесе ажалдан құтылмайсың. Көкке ұшсаң, сиырағыңнан тартуға, жерге батсаң, желкеңнен суырып шығаруға құзырым жетеді. Айтқаның келсе — сыйлығымды сонда көресің. Әзірше кешірдім.

Мұнан кейін жеті-сегіз жыл өткен. Қалың ел жайлаудың үстінде. Екі жағына екі қосар ат жетектеген бір жолаушы: «Әулие Бұлғақтың үйі қайсы?» — деп даурыға сұрастырып келеді. Сөйтсе, бұл жолаушы алыстағы Рүстем төренің жіберген кісісі екен. Бұлғақтың баяғыда жаны қысылған сәтте тапқан уәжі шынға шығып, төренің ұзатылған қызы жуықта ғана төртінші баласына босаныпты. Мынау — екі қосар атқа теңдеген төренің уәдесін ұмытпай Бұлғаққа жіберген сыйлықтары. Қасқыр ішік, ақ жамбы, ақбас құндыз бастатқан бір тоғыз. Бір қоржынға кездеме, қант пен шай сықап салынған. Қосардағы екі ат қысқы соғымға деп бергені. Мұның үстіне 75 сом ақша тағы бар. Сол кездің нарқына шаққанда — елу қойдың құны. Осыдан бастап Бұлғақтың «тентек», «серіге» қоса «әулие» атағы жалпақ елге жайыла бастайды.

Бүгінгі Ақсуат ауданын мекендейтін қыржы-мұрын елінде Бұланнан асқан бай болмапты. Ол өлгеннің келер жылында (1872 жыл) бүкіл Орта жүзді шақырып ас берген. Сол асқа қасында отыз кісісі бар Абай қатысқан. Ақындар айтысына түскен кәдімгі Қиясбай ояз бастығының арнайы жүлдесін алыпты. Сол Бұлан бір жылы қазіргі Аякөз ауданына қарасты «Балтақара» жайлауында отырғанда алыстан ат терлетіп Бұлғақ келмесін бе? Байдың екі ұлы бар. Құлыбай — сол елдің азулы болысы. Сол себепті: «Көкте — Құдай, жерде — Құлыбай» деген теңеуге ие болған. Әбіші де осал емес, сол төңіректің солқылдаған мырзасы. Бұлан бай Бұлғақты сынау



үшін: «Биліктің тұтқасын ұстаған Құлыбайым мынау. Өзім болсам төрт түлігі мыңғырған баймын. Қазынамды, тайтұяқ, қойтұяқ алтын-күмісімді, ақша салған баспағымды көшкенде отыз түйеге артамын. Жұрт сені ұрт тілді, тапқыр деп мақтайды. Кәне, мені сөзбен кедей қылшы!» — деп бұйырды. Сонда Бұлғақ екі иығын қыранша қомдай түсіп, аруақтана арқасы қозып, шұбырта жөнелсін:

*Уа, Құлыбайыңды Құдай алса,
Әбішіңді құмай алса,
Жылқыңды шауып қызай алса,
Түйеңе «ақшелек» келсе,
Қой-ешкің топалаңнан өлсе,
Қазынаңды жау алса,
Қалғанын дау алса,
Бәйбішең мен өзің
Тағдырдың көрсең тезін,
Жуа бітсе жолыңа,
Таяқ ұстап қолыңа,
Қаңғырмағанда қайтер едің?*

Мұны естіген Бұлан бай: «астапыралла!» — жағасын ұстап, тәубесіне келіпті. Бұлғақтың күтімін келістіріп, сыйлап қайтарыпты. Сөз құдіреті деген осы. Бұған қарағанда Бұлғақ жыраулықтан да құралақан болмаған.

66

Бұлғақтың сөз өнеріне жетік болғанын оның Қарқаралыдағы «шаншар» руына жолаушылап барған сапары мықтап дәлелдейді. Мезгіл — қыс айының ортасы. Бір ауылда жолыға кеткен ақсақал аты-жөнін сұрап білген соң: «Қарағым, сіздің жақта қардың қалыңдығы қандай?» — десе керек.

— Ақсақал, қалыңдығы мөлдіреген жап-жас қыз. — Шамданыңқыраған шал қайта сұрайды.

— Мен саған қардың қалың, яки жұқасын айтып тұрмын.

Бұлғақ бұған да іркілмейді:

— Қайырылып қарағам жоқ,

Қарыстап санағам жоқ, — деп, атын сипай қамшылап жүріп кетеді.

Тағы бір ауылға жақындапты. Жетіп барса, бір мәйітті жерлеп жатыр екен.

— Уа, қояр көбейсін!

Кісілер аңырып қарап қалыпты. Шыдамсыз біреулер сабамақ болып тұра ұмтылады. Бұлғақ қамшысымен жасқап, оларды жолатпайды. Әлгі сөзге қоса:

— Еліретін жөндерің бар. Ауыздарың майланып, қолдарың қанданып тұр екенсіңдер, — деп, мірдің оғындай тілін тағы бір сұғып алады. Топ ішінде бір ақсақал:

— Мынаған шара болмас, — десе:

— Жуан үйеңкінің түбін қазсаң, шара түгіл астау болар, — деп, Бұлғақ одан әрісін тоспай жүріп кетеді.

Тағы бір ауылға ат тұмсығын тіреп, бір үйге түседі. Бұлғаққа төрге таяу орын тиеді. Кеседегі шайды көтеріп аузына апара бергенде, мыс құмған қасындағы келіншектің: «Қонағым, қозғай отырыңыз!» демесі бар ма?

— Әміріңізге құлдық! — Бұлғақ кесесін жерге қоя салып, қасында отырған



ақсақалдың иығынан ұстай алып, әрі-бері шайқалта бастайды. Шал шайға қақалып, ыстық шай қолына төгіліп, кесесін тастап жібереді.

— Өй, сен жынданған немемісің?

— Денім сау. Айтқан өздерің ғой «қозғап жібер» деп.

— «Әңгіме айта отыр» дегені емес пе ол сөздің мағынасы.

Бұлғақ:

— Онда ғапу етіңіздер! Қазақ салтында қонақты тамақтандырып алып, әңгімені содан кейін сұраушы еді. Сіздердің заңдарыңыз қызық екен!

Сөзден де, жолдан да жеңілген үй іші үндемей қалыпты. Бұлғақ сері атағы шыққан шаншар руынан сөз есесін осылай қайтарып қайтқан екен.

Бұлғақ бірде Өскемен төңірегіндегі өтеміс руына сапар шегеді. Бұл жолы жалғыз өзі емес, Сұлусары болысын басқарушы төре Ыбырайым Қылышұлына атқосшы болып барған. Найманнан тарайтын сегіз арыстың біреуі — Көкжарлы тайпасы. Бұл өз ішінен жеті руға бөлінеді. Сол жетеудің біреуі Өтеміс. Бала-шағасына дейін «сен тұр, мен атайын». Қонған қонақты, әрілі-берілі өткен жолаушыны сайқымазақ қылмай, келекелеп масқараламай жібермейді. Сол себепті бұрынғы Зайсан, Өскемен уездеріне қарасты қалың елге «Өтеміс қулары» деген атпен аян.

Осындай қаракүйе, қандыағаш елге бір жазда Ыбырайым болыс пен Бұлғақ сері сапар шегеді. Өскеменге жеткенше әлі алыс. Түсте бір ауылға ат шалдырады. Үлкен табақ майлы қуырдақ әкелінеді. Жылмаңдаған бір жігіт даяшылық етуде. Тағы бір жігіт сол ауылдың қыдырмашысы, ол да отырған. Кісілер ауқатқа кірісер шақта әлгі қыдырмашы шарифаттан әңгіме қозғамасын ба.

— Қиямет қайым болғанда, — дейді әлгі қу періштелер күнәһарларды тозаққа, имандыларды пейішке былайша екі жолмен айдап әкетсе керек. Осы рас па екен? — Сұраулы кескінмен төрге қарайды. Әлгінде табақтың ортасынан өзіне қарай қасық сабымен ұзынша екі жол тартқан-ды. Солар арқылы қуырдақтың сұйық майы өз жағына іркіліп жиналады да, қонақтар жағы құрғақтанып қалады. Болыс Бұлғаққа қарап «бірдеме айтсаңшы» дегендей сыңай танытады. Тайынатын Бұлғақ па:

— Молдалардың қай сөзіне нанарсың, тәйірі! Өліп тірілген ешкім жоқ. Қиямет қайым күні Исрафил (Сұрапыл) сорын үргенде жер мен көк былайша сапырылысады дейді ғой, — деп үлкен қасықпен қуырдақты араластырып жібереді. Мұның алдырмайтынын сезген әлгі қу жағының жігін ашпапты...

Дүниеден өтерде Бұлғақтың халі тіпті төмендей түскен. Жұлдыз шыға жан тәсілім етпегі хақ. Үйде отырған ағайын-тумалары қолын кезектесе ұстап:

— Арыңа алаңдама. Көмусіз қалдырмаймыз, — деп арыздаса бастайды. Сонда Бұлғақтың айтқаны:

— Алаңдап қайтейін, үл ержетер, мал табар, қыз бойжетер, бай табар. Бәрінен де шыбын жаным қайда барып жай табар?

Тумаластары тағы да арыздасып: «Өзіңді құдайға тапсырдық», — десіпті. Сонда Бұлғақ:

— Маған басқа жақтан келер жау жоқ. Сол тапсырған құдайларыңның өзінен қорқып жатқаным жоқ па? — деп, ақтық рет езуінен жымып, дүниеден жүріп кетеді.

Тіршілікке, халқына еркелей өсіп, жалғаннан күле көшкен Бұлғақтың хикаясы осындай. Құлаған тас бейіті Георгиевка селосы мен «Шалабай»



кеңшарының аралығындағы бір дөңде жатыр. Өткірлік пен тапқырлықты, шешендік пен ерлікті бір бойына жинақтаған атақты серінің қабірі үстіне жусан қаулап өскен. Денесі топыраққа айналған. ...Бұлғақтан Тұнқатар, одан Нұрғали мен Рахымбай туады. Нұрғали 93 жасында 1962 жылы дүниеден қайтты. Зираты өзінің туып-өскен қонысы «Ақдiңгек» деген жерде.

Нұрғалиды кезінде ел «Жарманың Исасы» атандырған. Себебі, ол суырыпсалма ақпа ақын болды. Әдебиетшілердің облыстық жиындарына қатысқан. 1945 жылғы Абайдың 100 жылдық тойында арнау жыр додасында бас жүлдені алып қайтты.


Оның інісі Рахымбай Тұнқатаровтың аты-жөні Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында жазулы. Мұхтар Әуезовпен сырлас дос болған. Инженер ретінде Түрксiб құрылысына белсене қатысты. «халық жауы» айыбы тағылып, 1937 жылдың құрбандығына шалынды.

Біз бұл мақалада Бұлғақтың Семіз найман еліне барғандағы қылықтарын жазбадық. Бүгінде сол елде «Бұлғақ тентек» аталатын ата бар көрінеді. Бәлкім, Бұлғақтың сол сапарына байланысты біреудің ырымдап, атын қойған баланың ұрпақтары шығар деп ойлаймыз.

Қалихан АЛТЫНБАЕВ

Дереккөз: Алтынбаев Қ. Шығармалары. – Алматы, 2009. – 342-346

ТӘТТІМБЕТ



Тәттімбет — Қарақаралы аймағына кіретін Мыржық тауының қасында, Мүшек бұлағының жағасында, Қызылжал деген қыстақта 1813 жылы туып, билік қызметін 1844 жылдан 31 жасынан бастады, Нұрбике — шаншар елінің биі.

Сол Мыржық тауының түбінде өсіп-өніп, сол жерде 1861 жылы дүниеден көшеді. Қабірі Түндік өзенінің сол жақ жағасында, бабасы Мүшектің шошақ тамының ішінде. Онда әкесі Қазанғап, Тәттімбеттің өзі, баласы Исатай бәрі тегіс осы бейіттің ішінде. Өзі өлген соң, орнын үлкен баласы Мұсатай басып, шаншар елінің билігін қолына алады. Баласы Мұсатайдың қабірі Тәттімбеттің туған жерінде, Мыржық тауының қасында. Оның жатқан күмбезі Есім бәйбішенің атымен аталады. Есім — Тәттімбеттің тоқалы, Мұсатайдың өгей шешесі.

Тәттімбеттің ағасы Құттымбет 1805 жылы туған, Нұрбике — шаншар елінің атақты биі, ол да асқан күйші, інісі Ырысымбет — үлкен домбырашының бірі. Балалары Мұсатай, Қисатай, Исатай. Мұсатай әкесі қайтыс болған соң 1862 жылы Қарқаралының қазысы болып сайланады. Оның баласы Шайқы Кеңес дәуіріне дейін жасап, Семей қаласында тұрды, кейін Аякөздегі қызына барып, сонда қайтыс болды. Қисатайдан Кәбіш, одан Өзбек — Тәттімбеттің шөбересі.

Тәттімбеттің кейбір тарихи белгілері, мөрі осы Өзбектің сандығында сақталған. Тәттімбеттің өмірбаянын, оның күй тартуын жақсылап айтып берген — осы Өзбек пен оның туысқандары. Олардың айтуынша, шаншар елінің жайлауы Тәттімбет пен Алшынбайдың кезінде Шідерті өзенінің аяқ кезеңінде болған. ...Алшынбайдың басына орнатқан тамы да сол Шідерті өзенінің жағасында болған. Бұлардың айтқан сөзі Шідертіні қоныстап отырған Сүйіндік елінің сөзімен бірдей. Сүйіндіктердің айтуынша, XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Шідерті өзені бойында тұрғызылған көп бейіттер тегісімен қаракесек, шаншар елінікі еді. Қазыбек бидің қартайып дүниеден көшкен жері — Баянаулалық Далба деген жер. Ол жерде Қазыбекті сатыға өрелеген қиған тастар сақталған жерге денесін Әзіретке апарып қойған.

Бұларды бүгінге дейін жақсы білген кісі — Алшынбайдың немересі, Қақабайдың Ермағамбеті. 1975 жылы тоқсан жасқа келген әлі кәрілік жеңе қоймаған сұлу қарттың айтуынша, Тәттімбеттің жүйрік таныған адамы Мұса мырза — ақылды, байсалды, көп тыңдайтын, халық шаруасын жүйрік түсінген кісі. Тәттімбет оны мен құда болып, баласы Мұсатайға оның қарындасы Шәмсияны алып береді, ол екеуінен немересі Шайқы туады. Бүркітбайдың қызы Ақбет сұлуды Қисатай алып, одан Зікен туады. Қисатай асқан домбырашы, әкесінің тартқан күйлерін бергі заманға дейін мирас етіп келген.

Бір қызық оқиға — Тәттімбет тек серіліктің қызығына түсіп кетпей, ол



шаруашылық жұмысына орасан көңіл бөлген. Ол Түндік өзенінің бойында әдемі қала салу үмітімен, патша үкіметіне арыз беріп, рұқсат сұрайды. Бұл әңгіме ел аузында аңызға айналады. Сол сияқты ағаштан үй салу ісін де жүзеге асырады. Ағасы Құттымбеттің қыстауы өзінен алыс емес, Мыржық тауының ішінде, інісі Ырысымбеттің ағаштан тұрғызған қыстауы, ағаш үйі Дастар тауының ішінде жарқырап тұрған. Оның тағы бір ғажап ісі Қарқаралы төңірегіндегі қаптап жатқан кен орындарын зерттеп, одан металл балқытып шығаруды өнердің бір түрі деп түсінген.

Осыған орай, 1856 жылы 12 маусым күні Сібірдің генерал-губернаторы Босфортқа арыз жазып, кен балқытып шығару туралы рұқсат сұрайды. Арызында айтқан: Сібір өлкесіне қараған қазақ даласында ескі кен орындары орасан көп. Оны зерттеп байқаса, одан алтын, күміс, жез, қорғасын тағы басқа түрлі металдар көп шығатыны айдан анық. Осыны іздеп табуға, қорытып металл алуға, тау заңының ережелерін көрсетіп, пайдалануға еркі бар екенін айтып арыз жазған. Аяғына «Нұрбике-Шаншар болысының ел басқарушысы» деп мөрін басқан. Арыздың бұрышында сол кездегі ұлықтардың біреуі Тәттімбеттің кім екені туралы түсінік жазады. Қарқаралы аймағының биі Нұрбике Шаншар елінің жүзбасы. Қазір қызметтен бос. Саудагерлер гильдиясына жазылмаған, бірақ ел ортасындағы беделі күшті. 1842 жылдан 1854 жылға дейін Нұрбике — Шаншар елінің ел билеушісі болды. Осы жылы өзінің өтініші бойынша қызметтен босатылды. Демек, кен жұмысымен шұғылдануы ел билеу ісінен босанып қалған соң ойға түскен нәрсе. Ол жылдары Шыңғыс Уәлиханов та орнынан алынып бос қалған.

1855 жылы Орта жүзден Петерборға елші болып барғандардың ішінде Тәттімбет те болған.

...Тәттімбет орта бойлы, жарқын жүзді, көркем кісі болған. Сыртына киетіні алтынмен кестелеген жарғақ тон, қыстыгүні қамқа тон, басында пұшпақ бөрік, аяғында көксауыр етік. Киімі қандай көркем болса, ат-тұрманы да сондай көз тартатын болған. Тәттімбеттің осы бейнесін 1846 жылы Түндік өзені бойында А. Янушкевич көреді. Халық аңызының суреттеуінше де, Тәттімбеттің абыройы халық ортасында мейлінше күшті болған, ол әділдікті сүйген. Алшынбай мен екеуі кейде өкпелесіп қалса, Алшынбай ұзақ уақыт көріспей жүруге шыдай алмай, Тәттімбеттің үйіне өзі келіп, бас ұрып, онымен бірауызды болуды өзіне міндет еткен. Алшынбай қызын Құнанбайға бергенде, тойды басқарған — Тәттімбет.

Тәттімбет оған бар жан-тәнін салып, тойды қызық етіп өткізуге тырысады. Көптеген ғажайып күйлер тартады. Халықты ойын-сауықтың құшағына бөлейді. Құнанбай — Тәттікеңе алтынмен жапқан көркем сұлу тон кигізеді.

— Тәттімбет — дейді, — Ермағамбет, әрқашан Алтынбаймен қанаттас болған. Құнанбайдың әкесі Өскенбайға ас бергенде — ол асты басқарған Алшынбай, Тәттімбет, Байжігіт Тана би, Жанақ ақын. Ас Шыңғыс таудың өлкесінде өтпей, Қаракесек арасында Аққойтас өзенінің бойында «Сегіз ауыл» деген жерде өтеді. Асқа Үш жүздің баласы тегіс қатысады. Күтуші он екі болыс қаракесек елі (Бес Бошан, Қара, Шоржалықпас, Қамбар). Тәттімбет пен Жанақ ақын екеуінің басқаруымен аста неше алуан көріністер болған. Ән шырқалған, толқынды күйлер тартылған. Жан толқитын эпикалық жыр айтылған, балуан күресі, салдар ойыны, ат ойыны, ат жарыс, тағы басқалар.

Демек, Тәттімбеттің жақсы көрген дүниесі сұлулық, әсемдік, серілік. Домбыраны ол бала күнінен әдемі тартып үйренген. Бұл мұра оған ата-



бабаларынан, Шаншар елінің атақты серілерінен мұра болып қалған. Домбыраны ол бірінші рет ағасы Әліден, әкесі Қазанқаптың інісінен үйренеді. Тәттімбет сол жас күнінің өзінен тарихи заманнан қазақ музыкасында сақталып келе жатқан атақты күйлер «Бозайғыр», «Саймақтың сары өзені» (Хуан-хэ), «Азамат» (ескі күй), «Алшағыр», «Ақсақ құлан», «Ноғай-қазақ» (ескі күй), «Кер киік» (ескі күй), «Қашқан қалмақ» (XVIII ғ.), өзі шығарған күйлер «Жылқыда», «Қосбасар», «Балқылдақ», «Көкейтесті», «Терісқақпай», «Сары жайлау», «Сылқылдақ», «Бозторғай», «Балбырауын», тағы басқалар. Тәттімбет осы күйлерді Омбыдағы қазақ билері жататын үлкен үйде талай рет толғанып тартқан. Оның Омбыдағы жақсы тыңдаушылары: Құнанбай, Алшынбай, Мұса, Шыңғыс, Ыбырай Жайықпаев, Аққошқар, Секербай Малгелдин, Есеней, Қазанқап, Алшынбай, тағы басқалар. Осылардың барлығы Тәттімбеттің тартқанын орасан қадірлеп, оны бар жанымен сүйетін.

Тәттімбеттің шығарған күйлерінің ең ескісі—«Жылқыда». Атақты күйді бір жұт болған жылы шығарған.

Жас жігіт Тәттімбет қыста жылқысын ішке (орман ішіне) айдап, найман елінің ортасына барып тұрады. Онда жұт жоқ, жылқысы семіріп тойынады. Тәттімбеттің ол жердегі ісі — сауық құрып, елді қуанышқа батыру. Найман ортасында күйді әдемі тартатын бір домбырашы қыз бар екен. Бір күні Тәттімбет пен қыз екеуі күй тартып, бірін-бірі жеңе алмайды. Тәттімбет қырық күй тартады, соның бірі — «Сылқылдақ», найманның күйші қызына арнап шығарған, мәнісі консонанс — көп үндерді бірыңғай құйылып, судың ырғағы сияқты сылқылдап шығуынан қойылған. Демек, күйдің көп үнмен қосылып әдемі тартылуында. Сондай бір күйді «Былқылдақ» деген атпен Есіл бойындағы бір сұлу қызға арнап шығарады. Ойды толғандырып жай-күйіне үлкен әсер беретін күйлерінен мөлдіреп тұратыны «Тоғыз тарау Қосбасар», «Сал Қоңыр», «Балбырауын», «Терісқақпай» бәрі де төгіліп мөймілдеп, кісіні шабытқа келтіретін киелі күйлер. Солардың ішінде аса шарықтап шығатыны — «Саржайлауы». Бұл байтақ сахараның жойқын толғауы, әдемі үнімен кісіні еріксіз өзіне тартатын, терең ойлы, көңіл қуантатын, ауыз тұщитын, бақыл күйі. Тәттімбеттің күйлерін мәдени мұра етіп көпшілікке таратушы күйшінің ардақты әрі дарынды ұрпақтары, оның ішінде, кенже інісі Жақсымбет (1829 — 1919 жж.), балалары Мұсатай, Исатай, немерелері — Бекен, Зікен.

Жақсымбет — ол да атақты домбырашының бірі, ескі заманның күйлерін асқақтата тартып, оларды қартайғанша есіне сақтап, біздің заманымызға дейін әкеліп жеткізеді. Тәттімбеттің күйлерін елегізге еркін тартатын домбырашылар Беген мен Зікен, Тәттімбеттің баласы Қисатайдың ұлы, Баян тауындағы әнші Мұстафаның апасы Ақбеттен туған.

Тәттімбеттің бір ұрпағы — Ахмет Ысмағұлов, Жақсымбеттің немересі. Онымен жазушы Сапарғали Бегалин көрісіп, күйші баласы туралы бір неше жаңалықтар жазып алған. Ахмет жас күнінде атасы Жақсымбетті жақсы білген.

— Менің атам күйші ағасын есіне түсіргенде талай таңсық нәрселерді айтушы еді. Күйші бабамның саусағы домбыраны қалай соқса, одан тамылжып шығатын күйдің үні толқынлатып сайрай жөнелетін. Мұны Жақсымбет немересі Ахметке әңгіме қып айтқан.

Тәттімбеттің асқаралы күйіне бәйек болған күйшінің бірі — соқыр Жомарт,

қай ел екені белгісіз. Бірақ оның тартқандары Тәттімбеттің ұрпақтары тартқандай таза емес, кемшілігі көп болған. Тәттімбеттің ұрпақтары оны біраз сынап, кемшілігін түзеп отырған.

Революцияның алдында да, кейін де Тәттімбеттің күйлерін сәулетті етіп тартатын асқан домбырашылар: Нұркен Шыңтеміров (1870 ж. туған), Ғаббас Айтпаев (әнші, күй тартушы), Мақат, Әбікен Қасенов. Кейінгі заманда Тәттімбетті еске түсіретін оның жерлестері Қыздарбек, Ақан, Тұрысбек Түсіпбеков, тағы басқалар. Осылардың күйшіні ұмытпай, оның ғажайып күйлерін көпшілікке тартып жеткізу арқылы Тәттімбетті қазір бүкіл Қазақстан біледі.

Тәттімбеттің халық мәдениетіне келтірген мұрасын, оның ұлы қазына, тарту екенін бірінші рет жарқын түрде сипаттаған асқан ойшы, халықтың сүйікті ұлы — Біржан сал. «Біржан сал мен Сара айтысында» ол туралы былай айтқан:

*Тәттімбет арғындағы ардагерім,
Қырық түрлі күй тамызған саусағынан.*

...Бұл туралы Арқаның Кеңес дәуіріндегі бір ақыны айтқан ғой.

*Күйші жоқ бұл Арқада Тәттімбеттей,
Төгілткен күй толқынын бір мүдіртпей.
Сарнатып «Сары өзенді» тартқан кезде,
Сұлу қыз кете алмапты бір тұнетпей.*

Осыларды бір сөзбен айтқанда, бүгінгі дәуірде Тәттімбеттің, Біржан салдың, Құрманғазының, Ақан серінің қазақ халқының тарихына, мәдениет мұрасына, өнер саласына келтіретін үлесі орасан зор, оны бүгінгі мәдениетті жұртымыз жақсы түсінеді.

Әлкей МАРҒҰЛАН


Дереккөз: Марғұлан Ә. Шығармалары. — Алматы, 2007. Т.2. — 432 б.

БІРЖАН САЛ

Біржан бұрынғы Көкшетау ауданы, Ақсары болысының ішінде Бурабайға жалғас қалың тоғаймен қоршалған айдын шалқар Жөкей көлінің жағасында дүниеге келген. Көкшенің сексен көлдерінің бірі Жөкейге жақын төңіректен суы күмістей сылдырап мөлдір бұлақтар ағады. Соның бірін осы күнге дейін ел Қожағұл бұлағы деп атап келген. 1870 жылдары Көкшетау дуанының жері мен елін аралаған Батыс Сібір өлкесінің жер-су мекемесінен келген И.Я.Славцов дейтін агроном, 1824 жылы Көкшетау дуаны ашылатын жиында Ақсары болысының беделді биі Қожағұл Дербіс баласын атайды. Оның ауылы Қожағұл бұлағының бойында дейді. Бұлақ пен Жөкейдің арасы он шақырымнан аспайды. Мың жарым жылқы біткен, Қожағұлдың қысқы күнгі мекені көл мен бұлақ төңірегі болса, жазғы жайлауы одан алыс кең жазықтағы Мамай көлі, Майлысар алқабы екен. Бір жағы — айдын шалқар көл, сыңсыған қалың орман, екінші жағы — сылдырап аққан ерке бұлақ, үшінші жағы — кең жазық, малдың өрісі, төртінші жағы — Көкшенің биік те кербез шың-шоқыларымен жалғасып жататын қырқа, адыр, төбелер — барлығы да адам қолдан жасағандай әсем бір поэзиялық дүниедей сұлу жер болашақ дарқан ақынның әсемдік қиялын еріксіз тербесе керек.

Біржанның ататегін, кейінгі ұрпақтарын елдегі қариялар да, Қарта мен Есім де кеңінен таратып баяндайды. Біржанның руы — Керей, Керей ішінде — Ақсары. Ақсарыдан — Нұралы, Нұралыдан — Батыр, Батырдан — Кенже, Кенжеден — Бертіс, Бертістен — Қожағұл, Қожағұлдан — Тұрлыбай, Тұрлыбайдан — Нұржан, Біржан, Біржаннан — Теміртас, Калікен, Асыл, Ақық, Теміртастан Мұхаметқали мен Жамал туған. Қожағұл — Біржанның ұлы атасы. Қариялардың айтуына қарағанда, Біржанның әкесі Тұрлыбайдан гөрі елдің билігіне, шешендік сөзіне үнемі араласқан ұлы атасының тәрбиесін көбірек көріпті. “Жақпадым өзім әкем Тұрлыбайға” деген Біржан сөзі бір тоға, бірбеткей әке мінезіне наразылықтан туғандығы сөзсіз. Оның бер жағында Тұрлыбай ерте өліп, Біржан атасының қолында баласы атанып кете барған. Жоғарыда аталған И.Я.Славцовтың дерегінде Қожағұлдың фамилиясын Дербіс деп атаған, ал қариялар Бертіс дейді. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін ажырата алмадық. Бертіс дегенді сол кездегі тілмаштар “Дербіс” деп бұрып жаза салуы да ықтимал.

Біржанның арғы аталары XVIII ғасырдың ақырында бұрынғы Қызылжарға (Петропавл) қарасты Ақ Қосақ болысындағы қалың керей ішіне көшіп, осы Жөкей көлінің төңірегіндегі рулас ақсары ортасына келіп орналасқан. Керей ішінедегі Нұралы Көшекпен тарайтын ауылдар қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданының жерінде де, Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданының Біржанның туған жерінде де бар. Біржан да, оның әкесі Нұралы, бабасы Қожағұл басқа ағайындары Қызылжар жағындағы ағайын-туғандарымен үнемі сапырылысып, араласып, олардың



қысқы мекені — Жайсаң қорығы мен жазғы жайлауы Қайранкөл өздерінің Жөкей мен Мамайкөлі сияқты болып кеткен. Біржанның:

*Ақсары, Тоқсары мен екі сары,
Үш жүздің болысына болдым дәрі.
Құдайберді Көшектің баласы едім,
Қызып кетсем сөйлеймін одан да әрі, —*

деген өлеңі ата-бабасының қайдан, қалай тарайтынын есіне түсіруден туған. Қожағұл Біржанның өзі айтқандай, дәулетті ел жұмысына араласқан білікті шешен, белді адам болыпты. ...Ол сақталған сөздердің кейбірін Біржан айтып таратса, енді бірталайын Біржанның серіктері, құрбылары айтып таратқан. Қожағұлдың мәмлесінен тараған бір сөзді керей Соқырбайдікі дейді:

*Бай болам десең, ерте тұрып малыңды бақ,
Кедей болам десең, төсеніп ұйықта да жат.
Батыр болам десең, қаруланып жауға шап,
Жаман болам десең, көрші туысқаныңмен
күнде ұрыс та жат.*

Атығайдың Қожағұлмен замандас мықтысы Аңғал батыр болса Біржанмен тұстас Өтетілеу, Күшен, Бабаназар, Шағырай, Бабай, Тоқсанбай, Байман, Сатбай, Кеженбай, Оразалы, Қосдәулет деген шешен билер екен. Бұлардың кейбірімен (Бабай, Шағырай) кейін Біржан өзі өлең өнер жарысына түсіп, құрбы-құрдас болып кеткен.

Біржанның атығай ішінде жақын араласқан адамының бірі — Байқожа Тәнті баласы. Оразалы, Байқожа да Біржанның аталарындай Қызылжар жағынан қоныс аударып келіп, Көкшетау, Бурабайдың баурында Қызылағаш деген жерден мекен теуіп жомарттық, өнерпаздық салтанатын құрыпты. Ағайынды Жанқожа мен Байқожа екеуі екі жолға түскен. Жанқожа байлықпен болыстық жолына салынып, елдің партия дау-жанжалына араласып кетсе, Байқожа серілікпен өмір өткізіпті. Ол да Біржан сияқты дәулетін өнер жолына жұмсап, елдегі ақын-әншілерді үйіне жинап алып немесе салдарша сән түзеп ел кезуді әдетке айналдырған екен. Байқожаның баласы Бекахмет те өз заманында атақты әнші сері. Біржанның да, Ақанның да «батасын» алып, қасына еріп жүрген дарқан өнер иесі. Біржан мен Ақан жайындағы естелік әңгімелерін айтқанда, қызықты жастық дәуірін сағынғандай көзіне жас алып, әрі мұңайып, әрі көңілі өсіп бір жасағандай рақаттанып, әрбір әңгімесін шырқап, ән салумен аяқтаған өнер үлгісін бала кезімде талай естіп тыңдағаным бар.

Бекахмет 30-жылдарда жасы сексенге жақындай келіп, қайтыс болды.

Көкшетау төңірегінде, одан асса, қазақ даласына даңқы жайылған Шал, Шөже, Орынбай, Нүркей, Тоғжан ақындар Біржанның бала кезінде ұстаз тұтқан өнерпаздар. Себепсіз, үлгісіз талант оянбайды, өнер тумайды, ақындық-әншілік те сондай, қызықты өнер жолы әрбір жасты еліктірмей қоймайды. Біздің жоғарыда айтып өткен атасы Қожағұл араласып жатқан қоғамдық, үй-ішіндегі, ел ішіндегі, өнерпаздық орта оның ақындығына елеулі түрткі болса, ең бастысы, өзімен ауылдас, жерлес Орынбай, Шөже, Арыстан сияқты майталман ақын-әншілердің өнерпаздық үлгісі, әсері бәрінен де күшті болғаны даусыз.



Біржан Қызылжар жағындағы атығай арасынан ақынның, Көкшетаудағы Орынбай, Нүркей ақындардың қасына еріп жүріп, оларды ұстаз тұтып, солардың сынынан өткен көрінеді. Біржан өзінен үлкен ақындардың импровизаторлық өнерінен үйрене отырып, өзінің асқақ үнді әншілік қабілетін жетілдіре береді. Біржанның сал-серілікпен ел кезуге түскен жүріс-тұрысын ағалары Ержан мен Нұржан ұнатпаса да, Қожағұл оған тыйым салмаған. Ырғағын тоқсан құбылтып, әсем әуенін серпінді де, толық күшті дауыспен шырқап, құйқылжытып салған кең тынысты әншілік өнері ойын-тойға, жиын-думанға жиналған халықты қайран қалдыратын болған. Біржанның дауысы керемет зор. Әнді шырқай салғанда, бесалты шақырымдағы ауылдар түгел естіп, қайран қалып, жым-жырт болып тыңдайтын еді.

*«Мүсеке, біздің әнге кенелерсің,
Әнімді естігенде бұлбұл дерсің.
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,
Бұл үйдің сындырайын терезесін».
Шорманның Мұсасына осылай айтса,
Ортаңды түрлендіріп ән салғанда
Біржанға қалушы еді таласып-ай, —*

Ысмайыл Тұранов та, Бекахмет те ән шырқаған уақытта, оның әнінен отырған үйдің түндігі желпілдегендей, басындағы тақиясы төбесіне әрлі-берлі ойнап билегендей болушы еді дейді. Төмен облысында тұратын Біржанмен мәжілістес болған 96 жастағы Омар қария да, Ыбырайдың жолдасы Молдахмет те Біржанның үздік әншілігін әңгімелей отырып: «Шыңғыс төренің үйінде Орынбайдың шешен тапқырлығына, Біржанның әншілігінен қазақ баласында тең түсер жан бар ма?» деген әңгіме болғандығын, сонда Орынбаймен таласар Арыстан, Шөже, Тоғжан, Жанақты атаса да, Біржанмен таластырар жан таба алмаса керек. Сонда Біржан өзі отырып: «Түбінде бәрімізден озатын мынау жас пері Ыбырай болады», — деген екен. ...Біз Сарыарқада Біржаннан бұрын Толыбай деген салдың есімін, сол тұстас Әздембай Шәрке деген салдардың есімін жақсы білеміз. Мұндай сал-серілер көшпелі қазақтың ішінде ерте кезден бері болғанымен, олардың өмірі мен өлеңі жөнінде деректер аз сақталған. «Қыз Жібек» жырындағы Шеге мен Қаршыға ақын-жыраудан гөрі сал-серіге ұқсайды. Біз сал-серілердің орта ғасырдағы Еуропаның сал-серілермен (рыцарь, трубадур) ұқсастығы да жоқ емес деген кейбір болжамдарды еске түсіргенбіз.

Рас, Біржан, дәулетті отбасында туып-өссе де, ол өз дәулетінің мастығымен қазақтың жүн жеп, жабағы құсқан байларындай отырып қалмай, сол дәулетін жұмсап, ақындық өнеріне кең жол аша береді. Біржанның жас кезінен бізге жеткен ең алғашқы өлеңі «Біржан сал» деп аталады.

*Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын...
Жасым бар жиырмада, жасырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.*

деген өктем сөзді өзінің ақындық, әншілік құдіретіне және турашыл, сыншыл ойына берік сеніммен айтады. Ол өзінің аспанға самғаған сұңқардай



дүниеде еркін жүріп, әнін шырқаған уақытта патшаға да бас ұрмайтын тәкаппар екендігін тебіреніп толғайды. Біржан жасы отыздың ішіне толық кірген шағында өз төңірегіндегі Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын кең аралап, сауық-сайран құра жүріп, жәрмеңкесі, ойын-сауығы, өнер өрісі мол Омбы, Орынбор, Семей елін де, Торғай, Тобыл бойындағы, Ұлытау, Ақтау, Ортау бойындағы қалың елді де аралап, өзінің алуан түрлі тамаша ән-өлеңдерін айтып таратады. Біржанның айналасына жаңа ақын-әншілер, өнерпаздар топталады. Бірқатары Біржан бастаған әншілік ақындық өнерді әрі қарай дамытып әкетсе, енді бірқатары Біржанның айналасында топтасып, серіктесіп жүрді. Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ыбырай, Бейбіт, Ғазиз, Иман-Жүсіп, Кемпірбай, Сарыбай, Шашубай, Ағашаяқ, т.б. атақты ақын-әншілер Біржанның мектебінен өрістеп, өнер қанатын жаяды. Біржанның ақындық, әншілік өнерін, ол заманда сүйсініп, танымаған адам сирек. Өзі ақын, әнші, Көкшетауда Шыңғыс әулетімен бақ таласына түскен Байтоқа баласы Зілғара да Біржанды мезгіл-мезгіл шақырып алып, бірде қасына ертіп Орынборға алып барыпты. Зілғараның жасы Біржаннан үлкен, ал Орынбай, Арыстанмен құрбылас.

...Біржан, Ақан сері, Ыбырай, Балуан Шолақ сияқты сал-сері ақындардың творчествосына тән бір ерекшелік — өздерінің әншілік өнер дүниесіне жақын нәзік сезім күйлерін зор ақындық шабытпен тебірене жырлайтындығы. Ойын-сауық думанға әсем көрініс жүріс-тұрыстарға, махаббаттық драмаға, көңіл күйінің құпия сырларына толы өмірлік құбылыстарды шебер жырлап, алуан түрлі әсем әншілік, лирикалық сырын жасау Біржан ақындығының биік бір асуы болып табылады. «Көкек», «Бурылтай», «Алтын балдақ», «Ләйлім шырақ», «Жамбас сипар», «Телқоңыр», «Көлбай-Жанбай», «Айтбай», т.б. ән, өлеңдері, Сарамен айтысы Біржанның поэзиясының мықты бір саласы.

Рас, Біржанның лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сырлы күйлерінен туып дамыған. «Жамбас сипар» — жастық дәуренді аңсаған әсем де ерке әннің бірі. Жастық пен кәрілікті шақ салыстырған ақынға, әрине, «серттен тайған», «келін, балаға жақпас» кәрілік шақтан гөрі есерлікпен ел кезіп, сұлулармен сырлас болған романтикалық өмір қызықты да. Бәрі де жарасымды, бәрі де әсем. Біржанның лирикаларында ғашықтық, махаббаттық сарын елеулі орын алады. Тіпті «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай» сияқты әзіл-қалжың аралас өлеңнің негізгі сарыны шідерді жоқтауда емес (кейбіреулер солай түсіндіреді), шідерді сылтауратып, Ләйлімге көңіл күйін білдіруде. «Ақтентек», «Көкек», «Алтын балдақ», «Айтбай», «Жайма-шуақ», «Ғашық жар», «Мәті-Дәулен», «Бірлән», т.б. өлеңдерінде жастық, махаббат, достық сезім күйлерін шертеді.

*Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,
Алдымнан шықты сәулем аппақ шапақ.
Кигені қара кәмшат оқалаған,
Басында бір шоқ үкі бұлғақтаған.
(«Алтын балдақ»)*

*Ішінде осыншама формаң бөлек,
Жаратқан Құдай артық жалғыз сәулем.
(«Мәті-Дәулен»)*



Аты жоқ құс болады көкек деген, —
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда ұш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып сенен сәулем кетем деген.
Кім сүймес шешек атқан көкек айын,
Бейне жаз менің сүйген сәулетайым,
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен,
Ей, көкек, ұшып барып білші жайын.
(«Көкек»)

деген өлең жолдарында «ерекше жаралған», таң шапағындай жарқын, жаз көркіндей құлпырған сұлу сәулені аңсаған жігіттің — лирикалық кейіпкердің шынайы махаббаты шебер жырланады.

«Телқоңыр», «Бурылтай», «Ақсеркеш», тағы басқа ән өлеңдері мен айтысында жүйрік жорға, сұлу аттардың көркем тұлғасы елеулі орын алады. Сұлу ән, сұлу жыр, сұлу ат — ер жігіттің зор мақтаны. Біржан да бұған зор мән берген, құйрығын талдай өрген жорғаны шайқалта сау желдіріп, терең сайдағы судан жалдай өтіп, қалқатайдың аулына келетін Әсемкермен жарыста, желісте жүлде бермес, жорға, жүйрік Ақсеркеш, Қырғынкөктің баласы Телқоңыр, Сұржорға, Бурылтай — бәрі де Біржан лирикасының кейіпкерлері. Қайда жүрсе де қызды ауылды кезіп бара ма, той-думанда сүйгенін іздей ме, әйтеуір ол астындағы әсем де сұлу атын айтпай өте алмайды. Ақын кейде жүйрік жорғаны жігіттік өмірге, жастық дәуренге, дарқан ақындыққа балайды. Жастықты, әнші-серілікті, ойын-сауықты, махаббатты, жүйрік-жорғаны қызықтып жырлағанда, ақынның қайта-қайта тоқталатын тағы бір түйіні — жігіттік арман.

Ақын жігіттік туралы ойлары есейген шағында, «Жамбас сипар», «Талай заман» өлеңдерін шығарған сияқты. Ол:

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып.
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,
Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық.

Ер жігіт дүниені кезген артық,
Дүниенің не бар-жоғын сезген артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап тәуекел деп, төзген артық,—

деген толғауында жігіттікке тән талапкерлікті замандасына, жас қауымға үлгі етіп ұсынады. Жігіттік сонымен бірге дүниені сайран етіп өнер үлгісін шашқан өз өмірінің сәулесіндей, оны әрі өкініп жоқтайды, әрі мақтан етеді. «Жиырма бес қайта айналып келмес саған» деген сарынға оралғандай. Тағы да жігіттік дәуреніне қош айтысқан мұңды сөзбен:

Қарайып қара көлде қамыс қалды,
Ауылы гашық жардың алыс қалды.
Ауылы гашық жардың алыс қалса,
Сағынғаннан қараумен көзім талды, —



...Міне, бұл — ақындық ой мен өнердің толыса бастауының бір белгісі. Осы толысу процесі Сарамен айтысы кезінде кемелдене түседі.

Біржанның творчествосына байланысты ара-тұра дау тудырып жүрген бір мәселе Сарамен айтысы жөнінде. Профессор Б.Кенжебаев, әдебиетші, ғалым Қ.Мұқамедханов және басқалар: «Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса да дәл осындай көркем емес, мұны өз жанынан шығарып жазған — Әріп Тәңірбергенов», — дейді. Келтіретін дәлелдерді революцияның қарсаңында кейбір адамдардың «осыны Әріп шығарса керек деген бір-екі ауыз жорамал сөздері ғана. Осы айтыстың авторы екендігі туралы оқыған адам Әріптің өзі бірауыз сөз жазып қалдырмайды. Тіпті Әріп бастырды деген нұсқада аты жоқ. Даудың дәлелсіз бір жағы осындай. Ал Біржанның творчествосын зерттеуші және өмірбаяны туралы мол деректер жинаушы Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Есім Байболов, Ғали Әбетов, Б.Г.Ерзакович, Қарта Қаңтарбаев және басқалары Біржан мен Сараның кездесіп айтысқандығына көптеген факті мен дәлелдер келтіреді. Сәбит Мұқанов 1938—39 жылғы Қ.Бекхожинмен бірге жариялаған әдебиет хрестоматиясында және ақындар айтысы туралы Біржан мен Сараның айтысқаны рас екендігін дәлелдеген алғашқы пікірді айтты. Сәбит Біржанның қасына атқосшы болып еріп барған ағасы Нұржанның баласы Ахметжанның сөзін келтіреді.

Мұхтар Әуезов Біржан мен Сараның айтысқанын толық мақұлдап келіп, мұнда Әріп айтысты жазып алушы ғана деп түсіндіреді. «Анығында, — дейді Мұхтар Әуезов, — Біржан мен Сараның айтысы болған, бірақ толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі түпнұсқасы толық сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясын айтып беруші Сара болды. Ал кейін сол Сараның айтысқаны да көпке шейін ауызда жүреді. Көп айтушы ақындардың аузынан өтеді. Сол тірлігінде хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының, ең алғашқы хатқа түсірушінің бірі — Әріп».

«Біржан — Сара» айтысының бір нұсқасы Мұхтар Әуезов айтқандай, Әріптің өңдеуінен өтуі ықтимал. Біз де Біржан мен Сара айтысқандығын, оған байланысты ел аузында сақталған әдеби, тарихи деректердің молдығын еске ала отырып, бұл жөнінде әдебиетші, ғалым Ғали Әбетовтің зерттеуі нағыз ғылымға сүйенген толық дәлелді екендігін мақұлдап мына жайларға назар аударғымыз келеді.

Біржанның Жетісуға барып Сарамен айтысқаны жөнінде ел аузында сақталған деректер қандай? Ең алғашқы дәлелді дерек келтіруші С.Мұқанов Біржан әуелі Абай ауылы — тобықты елінде болып, содан кейін Балқаш көлінің төңірегіндегі елдерді аралап Жетісуға жетіпті», — дейді. Айтыс әні ауызша таралып, кейін жеке кітап болып жарияланған. 1898 жылғы кітапта былай делінген: «Әлқисса, Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан бастан-аяқ баян қылғаны, айтысқанның келер жылында». Бірақ айтысты Жүсіпбек Сарадан ертерек жазып алса керек.

...Біржан мен Сараның кездесіп айтысуына негізгі бір дәлел — айтыстың ең алғашқы нұсқасын Жүсіпбек қожа Шайхисламовтың 1897 жылы Сараның өз айтуынан жазып алғандығы. Жүсіпбек нұсқасы 1898 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Онан кейін Зайсан қаласынан жіберілген «Біржан мен Сара» айтысының екінші нұсқасы 1899 ж. жарияланды, Ғ.Әбетов Әріптің қолы қойылмаса да осы нұсқа Әріптікі болуы мүмкін,» — дейді. Бұл екі нұсқаның кіріспе мен аяқталуындағы Жүсіпбек қожа мен



Сараның өз сөздерінен басқа негізгі мазмұнында өзгеріс шамалы. Айтыстың шиеленісі, нағыз драмалық тартыс дәрежесіне кемел ақындық өнер биігіне көтерілген мезгілдері екі нұсқаның екеуінде де бірдей. Оны Жүсіпбек те, Әріп те өзгерте алмаған.

Ендігі бір сұрақ: «Айтыс қай мезгілде өткен?» Бұған әдебиетшілер әрқайсысы әртүрлі жауап береді. Сәбит Мұқанов: «Біржан мен Сара айтысы ХІХ ғасырдың 60-жылдарында кездесіп айтысқан болуы керек», — дейді. Есім Байболов: «70-жылдарда айтысқан көрінеді», — дейді.

Бұл мәселеге басқа әдебиетшілер үзілді-кесілді жауап бермейді. Айтыстың өзінде Біржан 38 жаста деген бар. Әдебиетші ғалым Балташ Ысқақов Сараны көрген адамның әңгімесін тексеріп, екеуінің айтысқанына және Сара 1910 жылдары 50-ге жақындап егде тартып қалған әйел екендігіне жаңа деректер келтіреді. Ал, Сараның өмірі туралы дерек жинап жүрген Т.Қалилаханов Біржан айтты дейтін мына бір өлеңді келтіреді:

*Мінеи, жасым асты отыз бестен,
Өткіздім сауық-сайран мен бір десте.
Найманға келіп сәлем берейін деп,
Еліңді іздеп келдім Ешкіөлмеске...*

Бұған қарағанда, айтыс 1889 жылы өткенге ұқсайды. Айтыстың соңындағы Жүсіпбек сөзінің арасына Абайдың 1886 жылы жазған «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» деген өлеңінен үзінді кіріп кеткен. Осы соңғы жорамалдың дұрыс екендігін Біржанның еліндегі қариялар да мақұлдайды. Егер Сараның бертінде жасағандығын, 1910 жылдар жасы қырық пен елудің арасына келіп қайтыс болғандығын рас дейтін болсақ, Біржан мен Сара екеуі ХІХ ғасырдың 80-жылдарында кездесіп айтысуы дұрыстыққа келеді. Сонда Сараның туған жылы 60—70-жылдардың арасында болады. Әңгіме Сараның бірер жасы артық — кемдігінде де немесе Біржанның кәрія жастығында да емес, екеуінің бірін-бірі тең тұтып, өнер жарысына әншілік өнеріне қарай егде тартса да дарқан ақын бейнесінде суреттелуі таңданарлық нәрсе емес. Қызу айтыс үстіндегі Біржанның:

*Күніне он көрінсе де айнымаймын,
Көк төбет болды деме мені, жаным, —*

деген сөзінде Сараға қарсы өзінің жасы егде тартса дағы қартаймағандығын аңғартқан дауы сезіледі. Біржанның Сарамен кездесуі 80-жылдарда өтуіне тағы бір дәлел — осы айтыстың алдында Абай аулында болуы. Бұл Құнанбайдың тұғырдан түсіп, Абайдың ақындық, шешендік, азаматтық даңқы бүкіл Орта жүзге жайылған 80-жылдардың орта кезі болады. Абайдың ақындық, композиторлық өнермен қатты шұғылданған кезінде ауылына Біржан келіп алты ай жатып кеткен. Бұл жайды М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясының ІІ кітабында тарихи шындыққа сәйкес өте дұрыс суреттейді. Айтыста Мұсаның баласы Садуақастың аталуы да 80-жылдарға дәл келеді. Сөйтіп, Сараның еліне Біржан Баянаула, Шыңғыстауда болғаннан кейін барған көрінеді.

Біржанның ақындығы, сөз жоқ, Сарамен айтыс үстінде айқын танылады. ...Біз әуелі Біржан мен Сара айтысының Әріп өлеңдерімен үндестігі, ақындық



өнер жағынан қайталап келетін тамырластығы бар ма деп қарастырдық. Бірақ ондай үндестік байқалмайды.

*Ей, достым, қапыл жатпа, басты көтер,
Көңіл көзі барларға бұл да жетер...
Көзіңе көрінбейді жиган малың,
Сүліктей сора берме елдің қанын...
Қорқыттай қазған көрің алдыңда тұр,
Жалғыз топырақ шашасың көпке неге,
Мысалы, дүние — теңіз, ғылым — кеме...*

80

Міне, Әріптің мұндай өлең, сөз өрнектерінен Біржан мен Сара айтыстарындағы ақындық өнер үлгісі байқалмайды. Әріп — оқыған, діндар ақын. Оның өлеңдерінде асқақ ақындық шабыт, романтикалық шарықтау, импровизациялық тапқыр сөз нөсері аз, онда ақыл айту, мінез-құлық түзеу, құбылысты сол қалпында прозалық үлгімен баяндау басым болып отырады. ...Біржан мен Сараның айтысы — Біржан ақындығының биік шыңы болуымен бірге, бүкіл қазақ ақындары айтысының да биік шыңы. Мұнда Біржан күшті ақындық өнері мен халық поэзиясын дамытып сол дәуірде туып қалыптасып келе жатқан жаңа жазба әдебиет өрнегімен ұштастыруға жол ашады. Біржан мен Сараның айтысы — мазмұны мен формасы сай келген күрделі көркем туынды, оның өмірлік, ақындық сырлары әдебиет жұртшылығын үнемі қызықтырып, толғандырып келеді. Біржан мен Сара айтысында негізгі көтерілетін мәселе — бас бостандығы, өнер, талант бостандығы. ...Мұны біз Шөже, Кемпірбай, Сүйінбай, Орынбай, Майкөт, Түбек, Жамбыл ақындардың айтыстарынан қандай айқын сезінетін болсақ, осы Біржан мен Сара айтысынан да айқын сезінеміз. Біржан алыс Көкшетаудан келгендіктен, Сараның мақтаған шонжарларын қолма-қол әшкерелерлік мін таба алмаса, ал Сара найман мен көрші отырған рулы ел билеушілерінің қылмысты қылықтарын бір талай өткір сынға алады. Біржан мақтаған Құсбек, Сартай, Құнанбай сияқты ұлықтардың сұмдығынан ел шошиды, дүрелеу, соттап жер аудару, ұл, қызды бәйгеге тігіп, құл, күң етуі, өз қызын өзі өлімге байлап беру т.б. сорақылықтарды Сара Біржанның бетіне шіркеу етіп тартады. Бірақ Біржан Сараның бұл тәсіліне баспайды, оны сүріндірер торды алды-артын орай әріден құрады. Біржанның айтыстағы кең өрісті ақындығы шығарманың тұтас композициясынан, өзекті идеясынан көрінеді. Біржан мен Сара айтысы белгілі бір сюжеттік тартысқа, уақиғалы әңгімеге құрылған драмалық поэма сияқты.

Әуелі айтысты жазып алушының немесе Сараның атынан Біржанның Сарыарқадан іздеп келіп, қай жерде, қандай жағдайда кездескені баяндалады. Қасында он жолдасы бар Біржан Сараны күтпеген жерден кездестіріп, айтысқа шақырады.

*Бұл қйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын — Біржан сері, —*

деп келген беттен Сараға өлеңмен шабуыл жасайды. Екеуі амандасып танысқаннан кейін дағды бойынша өзінің елін мақтауға, қарсы жағының мінін айтуға ойысады. Айтыс шиеленісі қызып, ақындық өнермен тең түсіп отырған, Сараны Біржан осал тұсынан ұстап жеңеді. Оның айтыстары



айттырған күйеуі өзіне тең емес, оған Сара қалың мал төлегендіктен еріксіз басы байланып отырған. Алыстан тор құрған Біржан, міне, осы жерде Сараны ғана емес, найманның шонжарларын да қатты сүріндіреді. Сондықтан жеңілген Сара кейін айтысты Жүсіпбек қожаға жаздырарда:

*Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмайды екен бір басының.*

*Болған соң тері-терсек ит те алады,
Бұлындай берекесіз арбашының.*

*Арғынға жол бермеген есіл тілім,
Күн өтпей қор боп шыққан қызыл гүлім.
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы өтті күнім, —*

деп мұңаюмен сөзін аяқтайтын болса, өзімен тең түсіп, ақындық өнерін танытқан Сараны Біржан да аса жоғары құрметтейді.

*Шырағым, Сара, сендей тумас бала,
Шежіре туармысың мұндай дана.
Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тастүлек тұрымтайдай екі көзің...
Есімбек, жоққа сатпа асылыңды,
Сыйлай гөр, қыз да болса нәсіліңді...
Законда қорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор ғып болмас бір жаманға...*

деп, оған жақсы сөзін арнайды. Сара мен Біржанның осы бір сөздерінде айтыстың негізгі идеялық түйіні жатыр. Найманның шонжарлары еріксіз торда ұстаған бұлбұл Сара тең түсер өнер жарысында ақындықтан мүдірген жоқ, әттең, басы байлаулы, тілі күрмелерлік халге душар болғандықтан, ол Біржан сияқты еркін көсіліп айтыса алмайды. Оның жолын қазақтың ескі әдет-ғұрпы, Есімбек, Тұрысбек сияқты шонжарлар торлап тастаған. Бұлқынарға, Біржан сияқты ел кезіп өнер жолын қуып кетуге еркі жоқ. Бас бостандығы жоқ адамның өнер бостандығы да жоқ. Олай болса, Біржан да, Сара да екеуі бірдей бас бостандығын, өнер бостандығын көксеп отыр. Біржан сыпайы айтса да, Көкшетауда Жанбота ман Азнабайға арнаған ызалы-кекті сөзін енді найманның Есімбек, Тұрысбек сынды жуандарына арнап: «Сараның көз жасына, обалына қалмаңдар, заңда да, шарифатта да зорлық-зомбылық жоқ, өнер иесіне жақсы адамға еркіндік берілсін» деген талапты ұсынады.

...Айтыстың қалай өтіп, немен тынғаны Сараның атынан баяндалады дедік. Өйткені бұрынғы, соңғы ақындардың дәстүрі бойынша айтысты жаттап, ел арасына жаюшы жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет, парыз саналған. Бұл — ақындық ар-ұжданның ісі, өнерді бағалаудағы әділдік таразысы. Мен жеңдім деп әр ақын, өз атынан мақтана бермес үшін, бұл өте жауапты міндетті жеңілген ақынға жүктеген.

Міне, сол дәстүрге берік Сара бастан-аяқ Біржанмен айтысын Әріпке жырлап берген. Сондықтан да айтыста Сара өзінің тамаша ақындық, әншілік



тұлғасын, сұлулық кескін-келбетін келістіре жырлаумен бірге өзімен қарсы айтысып жеңілген Біржанның ақындық, салдық, әншілік тұлғасын да елететеді:

*Сал Біржан домбырасын көкке сермеп,
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек.
Сөзіме ызаланып алғаннан соң,
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп...*

Сараның суреттеуінде Біржан осылайша әнін түрлендіріп, аспанға өрлете шырқайтын, жүрген жерін сауықпен, қызықпен дуылдатып «Орта жүзді әнмен сандалтып», толықсып, төңкерілте ән салатын, жас күнінен өнері асқан ардагер, оның әнінің «бұрмасына» қазақ баласы сүйсінеді. Әнінің толқынымен Ешкіөлместің бауыры күңіреніп күй шерткендей.

...Біржанның әрбір сөзінде дамытылып жымдастырылып шебер қиюластырып қолданылған сөз өрнегі, теңеу, салыстыру, бейнелеу ұлғайған метафора тағы басқа көріктеу құралдары бірінен-бірі асып түсіп жатады. Тіпті сол кездегі айтыс ақындарының ешбірі жеткізіп бере алмайтын поэзиялық сөз өрнектері де мол кездеседі. «Асықша ақжамбыны сұлуға айттым», «Қанды көз май жеп алғыш ақ иықпын»

*Ақ марал, осы жолы жығылмай кет
Алтайдың душар болдың мергеніне" ...
Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті...
Қанытын күн шалмаған ақтұйғынның,
Жапалақ иемденер басқан ізін, —*

деген көркем де тапқыр ақындық сөз өрнектері — бұл айтыстың тамаша шеберлік үлгілері.

Біржан — Сара айтысының басқа айтыстардан ерекшелігі — тек осындай мазмұны өмірлік сыры тереңдігінде, көркемдік қуатының күштілігінде болуымен бірге осы бір іші-сырты бірдей бүтін жымдасып келген драмалық поэмаға пара-пар кесек туындының ерте басылып, сол арқылы халық арасына кең жайылып, жалпы қазақ поэзиясына, ақындық өнердің дамуына орасан зор ықпал жасағандығында. ...Біржанның ән-өлеңдерінің ішінде ауыз әдебиетіндегі ежелгі қайым, қара өлеңнің дәстүрімен келетін өлең шумақтары кездеседі. Мәселен, «Біржан сал», «Жанбота», «Адасқақ» сияқты өлеңдері мазмұны мен әні бірдей қабысып келетін болса, бірқатар өлеңдерінің әні тамаша сұлу асқақ үнді болып келсе де, сөзі онымен пара-пар түспейді («Мәті-Дәулен», «Аққошқар» т.б.).

Біржан ақпа, төкпе және турашыл ақын болғандықтан, әр кезде әртүрлі жағдайға байланысты тосыннан айтып тастаған өлеңдерінде жағымсыз қылықтарды сықақтау кездеседі. Мысалы: “Бүгінгінің биінде ми қалмады”, “Есек озған заман болды” деп айтқан шенеуі. Байпақ байдың сараңдағын, Құдайберген тілмаштың менмендігін “Көтерем өгізге” теңеп ажуалайды.

Бабай мен қасқырды айтыстырған өлеңінің де сатиралық мәні күшті. Атығай елінің шешені Бабай (руы бабақ) мен қасқырды айтыстыру арқылы Біржан замандасы Бабайды ғана әжуалап қана қоймайды, елге тізесін батырған аға сұлтан қыпшақ Ыбырайды қасқыр бейнесінде суреттейді. Ыбы-



рай — Бабайдың қайын жұрты болса да, бірде тату, бірде араздықпен күн кешкен. Бабай батыл шешендігімен, Ыбырай зорлығымен ел көзіне түсіп сөзге ілінген соң Біржан осы айтысты таратып жіберіпті. Ақын Бабайдың сөзі арқылы жұрттың малына жаудай тиіп, кәрі-жасын шулатып, мазасын алған қасқырды әшкерелей отырып, кісі өлімі деп Ыбырайдың Атығай еліне бүлік салған қылықтарын ақтарады.

*Қасқыр, сенің тілінде сенім бар ма,
Қыпшақтан жақсы көрер елім бар ма?
Аузыңа келген сөзді оттай бердің,
Болысымды тастап жүрген жерім бар ма?*

*Сен жылқыны көп жегенге құнығасың,
Жүнің қалың, аязға жылынасың.
Сен дағы ол жағына құлгенің не,
Енеңнің байы болып ұлығасың, —*

деп Ыбырайдың өз жақындарынан қыз алған оғаш әдетін де, Бабайдың ұлық алдында жалтақ халін де аңғартады. Біржанның мұндай сатиралық сарындағы өлеңдері Жанбота мен Азынабайды әшкерелеген өлеңдерімен үндес, сарындас келіп отыратындығы белгілі.

Біржан 1897 жылы 64 жасында дүние салған. Өлер алдында Біржан екі-үш жылдай ұзақ ауырып, қатты жан күйзелісіне түсіп, бірталай бейнет көрген. Міне, осы сырқат кезінде шығарған өлеңдерінде де Біржанның жастық шағын еске түсірген, өмірімен, замандастарымен қоштасқан, тірлікті, Теміртас, Асыл, Ақық атты ұл-қыздарын қия алмай аяушылық сезім білдірген жан-күйлерін шебер баяндайды. Бұл өлеңдерінің бәрінде де өткен өмірі туралы түйінді ойлары, жетім қалып бара жатқан балаларының тағдыры оны қатты толғандырғандығын сеземіз.

Біржанның сүйегі өзінің атасы Қожағұлдың зиратына қойылады.

Біржанның өзінен туған Асыл, Ақық атты қыздары мен Теміртас, Қалкен атты ұлдары ақын, әншілік өнерге онша қабілеті болмаған. Ағасы Нұржанның баласы Сыздықтан туған Мария кейін ел ішінде елеулі әнші болды. Бірақ осы өнер жолын қуып дамыта алмады. Біржанмен рулас, ауылдас белгілі әнші Бекеннің Хамиті деген болған.

Хамит әрі асқан үнді әнші, әрі революцияшыл от жігерлі ақын болып әлеумет өнер ісіне белсене араласады. Біржан, Ақан сері, Шолақ әндерін және өзі шығарған өлеңдерді ел ішінде ең көп таратқан — Хамит. Жиырма-ыншы жылдарда Атығай, Керей ортасында Хамиттің әншілігіне сүйсінбеген ел қалмады. Ел-жұрт Біржанның өнері осыған қонған, ол соның нағыз мұрагері деп аңыз қылатын.

Бірақ ерте қайтыс болса да, ол Біржан әндерін өз төңірегіндегі жастарға үйретіп, кең жайып, таратып кетті. Хамиттен де және басқа өнерпаздардан үлгі алған Еркесарының Мұқаны, Бекахмет қызы Мария Біржан әндерін тамаша жақсы орындайтын.

Біржанның әншілік, композиторлық өнерінен үлгі алып, үлкен білім жолына түскен сол ұлы өнерпаздың ағайыны, жерлесі Рамазан Елебаев еді. Оның өмірі мен творчествосы «Жас қазақ», «Жолдастар» сияқты Біржан әндерімен сабақтас екендігі қалың жұртшылыққа мәлім. Белгілі музыка



зерттеуші ғалым Б.Г.Ерзакович «Жас қазақты» лиризм мен драматизм мотиві бірдей күшті эпикалық аңызбен ұштасып кететін тамаша күрделі әндердің бірі деп қарайды.

Сонымен Біржанның ақындығы, әншілігі, композиторлығы — біздің мәдениет жұртшылығымызға толық танылған, жаңа мәдениетіміздің сарқылмас асыл қазынасына айналғаны тарихи шындық.

...Біржан бұрынғы-соңғы қазақтың сал-сері ақындарының ағасы, ұстазы, жаңашыл өнерпазы. Өйткені сал-сері ақындардың поэзия мен музыканы, халықтың ойын-сауық өнерлерін ұштастыра біліп, жаңа көркемдік мазмұнмен дамытуға жол ашқан жаңашылдық сипаты да, қалың бұқараның азатшыл, әділетшіл арман-күйлерін жырлаған өршіл сарындары да Біржанның творчестволық дүниесінен толық табылады. Демек, Біржанның ақындық шығармалары өзінің өмірлік сыр-сипаты жағынан қазақ әдебиетінде бұқарашыл, прогресшіл тенденцияға саяды.

Есмағамбет ЫСМАЙЫЛОВ

Дереккөз: — Кім.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. — Алматы, 2006. Т.5. — 387–404-бб.

ЖАЯУ МҰСА

Жаяу Мұса — бір кезде қыр-сахараны әнімен күңіrentкен атақты әнші-серілердің бірі. Және ол тек қана әнші, сері болып қалмаған. Дүниені жақсы танып, өзі жасаған заманына терең сын көзімен қарап, еркіндікті, әділетті көксеп өткен кісі. Бұрын әділеттің ұшқыны жоқ зұлымдық бел алған заманда, Жаяу Мұса — ж ауыздықпен жалғыз жүріп алысып, бар өмірін халық мүддесін жоқтау жолында сарп еткен белгілі қоғам қайраткері. Жаяу Мұсаның бұл азаматтық, адамшылық, ерлік істерін әдемі ашық суреттейтін мәліметтер тіпті аз емес. Оны өзінің қолымен жазған дәптерлері, халық жыры, архивте сақталып келген жазулар толық сипаттап бере алады.

*Бұл — Жаяу өнерімен дүние кезген,
Алдағы болашақтың бәрін сезген.
Қан ауыз қабандарға қарсы тұрып,
Өсірмей бұл сорлыны таптап езген, —*

дейді халық жыры.

Жаяу Мұса туралы бұл күнде көптеген мақалалар, ұсақ кітаптар жарыққа шықты. Бірақ олардың көбі тарихи деректерге негізделмей, бір ғана жүйрік ойдың жемісі ретінде, жорамалмен жазылған. Соның бірі — Жаяу Мұсаны оның әні ана сүтінен шықпаған кезіндегі оқиғаларымен байланыстыру — сол үшін Мұсаны он екі жылға Тобыл қаласына айдауға жіберді деп жорамал жасау. Бір жақсы жері — бұл болмаған нәрсеге күдіктене қарап, оны тарихи деректермен түзетуді өзіне міндет етіп қойған зерттеушілер де шыға бастады.

Жаяу Мұсаның өмірін тарихи деректермен анықтауды қолға алушы — соңғы кезде Б.Г.Ерзакович пен жас ғалым З.Қоспақов. Музыка тарихын зерттеуші марқұм Ахмет Жұбанов та осы әдіске ойысып келген еді. Б.Г.Ерзакович пен З.Қоспақов соңғы жылдары бірталай жаңа мәліметтерді жарыққа шығарса да, оларға әлі де болса көп уақыт көз жанарын шаршатып, архив бетіне төну керек болады. Өйткені Жаяу Мұса ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында қатты шу көтерген кісінің бірі екенін ұмытпау керек. Сондықтан оны білмеген кісі аз болған. Оны халық бұқарасы да, патша ұлықтары да, ғалымдар да жақсы білген. Жаяу Мұсаны аса жүйрік білген, әсіресе Ақмола мен Семей облысының губернаторлары Полторацкий, Проценко, тексеру полиция орындары. ...Патша ұлықтарымен, оның ішінде оязбен, жергілікті әкімшілік орындарымен аянбай күрескен Жаяу Мұса олар туралы жоғарғы орындарда халық атынан шағым-арыздарды да аз жазбаған. Ондай арыздардың көбінде дала уалаяты басқарған генерал-губернаторлар Кознаковтың, Колпаковскийдің, Таубенің шешімдері, бұрыштама жазулары кездесіп отырады. Колпаковскийдің шешімінде: «Мұса Байжановтың ісіне селқос қарамау керек. Тексеру жүргізу керек», — дейді.

Демек, Жаяу Мұсаның өмірін ашық, сипаттайтын жазба деректер өте көп. Бірақ өкінішті жері — терең зерттеушілер жеткіліксіз болғандықтан,



ол деректер бүгінге дейін жарық көрмей, мыңдаған архивтің ішінде көмулі жатқанын көреміз. Ондай жазба деректер екі саладан құралады: бірінші — көптеген архив документтері. Бұл сегіз жұмыста кездеседі, оның екеуі Омбы архивінде болса, қалған алтауы Қазақстан архивінде сақталып келеді. Екінші салаға кіретіндер — Жаяу Мұсаның өз жазулары, оның естелік дәптерлері. Жаяу Мұса көзі ашық, оқыған кісі болғандықтан, естелік дәптерін 1879 жылдан бастап 1925 жылдарға дейін жазып отырған. Мұндай дәптерлер онда бесеу болған, Олардың ішіндегі ең тамашасы 1879 жылы жазылған бірінші дәптері. Мұнда ол өзінің 1850—1880 жылдар арасындағы өткен өмірін жақсы айтып берген. Бұл дәптер қазір Қазан университеттің қолжазбалар бөлімінде сақталып тұр (№1288). Оған кіретін өзге жазулар:

Бірінші дәптері: 1) Баласы «Бөрібай»; 2) Дүниенің жаратылған оқиғасы; 3) Олжабай (поэма); 4) Қоңтажы әңгімесі (Ақтабан-шұбырынды кезі); 5) Қолбасылар хикаясы (Олжабай, Едіге би); 6) Қазақ өлейеті Арқада жиналып хан сайлағаны (Абылай әңгімесі). Екінші дәптерінде Семей облыстың санақ басқармасының хатшысы Н.Я. Коншиннің сұрауы бойынша жазылған (1901) алты нәрсе бар: 1) Секретарға өлең; 2) Баянауылда болған жиналыста айтылған «Нақыл сөз»; 3) Данышпан Қазы (Мың бір түннен); 4) Байжановқа қазақтың көрсеткен сыйлары; 5) Жұлдыз (жыл мезгілі); 6) Мұсаның әйелі Сапардың моласында айтқаны. Мұнда «Данышпан Қазы» мен «Жұлдыз» болмаса, өзгесі Мұсаның өз өмірімен тығыз байланысты әңгімелер. «Қазақ сыйы» деген өлеңінде Мұса өзі туралы былай деген:

*Қыстығүні бүркіт салам елде жүріп,
Қатын өліп ішімде арманым көп.
Үйде отырып ән мен өлең айтам,
Қапаға біразырақ болады сеп.
Өз қыстауым — Ақшоқы, елім — Далба,
Әнші, өлеңші тағы бар менен басқа
Ән — домбыра кемшілік деп мен естимін,
Бар дейді жазу өлең Ыбырайда (Абай).*

Үшінші дәптері 1905—1910 жылдары жазылған. Бұл ең жақсы дәптері еді. Жаяу Мұсаның ең жақсы өлеңдері осы дәптерде болатын. Ол дәптерді әншінің немере баласы Ағынтай Мұстафин маған сыйға тартқан еді. Бірақ өкінішті жері — мен Ленинградта ауырып жатқанымда ол дәптер жоғалып кетті.

Төртінші дәптері 1911—1918 жылдары жазылған. Ол «халық композиторы Жаяу Мұсаның күнделік дәптері» деген атпен Орталық ғылыми кітапханасында, қолжазбалар бөлімінде №1420.

Бесінші дәптері 1918—1925 жылдары арасында жазылған. Мазмұны Кеңес дәуіріндегі жойқын өзгерісті, балалардың тобымен оқу соңына түскенін көрсетуге арналған. Бұл дәптерді Жаяу Мұсаның баласы Салық Қазақстанның сол кездегі Мәдениет министрі Темірбек Жүргеновке әкеп тапсырған. Бірақ ол дәптердің кейінгі тағдыры не болғаны мәлім емес.

Бұл екі саладан басқа атақты әнші Жаяу Мұсаның бейнесі онымен бірге жасасқан замандастарының есінде де әдемі, ашық сақталған. Жаяу Мұсаның өмірін терең түсініп, оның шығарған әндерін, өлең-жырларын тапжылтпай төндіре айтатын әсіресе оның немере баласы Бошанай Мұстафин еді. Менің



студент кезімде Бошанай інісі Ағынтаймен бірге Павлодар қаласында тұратын. Мен Ленинградтан елге қайтып қырға шыққанда, кей жылдары Бошанай жазды менімен бірге өткізіп, үйіне күзге қарсы қайтып жүрді. Ертіс пен Шідерті өзеннің арасы 4 — 5 күндік жер. Осы ұзақ жолдың бойын Бошанай арба үстінде отырып, бір ғана Жаяу Мұсаның басынан кешірген оқиғасы мен оның әндерін айтумен өткізетін. Жаяу Мұса туралы Бошанайдың білгендерін қазір ол сияқты ешкім білмейді. ...Бошанай айтатын Жаяу Мұса өлеңдерінің әлеуметтік тұрғысынан ең толқындылары «Жүкеңе», «Айман ұлы Аббасқа», «Бәшерденге», «Араб қашқынға» деген өлеңдері де бұлардың бәріне тән нәрсе шырқап салған әннің ойнақы ырғақтарымен құйылып отыруы, оның адамды еріксіз өзіне тартуы оның күшті драматизімі болатын. Мәселен:

*Айманұлы — бұл Аббас,
Қылығың сенің еш жақпас.
Құсайынмен ұстасып,
Қорғалауға жер таппас.*

Мұны Жаяу Мұса Аббастың жадағай мінезін көрсету үшін қан майдан халық жиналысында төпеп айтатын. Құйылма ырғақпен шырқай берген соң, бұл ән көпшіліктің жүрегінде мәңгі ұйып қалады. Бала күнінен бұл әнге үйренген Бошанай мұны әкесінен кем айтпайтын. Өлеңнің мазмұны: Аббас Айманов алғашқыда Мұсаға еріп Құсайынның соңына түссе де, кейін мықты болыстық тегеуірініне шыдай алмай тайқи берген. Аббастың бұл собалақ мінезіне жаны күйген Жаяу Мұса топ алдында әшкерелеп, әнге түсіреді.

Жаяу Мұса есінде берік ұстаған, әрине, өзінің баласы — Салық, немере балалары — Мәлік, Ағынтай. Бұл екеуі де орта білімі бар оқыған кісілер, келіндері — Тоғжан, Жанкүміс. Бұлардың ішінде жүргендері — тек қана Ағынтай мен Жанкүміс. ...Олардың ішінде Мұсаның өмірін аса жүйрік біліп, оның өнерін, істеген ісін мақтаныш етіп, жиналған топ алдында шалқытып айтып отыратын дана қариялар да аз емес еді. Мұсаны жақсы білген, ондай қариялардың менің есімде қалғандары — Байдалының Мұстафасы, Арыстанбайдың Иманбегі, Жиен Құсайын, Жәпектің Сүлеймені, Айдарбектің Ысмағы, Ертісбайдың Адхамы, тағы басқалар. Бір кезде мен бұлардың көбімен ой бөлісіп, бала күнімде көп көргем. Сөйтіп жазба деректермен қатар Жаяу Мұсаның өмірін жарқын сипаттайтын деректердің үшінші саласы — халықтың естелігі. Бірақ мұны пайдалану үшін терең сын көзі керек. ...Осы үш қайнар көзге сүйене отырып халық композиторы Жаяу Мұсаның өмірін ашық түрде сипаттауға болады. Келтірген деректер бойынша Жаяу Мұсаның өмірі сегіз кезеңге бөлінеді.

Балалық-боздақ шағы (1835—1852 жж.);

Қызылжар мен Омбыда оқыған кезі (1854—1862 жж.); әскери жорыққа қатынасқан кезі (1862—1865 жж.); ел ішінде ел билеуші болған кезі (1865—1875 жж.); қашқын болып жүрген кезі (1875—1880 жж.); заң жолы мен халық мүддесін жоқтаған кезі (1880—1900 жж.); қауым жұмысынан торығып, бір ғана серілікке, аңшылыққа берілген кезі (1900—1918 жж.), Кеңес дәуірі кезіндегі соңғы өмірі; жаңадан тіршілікке ой бөлу, осы кездегі күнделік дәптері (1917—1929 жж.).

Біз енді Жаяу Мұса өмірінің осы айтқан кезеңіне тоқталып, оны тарихи деректермен анықтап көрейік. Жаяу Мұса Шоқанмен құрдас, 1835 жылы



туған. Оның балалық шағы Шідерті өзенінің бойында, Қабанбай шаты деген жерде өтеді. Бұл жер кейінгі заманға дейін «Орман ауылының ескі қыстауы» болып саналатын. Бірақ Жаяу Мұса Құсайын болыспен тартысып жүргенде, оның қол астында болғысы келмей, ескі қыстауларын жамағайын Иманбекке беріп, өздері Далбаға көшіп келеді.

Мұсаның арғы атасы Орман ол кездегі бай кісінің бірі болған. Сондықтан олар «бай ауылы» деп аталған. Олардың қыстыгүні боранда жылқы қамайтын үлкен табын қоршауының іргесі әлі күнге дейін көрініп жатады. Бірақ Орманның немересі Байжан мал бақпай, салдық құрып кеткен соң, ХІХ ғасырдың екінші жартысында бұрынғы байлық бірте-бірте жойыла бастайды. Оны құртуға себеп болған — Байжанның өзі. Ол кісі малға қарамағаны былай тұрсын, жыл сайын топтаған жылқыны жібек сатып алуға жұмсап, малын басқа далаға шашып отырған. Байжанның ата мұрасын бұлай шашуы Мамин-Сибиряқтың «Ақбозат» әңгімесінде жазған сюжетпен бірдей. Әкесінің бұл қылығына наразы болған, Жаяу Мұса дәптерінде былай деген:

*Білсеңіз, Малқозыұлы Толыбай,
Немере Жанқозыдан — би Төлебай.
Өлтірген қарақалпақ Толыбайды,
Қалыпты төрт баласы шулай-шулай.
Орман мен Олжабайдан туды төбет,
Бір құдай аямақ-ақ берген дәулет.
Кеңес қылар ұй екен бейілі кең
Атанған жиылыста «құтты суат».
Төбеттің үлкен ұлы болды Байжан
Дәулетін қылды атаның бұлан-талан.
Не мұра жақсы атадан қалмаған соң,
Лаж жоқ барлығынан босқа айырылған.*

Өзінің жүріс-тұрысын жібекпен жарқыратып көрсету — ол кездегі салдардың дағдылы ісі болған. Сондықтан денесін жібекпен тазартып, атын жібекпен арқандап қою оларға ерсі болып көрінбеген. Байжанның малға қыңырлығы кейін оның кейбір балаларына да ауысады.

Әкесі тәрізді олар да байлықтан гөрі ерлікті, серілікті анағұрлым жоғары ұстаған.

Мұсаның анасы Нақыш — сол кездегі атақты кісінің бірі қанжығалы Сасық бидің немересі. Кейін Жаяу Мұса Құсайынмен ұстасып жүргенде, осы мықты ел нағашыларынан күш алып, солардың қолдауымен Құсайынды ақсатпақшы болады. Қанжығалы елі бұрын Құсайынға қарайтын Ақбеттеу баласының құрамында болатын. Жаяу Мұсаның үгіттеуімен олар Ақбет ауданы бөлініп, енді Шақша баласына айналады. Жаяу Мұсаның өзі де қашқын болып жүргенде осы елді паналап, інісі Мұстафаны осы елдің бір белгілі адамының қызы Тоғжанға үйлендіреді.

Жалпы айтқанда, Жаяу Мұсаның інілерінің алған әйелдері тегісімен сұлу, қолынан майы тамған іскер, кіршіксіз күмістей жарқыраған жайдары адамдар болатын. Олардың бәрі де болған адамдардың қызы және бір тамаша жері — олардың көбін қалың малсыз алған. Ең ақыры Жаяудың ынжықтау інісі Қали Байжановтың алғанының өзі генерал-губернатордың тілмашы



болған Әбіш Нұржановтың қарындасы, яки ақын Самат Нұржановтың апасы болатын. Қалыңсыз сұлу әйел алуды Жаяу Мұса 1864 жылы Әулиеата қаласынан бастады. Осы жылы Әулие атаның Қорған бегі Мырзалының Айтжан деген қызын өзімен бірге қырға алып кетіп, Төбеттің кенже ұлы Шоқыбайға апарып береді.

*Қорған бегі Әулиеата Мырзалыбек,
Қызын алдым Айтжан атты мал бермей тек.
Алып кеп кіші ағамыз Шоқыбайға,
Жұбай қып оған бердім болған соң еп.*

Шоқыбай мен Айтжаннан туған Қоянкөз ең сұлу әйелдің бірі еді. Бойы сұңғақ, көзі бөкеннің көзіндей төңкерілген, әдемі сопақ бетті ақсұр еді. Алпыстан асқанша ақ жаулығына кіршік жолатпай, жас жігітке көзін тастап, көп заманын серілікпен өткізген. Осы заманның отызыншы жылдарына дейін Қоякең жақсы өмірін қырда өткізіп, одан кейін Павлодар қаласына келіп тұрады. Қоянкөзді естіген қазақ серілерінің оны көруге құмар болғаны кемде-кем болу керек. Оқыған азамат, әнші, серілердің Қоянкөздің үйіне жиналып думан құрмайтын күндері болмайтын. Қоянкөзді ақын «М»-де аз уақыт қызықтаған. Міне, Жаяу Мұсаның туыстары, оның төңірегі қандай болғанын осылардан көруге болады.


...Осындай туыстары болған Жаяу Мұса қандай қиындықты басынан кешірсе де далада қалмаған. 1842—1852 жылдар арасында ол ауылдағы мектепте оқып, арабша хатты толығынан біліп, өз ойын қағаз бетіне түсіруге жеткен. Мұсаның араб жазуын білуіне көп еңбек сіңірген, әсіресе оның ағасы Тайжан «молда». Мұса үш жасқа келгенде, анасы Нақыш қайтыс болып, өгей шешенің қолына қарайды. Бірақ ағасы Тайжан оны бәйбішесі Сәтбала екеуі кішкене Мұсаны жетімсіретпей, өз қолдарына алып тәрбиелейді. 16 жасқа келген Мұса ауыл мектебінен бірталай білім алып, дүниеге ашық көзбен қарай бастайды. Жас тоқалмен елігіп кеткен сал әкеден онша қызық көре алмай, есіл-дерті Қызылжарда жатқан туысқаны Көкшенің үйіне қарап елегізе береді. Ағасы Тайжан да «сонда барып оқып, өнер үйреніп» қайтуға ақыл береді. Осылай елегізіп жүргенде, Жаяу Мұсаның еліне Аягөзден Қызылжарға бет алып бара жатқан сауда керуені кездеседі. Жаяу Мұса ешкімге айтпай осы керуенмен ілесіп, Қызылжарға тартып кетеді. Бұл оқиға 1879 жылғы қазан дәптерінде тап осылай жазылған (Үйінен өнер іздеп кетті қашып). Жаяу Мұсаның Қызылжарға қай жылы барғанын ашып айту қиын. Бірақ 1854 жылдан кейін емес, бір-екі жыл бұрын болуы мүмкін. Өзінің айтуынша, 17—18 жасында барған. Он жылға таяу осы Қызылжарда Көкшенің үйінде жатып орысша оқиды. Таможный мектебінде ме, болмаса, басқа мектепте оқыды ма, ол арасы әлі белгісіз. Оны анықтау үшін әлі көп архивтің бетін ақтару керек. Қазына мектебі болмай жекеменшік мектепті оқыса оны білу өте қиын. Бірақ орысша оқуы анық. 1924 жылы Жаяу Мұсамен кездескенде «Қызылжарда Көкшенің үйінде жатып орысша оқыдым», — деп өзі айтып отыратын.

...Әсіресе Қызылжарға айдалған кісілер Көкшемен оның баласы Бибасты қалайда тауып, олардан қалай босанудың ақылын сұрайтын болған. Ондай айдауда болған Ораз — Шәуке Төкеннің баласы. Ораздың айтуы бойынша Бибас зарыққан кісілердің атынан орысша арыз жазып, олардың ісінің



жеңуіне үлкен көмек көрсететін болған. Баянауладан барған Ораздан Бибас Жаяу Мұсаның жайын көп сұрап отырады. Жаяу Мұсаның Қызылжарда орысша оқығанын айтып отырады. Жаяу Мұсаның Қызылжарда орысша оқығаны оның орысша сөйлеуінен, әдемі сауатты жазуынан көрініп тұрады. 1924 жылы мен оның үйінде болғанымда 90-нан асқан қарт: «Без пропуска не допушу», — деп есігін жауып, қалжыңдап біраз тұрып, содан кейін көзінің жасын мөлдіретіп, құшағын жайып иіскей бастады. Менің келгенімді оған жүгіріп барып хабарлаған келіні Жанкүміс еді. ...Демек, бұл айтылған орысша білімді Жаяу Мұса бір ғана Қызылжар қаласында алып, кейін Омбыда болған кезінде оны толықтыра түседі. Бірақ Қызылжардан Омбыға қай жылы келгенін кесіп айту қиынырақ. Ол туралы ешбір документ жоқ. Дегенмен, шамалап айтқанда Жаяу Мұса Омбыға елуінші жылдардың соңы мен алпысыншы жылдардың бас кезінде келуі күдіксіз. Оның Омбыға келуі де туысқаны Көкшенің ақылымен оның жәрдемінсіз болмауға тиісті. Өйткені Көкшенің Омбымен байланысы аз болмаған. Омбыда қызмет істейтін таможенныйдің кісілері, қазақ офицерлері, оқушылар Қызылжарға келгенде оның үйінде болмай кетпеген. Көкшенің сондай байланысы болған кісінің бірі — Сұлтанғазы Уәлиханов. Тегінде Көкше інісі Жаяу Мұсаны осы Сұлтанғазыға жібергені байқалады. Жаяу Мұсаның өзінің айтуынша, Омбыға келісімен ол осы Сұлтанғазыны тауып, оның үйінде жатып, шүйіркелесіп дос болып кетеді. Осы жақындасудың нәтижесінде кейін ол Сұлтанғазыға еріп Польшаға барды. Онымен бірге Черняев экспедициясына қатынасады. Польшаға барудың себебі сол кездегі болған үлкен саяси оқиға поляктардың 1863—1864 жылғы шаруалардың көтерілісімен байланысты болған. Патша үкіметі халықаралық қауым пікірін ушықтырмау мақсатымен бұл көтерілісті сапта тұрған негізгі әскермен жаншымай, оның бұратана халықтардан құрастырған жеңіл қосындармен баспақшы болады. Осы ретте Тобол қаласында, Орынборда, Уфада, Қазанда «өз тілегімен» барушылардан қосын түзеп, оларды басқаруға жас офицер Сұлтанғазы Уәлихановты тағайындайды. Қосынның негізі Тобол қаласында ұйымдасқан. Оны ұйымдастыруға Сұлтанқызы Тоболға аттанғанда, Жаяу Мұса онымен бірге барып Польшаға жіберетін әскердің қатарына қосылады. Халықаралық саясатта поляк көтерілісін басушы Азия елі деп көрсету үшін әскердің идея басшылығына қазақ халқының уәкілдері ретінде бірнеше аға сұлтандар, билер шақырған, олардың ішінде, Ақмоланың аға сұлтаны Ыбырай Жайқыбаев, Көкшенің сұлтаны Гапар Манадаев, Баянауладан Секербай Малгелдин, Қызылжардан штабс-капитан Ахатов. Поляк көтерілісін басуда бұлар ерекше белсенділік көрсеткен соң, патша үкіметі бұлардың бәріне қымбат сый тартады. Өздеріне жоғарғы шен береді. ...Бұл кезде Шоқан Омбыда болатын. Бірақ бұл пасық іске ол, әрине, қатынаспаған. Патша үкіметінің бір елді бір елге жендет етіп салатынын бұрыннан жақсы білетін Шоқан бұған жирене қараған.

Оның үстіне, Поляк революционерлерінің қазақ бұқарасының мүддесі туралы ашық жазатынына ерекше мән беретін. Сондықтан оның аты оқиғамен байланысты ешбір деректе кездеспейді. ...Бұл әскерімен бірге жүрген Жаяу Мұса әскердің қай жерде болғанын, қай қалада тоқтағанын күнделік дәптеріне жазып отырады. Бір көңіл қоятын нәрсе — Жаяу Мұса қарасөзбен жазбай, барлық дәптерлерін өлеңмен жазған. Өзі туралы жазғанында ол былай дейді:



Мекенжай оның жүрген Омбы болды,
 Тоболды тауық жылы барып көрді.
 Орынбор арқылы Қазанда бір ай жатып,
 Отарба Нижний де міне енді.
 Мәскеуді, Владимир басып өтті,
 Петербор апрельде барып жетті.
 Стамбұлдың патшасы Мамедәлі,
 Таныс боп Петерборда қылған кепті.
 Ол жерде көп адамның көзін көрген,
 Петерборда не барын, бәрін білген.
 Әртүрлі мемлекетті көремін деп,
 Құданың құдіретімен жаһан кезген.
 Вильно, Варшау, Литва, Поляктардың
 Соғысын гвардиямен жүріп көрген.

Жаяу Мұсаның бұл жазулары ол туралы жазылған бұрынғы ойлардан бүтіндей басқа. Әншіні зерттеушілер, әдетте, оны Тоболға каторгаға айдатып кейін оны әскерлік міндетпен (солдачина) өзгертті деп нандырады. Жаяудың өмірі, өз жазулары бұған бүтіндей қиғаш жатыр. Оның үстіне, Жаяуды каторгаға айдалғаны туралы архивте ешбір дерек жоқ. Егер Мұсаны Тобол қаласына жер аударса, ол туралы Алматы мен Тобол архивтері мәліметке сыңсып тұрған болар еді. Сібірге айдалған Торайғыр, Ғұбайдулла туралы мәліметтер том-томымен сақталып тұрған жоқ па?

Жаяу Мұсаның өз жазуы бойынша әскери жұмысқа ол еш уақытта зорлаумен бармаған. Ол өзінің тілегі бойынша әрбір мемлекетті көріп, қызық көру үшін, және өзінің қандасы әскер бастығы Сұлтанғазы Уәлихановтың шақыруымен барған. Оның үстіне, әскерде жүргенде жазалы кісілердей еріксіз болмаған. Қай жерде жүрсе де, ол өз еркімен жүріп көп нәрсені білуді өзіне мақсат еткен. Әскер Қазанда бір ай тұрғанда, Жаяу Мұса Қазан қаласын емін-еркін аралап, Қазан қыздарымен танысып, олар туралы әдемі ән шығарады. Татар музыкасына ерекше ой бөледі. Ойынан көп заман кетпейтін естеліктер сақтайды. Мәскеу, Петербор, Литваға барғанда да осыны істейді. ...Міне, мұның барлығы 1875 жылға дейін Жаяу Мұсаның жастық дәурені ешбір қыспақсыз еркін өз тілегінше болғанын көрсетеді.

Поляк жерінен әскер қайтқанда, Жаяу Мұса әскери міндетпен Тобол қаласында қалып қоймаған. Одан келісімен, Сұлтанғазы, Жаяу Мұса да Омбыда ұйымдасып жатқан Черняев әскеріне қосылады. Бұл әскердің құрамында да өз тілегімен жиналған қазақ милициясы болады. 1863 жылдың қараша айында бұл әскер Семейден өтіп, қысты Алматыда өткізеді. Жаз шыға жорыққа аттанып, Пішпек, Тоқмақ қалаларын жаңадан басады. Содан кейін Черняев әскері бірнеше уақыт Меркені салық етіп май айының соңында Әулиеатаны алуға шығады. Міне, бұл оқиға қысқа түрде болса да Мұсаның дәптерінде ашық көрсетілген.

Қыс қыстап, майда бардық Әулиеата,
 Надандық қылықтардың бәрі қате.
 Халқы Әулиеата қараған соң,
 Шымкентті көп талады бек шулата.



Бұдан кейін офицерлердің көбі Черняевтың келешек соғысына қатынаспай, осы арадан кейін қайтады. Шоқан мен оның інісі Сұлтанғазы М.Знаменскиймен бірігіп Алматыға келеді. Солармен бірге Жаяу Мұса да еліне қайтып, содан кейін әскер жорыққа қатынаспайды. Баянауладағы туған жеріне барып азаматтық борышын атқару ісіне кіріседі.

*Жылында 64-ші қайттым бері,
Сонан соң Қаржас еліне болдым телі.
Еламан — Қаржаспенен дұшпан екен,
Қараған Шормановқа әммалары.*

Жаяу Мұса еліне 10–12 жылдар өткен соң, көп жаңалық, көп біліммен қайтады. Черняев экспедициясына қатынасқанда, Шоқанның, тағы өзге прогресшіл офицерлердің өз заманын сынап айтқан еркін сөздерін тыңдайды. Оның тағы тамаша жері — бұл кез Ресейде революцияда толқыны ақ көбік шашып, қара шаруалар үшін реформа жүргізіліп жатқан кезі еді. Жаяу Мұса Қазанда, Нижнийде, Мәскеуде, Петерборда, Варшауда болғанда оны өз көзімен көреді. Осындай болашақтағы жаңа заманның күшті лебін өз көзімен көріп қайтқан Жаяу Мұса еліне келген соң бір ғана әділетсіздікті, зұлымдықты, алдауды, күш жұмсауды көреді, оған оның жаны күйіп, от болып жанады.

Шоқанның, М. Знаменскийдің зұлымдыққа қарсы айтқан сөздері оның көз алдынан еш уақыт кетпейді. Сондықтан бұл әділетсіздік пен жалғыз жүріп күресуді ол өзіне міндет етіп қояды. Жаяу Мұсаның бұл өмірін әдемі суреттейтін енді жалғыз ғана оның дәптерлері емес — толып жатқан архив деректері, патша үкіметінің орындарына жазған оның көп хаттары, арыздары. 1875 — 1900 жылдар арасында Жаяу Мұса жылына кемінен бір арыз жазып, ояз бен болыстардың сойқанды істерін, ел тонағыштығын көрсетіп, соның салдарынан халықтың азғындап, кедей бола бастағанын сипаттайды. ...Біз енді сол мәліметтердің көрсетуі бойынша оның өмірін, ерлік істерін шолып көрейік. Жаяу Мұса еліне қайтқан кезі патша үкіметінің қазақ даласында жаңа саясат («жаңа заң») жүргізіп жатқан кезіне орай болатын.

Жаяу Мұса еліне келген соң жергілікті әкімшілік орындарының көзіне тез түседі. Оған үңіле қараған, әсіресе ояз басқарушылары. Олар Жаяу Мұсаға екі түрлі көзбен қарайды. Бұл өзі көзі ашық не қылған кісі? Екінші ондай пысық, орысша білетін кісіні жергілікті орындарға пайдаланып болмас па? деп. Бұл кез ояз бен болыстардың жаңадан құрылып, оларды барлық империяға бір тәртіпке түсіріп жатқан кез. Сондықтан, жергілікті әкімдерге де орыс тілін, әдетін білетін кісілер жерден алтын тапқанмен бірдей болып көрінеді. Осы тұрғыдан қарап, болысты басқаруға орысша жақсы білетін сенімді кісілерді кейде қаладан жіберіп отырады. Ондай кісілер, әдетте, ояз бен губернаторлардың ығын табатын. ...Жаяу Мұсаны да алғашқыда осындай болса деп Айдабол-Қаржас еліне ауыл басқару ісіне қояды. Бірақ Жаяу Мұса олардай болып шықпайды, жергілікті орындарда істеп жүріп, ол жоғарыда айтқандай, толып жатқан әділетсіздік, озбырлықты көрген соң, әкімшілік ісіне жирене қарайды, болыстарды әшкерелей бастайды. Баянаула төңірегіндегі әділетсіз зұлымдықтың түбі үш кісі де деп біледі. Олар: Нұрым Теміров, Құсайын Боштаев, Мұстафа Шорманов. Бұлардың ішінде Нұрым Теміров — Түменнің саудагері, генерал Полтарацкийдің



ерекше сенген адамының бірі. Нұрым — Полтарацкий кезінде Семейге келіп орналасады. Қазақ ортасындағы оның даңқты аты — «сарт Нұрым». «Жаңа заң» жүргізетін кезде Полтарацкий ең сенімді кісі деп Нұрымды Баянаула дуанын басқаруға жібереді. Мұнда келген соң Нұрымның істеген ісі — Омбы мен Семейдің ұлықтарына ақшаны ағылтып жинау, кімде жақсы нәрсе болса, оны зорлықпен, қорқытумен күштеп алу. Нұрым өзі саудагер кісі болған соң, қандай нәрсе алудың жайын тегіс білмеген. Жаяу Мұсаның арызы бойынша оның елді қорқытып алған бұйымдарының ішінде — «бәт құндыз, пұшпақ ішік, масаты кілем, қымбат сәукеле, халық шеберлері жасаған әдемі бұйымдар». Бұл соңғыларды тегін алуды Полтарацкий мен оның бәйбішесі де жек көрмеген. Өйткені ол кісі «суретші» болғандықтан, халық өнерінің кейбір өрнектерінің өз үйінде тұрғанын қатты ұнатқан. Дала уәлаятын басқарушы генерал-губернатор Г.А. Колпаковскийдің атына кейінірек жазған бір арызында Жаяу Мұса — Нұрым Темірұлының қыр қазақтарына істеген озбырлығын төндіре айта келіп, ең соңында былай деген: «Әдемі қымбат, мүлікті қорқытып алумен осы күнде Нұрым Темірұлы барлық кедейлердің, тағы өзге қазақтардың тынышын кетіріп болды... бұл іске өзіңіз рақым қылып бір жақсылық істемесеңіз, ақыл таусылып бітті». Жаяу Мұсаның айтуынша, Нұрымның ең сойқанды ісі — шаруалардың бас еркіндігіне қол сұғу, оларды топтап айдап, ояздың, губернатордың, өзінің үйінде еріксіз қара жұмысқа салуы. Колпаковскийге жазған арызында Жаяу Мұса бұл туралы тағы былай деген: «Шілденің 22 күні (Теміров) екі мыңнан артық үйді әскери губернатордың жарлығы бойынша стражник пен қанша (сайдауыт) жігіттер қосып, қыстау түбінде пішен шауып жатқан елді жетпіс шақырым жердегі өз үйінің қасына көшіріп апарады». Мақсат оларға тегін пішен шаптырып, егін ордыру, тағы басқа түрлі қиян жұмыстарға салу.

Ұлықтардың өзі қойған сенімді кісілеріне Жаяу Мұса осылай ауыз салған соң, әскери губернатор бұған құлағын түріп, Жаяу Мұсаның сенімділігін тексеру үшін оязға тапсырмалар береді. Ол үшін Жаяу Мұсаны арандату мақсатымен қылмыспен байланысты істерге жұмсайды. Соның бірі патша үкіметіне қарсылық көрсетіп, Ақмола мен Қарқаралы уездерінің арасында тығылып жүрген Бектеміс, Бәйіт дейтін атақты екі қашқынды тауып кел деп жібереді. Жаяу Мұса бұл істі орындайды. Бірақ ояз бастығы Фарафонов пен екеуінің арасы ұшыға береді. Осы ретте Фарафонов, Нұрым үшеуі қосылып Жаяу Мұсаны құртудың соңына түседі, оған Мұстафа болыс та қосылады. Бұлар Жаяу Мұсаны қашқын ұстайды, барымтаға қатынасады, жақын арада Ақпеттеу елінің қазағы Тіленші Бекжановты өлтіреді деп өтірік жала жауып, Жаяу Мұсаны қалайда құрту керек екенін айтып, оязға ұсыныс жасайды. ...Мұса Байжановқа көптен азуын басып жүрген губернаторға ояздың ұсынысы қатты ұнап кетеді. Ол ешбір бөгелместен Жаяуды ұстап, абақтыға жабуды керек етеді.

Бұдан кейін, 1875 жылы, қыркүйек айының басында Павлодар уезін басқарушы Фарафонов Жаяу Мұсаны ұстауға қаладан екі атты қазақ шығарады. Оларға берген бұйрығында: «Мұса Байжановты ұстасымен оның аяқ-қолы кісенделіп қалаға жеткізілсін, қалаға келісімен абақтыға жабылсын» дейді. ...Мұсаны құртуға көмектескен оның жаулары болады, соның бірі архивте аты жүрген — Көбеев. ...Мұсаны іздеп келген полиция адамы Поспелов Жаяу Мұсаны үйінен таба алмаған соң: «Оны тауып бер, не жатқан жерін айт», — деп інілерін қысады. Інілерінің ішінен ержүрек өзі



орысша Омбыда оқыған, еш нәрседен қорықпайтын кіші інісі Уәли қысымға шыдай алмай, Пospelовке бірнеше соққы береді. Жұмыс бұрынғыдан гөрі насырға айнала бастайды. Бұған ызаланған ояз: «Байжановтар, полицияға қарсылық көрсетті», — деп дереу Семейдің губернаторына хабар береді, екінші жағынан, Жаяу мен оның інісі Уәлиді ұстауға қырға бір топ полиция кісілерін шығарады. Жаяудың соңына түскен Павлодар мен Баянауланың полициясы Жаяу мен оның інісі Уәлиді Баянаула жерінен іздеп таба алмайды. Жаяу Қарқаралы, ҚУУ төңірегінде жүргенд, оларды Семейден шыққан губернатордың өз кісілері ұстайды. Олар Жаяудың қол-аяғын кісендеп, Баянаулаға алып келе жатқанда, оны көрген Жаяудың достары қатты толқып, полициямен соғысып, олардың қолынан Жаяуды босатып алады. Бірақ жанжал үстінде олардың біреуі полиция бастығын ұрып, оның бетін жаралайды, іс ушығып қиындай түседі.

Ел аузында сақталған естелік бойынша, Жаяу Мұсаны полиция қолынан босатып алған достары — Шоқаманның Әбділдасы, Байдалының Мұстафасы, Құдайберген Шөкенұлы. ...Алайда, Семейдің губернаторы (Полторацкий) Жаяуды ұстау мақсатымен Баянаула аймағына үшінші рет полиция отрядын шығарады. Оның ішінде офицерлер, 30—40 қазақ сайдауыттары болады. Олар Баянаула жерін көп уақыт сүзіп, Мұсаның ізін еш жерден кездестіре алмайды. Ең соңында Дала уалаятының генерал-губернаторы Семей мен Ақмола облысының халқына «боблық» жайып: «Кімдекім Жаяу Мұсаны көрсе, қолма-қол ұстап, оязға тапсырсын, не тұрған жерін айтсын» деп жарлық етеді. Бірақ Жаяу Мұсаның тұрған жерін ешкім айтпайды. Ол екі-үш жыл бойы қолға түспей, бір жерден екінші жерге ауысып жүреді. Полиция кісілері оның Ақмола мен Омбы уездеріне жасырынып жүргенін сырттан білсе де, нақтылы қай жерде жүргенін біле алмайды. Жаяу Мұса осылай «қашқын» болып жүргенде патша үкіметінің жергілікті орындары оның қорғансыз қалған ата-анасын, туысқандарын ойран-топырқылып, олардың мал-мүлкін талауға түсіреді. Мұсаға ең жақын деген сегіз үйді Семейдің губернаторы өзінің атақонысынан қуып, қыстың суық айларында Күлке-қаржас елін басқаратын Мұстафа болыстың қарауына тапсырады.

Семей губернаторының Жаяу Мұсаның туысқандарын өз елінен бөліп Мұстафа болысқа кірме етіп беруі, кек мақсатымен істелген.

Туысқандарының жәбірлік көргені бірнеше уақыт өткен соң Ұлытау даласына жүрген Жаяу Мұсаға жетеді. Оған қапа болған Жаяу Мұса, басқа дәрмен болмаған соң, 1876 жылы, 10 мартта: Дала уалаятын басқаратын генерал-губернатор Казанковқа арыз жазып, барлық жәбірлікті бастан-аяқ суреттеп айтады. Туысқандарын кім, қалай талағанын өз көзімен көрмей, ұзақ жерде жатып естіген соң: «Нақты талаушыларды бастап келген — ауыл билеуші Жафек Көбеев», — деген. ...Жаяу Мұса — ұшқыр ойдың адамы болған. Басқа елдің ортасында қаздай қалқып әнін шырқап жүрсе де, көп уақыт «қашқын» болып жүруден қажиды. Соңғы жылдары ол тағы да Қызылжар қаласына келіп, Көкшенің үйінде жасырынып жатады. Бірақ оның «Омбы уезіне» келгені полиция орындарына еміс-еміс біліне бастайды. Осы кезде Жаяу Мұса жасырынып жүруін қойып, Омбыдағы әкімшілік орындарына өзі келіп кешірім сұрайды.

Жаяу Мұса Омбыға 1877 жылы, январь айының 30 күні келіп генерал губернатордың кеңесін басқаратын Тычинскийге жолығады. Келіп: «Мен



— Мұса Байжановпын», — дегенде, оның атын күн сайын қағаз бетінен жолықтыратын кеңес бастығы елең етіп, бірнеше уақыт оның бетіне қарап, таңғалып отырып қалады. ...Жаяу Мұса бұл келгенінде генерал-губернатор Казнаковтың қабылдауында болды ма, жоқ па, ол арасын Тычинскийдің жазулары көрсетпейді. ... Архивте сақталған қағаздар бойынша, ол 1877 жылдың соңында Семейдің әскері губернаторына тапсырма беріп: «Мұса Байжановтың ісін тексеру керек», — дейді. Осыған орай, сол жылы, 15 декабрьде, Семей облыстық басқармасының Мұсаның ісін қарауға арналған мәжілісі болды.

...Бірақ Мұсаны бұрынғыдай қудалап, оны абақтыға жабу керек деген деректер бұдан кейін кездеспейді. Павлодар қаласында оның соты болды ма, жоқ па, ол арасы да белгісіз. ...Бұған қарағанда, сексенінші жылдарға қарсы бұрынғыдай Жаяу Мұсаның соңына түсу болмаған, әкімшілік орындарының бұлай бәсеңдеу, бір жағынан, Жаяу Мұсаның өзінің сыпайы, майталман жүрісінен болса, екінші жағынан, бұл жаман істен құтқаруға оның достары да аз көмек көрсетпеген. 1924 жылы жолыққанда Жаяу Мұсаның өзінің айтқаны: «Сұлтанғазы мен Н.М. Ядринцев, Г.Н. Потанин болмағанда қазақ орыстары мені тірі қалдырмайтын еді», — деді. Бұл сөзде үлкен шындық бар. ...Ол туралы сол жылғы дәптеріне былай деп жазған:

*Жанмұхаммед Үншібайды қылды жала,
Мұнысы — болыстардың таққан пәле.
Мағлұмды өлтірді деп қуса дағы,
Құтқарды өтіріктен Хақ тағала.*

Көп заман халық мүддесін жоқтаймын деп өмір азабын шеккен Жаяу Мұса қырық жастан асқанша қатын-баланың қызығын көрмей әбден зарығады. Басынан қара тұман ашыла бастаған соң, 1878 жылы «қашқын» болып жүргенде танысқан Ақмоланың байы, Құлыбайдың Сапар деген жас қызына үйленіп, 1879 жылы одан ұл туылып, атын Бөрібай қояды. Орта жасқа таяп жүргенде туған бұл бала Жаяу Мұсаның рухын көтеріп, оны зор қуанышқа келтіреді. ...Бұрын перзентсіз қапы болып жүген едім, Шаһін ұлан келген соң, көңіл жадырап, дүние сайрап, түлен тартқандай болдық оның бірінші атын Бөрібай деп қойдық». Жыр:

*Ей, Бөрібай, Бөрібай,
Өмір берсін бір Құдай.
Рухы мәдет ол болсын,
Орман менен Олжабай.
Екінші аты — Хан Бөрі,
Ерлерге тисін назары.
Бейсенбі күннен беріде,
Ашылды Мысыр базары.
Үшінші есімі — Бөрі Хан,
Бақытты өткей Хақ жазған.
Бәледен сені аман қып,
Сақтай көрсін тағдырым.*

Бірақ, бір аянышты жері — Мұсаның жақсы көрген баласы тірі жүрмейді, XIX ғ. аяғында Зікен деген баласымен екеуі шешек ауруынан қайтыс болады. ...



Бөрібай атын қоюды Жаяу Мұса: «Жапан түзде бөріге кездесіп, соның орайында қойылды», — дейді. Сүйіндік Олжабай аталықтың ұрпақтары есіне сақталған аңыз бойынша жапан түзде не зарыққанда бөрі көрінсе, ол жай бөрі емес, ер Олжабайдың аруағы деп саналады. Олжекең өлерінде жақсы көрген ұрпағына зарыққанда бөрі болып көрінемін деп өзі айтқан дейді аңыз. Бөрі сол аңыз бойынша қойылды дейді. Бұл аңыз Мұсаның «Олжабай» деген поэмасында толық берілген. Онда былай деген: Ақтабан шұбырынды кезінде 13 жасар баланың басына заманақыр түсіп, Шу бойын өрлеп «Қазық» деген жерге келсе, бір топ қасқыр жарылып, батырға бір қарап жөніне кетеді. Түні бойы ұйықтамай түсі қашқан жас ұлан күндіз бір үйге келсе, онда бір сәуегей кемпір бар екен, ол ұланның түсіне қарап, оған түсінде біреу аян бергенін айтады.

*Аңшылар сенің бағың,
Қылыш, найза, темірден болар тағың.
Дүйсенбі тұң қамады алты бөрі,
Ол көрінген — дәл өзіңнің аруағың.
Алты бөрі тор басты қанат жайып,
Бесеуінен бір көкжал кетті айырылып.
Күн тигізбей бесеуі басқа қйірлді,
Одан артық бола ма таңғажайып.*

...Жаяу Мұсаның дәптері бойынша, 1879 жыл Мұса үшін өте қуанышты жыл болса да, екінші жағынан үлкен апатқа ұшыратқан ауыр жыл болған. Бұл жыл халықтың малы жұттан ақсүйек болып қырылған, атақты «қоян жылы» болып аталады. Жаяу Мұса дәптерінде бұл апаттың болуын халықтың мінез-құлқы бұзылуынан өтірік пен өсектің, ұрлықтың көбеюін соларды көрсін деп тәңірінің жіберген апаты деп анықтайды.

*Ноябрьдің өзінде жылқы бітті,
Көрсетіп азғандарға құдіретті.
Ұрлық, өтірік, ант, жанжал малға тиіп
Аз етті кесір басып көп дәулетті.*

Алайда, өмірдің ауыртпалығын көп көрген ардақты кісі болашаққа зор үмітпен қарайды, «Жаралы байыр, жас өсер» деген халықтың кемеңгерлік ойын есінен шығармайды.

*Бір мың сегіз жүз болды сексен,
Жаңа жыл туды міне құдіретпен.
Қайырын өткен жылдың маған беріп,
Бақ-дәулетті несіп етсін өз еркімен.
Өткен жылда Құдайдан үміттімін,
Берер деп кеткен малдың бір қайырын.*

Бірақ, Жаяу Мұса үшін Жаңа жыл тыныш басталмайды.

*Басталды январьда бұрынға сөз,
Ояз шақырып жол жабдығы болды зой тез.*



Бұған қарағанда 1880 жылдар басында ояздың шақыруы мен Жаяу Мұса Павлодарға келеді. Оны не үшін шақырғаны дәптерде айтылса да («бұрынғы сөз»), архивте ол туралы ешбір дерек бүгінше кездескен емес. Жалпы айтқанда, Жаяудың 1880—1881 жылдарда не болғаны белгісіз, оны Павлодарда соттады ма, абақтыға отырғызды ма, ол әлі де болса бір түкпірде тығылып жатыр, болмаса 1918 жылдары Павлодар архиві мен бірге жанып кетуі де мүмкін. Олай болса Жаяу Мұсаның ең тамаша өмірінің бір бөлігі мүлде белгісіз болып қала береді. ...Дегенмен Дала уалаятын басқарушы генерал-губернатор Г.А. Колпаковский кезінде (1882—1894 жж.) Жаяу Мұсаға артық қысымшылық көрсетпей, еркін жүргені байқалады. Басқа залым генерал-губернаторларға қарағанда Колпаковский сөзінің бұрыннан жақсы білетін қазақ халқына адамшылық көзімен қарап, оларды қанды ауыз обырлардың талауында қалдырмауға көбірек ой бөледі. Колпаковский Шоқанды да жақсы көрген. Шоқан тірі күнінде егер Дала уалаятын басқаруға Г. А. Колпаковский отырса, онда әділет те болар еді. Дюгамель, Кросриус, Кури, Нестеровтармен бірге ол қазақ бұқарасын қанамаса еді деп үміттенген. Колпаковский Дала уалаятының генерал-губернаторы болып келгенде, Жаяу Мұса да осы үмітте болады. Осы оймен елегізген Жаяу Мұса «қашқын» болған кезіндегі жасқаншақты қойып, тағы да жаңа күшпен, ел қанаушы ояздармен арамза болыстардың соңына түсіп, олардың сойқанды қылықтарын арыз арқылы әшкерелеп, Колпаковскийге ауық-ауық жеткізіп отыруды өзіне міндет етіп қояды. Оязбен, болыстармен ұстауда Жаяу Мұса отыздан аса арыз жазған, олардың негізін Колпаковский тұсында жазған. ...Жаяу Мұсаны Машһүр-Жүсіп Көпеев пен Қасқабастың Жүнісі мен жиен Құсайынмен, тағы басқалармен бірігіп жазған арызы да архивте кездесіп отырады. ...Жаяу Мұсаның арыздарында көтерген мәселелері бұрынғыша бір ғана халық бұқарасының мүддесі оларды оязбен болыстардың жәбір-леп, аяқастында таптауын әшкерелеу, момын шаруалардың жерін, мүлкін зорлықпен тартып алып, ел талайтын озбырлығын, тойымсыз парақорлығын айтып жеткізу, әділет туралы айтатын кісі болса, оны аяусыз жаншып тірідей жерге тығатынын көрсету.

Колпаковский кезінде Жаяу Мұсаның аянбай ұстасқан әсіресе Павлодар уезін басқаратын ұлықтар— Фарафонов, Достовалов, олармен бірігіп елді аямай қанаған Баянаула дуанының төрт баласы олардың ішінде өзінің соңынан түскен Нұрым Теміров, Құсайын Боштаев, Мұстафа Шорманов. Бұлар туралы бірінші арызын Колпаковский Дала уалаятының генерал-губернаторы болып отырысымен, 1882 жылы құпия түрде, кедейлердің атынан жазған.

...Мықты болыстарға қарсы ешбір күш таба алмаған Жаяу Мұса ұстасудың енді екінші түріне ауысады. Тағы да заң жолымен қуып, мықты болыстардан момын елді бөліп алып, жеке болыс жасау жолына түседі. Оның, ең алдымен, өзі қарайтын Ақпеттау болысынан бастап, одан бауыр қанжығалы елін бөліп, жеке болыс жасау жолын іздейді. Бұдан бастаудың себебі, «Қашқындықтан» босанып еліне келген соң Жаяу Мұса Құсайын болыспен жақын отыруды жаратпайды. Қанжығалы еліндегі мықты нағашылары Күленбай аулына келіп паналап, осы жерде «Сүйек жаңғырту» жолымен інісі Мұстафаны үйлендіреді. Мұнда жүргізген түбегейлі ісі нағашыларын тағы басқа Ажыбайқанжығалы елін Құсайын болысқа қарсы өлеңмен сөзбен үгіттеп, Ақпеттеудан бөлініп, жеке, Шақшан болысы болуға шақырады. ...Жаяу Мұсаның қартайған шағындағы өмірін ашық көрсететін — оның



дәптерлері, бала күндегі өз көргендеріміз және оның көп туысқан достарының есінде сақталған әсерлер.

Бұлардың тобын қосып барласақ, ХІХ ғасырдың соңында Жаяу Мұса қауым тіршілігінен әбден қажып, бұрынғы тасыған жалынды жүрегі бірте-бірте суи бастағаны байқалады. ХІХ ғ. соңғы 25 жылында ол жыл сайын кемінен бір өтініш жазып, халық мүддесін патша үкіметінің жоғарғы орындарына жеткізіп отырса, 1900 жылдан былай қарай ол ресми түрде бірауыз сөз жазбаған. Әлеуметтік-саяси істен қажып шаршаған Жаяу Мұса, енді көбінесе ойға, музыкаға беріліп, бұрынғыша өзінің шығарған өлеңдерін, халық фольклорының үлгілерін, музейге керек болған сирек жолығатын нәрселерді жинап жібереді. Сондай сирек нәрсенің бірі — Олжабай батырдың «бүкір қылышы, оның сауыты, шарайна белдігі». Бұл айтқан нәрселер 1900 жылдарға дейін біздің бабамыз Олжекеңнің кенже немересі Дулатұлы Марғұланның қолында сақталып келген. Жаяу Мұса ол нәрселерді қоярда-қоймай жүріп сұрап алып, Омбының география қоғамының музейіне апарып тапсырады. Ол қазір сонда сақтаулы тұр. Бірақ одан қымбаттырақ нәрселерді бабамыз Мұсаға бермеген. Оның бірі — Олжекеңнің бір жарым метрлік «Сарала туы», аспаннан түскен жауын шақыратын жайтас», ХVІІІ ғ. жазылған әрқайсысы екі-үш метрлік төрт үлкен сауаттар. Мен бала күнімде, ауылда оқып жүргенде, бұларды әуес қылып, күн сайын қарап отырған күндерім болды. Сауаттар терліктей қалың сары қағазға бадырайтып жазған, бұрыштарында, соңында қызыл бояумен түсірген өрнек жазулар бар. Араб пен орыс қарпін жақсы білетін кезім, бірақ былай қарап, олай қарап, ешбір қарпін шығарып, оқи алмайтынмын. Кейін байқасам, ескі ұйғыр қарпімен жазылған құба қалмақ хандарының сауаты екен. Бір өкінішті жері — бұл тарихи ескерткіштерді шешемді ренжітіп ала алмай, Ленинградта оқуда жүргенде шешем қайтыс болып (9—10) айтқан нәрселер сол кісімен бірге жоқ болды. Олармен байланысты есте қалған нәрселер емшегі іскен жас әйелдер «жай тасты» қыздырып төсіне басқанда ісіктері қайтты — деп жүретін, босанған әйелдер қиындық көргенде, туды сұрап апарып бетін желпіндіріп отырғанын талай көрдім.

...Жаяу Мұса өзінің Қазан дәптерінде музейге тапсырған «Бүкір қылыштың» тарихты өлеңмен жазып, оның қайдан шыққанын суреттейді. «Бұл қылыш, — дейді, — 707 жылы (1329) Қабыл қаласында жасалған, бері кел, ол Әмір Темірдің қолында болып, ол оны киелі қару деп Қожа-Ахмет Иассауидің мешітіне берген Жоңғар шабуылына дейін, қылыш сонда сақталып тұрады. Ақтабан шұбырынды кезінде ер Олжабай жоңғар әскерін Түркістан қаласынан қуып шыққанда, Сәмеке хан қылышты Олжабайға сыйға тартқан», — дейді.

Жаяу Мұсаның Қазан дәптеріндегі негізгі еңбегі — «Ер Олжабай» деген оның көлемді поэмасы.

Бұл дәптер тегісімен Олжабайдаң Едіге бидің, Абылайдың жоңғарға қарсы жорығына арналған.

Жаяу Мұсаның бұл кезде ой ісімен шұғылданғанын көрсететін жазулардың бірі — оның қазақ шежіресіне көңіл бөлуі, оның кейбір үзіктерін өзінің дәптерлеріне жазып отыруы. Орта жүз шежіресіне тоқталып, қаракесек пен тобықтының қалай шыққанын өзге жазушылардан басқа түрде сипаттайды. Жаяу Мұсаның көп ой бөлген мәселесінің бірі — ежелгі дәуірдегі қазақ календары, жыл аттары (он екі жұлдыз), оның қазақ тіршілігімен байланысты кезеңдері. Бұл ойларын Мұса «Жұлдыз» деген өлеңінде суреттеген.



...Жаяу Мұсаның дәптері бойынша, аспандағы жұлдыз, Ай туралы ол ауылдағы молдалармен айтысқа түсіп, жаратылыста болатын заңдылықтарды ғылым тұрғысынан түсіндірмекші болады. Қазақта «ақпа жұлдыз» деген бір ұғым бар. Түнде төбеден жұлдыз ағып өтсе, қазақтар оны екі түрлі жориды: «Бір адам дүниеден көшті, жұлдызы ағып жерге түсті», — деп беттерін сипайды; екінші жағы— «тұрғы көк қақпасы ашылды» деп осы кезде аспанға қарап қол жайса, тілегі қабыл болады дейді. Қазақтар жұлдызды балалар ойнайтын жарқырауық кішкене асыл тас тәрізді көреді, оның тек алыстағаны кіші көрінетінін білмейді. Жұлдыз үлкен зат, егер сол қалпымен ол жерге түсетін болса, жерді ойран-топыр қылып, талқанын шығарар еді.

Мұндай терең түсінуді Жаяу Мұса газет-журналдан басқа Шоқанды, А.Н. Северцовты көп тыңдаудың нәтижесінде білді деу керек. Өйткені Черняев экспедициясымен 1863—1864 жылдары Алматыда, Пішпекте, Меркіде салық құрып жатқанда, ол ғалымдардың әскер алдында күн сайын сөйлегені көбінесе осындай ғылыми, тарихи мәселелер болған.

Жас өмірін көп уақыт қалада өткізіп, еуропа мәдениетінің дәмін татқан Жаяу Мұса кейде елегізіп, ауылдағы бірқалыпты өмірмен отыра алмайды. Баянаула, Далба тауларын аралап келген геологтармен, ботаниктермен кездесіп, оларға кен туралы, ол жердің өсімдігі туралы көп жаңалықтар тауып береді. Жаз күндері болғанда жанына қоржын байлап алып, күні бойы тау ішін кезіп, көк тастың сынықтарын тереді. Ащы өзені бойындағы Хан-сүйегі деген жерді аралап жылтыр қара тас тереді. «Бұл қозыбауыр қара тас — таскөмірдің өзі осы. Бұл жерде бір кезде зауыт болуға тиіс», — дейді баласы Салыққа. Бұл жерді геолог Б. Ораэге көрсеткенде, ол кісі Жаяудың қолына естелік хат беріп кетеді. Ондағы жазғаны: «Мұса Байжанович указал каменно-угольную руду на урочище Сары-Адыр. 23. 10. - 1899 г.»

Далбаның Едіге деген тауында темірдің тотығы сыртына шығып жатқан ескі кен болатын. Жаяу Мұса одан бір қоржын тасты үйіне әкеліп, балғамен үгіп, сумен шайып, Қанды-Қарасу зауытының қожасы Деровке апарғанда, ол Мұсаны үлкен сыймен қайтарады.

Елге шыққан ғалымдармен қатар Жаяу Мұса қала ғалымдары мен де байланысты болуды жақсы ұнатқан. Ол ең алдымен Семейде тұрған белгілі ғалым, қазақ халқының тарихы, этнографиясы туралы көп жазған, Абайдың досы Н.Я. Коншинмен байланыс жасап, оған өзінің қолжазбаларын жіберіп отырады, хатты бірінші рет жазған — Н.Я. Коншин. Оған қарағанда ол кісі Жаяу Мұсаны сырттан жазған хаты бізге дейін сақталып жетпеген, бірақ мазмұны, жіберген мезгілі Жаяудың дәптерінде жақсы сақталған ол туралы Мұса былай дейді: «Секретарь Статистический бір мың тоғыз жүз бірінші жылы бір жүз отыз нөмірінде жазып жіберген». Қолжазбаларының бір тобын Н.Я. Коншинге жіберіп, Жаяу Мұса оның далада бос қалмауын өтініп, оған өлеңмен былай дейді:

*Жібердім осы өлеңді сізге жазып,
Сіздердің тілеуіңді қазақ ғаріп.
Қазақ жұрты әуелде қараңғы еді,
Бұл күнде дүниежүзі болды жарық.*

Екінші бір өлеңінде:

*Атбекет Коншин затың ақылың дана,
Әрқашан Құдай болсын сізге пана.*

*Екінші бізден керек бәуіт болса,
Хабарын жеткізіңіз хатқа сала.*

Өзінің дәптерлері бойынша, Жаяу Мұсаның жазысып тұрған кісілері аз болмаған. Ол Омбыдағы А.Н. Седельников пен Томдағы А.Е. Кузьминмен, Мәскеудегі Горашиа Картермен жазысқан (Горашианың адресі: «Москва, Б. Лубянка, д. 14» деп дәптеріне тіркеп қойған).

Ол жұмысына көңіл бөлумен қатар Жәкеңнің ауылдағы сүйетіні, қызықтап ләззат алатыны аңшылық, серілік, сауық құру, уақытын думанмен өткізу болған. Жәкең аңшылық өнерінің көбінің соңына түскен, мылтық ату, тазы жүгірту, саятшылық құру. ...Бүркіт салатын аңдар түлкі, қоян, қасқыр, сайғақ. Бұл аңдардың ол кезде таңынан жыртылып жүретін жерлері, әсіресе Арқаның Оңтүстік таулары Ақшатау, Бектау ата, Бұғылы, тағылы Айыртау, Тайатқан Шұнақ, тағы басқалар. Жердің алыстығына қарамай қыстың қоңыр күз болып тұратын кейбір серілер топталып жеке-жеке қос болып, самғаған көп бүркіттерімен аң аулауға «салбурынға» шығады. ...Жаяу Мұса қыран құстың тілін жүйрік білген, тамаша саятшы, құсбегілердің бірі болған. Сондықтан ол қыран құстарды өзі ұстап, өзі баулып үйрететін болған. Сұңқар тектес қыран құстармен шұбар қаршығалардың көп жүретін жері — күнбатыс Сібірдің қою ормандарының іші.

...Не заманнан бақылаған осы тәжірибесі бойынша Жаяу Мұса қыран құстарды алыстан іздемей, оларды өзі отырған Далба не оған көрші тұрған Қуу, Дегелең тауларының ішінен ұстап, өз қолымен тәрбиелеп баулитын болған.

...Үкі оларға сұлулық, әшекей үшін керек болған. Сондықтан бір шоқ үкінің өзін олар өте қымбат бағамен алудан мойымаған. Жаяу Мұсаның үкі алдыруы халықтың үкіге құмар болуының ашық бір суреті.

...Жаяу Мұса осылай аңшылық, серілік қызығына түссе де, тоқсаныншы жыл мен 1900 жылдар арасында ол тағы да үлкен соққыға ұшырайды. Бұл жылдары оның жақсы көрген көп үміттенген екі баласы — Бөрібай мен Зікен шешектен қайтыс болып, алпыстан аса бастаған Жәкеңді қатты күйзелтеді (дәптерінде): «Бөрібай кетті бұл дерттен, Зікен де кетті бұл дерттен, берсеңші тәңірім артын)». Бірақ тәңірі оған артын бере қоймаған. 1900 жылы аяулы жұбайы Сапар отыз жеті жасында, өзі жоқта қайтыс болып, Жаяуды мүлде күңіrentіп, зар қақсатқан. Сапарға:

*Жатырмысың ей, Сапар,
Топырақпен пара-пар.
Қара шымды жамылып,
Қалғаның ба гүл-гизар?
Жаңа келдім қасыңа,
Абдысалық қасымда.
Топырақ басып қалыпты,
Отыз жеті жасыңда.
(Омбы дәптері)*

Осы жылдары қайғы үстінде жүріп, Жаяу Мұса «Сапар», «Қоңыр», «Гауһар қыз» деген толқынды терең зармен, өксумен келетін өлең-әндерін шығарды. ... «Сапар» әнін айдалада, Шідерті өзенінің бойында тыныстап




жатып айтқызғанда, Бошанайдың өз көзінен жасы мөлдіреп отырғанын көрдім.

...Жаяу Мұсаның мұндай қамыққан кезінде оған күш беріп, достық қолын созғандар — жоғарыда көрсетілген Байдалының Мұстафасы, Арыстанбайдың Имамбегі, Шөкеңнің Құдайбергелі, Шоқаманның Әбділдасы, Айдарбек сал, тағы басқалар. Жаяу Мұсамен кездескенде: «Менің ең жақын жанашыр дос-жарандарым осылар болатын. Мен «қашқын» болып жүргенде кесірім осыларға тие ме деп көп ойлаушы едім. Патша ұлықтары оларды мен үшін қысып, әуре қылмасын деп жазған арыздарымда оларды да жауымның қатарына қосып қоятын едім. Бірақ кімнің қас, кімнің дос екенін ішіміз жақсы білетін».

Жаяу Мұсаның қамыққан көңілін сергітуге болысқан кісілердің екінші тобы әнші-серілер, саятшылар, олардың ішінде, атақты Айдарбек сал оның баласы жас балуан Ысмақ, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, тағы басқалар. Айдарбек әрі сал-әнші, әрі балуан, әрі ойыншы. Айдарбекті Қажымұқаннан бұрынғы қазақтың бірінші рет қырдың бес дуан елі бас қосқан Мұсаның асында, 1885 жыл айқындайды. Айдарбек осы аста өзінің Қарақұлақ деген атын ойнатып, ән салып, балуан күреске түсіп бірінші бәйге алады. Бұл асқа қатынасып, Айдарбекке разы болған Саққұлақ би: «Қан майданда халыққа абырой әперген, сені туғызған апаңнан айналайын», — деген. Өйткені, бұл асқа Омбының бес уезінің ұлықтары тегіс қатынасып, қазақ халқында неше түрлі мәдениетті ойындар, оның ішінде, атпен ойнайтын ойындар бар екенін өз көздерімен көріп, тамаша қылған. Сол Айдарбек кейін Жаяу Мұсаның ең жақын достарынан болған. Оның баласы — Ысмақ, о да әрі әнші, әрі балуан, әкесінің ізін қуып, Жаяу Мұсаның жас достарының және шәкірттерінің бірі болады. Жаяу Мұсаның әндерін, өлеңдерін тегіс жатқа біліп, өзіндей тапжылтпай айтатын кісінің бірі болған.

Жаяу Мұсаның жас күндегі бунтарьлық, ерлік ісіне еліктеп, оның әндерін халыққа таратқан әнші-серілердің ең атақтыларының бірі Ермағамбет Игібаев екеуі де ескі Ақкелін болысына қараған Қаржас, мұның екеуі де Мәди мен Балуан Шолақ сияқты әлеуметтік қиғаштықтың күшейген кезінде, Столыпин реакциясының лаулап жанып тұрған кезінде шыққан бунтарьлар. Бұлардың ұстасқан кісілері, бір жағынан, ескі кереуіз болыстар болса, екінші жаңадан құрылып жатқан поселкелердің кулактары. Ермағамбет — ол кездегі ірі бай Бақтыбайдың немересі. Қыстауы Сайтанды өткелсіз Шилі деген өзеннің жағасында, Ботақара дейтін жаңадан құрылған қонысқа таяу тұратын. Жас әншінің тағдырына осы поселкемен байланысты оқиғалар себеп болып, сол үшін көп заман оның өмірі қыспақта өтеді. Балуан Шолақ сияқты Ермағамбетті де қоныстың малын ұрлады деп бес жылға Атбасар даласына жер аударады. Атбасар даласына барған соң, Ермағамбет Есіл бойындағы елді аралап, өзінің тамаша әндерімен халықтың көңілін тартады. Баянаулада айтылатын Жарылғапбердінің, Жаяу Мұсаның әндерін ол жерге кеңінен таратып, Атбасардың атақты әншісі Сәтмағамбетпен танысады.

Одан «Әупілдек» әнін үйреніп, кейін оны Баянаулаға әкеліп таратады. Бірақ бұл әннің текстін Ермағамбет өзінше шығарып алады. Әупілдек әнін Сәтмағамбет ерте кезде «Ит жеккенге» айдалған жас жігітке арнап, оның қарындасы Дәмеш қыздың атынан шығарған. Оның Сәтмағамбет айтатын тексті былай:


Біз жүрдік Әуілдекті қоныс етіп,
Тәңірінің бергендерін нәсіп етіп.
Күнде той, күнде жиын, қайран елім,
Қалды, әне, қара көзден бір-бір ұшып.
Әуілдек айдын шалқар көл болады,
Жағалай әуілдекті ел қонады.
Ежелден ата-баба қоныс еткен,
Суы бал, шөбі тәтті жер болады.

Бұл әннің сөзін үзінді түрде революция кезінде бірінші рет жазып алған — Бимбоэс.

«Әуілдек» айдауда жүрген Ермағамбет әншінің жан күйіне өте ұйқас болып көрінген. Ермағамбет бұл әннің әуенін бұлжытпастан алып, тек оның сөзін өз күйіне жақындатып айтқан Ермағамбет текстісі:

Қамысы Әуілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым мен Есілдің суын іше.
Жез қанат құсқа біткен маған бітсе,
Барар ем Сайтандыға әлденеше.

Бұл ән қай әншінің сөзімен айтылса да, патша үкіметіне қарсылық түрінде айтылған. Оның негізін жасаушы одан бұрын, әрине, Жаяу Мұса болған.

Жаяу Мұсаға жан күйі аса жақын болып, оның өмірін, әндерін әуес еткен әнші-серілердің бірі — Арап қашқын. Бұл аса алғыр, дарынды бетінен қайтпайтын ер кісі болған соң, Жаяу Мұса оған арнап «Арап батыр» деген белгілі өлең-әнін шығарады. Араптың әлеуметтік ісі Мәди, Балуан Шолақ, Ермағамбет сияқты өзге бунтарьлардың ісімен бірдей. Оның өзіне қойған міндеті — халықты аяусыз жәбірлейтін болыстармен ұстасу, не күш көрсететін көрші кулактармен айқасу. Осының зардабынан Арап ояз тарапынан қатты қуғынға ұшырап, Баянауыл төңірегінде тұра алмайды. Ығысып Қарқаралы жеріне ауысып, атақты Бөденің қолына барып тұрады. Бөде Серікұлы — ол кездегі Қояныштағай елінің болысы, белгілі беделді адамдардың бірі. Бірақ Бөде өзге болыстардай патша үкіметіне артық бас иеген, оның айтқандарын кейде орындамаған. Бөде осындай ерлік істерімен аз уақыт бунтарьлардың мықты көсеміне айналады. Өзінің бунтарьлық ісімен ояздан, залым болыстардан жәбірлік көрген жас әнші, сері жігіттер Бөденің қасына жиналып, ойынсауық құрып, онда келген ұлықтарды мазақтайтын болады. Соның бірі — «Қырық жігіттің басшысы» деп саналған Арап батыр. Бірақ бұлардың бөденің үйінде жатып істеген бунтарьлық ісі ұзаққа созылмайды. Болыстардың, Қарқаралы уез басқармасының көрсетуі бойынша, Дала уалаяты өлейетінің генерал-губернаторы Бөденің үйін түбінен күйретіп, оны үрім-бұтағы мен Зайсан уезіне жер аударуға бұйырады. Бөденің үйінде Сұрша қыз деп аталған әрі ақылды, әрі көркем сұлу қызы болған. Арап әнші келісімен сол қыздан көзін айырмайды, екеуінің махаббаты күн-түн сайын арта береді. Бірақ олардың тілегі оразды бола ма, жоқ па, албырт жүрек оны керек қылмайды. Әлден уақытта Бөденің көп баласын ұстауға Қарқаралыдан полиция шықты деген хабар сап ете түседі. Оны естіген Арап ешбір бөгелместен сол күні түнде Сұрша қызды алып Көкшетауға тартады. Бірақ, үміт пен сескенудің арасында келген Арап бұл жерде Сұрша қызбен бақытты болып тұра ал-



майды. Өйткені бұл жердің болыстарының арамзалығы өзге жердің болыстарынан кем түспейді. Зайсанның болысы Араптың атақты қашқын екенін сұрастырып біледі, оның қасындағы Сұрша қызға құмартады. Қорғаусыз, тегін дүниеге қызыққан залым болыс, бойы шіміркенбестен «Қашқын ұстадым» деп Арапты абақтыға отырғызып, Сұрша қызды тоқалдыққа өзі алады. Сұрша қыздан айырылған Арап Көкшетаудан Омбы абақтысына «этаппен» бара жатып, отан арнап өзінің атақты «Сұрша қыз» деген әнін шығарады. Бұл куплеттің Арап шығарған түрі былай:

*Шын жүрек тұра алмайды ғашық жарсыз,
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.
Дарияның жазға соққан толқынындай,
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.*

Бұл соңғы сөзбен Арап Зайсан болысқа тиіскен. Екінші куплеті Сұрша қыздың артында қалып қойғанын өкініш ету — «Ғашық болған Сұрша қыз, Көкшетауда қалдың-ай». Үшінші куплеті үмітті, үміттенуді асқар бел етіп ұстаған Арап ілгерідегі өміріне зор үмітпен қарап: «Бұдан да босармын, Сұрша қыз сенімен тағы қосылармын» деп көңілін көтереді.

*Неше жыл жүрсем дағы бұл айдауда,
Шыдармын, қажымаспын денім сауда.
Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам,
Сұрша қыз, көрісерміз Баянтауда...*

Қазіргі музыка зерттеушілер бұл әнді Жаяу Мұсаға қосып жүр. Бірақ бұған шындық көзімен қарап, бұл әннің мазмұны тегісімен Арап пен Сұрша қыздың махаббатын суреттеуге арналғанын айту керек еді. Арап Жаяу Мұсаға өте жақын кісі болған. Сондықтан бұл әнді ол кісі Арап атынан жазуы да таңғаларлық нәрсе емес. Қазақ тілінде «Дала уалаяты» газеті шыға бастағаннан былай, Жаяу Мұсаның ой жұмысына көңіл бөлуі бұрынғыдан көрі де күшейе түседі, Жәкең газет оқумен шұғылданады, газеттерде басылған қызық мақалаларға ерекше көңіл аударып, олардың қысқаша мазмұндарын өзінің дәптеріне жазып отыруды әдет етеді. 1905 жылдан кейін және Октябрь революциясының алдында шыққан газеттерден Жаяу Мұсаны оқығаны «Жұлдыз» (татар тілінде), «Уақыт» (Ода), «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері. Дәптері бойынша онда қараған мәселелері саясат, соғыс туралы, шаруашылық мәселесі, жұмысшы кедей-жарлылардың өмірі, диқаншылық, соғыстың зияны, 1916 жылғы қазақ көтерілісі кезіндегі оқиғалар, патша үкіметінің 19 кісіні тұтқынға алғанына ой болу, азық-түлік мәселесі. «Русияны астықпен асырайтын 80 миллион шаруалардың қарулы жастары тегісімен соғысқа кетіп, тек қатын, бала мен кәрілері ғана қалды. Егер бұларды алатын болса Русия мұқым астықсыз қалатын болу керек. Қазір шаруа күйзеліп, мұжықтар тобымен жарлы бола бастады. Олардың ағаш дүйірмендері қаусап біткелі тұр», — дейді. 1914–1916 жылдардағы соғыс пен саясат мәселесіне тоқталып: «Қазір дұшпан бұлты қалыңдап, күннен-күнге түнеріңкі болып барады...

Патша мен жұрт арасы сондай ашылып болды. Патша қанша сірескенмен айналдырған ауру алмай қоймайтын шығар». Жаяу Мұсаның



осындай саяси терең ойларға көңіл қоюы, оның көзі ашық дүниені бірталай таныған, саңлақ кісі болғанын сипаттайтын дәлелдің бірі. Екінші жағынан, Жаяу Мұсаның толық жазылмай қалған бұл ой толқындары. А.Н. Белослюдовтың Г.Н. Потанинге жазған ойларымен өте үндес болып шыққан. ...Жаны сергек, сезімі толқынды Жаяу Мұса қартайған шағының өзінде жаңалықсыз, думансыз, халықсыз отыра алмаған. Жаны күйлеп, шабыты тасығанда ол өзінен-өзі гей-гей тартып, әфсана оқығандай, көз ашып жұмғанша халықты өзіне тартып алған күндері болған. ...Оның әнді көп шырқап, сауықты көп құрған жері Қоянды жәрмеңкесі, Баян қаласы, Ақмола дуаны. Көп барған, жақсы көрген жері өзінің туып-өскен ортасы Қаракесек елі. 1916 жылы, 81-ге келген Жаяу Мұса: «Бүгін, 2-ші июльде, қаракесек еліне жолаушы шықтым» деп жазады өзінің дәптеріне. Өзіне жақын, жерлес елді Жаяу Мұса әрқашан жаз шыға, ел Шідерті өзенін жайлап отырғанда аралап көреді.

...Жаяу Мұса тапал бойлы, ашаң келген, көзі өткір, сопаң бетті, ақсұр кісі болатын. Ол кезде оның киетіні қызыл-күрең кәрістен тіккен қызыл камзол, қызыл шалбар, аяғында жеңіл кебіс-мәсі, басында әдемі пұшпақ бөрік (кеңес дәуірінде ол бөрікпен фотоға түсті).

Кешке жақын адам тобы ауылдың сыртында алқа-қотан отырып киіммен, ойнақы жеңіл денесімен, төпеп айтатын сөзімен ерекше көзге түсетін. Мұндай бас қосуда Жаяу Мұсаның еліне айтатын өзінің басынан кешірген оқиғасы, оязбен болыстармен қалай ұстасқанның суреті, қашқын болып жүргенде көрген-білгендері, Кенесары, Сейтен, Тайжан оқиғалары, тағы басқалар. Бұл оқиғаларда Жаяу Мұса толқынды қарасөзбен бастап, қызған кезде домбыраға қосып әнмен шырқайтын. Оның «Жөкеңе», «Шұғайыпқа», «Арапқа», «Бәшерденге» деген әндерінің адамның жан күйін, жүрегін толқытуы сонша, отырған қариялардың «тағы айтшы» деп сұрап отырғанын көрдік.

Жаяу Мұсаны мен соңғы рет 1924 жылы көрдім. Маусым айының соңғы кезі еді, Қоянды жәрмеңкесінен шығып, ол ауылға жете қонуды ойласа да, жолшыбай Ертісбайдың Адхамы жібермей, сонда қонып шықтым. Ертеңінде Адхам басшы болып мені Жаяу Мұсаның аулына апарды. Қарағайлы бұлақ деген жерді жайлап отыр екен. Келсем, әдемі бие бауда он шақты күмістей ақ үйлер тігулі тұр. Оның алты қанат ең үлкені, сол кезде Далба елін билейтін, Жаяу Мұсаның немере баласы Мәлік Қалиевтың үйі екен. Ауылда жөн білетін еркектен ешкім жоқ екен. Адхам аттан түсіп, сыбырлап Мәліктің шешесіне менің келгенімді айтты. Ол кісі адуындау кісі екен, жүгіріп келіп менің маңдайымнан сүйіп, қолымнан жетелеп үйіне ала жөнелді. Сол арада Әмірдің бәйбішесі Жанкүміс килігіп:

—Апа-ау, атам тұрғанда қайда апарасың? — деді. Оған Адхам қосылып:

—Әуелі қартқа сәлем берсін, сіздің үй қашпайды ғой, — деді. Мәліктің шешесі (атын ұмыттым) жерден жеті қоян тапқандай, мені дедектетіп енді Жаяудың үйіне ала жүгірді. Ол екі ортада Жанкүміс қартқа барып хабар береді. Мен есікке таянғанда қарт есікті шала жауып, ар жағынан сығалап тұр екен. Біз босағаға жеткенде:

—Пропуск. Без пропуска не допущу, — деді.

Содан кейін көзінен жасы мөлдіреп құшағын жайып:

—Кел, қарағым, амансың ба? Мәкемнің көзісің ғой, — деп мені аймалап, иіскеп, сүйе бастады.



... Жаяу Мұса қыр мұрынды, ат жақты, кең маңдайлы кісі еді. Ерні үрпектеу, иегі сопақ, сақал-мұрты өте сирек болатын. Жалпы айтқанда, баласы Салыққа өте ұқсас, бірақ одан ақшылдау бет ажары сыпайырақ болатын. Мен көргенде, ол жас күніндегі әдемілікті сүйетін салдың мінезін әлі тастамаған. Кіршіксіз ақ жағалы көйлек, одан шығып тұрған қоңыр-қызыл мойын орамал, әдемі тігілген қамзол, оның үстінен жамылған сұр шапан. Осы қалпында бір-екі жылдан кейін ол фотоға да түсті. Салдық мінез оның жүріс-тұрысында да, жасаған қимылдарында да әдемі сақталған. Жүргенде аса кербез, аяғын көсілте ырғала басып, қойқандап «сал бөксе» түрде жүреді. Келе жатып біреуге қарағанда көзін төңкере қарайды. Кейінірек тап осындай жүрісті Шыңғыстауда, Мұхтардың үйінде болғанда, Өтегелді серінің жүрісінен көрдім. Мұндай жүрісті оқыған кісілерден жақсы көрген А.Ермеков еді.

...Мен Жаяу Мұсаны таза жиылған бес қанат шымқай ақбоз үйдің ішінде көрдім. Қарт әнші қалыңдығы жарты метрдей жұмсақ төсектің үстінде, үйге кірерде оң жақ іргесінде отырады екен. Одан төмен, шидің ішіне таяу кішкене қара саба тұр. Сол жақ босағада, тұғырдың үстінде қылмындап әдемі қаршыға отыр. Ол анда-санда шықылдап әншіден көзін айырмайды. Түрі не жем керек етіп, не далаға алып шықса деген тілегі бары сезіледі. Жаяумен әңгімелесіп отырғанда байқағаным, бұл үйге жанын салып, оның шаруасын басқаратын үлкен келіні Жанкүміс екенін көрдім. Ол немере баласы Әмірдің бәйбішесі болатын. Баласы Салық үйде жоқ екен. Кісі күтуге төселген Жанкүміс оның бар-жоғын білдірген жоқ. Шай ішіп отырғанда Жаяу Мұсаның айтқаны: «Бүгін ешқайда кетпейсің, біздікінде қонақ болып жатасың. Күн ауып салқын түссе үшеуміз қаршыға салуға шығамыз», — деді.

Біраз отырып:

— Әлде атаңа тартпаған шығарсың? Орыс болып кеткен кісі қаршыға салуды жек көретін шығарсың? — деп тағы түйреп алды.

Шайды бір ұрттап алып:

— Атаңның қалай өлгенін білесің бе?

— Ауылда естідім.

— Естісең, ол кісі аса аңқұмар болатын, жас күнінде Бәйтен салға еріп атаның дәулетін біраз шашты. Кейін Құсайынмен алысты. Бір жылы би балаларымен бірігіп, Құсайынның орнына Бүркітбай Тойбазар ұлын отырғызды. Бүркітбайды қасастықпен өлтірген соң, Боқшалды қоямыз деп деп күш салған ояз отан көнбеген, Құсайынның өзін қайтадан отырғызды. Сонда сайлауда болыс барған Құсайын шүйдесін жоғары көтере Мәкеңе қарап:

— Уа, Мәке қалай болды? — дегенде, бабаң жұлып алғандай:

— Құсайынжан, несін айтасың, Құсайынға ерген құстай ұшып, Боқшалға ерген боқ болды той, — дегенде, жұрт қарық болып күлген еді. Сол Мәкем Дауылбай шатында түлкіге бүркіт қосып жүргенде аты тастан құлап, содан қайтыс болды. Алдында бір түлкі алдырып, насыбайын атып тұрған еді. Ойдағы қағушылар тағы да қиқу салып айғай көтергенде аты да бүркіті де елегізи бастайды. Тасты айнала қашып жүрген түлкіні көрген соң, бүркіт қолынан жұла жөнеледі, ат та одан қалғысы келмейді. Содан аты ойға қарай домалап кетеді. Мұның бәрін өз көзіммен көрдім. Көргенім былай тұрсын, бала күнімде домбыраны да сол кісіден үйрендім, құс салуды, Құсайынмен ұстасуды да сол кісіден көріп істедім дейтін.



Жаяу Мұсаның жаңадан табылған бір топ өлеңдері 1959 жылы, Шоқан Уәлихановтың әдебиет мұраларын зерттеу үстінде, Одақтық география қоғамының Омбыдағы бөлімінен сақталған екен. Бұл шығармаларын Жаяу Мұса 1901 жылдың соңында Семей облыстық Санақ басқармасының хатшысы Николай Яковлевич Коншиннің өтініші бойынша құрастырып, сол кісіге жіберген екен, Коншин оны география қоғамының Омбыдағы Күнбатыс-Сібір бөліміне жолдайды.

...Коншинге тапсырған өлеңдерін Жаяу Мұса бір дәптерге топтап, оған «Шытырман Ғибрат өлең кітабы» деп ат берген және қолжазбада ардақты әншінің өз қолымен түзеткен жерлері де аз емес. Бұл дәптерге кірген өлеңдері: 1. Секретарьға өлең; 2. (Баянаула дуанында) жиылыста айтылған үгіт; 3. Данышпан қызы (поэма, негізі араб әдебиетінен алынған); 4. Қазақ сыйлары; 5. Жұлдыз (Қазақ календары); 6. Мола (Мұсаның қатынының моласында айтқан сөзі — жалғыз баласы Салықпен).

Сөйтіп, Жаяу Мұсаның бұл дәптері «Секретарьға өлең» деген арнаумен басталады. Бұл өлеңін Жаяу Мұса сол кездегі белгілі орыс ғалымы әрі қоғам қайраткері, Н.Я. Коншинге арнап, ол кісінің хатына жауап ретінде жазған. ...Өлеңде былай деген:

*Жібердім осы өлеңді Сізге жазып,
Патшалық тілеуінде қазақ ғаріп.
Қазақ жұрты көп заман қараңғы еді,
Бүгінде дүниежүзі болды жарық.*

Н.Я. Коншиннен хат алғаны туралы Жаяу Мұса былай дейді:

*Семейлік, Павлодар мен Далба елінде,
Мен алдым декабрьдің жиырма бірінде.
Секретарь статистік жазған екен,
Он бесінші ноябрьдің дәл күнінде.
Бір мың тоғыз жүз бірінші екен жазған жылы,
Жіберген бір жүз отыз нөмірінде.*

Бұл жолдарды Жаяу Мұса өте қарапайым, кеңсе тілімен жазса да, оның бұл өлеңдер тобы қалай туып, оны қашан ғылыми орындарға жібергенін ашық көрсететін керекті дерек екенін кереміз.

Кіріспеден басқа Жаяу Мұса дәптердің соңғы өлеңінде Коншинге арнаған. Онда былай деген:

*Жібердім секретарь, сөз ұнаса,
Көп өлең шығар еді ой толғанса.
Оязым — Павлодар, елім — Далба,
Байжанов қолын қойды жазып Мұса.
Мұны жазған Мұса атым сочинитель,
Орыс ғалымда ақыл көп қой, қылмас қатал.
Жәрдем үшін секретарь Сізге жаздым,
Тағы өлең жіберуге болып батыл.*

Бұл ишаралап жазудың жобасына қарағанда, ел ішінде тіршілік күресімен қажыған Жаяу Мұса жоғары орындарда жүрген оқымысты орыс



ғалымдарына өзінің мүддесін айтып, солар арқылы күш алғысы келгенін сездіреді. Мәселен:

*Қағаз жоқ, қара сауыт, қалам, сия,
Базар жоқ, ұстамады біздің ая.
Тілмаштан сұрағанда мұны берді,
Бұған да қалдым өзім қатты ұяла.*

Жаяу Мұса өлеңдерін арнап отырған бұл Н.Я.Коншин кім еді? Ол сахараны мекендеген қазақ қауымының сол кездегі тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы бірталай күрделі еңбек жазған, орыс халқының прогресшіл адамдарының бірі болатын. ...Н.Я. Коншин бір ғана Жаяу Мұсаның өлеңдерін жиып қойған жоқ, ол қазақ әдебиет мұраларын көп жыл бойы және бірнеше өлкеден жиған. Оның архивінде сақталып тұрған материалдар сол кездегі Көкпекті, Қара Оба, Аршалы, Абралы, Айыртау, Сарытау, Мұқыр, Алқакөл, Шыңғыстау, Ұлан, Қарқаралы, Баянауыл аймақтарынан келіп түскен.

Солардың ішіндегі ең баталысы, әсіресе Абай мен Жаяу Мұсаның өлеңдері. Абай шығармаларынан Коншин архивінде сақталып тұрғандары:

1. Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ.
2. Жасымда ғылым бар деп ескермедім.
3. Секілді Қара қарға шуласып жүр.

Бұлардан басқа «өткен замандағы қазақ хикаялары» (аңыз сөздер), оның ішінде, «Есімхан әңгімесі», «Алдаркөсе», «Шортанбай өлеңдерінің екі нұсқасы, оның орысша аудармасы. Осы мағлұматтарды жинап берушілердің біреуі Абыралы болысынан Коншинге мына шумақты арнаған:

*Атбекет Коншин затың, ақылың дана,
Әрқашан Құдай болсын Сізге пана.
Тағы да бізден керек өлең болса
Хабарын жеткізіңіз хатқа сала.*

Осындай қазақ ақындары мен білгіш адамдар мен хат арқылы байланысу жүзінде Н.Я. Коншин халық әдебиетінің көп байтақ материалын жиып алады. Сондай кеніштің бірі — Жаяу Мұса өлеңдері. Мұсаның әйелі Сапарға шығарған өлеңі.

*Жатырмысың, ей, Сапар,
Топырақпен пара-пар.
Қара шымды жамылып,
Жатқаның ба, Гүлгизар?*

Жырдың сарынына қарағанда, Мұсаның жақсы көрген әйелі Сапар өзі үйде жоқта қайтыс болғаны сезіледі. Сондықтан ақын көре алмай қалған жұбайының өкінішін егіле жырлап, зұлымдық бұғауын бұза алмағанын күйініп айтады.

*Қалыппын көрмей жүзіңді,
Естідім айтқан сөзіңді.*

*Жеткірмей хабар бір адам,
Келтіре алмадым өзімді.*

Бұл топтағы Жаяу Мұса өлеңдерінен мазмұны жағынан ең мағыналысы — «Жұлдыз» (қазақ календары). Бұл өлеңді Жаяу Мұса ақын Абайға еліктеп жазғаны байқалады. Мәселен:

*Күз басы — ол сентябрь,
Болмаса бұлттан бір тамыр.
Алты айға тартар бір күні,
Жақсылық шаруаға өзің бер.*

«Қазақ сыйлары» деген өлеңінде көзге түсерлік нәрсе — Жаяу Мұсаның Абайды есіне түсіруі, кемеңгер ақынның шығармаларына оның алыста жатып үн қосуы.

*Ән — домбыра кемшілік деп мен естимін,
Бар дейді жазу өлең Ыбырайда.
Атасы Ыбырайдың — ол Құнанбай,
Теңелген заманында қыр менен сай.
Бүгінде Ыбырайдан сөз тарап,
Екі адам жай жүрмейді бір ұрынбай.*

Демек, Абайдың өлеңдері сол кездің өзінде халық ортасында зор әсер етіп, оның ойын, әдетін қауым тіршілігін жаңа бағытқа түсіріп, ескілікке қарсы үгіттеп, жаңа тұрмысты жақтауға бейімделгенін білдіреді.

Әдебиет тарихы тұрғысынан қарағанда, бірталай бағалы нәрсенің бірі — «Данышпан қазы». Бұл Жаяу Мұсаның атын әдебиет тарихына толығынан кіргізетін, шумақты сюжеттік поэма. Мұның негізгі арқауы араб әдебиетінен «Мың бір түн» хикаясынан алынған. Араб әдебиетінде кездесетін бейнелерді (қасапшы, майшы, өтірікші, алдамшы, данышпан қазы, тағы басқалар) Мұса қазақ оқушыларына түсінікті етіп беруге тырысқан.

Жалпы айтқанда, Жаяу Мұсаның ақындығынан әншілігі басымырақ жатады. Алайда «тамшы тама берсе, көл болады» дегендей, ақынның осы сияқты ұмытылған өлеңдері жинала берсе, ардақты әншінің жарқын өміріне қосымша дерек болуына сөз жоқ. Жаяу Мұсаның тағы бір топ өлеңдерін өткен жылдары Жұмат Досқараев пен Шора Сарыбаев Қазан университетінің кітапханасынан тауып қайтты. Біздің ендігі міндетіміз — ақынның әлдеқашан ұмытылып жоғалып кеткен өлеңдерін тауып, оны бір жинақ етіп көпшіліктің алдына тартсақ, игілікті іс болар еді.

Әлкей МАРҒҰЛАН

Дереккөз: Марғұлан Ә. Шығармалары. — Алматы, 2007. Т.2. — 432 б.

ҚҰЛТУМА ӨТЕМІСҰЛЫ

Қазақ әдебиеті тарихында төкпе ақын, әйгілі әнші, дарынды композитор Құлтума Өтемісұлының есімі ерекше аталады. Ол—Біржан сал мектебінен тағылым алып, өнерін әрі қарай жалғастырғандардың бірі.

Ақын 1840 жылы қазіргі Қарағанды облысының Теңіз ауданындағы Жартытөбе деген жерде балық пен құс аулап күнелткен кедей отбасында туды. 1915 жылы сол атақонысында қайтыс болды.

...Құлтуманың «Шабыт шақыру», «Бір ақынға», «Термелер», «Билер жөнінде», «Өмір туралы», «Қарттық жөнінде» деген өлеңдері мен айтыстары әр жылдары шыққан кітаптарда жарияланды.

...Бұған «Билер жөнінде» деген өлеңіндегі пікірлері жарқын дәлел:

*Ей, билер, еш білмейсің өлеріңді,
Харам іске жұмсайсың өнеріңді...
...Ақты қара қылады залым билер,
Қойнына тыға салса бір қадақ шай.
...Қызығына жалғанның алданам деп,
Қияметте болмаңыз жүзіқара.*

Оның ғибратты, парасатты ойға құрылған нақыл-термелерінде мағыналы, сұлу тіршілік кешуге үндеушілік бар. Жақсы адамның аты арып, тоны тозбайтынын яғни халықтың этикалық кодексін паш етеді. Мысалы: «Жақсы болса әйелің — үйіндегі ырысың, Жақсы болса ұл балаң — қайрап қойған қылышың. Жақсы болса қыз балаң — жайлы қоныс, тынысың»,— дейді ол.

...Қолжазба деректеріндегі сипаттауларға жүгінсек, Құлтума ұзын бойлы, жазық маңдайлы, қыр мұрынды, көзі мойылдай қара, кеудесі шалқақ, жарқын жүзді кісі екен. ...«Еу!» деп» айғайлап алып, есіктен төрге дейінгі аралықта аққан селдей, ескен желдей ақындықтың ырғағына тұтас беріліп, қанаттанып кетеді екен. ...Алтай-Қарпықтың шонжары Аққошқар Сайдалының асында 9 күннің ішінде 18 ақынды тізе бүктіріп, өнер бәйгесінде мерейі үстем, мәртебесі биіктеп отырған уақытта, он сегіз жасар Намаз ақын кездеседі. Жиналған жұрт Намазға:

— Құлтума бірде-бір ақынды беттетпей, шаңдай шашып, тозаңдай тоздырып, құтын қашырып, қарсыластарын жапырақтай отап жатыр. Ол қазір келеді. Сен домбыраңды алып, бұрын төрге жайғас, — дейді. ...Құлтумаға басқалар амандасса да, Намаз сәлемдеспейді. Құлтума: «Мынау қай неме?» — деп оның шынтағынан қағып жіберсді де:

*Аузымнан лебіз бұрқыра,
Қаламдай біткен он саусақ.
Дөңгеленген он тырнақ,
Сом алтындай жалтылда.
Қиылып біткен екі қас,
Көз алдында бұлтылда.*

*Мен — өр Алтайдан шыққан
Атақты жүйрік Құлтума...*

деп айтысты бастайды. Осы бір қуатты сөздер, шын мәнісінде, Құлтуманың өзіне лайық бағасы, биік өнеріне өлшемі, ақындық шеберлігіне берілген тұжырым десек, артық айтқандық емес. ...Намаздың: «Тоғыз күндей бұл аста бәрін жеңіп, Әлі тоймай жүр ме едің, жүзіқара» дегенінде ақынның талай тарланбоздарды артқа тастаған жүйрік екендігіне тәнтілікпен қоса, бақталастық та бар.

Сондықтан да Құлтума:

*Өзіме өлең берген Жаббар Құдай,
Беттеместей қылайын бұдан былай.
Мені кім деп отырсың, сорлы бейбақ,
Сен түгіл, беттеген жоқ Шөже, Орынбай, —*

деп оған түйгынша шүйіледі. Айтыс дәстүрлі тақырып шеңберінде өтсе де, екі ақынның да импровизаторлық қуаты, ой жүйріктігі, тапқырлықтары анық аңғарылады.

Құлтума Ыбыраймен де айтысқан. Оған қазақ жерін қалмақ шапқыншылығынан қорғаған даңқты батырлардың бірі — Сәркенің шөбересі, әнші, ақын, батыр Ер Сейіл себепкер болған. Айтысты 1930 жылдары Атбасар ауданында жүріп жазып алған — белгілі қоғам қайраткері, жазушы Сабыр Шәріпов. Оқ жыландай атылған» Ыбырай ақынға қаймықпай төтеп бергеніне, кеудесін өлең кернеген тарланбоздығына сұлу тізілген мына айшықты жолдар толық дәлел:

*Дүние — қызыл түлкі алдаулатар,
Тайсалмай, тіршілікте қыран боп шал.
Даңқым кеткен ұзын ел қиырына,
Жел сөздің қию таптым қиынына.
Қарағайды сөйлеттім қамшы басып.*

Құлыбек деген кісі жалғыз баласы дүниеден өтіп, соған ас береді. Жиынға Тоғжан өлеңдете кіреді:

*Әуелі, ұлкен десең, Хаққа сиын,
Жаманға өлең түгіл, сөз де қиын.
Құлыбек Бағаналы баласына
206 ұй тігіп берді жиын.
Жиынға Тоқан барды айғай салып,
Тақтайды екі шекті қолына алып.*

Сонда Аққошқар көпшілікке қарап: «Бұл тойға Құлтуманы алдырып, Тоғжанмен айтыстырып, көңіл аулағанымыз жөн шығар», — деген екен. Сөйтіп, халық қалауы бойынша Құлтума Тоғжанмен кездеседі. ...Ол Айна ақынмен де сөз сайыстырған. Айна — Нұра бойының ақыны, алпыс жасында дүние салған. Шөже оны — «атақты ақын Айна» деп сүйсіне баға берген.

Құлтуманың ақындық өнерін көріп тамашалауға ел мейлінше құштар болған. Қарқаралыға келгенінде, ағылған елмен он алты жасар Исабек Есенқұлұлы да келеді. Маңайындағылар: «Айтысқа түс», — дегенде, Исабек ақын:

— Құлтума мені ақ түйеше бір-ақ тарпиды ғой, — дейді. Алайда қолқалаған ел оны бәрібір айтысқа түсіреді. ...Бұлар, әрине, ақындық қуаты мен таным тереңдігін танытады.



Құлтума Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ғазиз, Үкілі Ыбырай, Кемпірбай, Иман Жүсіп, Шашубай, Ағашаяқ, Сабырбай сияқты әнші ақын, сал-серілермен қарым-қатынаста болған, Біржан салмен серіктес, бірге жүрген. Қазақ музыка өнерінің білгірі Ахмет Жұбанов Құлтуманың «Демалыс» әні хақында: «Ән құлаш құрылысы жағынан Біржанға еліктейді. Біржанның «Жанботасындағыдай» деп түсінбеу керек. Бірақ әннің өсуі, дамуы, қайырмасының әсерлілігі еркінді билеп алатын күші сол үлкен ағаларының үлгісіндей», — дейді.

Құлтума «Тайпалмалы» деген ән шығарған. Бірақ та бұл ән осы күнге дейін белгісіз. Тек бұл туралы Біржанның айтқан бір шумақ өлеңі бар:

*Мінуші ем көш алдына тайпалмалы,
Жүрісі жануардың байқалмады.
Алтайда Құлтумамен болдым жолдас,
Осылай салады екен «Тайпалманы».*

Әнші, ақын, домбырашы, композитор Құлтума «Үш көтерме», «Тау қиялап», «Шайқалма», «Пау-ой», «Дөңбек», «Жамал — Шәмшид», «Соқпай-соқпа» тәрізді әйгілі әндерін шығарды. Осы әндерді әдемі айтып, нотаға түсірген, халыққа жеткізген — Қосымжан Бабақов.

А.Жұбанов пен Л.Хамиди «Үш көтерме», «Тау қиялап» әндерін «Абай» операсына пайдаланды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ахмет Жұбанов: «Құлтуманың әндерінің ішіндегі бір кульминациялық биігі, шыңы — «Үш көтерме». ...Құлтума ел аралап жүріп, ауыл мырзасы атанған бір азаматтың үйіне түседі. Асықпай-аптықпай, именбей, төрге озып шешінеді. ...Құлтума домбырасын алып, төрдің қақ алдына сүйеп жатқанда, отағасы тұрып: «Мына қарадөңбек басымызға шыға ма?» — дейді. Сонда ақын:

*Алдыма өңгергенім — қарадөңбек,
Дәулетіңе сендердің болды еңбек.
Жеті атаң Жетімберген мырза еді деп,
Алдыңа даңқыңды естіп келе қалдың, —*

деп жырлай жөнелгенде, мырзаның бәйбішесі екеуара сөзді бөліп жіберіп: «Е, бұл өзімнің немере қайным екен ғой, оның дом бырасы шаңырағыма шықса да көтеремін, самаурынды қой», — деп әнді сүттей ұйып тыңдап отырған қызына бұйырады. Бәйбішесінің ісіне разы болған ақын оған мынадай мінездеме береді:

*Дауысым ал дегенде бір саңқылдар,
Қатпа түйе жел болса үйге аңқылдар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Алдыңнан аққу ұшып, қаз қаңқылдар.*

Құлтума өзінің туып-өскен кең-байтақ Сарыарқасында, Ақтөбе, Сыр елінде, Орынбор, Қызылжар, Троицк, Кереку қалаларында өнер көрсеткен.

Поэзиямыздың тарихында өткір тілді, тапқыр ойлы, шешен ақын Құлтума Өтемісұлы шығармашылығының өзіндік салмағы бар.

Серік НЕГИМОВ

Дереккөз: Негимов С. Қазақтың сал-серілері. — Алматы, 2005.

АҚАН СЕРІ

Ұшы-қиыры жоқ сары дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау, Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға Отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді. Соңғы 50—60 жыл ішінде алты алашқа атағы шыққан ақындарымыздың бірталайы сол Көкшетаудың маңайында туып-өскен. «Кең сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай», екі аяқты адамның ділмәрі, улы тілді соқыр Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, үні зарлы Атығай соқыр Тоқжан, терең ойлы Атығай шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері — осылардың бәрі сол күңіренген Көкшенің маңайында туып-өскен ақындар. ...Ақынның өмірі — ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір. Сондықтан біз Ақанның алдымен өмірін жазып, онан соң сөздерін тексереміз.

АҚАННЫҢ ӨМІРІ

112

Ақанның сүйегі — Орта жүз, арғын ішінде қарауыл. Ұлы әкесі Қарауылда — нар шөккен Жарқынбай. Жарқынбайдың бір ұл, тоғыз қызы болған. Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі һәм тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып, тәңіріден немере тілейді. Сол тілектің артынан жалғыз ұлы Қорамсаның қосағы Жаңыл жүкті болып, одан ұл туады. Ұлдың атын Ақжігіт қояды. Біздің Ақанымыз осы. Ақан 1843 жылы Көкшетау қаласынан күнбатыс пен солтүстік өрелігіне қарай 70 шақырым жердегі Қоскөл деген жерде туған. Ақанның әкесі Қорамса бай, саудагер адам болған. Ол маңайда ол кезде ақша ұстаған қазақ сол Қорамса болды. Әрі малға бай болса, әрі ақша болса, әрине, Қорамса елге қадірлі болмақшы.

Ақан 13 жасқа келгенше. Бұқардан оқып қайтқан Күнту деген бір молданы сабақ оқып жүреді. Бірақ біраз ес кіре бастаған соң, молданың балдыр-батпағына зерек Ақанның көңілі толмайды. Сөйтіп, 13 жасында Ақан молдасымен бір шарифатқа таласып, «маған қарсы келдің» деп оны ұрған соң, «шыбыққа сүйенген шарифатыңды ұрайын» дейді де, оқуыменен қоштасып кете барады. Осыдан былай Ақанның жалпақ жұртқа жат көрінген серілік өмірі басталады.

Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15—20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында — бұлғақтаған үкі, қолында — домбыра, аузында — ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. ...Қалың қарауылдың қара көздері «Ақанның әні-ай!» деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап береді. Солай жүргенде Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Шомат қожаның қызы Бәтиманы алады.



Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтимадан бір ұл, екі қызы болады. Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Бірақ серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан да үдетеді. Құлақ естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйрік жияды. Зілғараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базарала деген итті алады. Қалың қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көңіл қосады. Тап сол кезде Ақанның қолына алты алашқа аты шыққан Құлагер түседі.

Құлагер көбей-қарауыл Шөкетай жылқысынан шыққан. Жабағы тай күнінде Құлагер кез келген жерде, күртік үстінде өлген малдай серейіп ұйықтай береді екен. Шөкетайдың ағасы Әбілторы сыншы Құлагерді тай күнінде тұлпар болады деп сынаған екен. Құлагер дөненінде қарауыл ішінде алдына қара салмай, сол Құлагерді Ақан сол күнде жүз сомға сатып алады. Бестісінде Құлагер Шабан асында дара келеді.


Бұдан былай шетелдерге Ақан мен Құлагердің аты бірге шығады. Ақан қолында Құлагер Арқаның талай зор астарында аузымен құс тістеген сан жүйріктерден озып жүреді. Арғын-алтай Аққошқар-Сайдалының (Сайдалысының) асында Құлагер 300 аттан жеке-дара келеді. Бірақ сол аста бір көңілсіз әңгіме болып қалады. Құлагердің артынан Барақбай дегеннің Кетеберкөк деген аты келе жатады. Белгі алуға шыққан Барақбай құлдырап келе жатқан Құлагердің шылауынан ұстанқырап қалса керек, мұны көріп тұрған Ақанның Барақбайға тілі тиеді. Осы уақиғадан Барақбайдың ішінде Ақанға қарсы кек қалады.

...Желдей ұйытқыған серінің жүрегінен мін іздеуге бола ма, сол кезде Ақан Ақтоқтысынан айнып, қарауыл Тінәлі қажының қызы Ұрқия сұлуға өз әнімен өлең шығара бастап, сол Ұрқияны алып қашады. Бірақ жаны сүйіп алған жары Ақанмен ұзақ отаса алмай, үш-ақ ай тұрып, шешек шығып дүниеден қайтады. ...Ұрқия өлгеннен былай Ақанның жаны қасіретке орала бастайды. Ұрқия өлген жетінің ішінде Ақанның жақсы көрген бір інісі өліп, қасірет үстіне қасірет жамалады. Жараланған жүрек жазылу үшін тағы махаббат іздейді. Ақан айналып Ақтоқтыға келеді. Енді айналып иілгенде, Ақтоқтының ұзатылғалы жатқан шағы болады. Ақтоқты өкпесін айтып, разы еместігін білдіреді. Ақан қалайда Ақтоқтыны алмақ болады. Ақтоқтының барайын деп отырған күйеуі ақсақ екен, қыздың көңілін күйеуден қайтару үшін Ақан сықақ қылып улы өлеңдер шығарады:

*Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа,
Жібектен шоқ шекені таққаныңа.
Бұдан артық Құдайдан не тілейсің,
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа... —*

деп мысқыл қылады Ақан. Бірақ өкпесі күшті Ақтоқты бұрылмайды. Ақан танысып келе жатқан қызды жалғыз өзі Құлагерімен алып қашады. Қыз қалайда разы болмайтындығын айтқан соң, алдында келе жатқан қыздың сүбесіне сапыны сұғып алып, бір томардың қабағына тастап кетеді. Бірақ Ақтоқты тірі қалып, берілген күйеуіне барады. Ақанның жүрегінде махаббат та, ашу да күшейеді:

*Ақтоқты, кеткенің бе шыныңменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.*


Басыңды Сарымида кесіп алып,
Өмірімше дауластамшы құныңменен...
Дарияның қайраңындай қалқа бала,
Зарланып ән шырқаймын уайымменен, —

деп ашулы зар шығарады Ақан.

Ақан енді көңілін мал да болса жолбарыстай қолындағы Құлагерімен көтермекші болады. Құлагерді астан асқа алып жүріп отырады. Ұрқия, Ақтоқты уақиғасына бір жыл шамасы болғанда, керей Сағынайдың асы болады. Ақан сол асқа Құлагерді қосады. 323 аттың алдында Құлагер жұлдыздай ағып келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай Құлагерді көлденеңнен соқтырып өлтіреді. Асқа жиылған құмырсқадай қалың ел шуылдасып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отырады. Күн былай тұрсын, түн бойы күңіреніп Құлагерінің, сандалкерінің, еркесі, үркеккерінің басын құшақтап отырады. Жан жолдасын қолымен өлтірген адамдай күйінеді. «Әлдеқайдағы Ерейменге неге алып келдім? Мал да болса, адамнан есті жануар-ай, шабуға жіберерде салбырап, басын төмен салып, кәдімгідей көзінен жасы бұршақтап тұрды-ау! Осы сұмдықтың боларын білген екен ғой еркеккерім», — деп өкінеді. Керейдің игі жақсыларының өздері келіп көңіл айтып, қол құсырып ауылға шақырғандарына жұбанбай, бармай, күңіреніп, бір күн, бір түн далада өлген еркесінің басында отырады. Сол отырғанда өзі сандалкеріне өлең шығарады:

*Жануар Құлагерім қолдан кетті,
Дүшпанның қастығынан қаза жетті.
Қаржас боп, қанжығалы, керей, алтай,
Қуандық, Сүйіндік боп намыс өтті.
Тамам жұрт көтермекке аттанғанда,
Алдынан қарсы бармай маған нетті?
Жиыннан жеке келген тұлпарым-ай,
Үмітсіз қандай дүшпан қағып өтті.
Қырмызы, қара құлпы құйрығын-ай,
Суырылып топтан озған жүйрігім-ай.
Жеріне Ерейменнің айдап келген,
Тәңірінің айналайын бұйрығын-ай... —*

деп күңіренеді Ақан.

Жараға жара қосылып, ауыр қасіретпен Ақан еліне қайтады. Тағдыр шіркін, тасбауыр ғой, тап сол жылы Ақанның алғыр қыраны — Қараторғай һәм Базарала тазысы өледі. Қазақ: «Ер жігіт тұлпардың тұяғымен, сұңқардың қияғымен, сылдыр қаққан судың бойымен, алма мойын сұлудың қойнымен жұбанады», — дейді екен. Енді Ақанға өмірде жұбанарлық не қалды?.. Сүйген жары Ұрқиядан өлі айырылған, «талай жерде тіліменен бал берген» Ақтоқтысынан тірі айырылған, тұлпарын көмген, сұңқары мен құмайы өлген, енді не қалды? ...Удан ащы қасірет қалды. Жасы да отыздың ішіне кіріп қалған. Өмірдің жайнаған гүлін көріп келген Ақан өз өмірінің бықсып-күйіп күлге айналғанын көре бастайды...

Сол уақыттан былай Ақанның жанында үлкен өзгеріс болады. Бұқардан оқып қайтып, Көкшетауда дәріс айтып тұрған, белгілі Науан хазіретке анда-



санда барып сабақ алады. Дінге, сопылыққа беріледі. Хақ асығы дуанадай малдан, елден безіп, дінменен жан тазартуға кіріседі. Бұрын судай сұлу махаббатты жырлайтын Ақан сопылықпен жан тазарту жайын жырлай бастайды. ...Ақанда мынадай кенет ірі өзгеріс көрген соң, ел күңкіл қыла бастайды. Күңкілдің түбі «Ақанға пері иеленіпті» деген сөзге айналады. Шынында Ақанның құлқынын, істерінің жай адамның құлық-істеріне үйлеспей мұндай сөздерді еріксіз шығаратындай.

Жаз шығып, жан-жануар қыбырлап, қалың ел қайта жайлауға көшкенде, Ақан сақау баласымен Қоскөлдің сыртындағы — Сарыкөлдің жағасындағы ағаш үйде жалғыз қалады. Қалың қамысты көл. Қою қалың, иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала. Түн болады. Жел шығады. Қою қамыс зуылдайды, ішінде Ақан күңіренеді. Сақау балада үн жоқ. Екі көзі жаудырап Ақанға қарайды да отырады... Күндіз де сол...

Ішуге де, дәретке де суды Сарыкөлден ғана алады. Сарыкөлдің суына тірі тышқан түсірмейді. Мінген атын да суармайды. Мал келе жатса, алдынан шығып айдап жібереді. Ақан анда-санда жайлаудағы елді аралайды. Астындағы — жүзіктің көзінен өткендей жаратып тастаған бедеу. Екі жағында — екі сұлу ат. Қайда барса бір елі қалмайды. Шақырса, екеуі екі жақтан келіп тізесіне иектерін сүйеп тұрады. Ақанның өзінен басқа тірі жанды маңдарына жолатпайды. Өздері туғалы жүген-құрық кимеген шу асау. Ақан бір ауылға түссе, далаға барып оттап, Ақан аттанарда келеді. Ақан кез келген ауылға түсе де бермейді. Қалың қарауылдың ішінде өзінің таңдап алған белгілі ордалары бар. Сол ордаларға ғана түсіп, солардың ғана асын ішіп, солардың ғана төсегіне жатады. Болмаса қазы-қартаға бөлеп қойса да кез келген үйге түспейді Ақан. Түсіп отырған үйінің ыдыс-аяғында кір, қыл көрсе, яки сол үйдің әйелінің бір былықтығын байқап қалса, пісіп тұрған дәмді тастап, рұқсат алып, аттанып кете барады. Киімі кір адаммен отырғанда, тізелесіп те отырмайды. Төсегі кірлеу үй болса, үйге жатпай, далаға жатады. Жаз болса, көлдің жағасына барып, қыс болса, үюлі шөптің ішіне барып, кейде Алланы аузынан тастамай, басын сәждеден көтермейтін болады. Жанды дінмен тазарту керек дейді. Ал енді кейде Алланы ұмытқандай болып, дінін, намаз, оразасын — бәрін қойып кетеді. Күні-түні күңіреніп өлең жазады, ән шығарады. Далада болсын, ауылдың жанында болсын, өзінің зарлы сарынымен ән шырқайды.

Ақанның осы мінездерінің, осы істерінің бәрі жат, бәрі жұмбақ, бәрі ұғымсыз, ел не деуге де білмей қалады. Жынды деп-ақ қояр еді, қалың қарауылда Ақаннан есті, Ақаннан шешен, Ақаннан көсем кім бар? Ермін деген ерлер шеше алмаған түйінді Ақан шешеді. Екі жақсы бас қосса, сөзді Ақан бастайды. Қандай ұшынған дау болса да Ақан бітіреді. Ендеше, Ақан — жынды емес. «Оған мұсылман перісі иеленген болар», — дейді жұрт. Күн-күн сайын осы сөз өседі.

Бастап еміс-еміс боп, өлімсіреп туған өсек, барған сайын бойы өсіп, бұғанасы қатып дәуірлей береді... Ақан Ерейменде Күлагердің басында түнеп отырғанда, таң алдында салқыншалау жел шығады. Ақан тоңазығандай болады, шерлі Ақан күңіреніп отыра береді. Сол арада болар-болмас қобыздың қылын, домбыраның ішегін шерткендей нәзік мұңды дауыс жан-жаққа жайылғандай болады. Әлгідей болмайды, жорғалаған желдің ішінен жібектей судырлап, талдай бұраңдаған, жүзіне кәдімгі айдың нұрындағы нұр төгілген бір әйел шыға келеді. Ол келген мұсылман перісінің ханының қызы екен. Адамзаттың еркесі Ақан сері қалың шерге душар болған соң, ханның қызы ерке сұлу Ақанды жұбату үшін желге мініп ұшып келген екен. Келіп жұбатады... Сол күннен



былай Ақан мен пері күндіз айырылып, түнде қосылатын болады... Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен. Періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы — Қоскөлдің өзі ежелден перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен. Қорамсаның өзі де бірнеше күндеп, айлап ешкімге тіл қатпай, үйден шықпай, бұқпанау жасап аулақ отырып алатыны бар екен. Сол уақытта оның пері жары келеді екен. Ақанға пері қызын қосқан оның пері шешесінің өзі екен. Осылардың бәрі құр «екен» ғана емес, апанық нәрсе, көзбен көрген де кісі бар...

Шұңғырша қарауыл Әбіш деген жігіт күздігүні шөп шапқалы қыстауға барып, іңірде шошалада балта қайрап отырады. Ортада от бықсып жатады. Шошаланьың іші қара көлеңке. Бір мезгілде жел шыққандай, қыстаудың желкесіндегі қалың қайыңның жапырақтары сыбдырлағандай, қораның төбесіне жапқан қамыстар судырлағандай, сырғауылдар сықырлағандай болады. Желмен ашылғандай ақырын ғана есік ашылып кетеді. Үйге үш әйел кіреді. Алдыңғысы — денелі, ұлғайған бір бәйбіше; екіншісі — орта жастағы әйел; үшіншісі — талдай нәзік, талдырмаш бір қыз. Үшеуінің де жүзінен сорғалаған сәуле төгіліп тұрғандай. Киімдеріне көз тоқтамайды. Үшеуі де қолдарымен жүздерін тасалай бергендей. Келіп босағаға отырысады. Әбіш қалтырап тоңғандай, тісі сақылдап «күлқуалланы» оқи бастайды. Мұсылман пері Құраннан қаша ма, үш әйел отыра береді. Біраздан бәйбіше сары інгендей ыңыранып сөз бастайды. «Шырағым, Әбіш, танымаған соң, сен бізді жатсынып отырған шығарсың. Мен — Қорамса атаң үйіндегі шешенмін. Мынау — Ақан ағаң үйіндегі жеңген, анау — менің кіші балам еді. Таза жүретін, мұсылман адамға беруге ойым бар еді. Үй-ішіміз болып сені ұнатысып, саған қосқалы келіп отырмын», — дейді. Бәйбіше соңғы сөздерін айтқанда, сұлу қыз қағынған аққудай күлімдеп, керіліп қояды. Әбіште құт жоқ, зәре жоқ. «Әлхамді күлқуалладан» қайран болмаған соң, Әбіш жандәрмен тізесінің астында жатқан балтаны ала ұмтылады. Сол уақытта үш әйел күбір-күбір сөйлескендей болып, судырап үйден шыға жөнеледі. Әбіш оттың басында талып қалады. Есін жиған соң, аулына қайтып, ауруға айналып, өмір бойы шала естілеу болып қалады...

Жоқ, жалғыз Әбіш емес, басқа да көрушілер болған. Ақанның қыстауының сыртындағы тоғайдан өткенде перілердің шулап, сақ-сақ күліп, ойнап жатқанын талайлар-ақ естіген. Шөбектің немересі Жаналы мырзаға да сол перілердің біреуі қара мысық болып келіпті-міс деседі. Бұл «еміс-емісті» қоя тұрып, Ақан ұйқтап жатқанда алысырақ тұрып қараса, әркім-ақ оның перімен жатқанын көруге болады. Ақан жатқанда көрпенің астында ылғи екеу болып жатады екен...

Міне, Ақан қырыққа аяқ басқанда, сұлулықтың асығы Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айырылғанда, өмір айдынында ән салып жүзіп бара жатқан қу қанатынан қайырылғанда, Ақанның жүйрік жаны ой дариясына шомып, сұлулығы жоқ былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақанның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге байлайды. Бірақ халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі — Ақанның сұлу тұрмысына кір жаққысы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу; таппаса да, шешпесе де сұлу.

Дұрыс, «Ақанға пері иеленіпті» деген сөзді әдейі таратушы, өлімсіреп туған өсекке әдейі жан беруші, жел берушілер де болған. Әсіресе, «қалың қарауылдың Қыдыр орнаған ордасы» — Шөбек балалары. Перғауынсыз Мұса бола ма? Бірақ Мұсаның өзі перғауынға соқтықпаса, тиер ме еді?



Тағы бірақ маңайындағы перғауындарға соқтықпаса, Мұса болар ма еді? Қарауылдың сөз білем деген ерлерін, әсіресе, көршісі — Шөбек балаларын Ақанға қас қылған — улы тілі. Шынында, Ақанның тіліндей улы тіл сирек болар. Тиген жерін удай ойып жібереді-ау! Ақан бір жерде отырып, Шөбек немерелері туралы мынау өлеңді айтады:

*Тас мұрынды Бегалы,
Сар тоқалы Сердалы,
Іскен басы Сералы,
Қотыр ауыз Мұқанәлі,
Көнтөк ауыз Нұралы,
Бос сопағы Баялы,
Ералы, Жаналы, Сайдалы —
Сауытбектің сарала иті сықылды,
Енеңді ұрайынның балалары...
Боқтыбай айтқандай, пәлі-пәлі...*

Мынадай сөзді есітіп отырып Шөбектің көп баласы қалай намыстанбас, қалай Ақанды қорлап өсек таратпас?..

Қысқасы, Ақан туралы өсектің тарап кетуіне алдымен оның мінезінің жаттығы себеп болса, екіншіден, оның ащы тілі де қосымша болған. ...Осылай жұмбақ өмірмен Ақан елуге таялып келе жатады. Сұлу өмір жарқ етіп, нажағайдай өте шыққан. Өткен күн қиял туғызған ертегі сықылды. Көп ішінде көпке ұқсамайтын бір өзі, көп ішінде жалғыз. Қалың қарауылдың ішінде жанын ұққан жан жоқ. Жұбатарлық досы жоқ, жаралы жанын жазарлық жары жоқ. Әлдеқайда — бетпақ шөл, бетпақ шөлде — жалғыз жол. Сол жолменен жалғыз жан табанын тасқа тілдіріп, маңдайын күнге күйдіріп кетіп бара жатқандай. Қайдан шыққанын, қайда бара жатқанын, не үшін бара жатқанын өзі білмейді. Тілек жоқ, үміт жоқ, мақсат жоқ. Түннен қараңғы, қорғасыннан ауыр ой ғана бар.

Махаббат іздеп тағы аласұрып шарқ ұрады. Қанды көз қыран қияға қонып, қиянға қарай бастайды. Қалың қарауылдың ішінде аты ауыздан түспейтін үш ару бар. Шөбектің немересі Ұрқия, аға сұлтан Шыңғыстың немере қарындасы, Абылай тұқымынан Жүсіп төренің қызы — Жамал. Сұлулыққа қырағы Ақан үш сұлуды қиядан көреді де, қанатын қағынады. Жүйрік жүрек үш аруға да шеңгел салғысы келеді. Үзілген үміт жалғанғандай болып Ақан тағы махаббатты жырлай бастайды. Үш аруға «Үш тоты» деп ат қойып, өлең шығарады. Бірақ бір нәрсеге байланбай жүрек тұра алмақ емес. Бір аздан Ақан үш арудың біреуіне ауа бастайды. Ол ауғаны — Жамал. Жамал он алты жаста-ақ. Жібек желден жаратылғандай ару, Жиреншеден тәлім алғандай шешен, Едігеден бата алғандай данышпан. Қалайда Ақан Жамалды осылай сипаттайды. Осы жас Жамалға Ақанның жүрегі байлана береді. Жүйрік жүрек бір бастаса, не сүйіп қосылмай, не қосыла алмай күйіп, күлден кебін кимей тоқтай ма, Ақан бара-бара жас Жамалды біржола берік сүйеді. «Үш тотының» ішінен «қалқа бала» деп Жамалды бөліп алады. Бұл сүйгенін:

*Қыздарды мен не қылам-сылам?
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?
Жаңартқан өмірімді қалқа бала,
Басы — жым, ортасы — мим, аяғы — ләм,—*

деп жұртқа өзі жария қылады. Кірсіз махаббат көптің көңілін не қылсын?!



...Ендеше, Үрқияны сүйген Ақанның Үрқия өліп, көп жыл өткен соң Жамалды сүюінде де ешбір таң нәрсе жоқ. Кім біледі, Ақан жас Жамалда тіріліп келген Үрқияны көрген шығар... Қалайда, Ақанның Жамалды сүюі барған сайын арта береді. Жасы елуден асып, кәрілікке барып қалған Ақан іштен сүйіп, іштен күйеді. Сырттан өлең шығарып жүргені болмаса, Жамалдың өзіне білдірмейді. Екі жастың арасы қыс пен жаздай болған соң, бұл сүюдің пайдасыз екенін ойлап күйінеді. Жамал жүректі құр өртейтін әйел болып туғанша, ұл болып неге тумалы екен деп назаланады.

*Тал бойың Құлагердің сағағындай,
Тамағың піскен алма сабағындай.
Қаз мойын, мөлдіреген қарақат көз,
Иегің ителгінің тамағындай.
Ішінде өз жұртыңның еркелейсің,
Айдынның ақ қайраны — шабағындай.
Осынша жүрегімді жандырғанша,
Ұл боп тусаң не етеді, қарағым-ай?.. —*

дейді Ақан. Бірақ қалың оттай жүректе заулаған махаббат сыртқа шықпай тұра алмайды. ...Ақан өзін қанша тыймақшы болса да, сол күшті махаббаттың күйдіруімен өзіне-өзі ие бола алмай, сүйгенін ақыры Жамалға білдіреді:

*Бұраң бел, жазық маңдай, сүмбілден шаш,
Тартылған бойың сымдай, қиылған қас.
Ақ жүзің түстік жерден көрінеді,
Секілді жарқырайсың бриллиант тас.
Сипатың жұмақтағы Хорлығайын,
Көрген жан жамалыңа болады мас.
Сайраған қапастағы тоты құссың,
Білмейді қадіріңді бұл күнгі жас...*

деп жазады Ақан. Бір ғана емес, көп жазады. ...Махаббаты бұрынғыдан мың есе күшейеді. Ақан — Жамал маған жылы жауап бермеген екен деп өкпелеп ғашықтығын тоқтатпайды. Шынында, ғашықтық деген алып-салмалы қолдағы нәрсе емес қой. ...Күн-түн күңіреніп өлең шығарады. Ән шығарады. «Ақан-ау, қыз саған мойнын бұрмайды, осы ғашықтықтан не пайда?» — деседі екен.

Барған сайын махаббаты тереңдей берді. Сөйтіп жүргенде, жас Жамалдың ұзатылатын шағы болып қалады. Жамал ұзатылады. ...Мал берген жабайы күйеу, сұлу Жамалды меншіктеп алуға келген. Ойын-той, айдынның қара толқындары арасында қанаты сынып, құс төресі — аққу отыр. ...Көтеріліп кетуге дәрмен жоқ. Жырлайды да, жылайды; жылайды да, жырлайды. ...Тұңғыық айдын. Құтырған толқын. Жаралы аққу. Қалған барлық күшін жиып ұмтылады, пайда жоқ, толқын күшейгендей. Хал біткендей. Сәуле сөніп бара жатыр. Енді Аққудың аузынан жыр төгіледі. Мұнды үн құйылады: өлім менен өмірдің үні. Үзіліп бара жатқан жүректің жыры... Жамал ұзатылардағы Ақанның шығарған «Сырымбет» әні — сол өліп бара жатқан құс төресі аққудың әні. Біздің зарлы әндеріміз көп. Бірақ «Сырымбеттей» терең зарлы ән сирек болар. Ақан түндерде «Сырымбетті» шырқағанда, кім ғана жыламаған? Қалың қарауыл жылаған. Жас пен кәрі жылаған, әсіресе, нәзік жанды жас Жамал жылаған.



Аулың қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар, баласына,
А-а-а-ау, сәулем!
Қарындас-ау, енді есен бол...
Бидайыққа лайық қалқа бала,
Бөктергіге қор болып барасың да...
Дарига, қайырылмадың, қалқа бала,
Жүректің енді ем жоқ қой жарасына...
Алтын қайық жарасар күймесімен,
Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен.
Қоскөл жаққа таныса киіп барған,
Бешпентінді бер, қалқа, түймесімен.
А-а-а... сәулем.
Қарындас-ау, енді есен бол...

Сырымбет тауы — Жамалдың әкесі Жүсіп төренің қонысы. Ақанның Жамалға ғашықтығын жүйрік жүректің соңғы соғылуы, «Сырымбетті» Ақан жырларының ең соңғы сұлу жыры деуге болады. Жамал ұзатылған соң, Ақан тұңғыық қайғысын құшақтап, қалың елдің ішінде жалғыз қалады. Ақанның мұнды соңғы өмірі гүлсіз, үнсіз, жырсыз, түрсіз өмірге айналады. ...Бірақ, дарига, жүйрік жүректің қайғымен жылынып, сөнгенін, терең жанның оймен уланып өлгенін кім ұққан?!

Ақан алпыстан асқан кезде қазақ даласында қарашекпенділердің қаптап келіп жатқанын айқын көріп, жақсы жерінен айырылған соң, елдің кедей болғандығын, елдің алды қараңғы екендігін жырлай бастайды. Әсіресе, қарашекпенділер Ақанның атамекені — Қоскөлдің желкесіндегі Сарыкөлге қол салғанда, Ақан ылғи жүректен шығатын жырларымен қазақтың жерін жоқтай бастайды. Ақанның соңғы өмірі жырмен жер жоқтауға, Сарыкөлді іздеуге жұмсалған деуге болады. ...Ақан ауырып, жетпіс жасында, 1913 жылы дүниеден қайтады. Сөйтіп, аласұрған ұшқыр жан, шарқ ұрған жүрек, жабайы жұртқа ұғымсыз, жат мінезді ірі жүрек, сұлулық іздеп өмір бойы от болып заулап жанған жүрек мәңгі мұзға айналады...

...Егер Ақан Оскар Уайльдтай өнерлі елдің ішінде туса... бұл тілекке жауап табу қиын. Мұндай тілекке жауап іздей бастасаң, еліңнің заулаған оттай баяғысы, қап-қара түндей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қара тұман келешегі көз алдыңа келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күңіреніп отырған Ақан серінің қасіретіндей жаныңды терең қасірет билеп алып кетеді...

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Дереккөз: Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. — Алматы, 2008. Т.3. — 194-207-бб.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ

Қазақтың бұрын-соңғы сал-сері ақындарының дәстүрін жалғастырып, поэзия мен музыканы шебер ұштастыра біліп, оны жаңа көркемдік мазмұнмен толықтыру да, қалың бұқараның ой-армандарын білдіретін өршіл сарындармен байланыстыру да бұл ақындардың шығармашылық дүниесінен мол табылады.

Солардың қатарында тұрғандардың бірі — атақты Ыбырай Сандыбайұлы. Оның туған, өлген жылдары әртүрлі жазылып жур. Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайлов, Ғалым Малдыбаевтар оны 1856 жылы туды десе, Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» деген монографиясында 1860 жылы туды дейді. Бірақ, әнші-ақынды жасынан жақсы білетін жақын жолдасы Молдахмет Ержановтың айтуына қарағанда, Ыбырай 1856 жылы туды деген шама дұрыс. Ал 1930 жылы ұсталып, содан қайтпағанын еске алсақ, оның 1932 жылы 76 жасында қайтыс болғаны расқа шығады.

Үкілі Ыбырай бұрынғы Ақмола облысы, Көкшетау уезі, № 5 ауылда туған. Арғы атасы Сәбден батыр он саусағынан өнер тамған зергер болған. Өз әкесі Сандыбайдан Бөбіш (қыз), Шалғымбай, Ыбырай туған. Ыбырайдан — Есен, Есемберген, Үстемір. Есен, Үстемір төңкерістен кейін Кеңес жұмысына араласып, ауылнай, сот болады. Ол шалқып жатқан бай болмаса да, Ыбырайдың жастайынан өнерге деген ынтасына кедергі болмайды.


Халықтың айтуы бойынша, Ыбырайға 8 жасында «аруақ» қоныпты-мыс. Ол былай болады: бір күні Ыбырай түс көреді. Түсінде көлдің жағасында асық ойнап жүрсе, арғы жағадан біреу айқайлады. Жалт қараса, домбыра ұстаған бір ақсақал: «Шырағым, мынаны саған сыйладым», — деп домбыраны оған лақтырып жібереді. Бұл оны жерге тигізбей қағып алып әндете жөнеледі. Шошып оянса, өзінің даусынан оянған екен. Сол күннен бастап ол әрі өлең, әрі ән шығарғыш болып елге атағы жайылады.

Одан кейін Ыбырай 17 жасына дейін үй шаруасымен айналысады, Мал бағып, шөп шабады, әкесінің қасында 4—5 жылдай ұсталық құрады. Сөйтіп жүріп 17-ге келгенде қазақтың салты бойынша бозбалалыққа салынып, ел-жер аралап кетеді.

*Жігіт болдым он жетімде,
Тыңда айтқан кебімді.
Шаруадан бас тартып,
Салдыққа бұрдым бетімді.
Сал атандым он сегізде,
Қайықсыз кірдім бір теңізге.
Он тоғызда оттай лаулап,
Ойнақ салдым кемеңізде.*

Ал, енді бір өлеңінде әкесінің ұсталық өнерінен гөрі ән-өлеңге берілгендігін мойындайды.

*Ағаштан арба-шана ие алмадым,
Басыма тері бөрік кие алмадым.*


Әкеміз «қара мұрын ұста» атанған,
Көмірге өзімді-өзім қия алмадым.

Ыбырай бала кезінде ауылдағы молдадан хат танып, білім алады. Молдахмет Ержановтың айтуынша, ол «Қыз Жібек», «Алтын балық», «Мұңлық — Зарлық», «Боз жігіт» т. б. дастандарды жатқа айтқан. Ал Сәбит Мұқанов өз мақаласында: «Ыбырай «Мың бір түнді» өлеңмен жырлаған» дейді. ...Ыбырай ақындық пен әншіліктің бай қоры — Көкшетауда туғандықтан, алғаш үлгі-өнеге алған адамдары атақты Орынбай, Біржан, Ақан серілер секілді екі өнердің тізгінін қатар ұстаған өнерпаздар еді. Бір жолы одан:

— Үлгі алған ақындарыңыз бар ма? — деп бір топ жас сұрапты. Сонда Ыбырай таңданған пішінмен: «Үлгісіз тон пішіле ме екен? Нұркей ақынды түсімде де, өңімде де көріп батасын алдым. Жиырмаға келгенімде, Орекеңді, Біржанды көріп өлеңімді сынаттырдым. Қалың жиын ішінде Жанқожа деген қария отырып: «Мынау — Әбіленің інісі жолыңызды қуып жүр екен, Ореке», — деді. Орекең: «Кәне, тыңдайық», — дегенде, шекемнен ағыл-тегіл тер саулап қоя берді. Шу дегенде жаттаған қиссаларды жырладым, оны ықылас қойып тыңдап отырды да: «Өз айтарың бар ма еді?» — деді. Мен сол жерде «Қалқам шырақты» шырқап жібердім. Орекең риза болып батасын беріп: «Ауылда, үйде жүріп өнер таппайсың, шырағым, алысқа көз жібер! Ел кез, сонда жақсыларды, әншілерді көп тыңдап, көп көресің, мен алыс елді көп аралағанымнан опық жегенім жоқ», — деді.

«Орекең — тақуалығы бар, жүріс-тұрысы бөлек, көп жасаған қария адам, оның қасына еріп, жақын араласып жүре алмадым. Ал, Біржан, Ақан, Балуан Шолақтар өзімізбен құрбы-құрдас сияқты еді. Өлең мен әнді күйттеп, жастықтың әуенімен жүрген шағымда Біржан сал біздің Қарауылды аралады. Бір топ сал-серілер қасына еріп, жүрген-тұрған жерлерімізді шулатып жібердік», — деген екен Ыбырай.

...Қазақ арасында ауыз әдебиетті де, әнді де жақсы біліп, оны домбыра не сырнайға қосып айта алатын адамдар ол кезеңдерде аз болмаған. Бірақ, сол көптің ішінде суырылып шығып, халық рақымына бөлену — мыңның ішінде бірге ғана тиесілі. Сол біреудің бірі — Ыбырай еді. Ол нағыз өнерпаз, әртіс еді. Ыбырай тек қана өлең, жыр шығарушы ақын-композитор емес, ол сонымен бірге әнші-профессионал да.

...Жиын-тойларды ел ағалары таңдайының желі бар жігіттерге бастатып, оларды үлкен құрметке бөлеген. Ыбырай секілді нағыз «профессионалдардың» көрінетін тұсы да нақ осындай жерлер болған. Бірақ олар тек кешті бастап қана қоймай, басқа да қызметтер атқарған.

... Ыбырай өз заманының атақты ақыны, әнші, серісі. Оған халықтың «Үкілі Ыбырай» деп сүйсіне қойған аты да көп нәрседен сыр аңғартқандай. Оның жалғыз «Гәккуінің» өзі қазақтың рухани қорына қосылған мол қазынасы. ...Оның шығармашылығының мұндай сан қырлығының сыры неде?

Біріншіден, ол — халықтың бай ауыз әдебиетін жете игерген. Оның кейбір лирикаларында Абайдың әсері де байқалады. Осы айтқанымызға дәлел ретінде оның «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа» деген шығармасына тоқталайық.

Атадан келе жатқан дәстүр бойынша Ыбырай ит жүгіртіп, құс салған. Оның санасында бұл — барлық сал-серілердің салты, жігіттіктің жарастығы



мен сәні. Бұл өлең, жоғарыда айтқанымыздай, Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген шығармасымен сарындас. Бірақ, Абай өлеңді тұлкіні алумен аяқтаса, Ыбырай соның жалғасын табады.

*Құн ұзын тұлкі қуып, тауды айналып,
Қарайып құн кеш болса көз байланып.
Олжаны қанжығаға байлап алып,
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.
Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
Мінген ат қарауытып батса терге.
Өлеңші, домбырашың қасыңда боп,
Кез болсаң қосалқаға, бұраң белге.
Самауыр ақ шәйнекпеп тұрса қайнап,
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап...*

...Халық әдебиетінен еркін сусындаған ақын табиғат көріністерін, өз сезімін, аңшылықтың қызулы да қызғылықты сәттерін суреттей отырып, өзінің жаңаша қалыптасқан ірі дарын екенін аңғартады. ...Көз алдымызға аңшының саяттан бұрынғы көңіл күйі, оның тағатсыздығы, құс пен тазының сахараға шыққандағы шалт қимылдары елестейді:

*...Қанды құс, қайқы тұмсық қарауытып,
Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.
Қарғылы тұрса тазың сылдыр қағып,
Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып.*

Бүркіт пен тазының тұлкіні алғандағы қимыл-әрекеті, осыны суреттеудегі қолданылған теңеулер мен метафоралар өзінің жаңашылдығымен және шеберлігімен таңырқатады.


...Екіншіден, Үкілі Ыбырай қазақ халық музыкасын да жақсы меңгере білген. Оның мелодияларында, бір жағынан, Ақан сері, Біржандардың, ежелден келе жатқан халық әуендерінің әсері байқалса, екіншіден тек оған ғана тән жаңашылдық өзгешеліктер байқалады.

Осында атақты «Қыз Жібек» операсындағы Күләш Байсейітованың орындауындағы Жібектің негізгі ариясы — «Гәккүді» еске түсірген жөн. ... «Ән, жиын, жын қуып жүрген кезім, Кәкима деген сұлу қызға әнмен өлең шығармақ болдым. Кәкима да домбырамен өлең айтатын. Домбыра кезегі келгенде, әлгі қызым маған күлкілі көзін бір қадады да, өлеңді қоя беруі бар емес пе?»

*Ақынға неге керек құр мырзалық,
Сүйгенін жаутаңдатып ойға салып.
«Айтатын сертіңе жет» деген мақал,
Болмай ма ән шығарсаң өмірге азық.*

— Жаман қатты ұялдым... аузыма түскені:

*Дариясы әзіл, наздың,
Мамығы жаным ем қоңыр қаздың.*


*Қыл арқан ат мойнында шірімейді,
Періште жауабыңа қарыздармын, —*

деп кете бардым.

Осыдан кейін біраз уақыт өткен соң, әйгілі «Гәкку» әні дүниеге келеді. Бұл әннің шығуына, біріншіден, қызға берген уәдесі түрткі болса, екіншіден, Кәкимаға деген ыстық сезімі итермелейді:

*Шомылған айдын көлде сіз бір аққу,
Мұндай сөз естідің бе, бек ләззәтлу.
Сырнай мен домбыраның арасындай,
Балқыған қорғасындай, қайран, Гәкку.*

*Таранған айдын көлде — сіз қоңыр қаз,
Қалқаға көңіл сүйген айтамын наз.
«Гәккуді» қоңырлатып мен салғанда,
Үйренбес талабы бар қандай маңғаз...*

«Гәкку — үлкен жүрек, шын сезімнен шыққан ән, әні мен сөзі бірдей әсем үн мен баяу да еркін ритмге құрылса да, іште лаулап жанып жатқан ғашықтық оты бірден сезіледі. Ал қайырмасы қайталанып: «Гәкку, гәкку, гә, гә, гә» деп безілдетіп жібергенде, айдын көлде еркелеп жүзіп бара жатқан аспан мен судың періштесі — аққу көз алдымызға елестейді. ... Үшіншіден, Ыбырай қолма-қол өлең айтуға шебер, жүйрік суырыпсалма, импровизатор. Оның жас кезінен құрбы-құрдастарымен әзіл-қалжыңы аралас сәлемдесу, қағысу ретінде айтылған өлеңдері болған. Үлкейе келе өзінің ұстаздары Орынбай, Ақан, Біржан, Шөже ақындармен де қағысып өлең шығарған. Қазірге қолда бары — тек Доскей және Құдайбергенмен айтысы. Бұл қысқа екі айтыс «Айтыс» жинағының 2 томында жарық көрді.

Екі айтыстың екеуінде де Ыбырай қарсыласына әртүрлі сауалдар қоя отырып, қалың топты қақ жарып шыққан нағыз айтыс ақыны екенін байқатады. Мысалы, Доскеймен айтысында:

*Халқыңа тұрса сенің көңілің ұнап,
Құм қайрақ тастан аққан мен бір бұлақ.
Сөзіме, қайран халқым, мейірің қанбас,
Жақсының сыбағасы — жая-жанбас.
Опасыз мына дүние жалған екен,
О дағы талайлардан қалған екен, —*

деп халыққа ризашылығын атап өтуімен қатар, заманы, халқы жайында өз толғауларын да аңғартады. Ыбырайдың қалжың сөздегі тапқырлығы, тұтқиылдан бөгелмей өлең шығарып, кес телі сөз өрнектерін жіпке тізген інжу-маржандай шашып-шашып жіберуі — оның шығармашылығының елеулі бір қыры — импровизаторлығының көрсеткіші. Осы айтқанымызға дәлел ретінде Молдахмет Ержановтың естелігін келтірейік:

«Біз, жастар, Ыбырайдың әндерін күмарта тыңдаумен бірге, өз басынан кешкен жайларды да сұрап мазасын алушы едік. Бір жолы мынадай әңгімесін айтып берді.



Отыздың ішіндегі қылшылдаған жігіт шағым. Шөбектің Нұралысының қызы Жания сұлуды ұзататын тойына жиналды. Ақанның егде тартып қалған шағы еді. Алайда ойын Ақанның айтуымен думандатып өтіп жатты. Бір кезде Ақан — әркім өз сүйгенін өлеңмен шақырып қасына отырсын деген тәртіп шығарды. Сол тәртіпті айтты да, ол:

— Ыбырай, осыны сен баста, — деді. Құдайдан тілегенім осы еді. Бұрыннан ұнатып, құмартып жүретінім — Шөбектің Мұқанының қызы Мәлике сұлу болатын. Мен соған арнап:

*Бозбалаға бұл бір сын жеке-жеке,
Әркімнің қасындағы сәулесі ерке.
Бұйрығы ханзаданың екі емес,
Жаныма келіп отыр, ей, Мәлике! —*

деген өлеңді шырқап қоя бердім. Мәлике теңселе басып, күміс шолпысын сылдыратып, сызылып алып қасыма отырды. Арнап өлең шығарып, сүйіктісін шақырып алу, қыз, бозбалаға қиын міндет болды. Қиын болса да Ақан жарлығы бұзылған жоқ. Әліне қарай әркім өлең айтып, сүрініп, қабынып жатты. Ол менің бір бақытты күнім еді. Ақанның да, сұлу қыздардың да көңілінен табылдым. Бәрі де маған телміріп қалғандай еді. Мәлике сұлу қасымда отырған соң, өлеңдерім ағыл-тегіл кетіп жатты...


...Ыбырайдың лирикаларында негізінен замандастарының жан дүниесін, сезім әлемін жырлайды. Бұл — оның шығармашылығындағы негізгі тақырыптардың бірі. Қазақ еліне кең тараған «Қарақат көз», «Алты басар», «Мақпал», «Майда қоңыр», «Қалдырған», «Маңмаңкер», «Шалқыма» т. б. әсем әндер Ыбырайдың дарынын танытқан шығармалар.

Жалпы, қай ақынның болмасын, лирикалық өлеңдері, негізінен, өмір кезеңдеріне байланысты туады. ...Сондықтан да осындай лирикаларды қарастырғанда, ақын өмірбаянының кейбір сәттерін еске түсірген артық болмас. «Сүйгенім кете барды қасыма еріп» деген ән осыған дәлел сияқты. Бұл өлеңнің шығуы жайында тағы да сол Молдахмет Ержанов былай дейді:

— Ыбырайдың жігіт ағасы болып қырықтың ішіне кірген, бірақ ақындық даңқы жер жарып дүрілдеп тұрған шағы, оның алдынан ойын-сауық, қыз-қырқын, сұлу қыз, әнші-ақын кетпейді. Бұрынғы әйелі өліп, қыз таңдап жүрген кезінде, бірталайдан бері таныс, іштей бірін-бірі ұнатқан Жәкеннің ұзатылар тойына келіп, сол той күнгі түнде қызды алып қашып, атығай Бекет ақынның үйіне жасырады. Бекет пен қызды ертіп қарауыл Қожахмет, Жақыптың үйлеріне келеді. Бұл екеуі де және Ақан сері мен Ыбырайға әрқашан дос Шалабай қария да, керей ішіндегі шағалық рулас ел түгелімен Ыбырайды қорғап, алып қашқан Жәкеннің қалың малын бөліп төлеп, жанжалды басыпты.

Бұл жанжалды басу оңайға түскен жоқ. Себебі, ұзатылу тойынан қыз келінді алып қашу өте үлкен күнә. Бірақ, осындай үлкен дау-жанжалдың өзінде халық сүйікті ақынын арашалап алып, қуғыншыларға ұстап бермеуі Ыбырай абыройының қандай жоғары екенінің айғағы. Осы оқиғадан кейін жоғарыда аталған ән дүниеге келеді:

*Қалтам тақыр қыз алар қалың беріп,
Жаным қалса жарайды елге келіп.*


*Күйеу келіп сайрандап жатқан түні,
Сүйгенім кете барды қасыма еріп,—*

дейді ақын.

Ыбырайдың серілік өмірімен байланысты шығарған көптеген сұлу саздары жастардың аса сүйіп айтатын өлең-әндеріне айналып кетеді.

...Осылардың ішінде ең нәзік те сыршылының бірі — «Қарақат көз». Бұл өлеңінде Ыбырай халық поэзиясындағы суреттеудің орайлы орамдарын шебер пайдаланып, сұлу қыз сипатын жайната да жаңғырықтыра береді:

*Қарақат көзді сым саусақ,
Лебізін, сенің бал қаймақ.
Жолыңа сенің сарп етпей,
Немене керек малды айдап.
Қадірін білмес ақымақтар,
Атын бір қалсын борбайлап.*

Ақын сүйіктісінің сұлулығын, ажар көркін жырлап қана қоймайды, сонымен бірге сол кездің салты бойынша, осындай жас арудың қалың малға сатылып, теңіне тие алмауына да қынжылады:

*Қарақат көзді ернің бал,
Сен кеткен соң не дұр хал.
Жолдасың теңдес болмаса,
Неме бір керек жиған мал.*

Бұл өлең Ыбырайдың айтуында 20—30 шумақтай екен. Әр шумақ «Қарақат көзді...» деген сөзден басталса керек. 1926 жылы Ақмола губерниясының оқу бөлімі бұл әнді әдейілеп бірінші рет нотаға түсірткен. Ән А. Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» (48-6) жинағына кірген.

Ыбырай әйел теңдігі мәселесінде ағартушы-демократтар көтерілген биікке жетті деу қиын, оны талап ету де артық. ...Өзінің «Алтыбасар» әнін ақын осы тақырыпқа арнаған. Әннің шығу тарихы қысқаша мынадай: Ыбырай Атбасар жағында жүріп жолы түсіп бір ауылға келеді. Түскен үйінде Алтынай атты өзі сұлу, майда мінезді қызға көңілі ауады. Бірақ Алтынай берулі жері бар екенін, олардың дәулетті, байтұқым екенін білдіреді. Басқа амалы жоқ Ыбырай андасанда қыз ауылына келіп, Алтынаймен көрісіп тұрады. Аяғында өлең шығарады:

*Қыз қайда енді, сәулем, сенен асар,
Көңілім сені ойласам болар нашар.
Айырылып сенен, сәулем, қайтқан түнде,
Әніне бір басайын «Алтыбасар».
Айырылдым сенен, сәулем, жылай-жылай,
Боламын неғып адам бұдан былай,
Қапаға мені, сәулем, салып кеттің,
Алты жыл ғашық болған қарағым-ай!*

...Ыбырайдың жастық шақ, махаббат лирикаларында алабұртқан қызу күштарлық та, күйіп-жанған ыстық сезім де, қуанышқа толы жарқын сәттер мен терең трагедиялық сыр, күйлер де мол кездеседі. Оның «Қаракөз», «Қаралдым», «Алай көк», «Жиырма бес», «Қалқа бала», т.б. өлеңдері кезінде



ақынның көңіл күйіне байланысты туғанымен, бертін келе бүкіл жастардың сүйікті шығармаларына айналып кетті. ...Осыған дәлел ретінде 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 2 сәуірдегі санында жарияланған «Жазғытұрым» деген өлеңін келтіруге болады.

«Қазақтың ауыз әдебиетінде көктем бейнесін бұдан көркем сипаттаған шығарманы мен өзім кездестірген емеспін» (С. Мұқанов. «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай»).

Сегіз буынды жыр үлгісімен шығарылған бұл өлең расында да өте көркем. Қолданылған метафоралар, теңеулер өзінің дәлдігі, өткірлігімен оқушы назарын бірден аударады.

*...Қалың бұлтты қақ жарып,
Күн көрсетті шуақты.
Алты ай жатқан ақ күртік,
Қимады жатқан тұрақты.
Сол жақтан шыққан суық жел,
Ақ күртіктің арасын,
Дем салғандай үшкіріп,
Үңгірлеп ішін қулапты.*

Алты ай қыстан кейінгі даланың оянуы, қар еріп, сай-саланы алып кеткен ағынды су, мекеніне қайтқан құстар — осылардың бәрі нақ көз алдымызда тұрғандай. ...Оның есіне ызғарлы қыстың шұнақ аязы, боранды күндер түседі. Енді, міне, бір сәт бұлтты қақ жарып Күн сәулесі жылт етті. Нақ сол мезгіл сай-сайдан арқырап су кетті:

*Сай-сайдан жылжып су ақты,
Жол-жолын тауып бұрмаштап.
Биіктен ақса құлаштап,
Демін алып кідірмей.
Көзі ілініп мүдірмей,
Қаншама күндер тұн қатты,
Тіке тартып кете алмай,
Жалпақ жерде ылбырап,
Терең жерде тұнжырап,
Биіктен ақса сылдырап,
Тұрымтайдай құлдырап,
Ақылға салсаң, халайық,*

...Ыбырай тек жастық шақ, махаббат жыршысы ғана емес, ол жасы ұлғая келе заман, өмір жайлы терең толғаныстарға толы жырлар да шығарған. Бұл заңды да. Себебі, Ыбырай секілді күрделі тұлға туған халқының ауыр да аянышты халін, трагедиясын көрмеуі, не түсінбеуі мүмкін емес.

XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы тарихи-экономикалық өзгерістер, әлеуметтік теңсіздік, патша самодержавиесінің жүргізген отаршылдық саясаты оның көзқарасына әсерін тигізбей қойған жоқ.

...Қазақ ақындарының ішінде ел басына түскен ауыр зар мен мұңды, кіндік кесіп, қаны тамған туған жерін жоқтамағандар жоқ, барлығы атамекеніне өкініп зар илейді. Ата-бабасынан бері күн көріп, мекен еткен жақсы, шұрайлы



жерлерін патша үкіметі тартып алып, өздерін құнарсыз, шөл, шөлейт жерге жер аударуы кімді болсын, толғантпай қоймады. Ақан сері Қоскөлден, Балуан Шолақ Қайрақтыдан қалай айырылса, Ыбырай туған жері Жаңғызтаудан солай зорлықпен көшіріледі. Бұл оқиға ақын шығармасына да елеулі із қалдырады. Оның «Жаңғызтау» атты ұзақ толғауы осы себептерден туған.

Кейбір деректерге қарағанда, бұл өлең 1911 жылы шығарылған. Ол — Ыбырайдың кәрілікке мойынсұнып, өмірден түңіліп, уайымға беріле бастаған уақыты еді. Енді ақын өзі өмір кешкен дәуіріне үңіліп қарап, байлау айтуға ұмтылады, замана, дүние жайындағы ой-толғаныстарын тербейді.

...Міне, осындай өмірінің қиын мезгілінде «Қалдырған» атты терең философиялық тебіреніске толы толғау шығарады.

Жалпы алғанда, «Қалдырған» — ойшыл адамның, әсіресе сыршыл ақындардың тоқтайтын тақырыбы. Әркімнің өмірі өріне жетіп, талай қиын-қыстауларды басынан кешіріп, енді тірлік таусарының алдағы асуына келетін кезеңі болады. Осындай мезгілде адам өмірінің ұзына бойын шолып өтіп, келешекпен тілдеседі. Ыбырай өлеңінде «жасымнан талайды сөзге қандырған ақын едім, халқым маңдайымнан сипап, құрбы-құрдас, замандастарым іздеп келіп, солардың арасында Сарыарқаны сайрандап едім, енді, міне, алпысқа келген шағымда сұм дүние «Ыбырай қайдасың?» демеді» деп налиды, «Қайран заман-ай, қызығың өткен күн» деп өкінеді. Лирикалық кейіпкер өлең басында нәзік сезімді, сылдырлаған пәк та таза бұлақтай балдырған болса, соңында жар басында қартайып шөккен қара бура, аппақ қу шұнақ шал. Жырдағы екпінді, түйдекті ырғақ, ұйқас жарастығы, мұңды да баяу ән сазы өлеңнің терең де тебіреністі мазмұнын, көркемдік қуатын тамаша танытады.

...Шіркін, дүние, кең едің,
Біраз күн аздап бөгедің.
...Қартайғанда, дүние-ай,
«Қайдасың Ыбырай?» демедің.
Қызығың дүние өткен күн,
Кейінгі қуып жеткен күн.
Байланбаған асаудай,
Сырт айналып тепкен күн.
Қара бура қартайып,
Жар басына шөккен күн.
Қарлығып қарттың дауысы,
Жалтар желдей ескен күн.
Берейін, жастар, батамды,

Осы өлеңді шығарғаннан кейін жұрт Ыбырайға: «Уәй, Ыбырай, мынау ерте қоштасу ғой», — дегенде, ол: «Жоқ, осы қоштасу дәл болады», — депті...

Ол өзінің жастық шағы мен жалынды махаббат лирикаларымен қоштасса да, оның ақындық көңілі әлі қартайған жоқ еді. Ақын «Патша үкіметтің саясаты» деген өлеңінде:

Қазақ халқы ішінде,
Бай болғанын ұнатты,
Жарлыны жардан құлатты.

*Зар еңіретіп жылатты,
Абақтыда сұлатты, —*

деп бұрынғы өкіметті сынайды.

Әкімдер мен ұлықтардың халыққа салған лаңын, кедей-кепшіктерді жегідей жеп қанағанын өз көзімен көріп, зорлық-зомбылықты өз басынан кешірген ақын енді:

*Зор қуаныш күн болды,
Ескі дүние түл болды.
Николайшыл байларға
Жарық дүние түн болды...
Жуан жудырық залымдар
Биік таудың тасы еді,
Бытырап ұсақ құм болды, — дейді.*

Оның шыққан шоқысы — Шығыстың даңқты хикаялары «Мұңлық — Зарлық», «Мың бір түн», «Тотының тарауы» т. б. болды. Ол бұларды өлең ғып айтып, біреуін отыз, қырық күнде айтып бітіре алмай жүреді. Ақын енді жиналыс, мерекелерде өлеңдетіп сөз сөйлеп, әлденеше рет Қызылжар, Көкшетауға шақырылады. Оның өлеңдері жиналып, нотаға түсе бастайды. ...Ыбырай Сәкеннің, Сәбиттің қасында ел, жер аралайды. Әсіресе Сәкен Ыбырайға үлкен көңіл бөліп, оның өлең жырларына қайран қалып тамсанады. «Көкшетау» поэмасында Ыбырайға үлкен кесек өлең арнап, оның ақындығы мен әншілігін көтере мадақтауы соның айғағы.

*Туса егер, өнерлі елдің бақтарына,
Білім ап жүрсе бәрі баптарында,
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар,
Алмас ед Шаляпинді қапталына!*

Ыбырайға А. Затаевичтің берген бағасы да көңіл аударарлық: «Ыбырай — Ақмола губерниясы, Көкшетау уезінің профессионал әншісі Әбдірахман Бегімовтің айтуынша, жасы 65 келген қуақы, қалжыңқой шал көрінеді. Жас кезінде ерекше күшті, тамаша тенор даусы болыпты, сондықтан да оның өнеріне бас иіп құрметтеушілердің ішіндегі ауқатты біреулері Ыбырайға музыкадан білім бергізу үшін тіпті Петербургке де алып барыпты, бірақ бұл ниетті жүзеге асыра алмаған.

...Қорыта айтқанда, дарынды әнші-композитор, асқақ ақын Ыбырай Сандыбайұлын заманының прогрессивті өнер қайраткерлеріне жатқызуға болады. Оның ән мирасы халқымыздың сарқылмас қазынасының қорында елеулі орын алады. Атақты «Гәкку» «Қыз Жібектің» негізі ариясы болса, «Арарайы» «Ер Тарғын» операсында Ақжүністің әні болып енді.

Жасұлан ТӘЖІБАЕВ

Дереккөз: Тәжібаев Ж. Үкілі Ыбырай Сандыбаев. — Кіт.: XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. — Алматы, 1994. — 52—64-бб.

ҚҰЛАН АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ

«Сыр елі — жыр елі» демекші, сұлу Сыр бойы әу бастан-ақ әуезімен тамсандырған от ауызды ақын-жыршылардың талайына қанат бйлап, көкке ұшырып, сал-серілерінің қадір-қасиетімен бірге жасап келе жатқан ордалы мекен. ...Өйткені, бүгінгі көзі ашық ұрпақ, өткен дәуірдегі жыршы бабаларының көнермес мұрасынан нәр алады.

Өлмес дүниелерді өзіне ғибрат етеді. Таңдай қағысып, тура билігіне парасат биігінен көз тастайды. Содан болар, үйретері көп, шешендік толғау түйініне, оның авторы атанып, аты аңызға айналған Сыр сүлейлеріне, олардың игі мұрасына дәуір әкелген ұрпақ көзімен әркез елжірей қараймыз.

Жасыратын не бар, Егемендіктің тізгінін қолға ұстағанға дейін талайды ашып айтпай, бардың өзін көрмеген болып, «көз жұмбай» кейіппен жүргеніміз де рас. Әсіресе, ауыз әдебиетіндегі, соның ішінде, елдің берекесін алып, тізесін батырған би-болыс, дүмше молдалар жайында айтылған ащы жырлардың біразына үрке қарадық. Мұның өзі қолда бардың қадіріне жетпеудің салқынына әкеп соқтырды.

...Егемендіктің туын қолға ұстаған тұста бұған да болашақ шүкіршілік демеске болмайды.

Қасиетті Сыр мен Қаратауды тел емген Жаңақорған өңірінің де өз жылнамасында сал-серісі, тарланбоз ақыны, күміс көмей әншісі, күдіретті күйшісі аз болмаған.

...Міне, осындай сүлейлердің бірі өз тұсында от ауызды жырымен танылып, жыр отауынан өзіндік орын алған, суырыпсалма сал ақынның бірі — Құлан Алдабергенұлы.

Құлан Сыр бойын мекендеген Молда Мұса, Шораяқтың Омары, кете Жүсіп, Оңтүстік өңірде өмір кешкен Мәделі, Майлықожа, Құлыншақ, сынды ақындармен тұстас өмір сүрген. Шораяқтың Омары және Тұрмағамбет сынды ақындармен үзеңгілес жүріп, талай рет бірге болған деген сөз бар. Баз бір отырыстарда жоғарыда аталған ақындармен сөз таластырып, жыр сайысында да дес бермей, елдің назарына ілінген.

Атақты ақын Құлан Алдабергенұлы да — Сыр сүлейлері тұлғаларының бірі. Бірақ ол туралы, оның жырлары туралы халық аузында жүрген әңгіме, аңыздан басқа қағазға түсіп, не кітапқа қонып, тарих жалнамасында қала қойған дүние жоқтың қасында. Оның ең басты себебі, кейде әдебиет зерттеушілердің кезінде өткен мұраға онша мән бере бермегендігінен бе деп қаламыз.

Құлан ақын жайлы филология ғылымдарының докторы Ханғали Сүйіншәлиев 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» деген зерттеу кітабында сараң, атүсті, жеңіл ғана айтып өтеді. ...Оның өзі зерттеушінің Құлан өмір сүрген ортада



болып, көнекөз қарттармен сырласып пікірлеспеуінен орын алған жайттар болса керек.

Әйтсе де осы еңбегінде ғалым: «Құлан өлеңдері де жинаусыз жатыр. Бізге ақынның бірер термелері, ишанға айтқаны, Құлыншақпен дидарласқан сөздері мәлім. Бұл өлеңдеріне қарағанда Құлан да ел билерін сынап, зұлымдыққа қарсы тұрған ақын, адамгершілік тақырыпта термелер шығарып, өсиет, ақылдар айтқан шешен» деп («Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері», - 282-бет) жазады.

...Сондықтан да мен үшін Сыр сүлейлерінің бірі — Құлан жайында қолға қалам алып, қолға түскен дүниелердің негізінде ой қозғап, пікір тарқату оңай шаруа болмаса да, тәуекелге баруға тура келіп отыр.

...Шындығына келсек, енді, осыған орай, айтулы от ауызды ақын Құлан туралы ел ауызынан есітіп, көп әңгімеден соң түйген түйінімізді қорытып, қағаз бетіне түсірген ақын мұрасының кейбіреуінің өзіндік тарихына, поэзиялық шумақтарының сыр-сипатына тоқтап өтелік.

Ескерусіз жатқан Құлан мұрасының ертеңгі күнгі зерттеушілеріне жол басы, бір мысқал болса да ақын қасиетінен бүгінгі оқушыға хабардар етуімізге себепші болар деген санадай сәуле де жоқ емес.

Құлан (Құланбай) Алдабергенұлы, негізінен, өткен ғасырдың 60-шы жылдарында өмір сүрген. 1861 жылы дүниеге келген. Туған жері — қазіргі Жаңақорған ауданының Ақүйік ауылдық округіне қарасты Қосүйеңкі «Тастүскен» елді мекені. Тегі Талдысу бойын мекендеген қоңыраттың қырғызалы руының сыбан атасынан.

Құлан ірі денелі, ат жақты, ұзын қастары көзін жауып тұратын, оңайлықпен ашуланбайтын сары кісі болған деседі. Ақынның бұл кейпін өзінің төмендегі өлеңі де дәлелдей түсетінге ұқсайды:

*О бастан қасым ұзын болдым туып,
Алмастай көзім өткір, түсім суық.
Өзіндей осы ұйге мен де мейман,
Жаман деп шыға алмассың мені қуып...*

Кедей шаруаның отбасында Құлан балалық дәуірінің, есейген шақтың қызығын әке-шешеден ерте айырылып сіңірі шыққан жоқшыдық, кедейшіліктің қыспағында өткізеді.

Тұрмыс тауқыметіне жаны күйінген ақын бір өлеңінде:

*Көз ашпадым жетімдік, өгейліктен,
Өңгелерден кем болдым кедейліктен.
Басқа барар жері жоқ амал қанша,
Байға барып жалданар кедей біткен,—*

дейді. Өзегін өртеген ащы шындығы, әрине, осы.

Кезінде жерлестері азуы алты қарыс Жантөре, Серіқұл, Сауранбай секілде болыс, байлардан көп тепіреш көреді. Себебі «тура айтамын деп, туғанына жақпағандай», Құлан ақын әділдікті ту етемін, «бас кессе де, тіл кеспек жоқ» деп, бет-жүзің демей, әлгілердің міні мен әділетсіздігін бетіне басып отырған. Қуғын көрген ақын бой тасалап Бұхара, Бағадан, Парыш, Нұрата, Қызылқұм бойларындағы (Сыр бойына) қазақтар арасына барып, сонда көбірек болған. Оқта-текте елге оралғанда:



*«Кете гөр» деп ешкім жоқ қуған елден,
Күдер ұзу қиын-ақ туған жерден.
Қаратауға қанша рет жетіп келдім,
Ақсасам алты күнде Құмнан бермен, —*

деуі дәлел.

Оның елден жырақ жүргенінің тағы бір мысалы Сыр бойында көп жүргенін Қаратаудан қайта оралғандағы мына бір айтқандары дәлел болса керек:

*Алты болыс ел бар ек Бағадан да,
Бір болыстай қапты адам шамалауда.
Елге келген обаны аз дегендей,
Жылан келіп жармасты-ау жағадан да.
Аз өмір болмайды оны санамауға,
Сұм тағдыр қылышы әзір жаралауда.
Сәт таппай, Қаратаудан, Құмнан-сордан,
Ажал теңіз: мен тұрмын жағалауда, —*

дейді.

Байқап қарасақ, ақынның тағдырға налуы, еліне мұң шағуы байқалады.

...Жоқшылық жүндеген ақынның бойындағы туа дарыған талант ес біле бой көрсетеді. Оған ең бірінші ауыл молдасынан ептеп оқып қара танығаны себепші болады. Ақын 1934 жылы «Төменарықта» дүние салған.

Өжет те, өршіл жанға жоқшылық тосқауыл бола алмаған. Ақынға тән адуын, өр-өжет мінез от жырларының бойынан өрнек тауып, шонжарлардың шамбайынан алып, байдың береке құтын қашырып, сағын сындырған, жүректерін шайлықтырған. Сол тұста Сыр өңірін мекендеген азулы бай ауылы ішінде, халық арасында «Құлан келді дегенше — ылаң келді десеңші» деген қанатты да қаһарлы сөз тарап кеткен. Бұл, әрине, тумысынан тура сөйлейтін, әділет, ақтықты жақтайтын Құланды көре алмаған «айтқыштардың» бос дақпырты еді.

Расына келсек, Құлан мұрасын зерттеу, жинау, көп қиындықтарды көлденең таратыны белгілі. Себебі, ақынның өлең жырлары қазірде ұмытылып бара жатыр. Көпшілігі жинаусыз. Халық ішінде саусаққа салып санарлақ бірді-екілі көнекөз қарттармен қатар Қазақ ССР-нің Халық ақыны Манап Көкенов Құлан мұрасын жинақтауда көзі тірісінде көп еңбек сіңірген. Бұған қоса Манаптың үзеңгілесі, ақын-термеші Есіркеп Қоңқабаевтың да ақын өлеңдерін жинақтаудағы бірқатар еңбегін айта кеткен жөн.

...Құлан ақынның қолда бар дүниелерін қарап, оның азулы ақын екендігін аңғару қиын емес. Әділін айтсақ, ол дәуір сарынына сай тебіреніп, өмірдің ұлы өзгерістерін жанымен ұға білген. Әділетсіздік пен жікшілдікке, қиянат пен зұлымдыққа қаны қас. Өзегін өртейтін өкінішін жүрегінің сезімімен, жырымен жеткізіп, көппен бірге қуанып, көппен бірге өксіген. Мәселен, теңдік әперіп, күндік дәуірдің күлін көкке ұшырған Ұлы Октябрьдың шапағатынан соң, қазақ сахарасына 1917 жылғы төңкерістен келіп жеткен ұлы өзгерісті, замана әділеттігін ақын қартайған шағында былай жырлайды:

*Қайғылы күндер жоғалып,
Нұрланып жарық Күн шықты.*



Түнекті түндер түріліп,
Құртты қайғы — қырсықты.
Жыл артынан жыл өтіп,
Он жетінші жыл шықты.
Ғаріп-кедей бағына,
Бастаушы Ленин ұл шықты.
Қартайып қалған Құланның,
Қажығанда тіл шықты.
Қамығып жүрген жүректен,
Қартайғанда жыр шықты.
Сөйлемей қалай тұрайын,
Сөйле деп Құдай тіл берді.
Бұрын-соңды көрмеген,
Замананы көрді,
Кәрілік келген шағымда,
Еркін заман кез келді.
Бұрынғы құл-күң енді жоқ,
Нанбастай боп ел өзгерді.
Жерге, елге, халыққа
Шырай берді, өң берді.
Мақтап Ленин заманын
Қосайын жырға мен де енді.
(«Ленин заманы»)

Әрине, бұл төгіп сал ақын тебіренісінің бір қырын көрсетсе керек. Кәрі жүректің жорға ашып, дүлдүлше бүлкілдеуі ғой. Шындыққа шырай танытып, сілкінуі, өмір деп өректіген кеуденің алапат сезімі ғой бұл.

Ақынның «Қайдасың, кедей шаруалар?» деп аталатын өлеңінің желісі де осы сарындас:


Жол таппай жарық дүниеден,
Қараңғы халық күйзелді.
Басшысыз ел ғаріп боп,
Заманы болмай бір жөнді.
Қамалғанда қайғыға,
Дүниеге жарық Күн болып,
Ленин деген ұл келді, —

десе, сол сол дәуірдің бір тынысымен бір тыныстайтынын танытып, өмір ағымынан, сол кездегі саяси өзгерістерден хабардар екенін байқатып:

Ол жасаған төңкеріс,
Он жетінші жыл келді, —

деп төгілдіреді. Одан әрі ақын революциядан соңғы өзгерісті былай жырлайды:

Ол келгенде өмірге,
Қуаныш толып көңілге,


Рең, ажар, түр берді,
Ал, шаруалар, еншiңдi,
Бай мен болыс бектерден,
Аулақ салып iргендi, —

дейдi.

Ақын топшылауы сол кездегi саясат мәселесiмен бiрдей бой көрсетедi. Суырыпсалып айтса да, тiлiнiң өткiрлiгi, ұйқасқа мықтылығы, ойшылдығы бiлiнiп-ақ тұрады. Мысалы:

Құлдықтан елдi босатып,
Тұрмыс-бақыт бiр бердi.
Еркiндетiп жастарды,
Теңiне қосты сүйгендi.
Сауат ашып, сөз танып,
Не тылсымды бiлдi ендi.
Осының бәрiн ойласам,
Ленин бермей кiм бердi? —

деуi сондықтан. Ақынның: «Сол даланың күшiмен, Заман дәйiм гүлдендi», — деуi шындық негiзiнде үлкен философиялық ойды түйiндей болса керек.

...Өзiн өскен оратының ащы-тұщысына жаны ауырған. Елдегi тiршiлiк, қоғамдағы өгерiс көңiлiн бейжай қалдырмаған.

...Терең үңiлiп, байыппен барласақ, Құлан ақынның да ойы тереңде, айтпағы әрiде жатыр.

Құлан ақын да дүниенiң өткiншiлiк қасиетiн тәрк етiп, жылтыр сөз бен екi мiнездiлiктi шенеп, өмiрге келген адамның дүние өрiсiнде сiз-бiз десуiн, сыйласып, жақсылық мiнезiмен өтуiн уағыздайды:

Неше сұлу өткен жоқ,
Қызыл тон киiп қырланған.
Неше жiгiт өткен жоқ,
Шаршылап мақпал шұлғанған.
Дүние кiмнен өткен жоқ,
Бозжорға аттай ырғалған.

Құлан термесiн оқып отырып, ақынның тұспал сөзге шеберлiгiн танимыз. Өмiр ағыны үсiтiнде жүрiп өткен жолында, көрiп бiлiп жинақтағанын кейiнгiлерге үлгi етедi. Ой елегiнен қорытқанын нақылдап, ақыл айтады. Адамгершiлiк қасиеттi ардақ тұтады. Өзгенi соған үгiттейдi:

Форымсыз болған күмiстен
Сұлулап соққан мыс артық.
Сыйласпаған туыстан
Туысы бөлек кiсi артық.
Бередi жауға жолдасын,
Өзiнiң басын қорғаған,
Жақсы жолдас сол болар —
Шашпай сырды жинаған.
Жаман жолдас сол болар —



Тұспалдап айтса да, ақын бұл арада дұрысын, шындық факті негізінде жыр етеді.

*Шеберлерден мін қалған,
Шешендерден тіл қалған.
Көргендінің баласы
Бір көргеннен үлгі алған.
Көргенсіздің баласы
Мың көріп жүріп құр қалған.*

Осы бір жолы да жоғарыда айтқан ойымызға дәлел болса керек.

...Оның бірқатар термесі осындай риторикалық сұраумен жазылған.

Оған:

*Алғаны жақсы қандай-ды?
Еріген сары майдай-ды.
Жақсы деген қандай-ды?
Жақсылығын айтайық,
Алуан шекер балдай-ды.
Жаман деген қандай-ды?
Жамандарды жақсы деп,
Мақтасаң енді нанбайды?
Қатыны жаман қандай-ды?
Қағып төсек салмайды.
Қамшыменен бір ұрсаң,
Көмкейі бұлкілдеп,
Қыр соңынан қалмайды.*


Құланның өлеңі мен жырының ауқымы кең.

...Керісінше, тұспал сөздің шебері шешендік өнердің шын тарланы екендігін танытады.

Ақын өлеңінің дені шындық. Содан болар әрбір туындысы нақты тарихи жағдайға, сол кездегі күнделікті тіршілік көзіне негізделген. Мәселен, «Қүдірет тілім қызыл шоқ» деп аталатын термесі өз дәуірінде Ислам дінін өз пайдасына бағыттап, асыра уағыздаушы, молда, сопысымақтардың бейшаралық кейпін сынауға арналған.

*Екі мыңдай жыл бұрын,
Ораза намаз болмаған.
Сол кездегі күштілер,
Қорқытып елді қорлаған.
Мұндай заң бұрын жоқ еді,
Бізге кеп жеткен арабтан.
Зекет-пітір сияқты,
Хандар салған салығын.
Имам, солда уәкіл боп,
Елден алған алымын.*

дей келіп, шарифатшылардың «заңын» тәрк қылып, имам, молда біткеннің мінін бетіне басады.


Ораза, намаз оқысаң,
Күнәңа тиер себі жоқ.
Не қарыз болсаң соны бер,
Басқа амалдың емі жоқ.
Құтқарам деп молданың,
Мал алатын жөні жоқ.
Ойланған жан түсінер,
Құдірет тілім қызыл шоқ, —

деп, дінді өздерінің байлық мансаына, болмаса күн көрісіне пайдаланып, елді сүлікше соратын дүмше діндарлардың кеселді тірлігіне ақын тілімен қарсылық білдіреді.

...Оның «Құдайға арыз» өлеңінің туу тарихы қысқаша мынау. Ақынның екі бірдей жас баласы, әйелі қайтыс болады. Қастасқандай мінісіндегі жауыр атынан тағы айырылады. Шыдамы бітіп, тағдыры салған ауыртпалығына күйініп отырған ол салған жерде аталмыш өлеңін шығарыпты.

Құдай-ау, мен сенімен күресемін,
Жықпаймын-жығылмаймын, тіресемін.
Белімнен мықтап ұстап алғаннан соң,
Өзің тап не қылсаң да бір есебін, —

деген екен.

...Расына келсек, ел арасында Құланды Құлыншақпен кездескен деген сөз бар. Жас шамасы 20 жылдай айырмашылығы бар Құлыншақ ақын Құландымен қалжыңдаса береді екен. Кейде екеуі кездесе қалып сөз қағыстырып қалса, тең түсетін көрінеді.

Бірде жаз айында түсте Құланды ақынның үйі өртеніп кетеді. Сол жылғы күзгі кеште Құлыншақ ақынның да үйі өртенеді. Ең алдымен үй өртеніп бәлені бастаған Құланды ғой деп ойлаған Құлыншақ сонау Созақтан Қосүйеңкідегі Құланның үйіне ат басын тірейді. Құлыншақ ақын ат үстінен түспей тұрып, сәлем бере шыққан Құланды былай дейді:

Көпке Құланды сөйлеуші едің өштеніп,
Жоқ-жұрқаға бармаушы едің кеш келіп.
Жастан жиган сұм дүние, батыр-ай,
Шыныменен кетті ме еңбек еш болып.
Бір құдайдың қаһарына ұшырап,
Қалып кете жаздапсың-ау, мес болып.
Қайта сені қаһарына алмастан,
Тастап кеткен көрінеді ескеріп.
Бір зиянын тигізбестен кетті ме?
Бір қонақ кетті деп естіп ем түстеніп, —

деп, миығынан күліп сұраулы кейіппен ақынға аяушылық танытып, көңіл білдірген болады. Сонда Құланды ақын мүдірместен:

Ауылым көшіп жатыр, қонып жатыр,
Пенденің қай дегені болып жатыр.



Арманды есептейік, кел, Құлыншақ,
Сізде де, бізде де арман толып жатыр.
Қу құдай қараарына алғаннан соң,
Ісіміз қайсымыздың оңып жатыр.
Құдайы, пайғамбары, періштесі,
Алдымен екеумізді торып жатыр.
Алдымен қос ақынды құртайық деп,
Бір жерде әңгімені құрып жатыр.

деген екен.

Сонда Құлыншақ: «Бұл Құлан, біздің де үйдің өртенгенін естіп қойған екен ғой», — деп аттан түсіп, ақынды құшақтап, төс түйістіріп ұзақ тұрған екен.

... Шешен сөздің шебері, орақ ауызды ақын әманда тұрашыл, әділетті кесім айтып ақ пен қараны бетке әшкерелейтін болған. Бұл оның «Аралбайұлы Жантөреге» деген өлеңінде байқалады. Бай ұлының көңілін сҚұрай келген ақын мансапқор байдың пейілін бетке басып, былай дейді:

Жантөре, тәуірмісің, жаның қалай?
Науқас боп жатқаныңа болды талай.
Жайыңды өз көзіммен көрейін деп,
Арнайы дәм-тұз тартып соқтым жолай.
Ер едің байлыққа сен жүрген батып,
Көреген жоқсың айран-қатқан үзбен татып.
Басыңнан айналдырып қара лақты,
Жатсың сен құдайы ғып, тәңір атып.

Ащы да болса, әділетті сөз бұл. Ақын сылап-сипамай, бетке тура басып айтып отыр. Сондай-ақ, Құланның «Аузымда өлең деген алмасым бар» деген өлеңі де болыстардың болымсыздығын мінейді. Өлең 58 жолдан тұрады.


Алатын кей өлеңім ажалдай-ды,
Қоңыраулы кей өлең тажалдай-ды.
Сынаптай кей өлеңім балқытады,
Шаңытқан кей өлеңім шамалдай-ды, —

деп, өзінің шешендік қасиетін биікке қойса, бірде:

Кімде-кім өлеңіммен жараланса,
Ешқандай тәуіп емдеп жаза алмайды.
Соңына өлеңіммен түсе қалсам,
Тал түсте таба алмайсың ауылыңды-ай.
Жүйріктей кей өлеңім қырандайды,
Орынсыз көрінгенге ұрынбайды —

десе, енді бір жерінде:

Сұр мерген кей өлеңім көздегенің,
Жібермей, сол мезгілде дәлдеп атқан,


Өртейтін кей өлеңім өрт секілді.
Бәрі де нәмәртті жоқ өрт секілді, —

деп, өзінің құрығына ілініп, шылаына байланған «байекеңнің» көктіындық құны қалмайтындығын сипаттайды.

...Ақын жырының өзегі сол кездегі дін иелері, молда, бай, болыс, шонжарлар, өмірдегі керағар тіршіліктер: қиянат, зорлық, зомбылық т.б. сол сияқты өзін ойлантатын, толғантатын ілкі көріністер болған. ...Құланның «Абылай», «Жүзбай» деп аталатын өлеңінің де тарихы қызық. Айтқанына қарағанда құрдас, өзімен тұстас өмір сүрген, молда әрі тәуіп, әрі бай Жүзбай шаршы топтың ортасында қиянатын бетке айтып ит терісін басына қаптайды.

Біздің елде Жүзбай бар,
Жүзбай жүрген жерінде.
Жылау менен ойбай бар.
Көк мұрын деген молдасы бар,
Төлеген деген жорғасы бар, —

деп, шашбауын көтерушілермен қоса сөзбен сойып, тойда сілікпелейді. Бар істегенін бетіне басып, сөз соңын былай қорытындылайды:

Сақтан Жүзбай Құланның,
Абыройыңды төгеді.
Өледі деп ең кей жанды,
Жазылып кетті құла боп.
Өлмейді деп ең кей жанды,
Өліп кетті мола боп.
Жақсы ісің қалды ма,
Арттағыға жоба боп.


Бетке айтқан шындыққа шырпынып, Құланның ақынды Жүзбай жігіттері таяққа жықпақ болады. Бірақ, қорғаушысы болған елі, ақынды арашалап алып қалады.

...Әңгіме соңында ақынның «Әбділла мен Тұтқабайға» арнауын оқып көрелік. Бұл өлең де шындық негізінде дүниеге келген. Қысқаша айтсақ, Орта жүздің атақты болыстары божбан. Тұтқабай мен құйысқансыз Әбділла арасында өзара егес, үлкен араздық болған. Содан екеуі де екі жаққа қарап теріс айналып жүргенде, осы төңіректе дүбірлі бір жиын өтеді. Сонда Құланның ақын шаршы топта оларға былай деп басу айтқан көрінеді.

Жалғыз көз бәле атанған ер Сапарабай,
Дүниеде іс қып өті дардай-дардай.
Алысқан асқар таудай Абылаймен,
Батырбек, Әжі де өлде сеңгір жардай, —

деп басталатын 58 жолдық ұзақ өлең:

Өз-өзің екі тұлпар қырқысасың,
Кейінгі қалың аттан ұзағанда.



*Ал Жарас Құлан келді екі тылсым,
Тылсым деген сөзіңді ішің білсін,
Ата-тегің жарамас жетегіме,
Екеуің де тікеннен шыққан гүлсің.*

деп аяқтайды. Мәселен, Құланның Бидаш байға бір тойда айтқан өлеңінен де осындай тапқырлықты аңғарамыз:

*Бидашбай, жарамайды секілдеген,
Тым жақсы есті жанға желпінбеген.
Жасықсыз Жанғалиды саба дейсің,
Бұл сөзді тұрсың ба айтып еркінменен.
«Құш атасын танымас» деген сөз бар,
Қайратты ер икеміңе келтірмеген.
Бар болса ағайының көптеу шығар,
Қызықты той емес пе бұл күн деген.
Тура айтам жәбірлеме, тарт қамшыңды,
Жерім жоқ еш адамға күлтілдеген.*

десе, тағы бірде Құлан Әбшүкір деген танысының үйінде мейман болып отырса, Оңашбай деген бай келіп, Құланға қарап: «Мына қасы-көзін жауып кеткен сарың кім өзі?» — дейді. Сонда Құланның айтқаны:

*О, баста қасым ұзын, болдым туып,
Алмастай сөзім өткір, түсім суық.
Өзіңдей осы ұйге мен де мейман,
Жаман дей алмассың сен ұйден қуып.
Қомпаңдап қаһарыма ұшырарсың,
Ботадай отты басқан келіп жуық.
Оңашбай, сен Құландай бола алмассың,
Алсаң да жеті белбеу белге буып.
Қарға — сен, бүркіт — мен болып атым қалар,
Зіркілдеп қайнама сен сөйле суып.*


дегені дәлел.

Негізінде бұл қасиет ақын арнауының бірі емес, баршасына тән. Әсіресе, үстемдікке бір табан жақын би-болыс, молдасымақтар уытты өлең жебесінің дәл қадалар тұсы. Яғни, шындық болмыс, тарихи құбылыс, өз ортасының өмір суреттері.

Құланның Перне қызбен айтысы көркемдік жағынан да, ойлылығы мен қысқалығы жағынан да сол тұстағы ақындар айтысынан ешқандай кемдігі жоқ. Керісінше, өткір десе де болады. Мысалы, Құлан:

*Жолаушы, біз бір мейман Құмнан келген,
Сен болдың сұлу қызым Сырдан көрген.
Бақыты қайда барса болар деуші еді,
Тілеуін жолаушының жылдам берген.*

Перне:



*Беліме асынғанмын қылышымды,
Қыз іздеп байқағанмын жүрісіңді.
Сандалған Сордан Сырға мейман бала,
Айта отыр, көңілге алған жұмысыңды, —*

деп басталатын айтыстың бір тұсында.

Перне:

*Боп жатыр «Шығанақта» көңілді той,
Құлан-ау, саған көңіл сенімді зой.
Мұны да ақылдасып бір қояйық,
Біреуден әкем жепті жүз жетпіс қой, —*

десе, Құлан:

*Бастаған мың жылқыны қасқа бие,
Бетіне қай қашқынның майлы күйе.
Жүз жетпіс қойға бикеш арзымай ма?
Бұралқы қуып берсем отыз түйе.*

Айтыс соңын Құлан былайша қорытындылайды:

*Малы жоқ қу кедей деп ойлап қалма,
Айдап алып келейін бар малымды.
Шынымен сүйем десең сүйеріңмін,
Жүзеге асыратын арманымды.*

Жоғарыда келтірген өлең жолдарына қарағанда Құлан да Құлыншақ сияқты заманының белді, ауыз толтырып айтар шебер, шешен, орақ ауызды ақындардың бірі болған. Өзі өлсе де, сөзі өлмеген сыншыл жыршы.

Файзулла САХИЕВ,
жазушы, журналист, ақын

Дереккөз: Сахиев Ф. Жырдың алдаспаны. — Кіт.: Алдабергенұлы Қ. Алмастай сөзім өткір. — Алматы, 2011. — 73-89-бб

ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ

Атақты халық композиторы, әнші, ақын Иманжүсіп Құтпанұлы — сөз жоқ, қазақтың сал-серілер поэзиясының көрнекті өкілі. Ол 1863 жылы Павлодар облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Атасы Тұрғанбай датқа Түркістан өңірінің белгілі биі болған. Әкесі Құтпан — Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан. Иманжүсіп бала кезінен өлең-жырға, шешендік сөзге құмар болып өсіп, сал-серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, балуан атанады. Ол суырыпсалма ақын, әнші болған. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған. Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, ақыл-кеңес берген, оған өлең де арнаған. Патшалық Ресей өкіметінің қысымына шыдамаған Иманжүсіп ХІХ ғасырдың соңында Ақмолаға келеді. Мұнда да жергілікті билеушілердің зорлығына, әділетсіздігіне шыдамай, оларды шенеген уытты өлеңдер шығарады. Жалған жаламен тағы да қуғынға түседі. 1905—12 жылдары Өскеменге, Жетісуға жер аударылады. 1913 жылы ата-мекеніне оралып, Сырдария губерниясының Шиелі болысына қоныстанады. Кеңес дәуірінде тағы да қудалау көрген әнші-ақын Сарысуға көшіп, 1930 жылы 20 желтоқсан күні тұтқындалады. 1931 жылы жазықсыз атылып, 1990 жылы толық ақталған.


Иманжүсіп — Жаяу Мұса, Ақан сері, Мәди сияқты әділет, теңдікті жырлаған ақын-композитор. Оның кең ауқымды әндері Арқа, Жетісу өңірлерінде кең таралған. «Сарымойын», «Бұғалы мен Тағалы», «Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау», «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шонай», «Қысырақтың үйірі жирен ала», «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын» және т.б. әндері өр үнді күрескер әншінің азаматтығын танытады.

Иманжүсіп өнері үшін халық әндерінен кейінгі баспалдақ әнші-ақындар шығармашылығы, Біржан, Ақандардан бастау алған ән-өлең дәстүрі болды. Ән-өлеңнің қазақ әдебиеті мен өнері тарихын түгел алып қарағандағы жанрлық түр тұрғысынан орныққан тұсы осы әнші-ақындар шығармашылығына тура келеді.

...Иманжүсіп өнері біріншіден осы халық әндерінен бастау алады. Сөзіміз дәлелді болу үшін халық әні «Ағажан, Ләтипа» мен Иманжүсіптің әні «Сарыарқаның» бірінші нұсқасын салстырып көрейік. «Ағажан, Ләтипа» да, «Сарыарқа» да қысқа қайырылады, екі шумақтан, қайырмадан ғана тұратын бұл өлеңдер 11 буынды қара өлең ұйқасымен (а,а,б,а) шығарылған. Екі өлеңнің де мәтінінде артық-ауыс, мағынасыз тұрған сөз жоқ.

«Ағажан, Ләтипадағы»:

Ләтипаның қолында гауһар жүзік,


*Бірауыз сөз естімей жүрсем-дағы,
Кете алмадым өзіңнен күдер үзіп, —*

делінетін жолдар өлеңнің идеялық мазмұнына тікелей қызмет етіп тұр. Байқағанымыздай, бұл жолдар бізге беймәлім автордың өлең персонажы — Ләтипаға арналған көңілін, сезімін білдіреді. Өлең қайырмасында осы ой тереңдетіле түседі.

*Агажан, Ләтипа,
Гүлмайдан, Ләтипа,
Бірде ашық, бірде қың,
Беу-беу, Ләтипа.*

Осы шумақ пен қайырманың өзінен көп сыр аңғарылады. Өлең мазмұнында ғашықтық сезім жайлы айтылумен қатар, өлең кейіпкері Ләтипаға мінездеме, сипаттама жасалады.

*Ауылым Ақмоланы жаздай қонған,
Жасында, дүние-ау, Иманжүсіп қандай болған,
Қою деп қойдың сүтін ішпеуші едім,
Орыстың қара наны балдай болған.
Қайырмасы:
Сарыарқа менің жерім-ай,
Сауықшыл қайран елім-ай, ахау,
Ит жүгіртіп құс салған-ай,
Пай, пай!
Көл-ай, көл-ай, көлімді-ай*

Бұл өлеңде де сондай, негізгі шумақтағы ой қайырмасында күшейтіле түскен. Туған жерге арналған өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашуға қызмет етіп тұр. Әнші ақындар, сал-серілер шығармашылығындағы ән-өлең туралы айтқанда олардан бұрынғы халық әндерінің де бізге беймәлім болғанымен, алғашында авторларының болғанын, олардың ұмытылуына байланысты халықтық дүниеге кейін айналғанын білуге тиіспіз. Қарапайым мысал ретінде Иманжүсіптің «Қазақ поэзиясының антологиясында» (Алматы, 1993) жарияланған 9 өлеңін айтуға болады. Шындығында бізге жетпегені болмаса, Иманжүсіпте өлең, ән-өлең бұлардан әлдеқайда көп болған.

...Иманжүсіп Құтпанұлы өнерінің бағасы мен бәсінің жоғары болатынын осы бағыттан бір бағамдап қоюға болады. Иманжүсіптің ән өлеңдерінің мәтіні — ақындық поэзияға қойылатын қандай талаптың болса да үдесінен шығатындай көркем, өнерпаз талғамының биіктігін дәлелдейтін шынайы туындылар. Оның «Қазақ поэзиясының антологиясындағы» өлеңдері — жеке тұрып та көркемдігіне қамшы салдырмайтын, әдеби-эстетикалық тұрғыдан бүтін бітімге ие шығармалар.

...Бұл түр яғни 11 буынды қара өлең ұйқасымен дүниеге келетін шығармалар қазақ поэзиясы үшін дәстүрлі, Біржан сал, Ақан сері ән-өлеңдерінің дені осы түрмен шығарылған. Балуан Шолақтың атақты «Ғалиясы» да осы түрге, осы ұйқасқа құрылған.

Р.Көшенованың «Иманжүсіп» (Алматы, «Қайнар», 2001) атты кітабында Иманжүсіптің «Сейфіл-Мәлік», «Сармойын», «Сарыарқа» (төрт



нұсқасы), «Әкем құтпан», «Сары бел», «Бұғылы-тағылы», «Ерейментау» (екі нұсқасы), «Батыр-ау», «Болған жастан» (екі нұсқасы) ән-өлеңдері мәтіндерімен, нотасымен берілген. Салыстырып қарар болсақ, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Иманжүсіп ән өлеңдерінің мәтіндерінде ұқсастықтар бар, бұл ұқсастық олардың мазмұнынан, идеясынан, тақырыбынан, бейне және бейнеліліктен, өлең құрылысынан көрінеді.

...Бұл дәстүрдің өміршеңдігін бүгінгі жазба әдебиетіміздегі С.Сейфуллин, Қ.Аманжолов, М.Шаханов, И.Сапарбаев сияқты сөзін де, әнін де өздері шығаратын ақындарымыздың шығармашылығы айғақтай түседі.

Иманжүсіптің «Ерейментау» ән-өлеңінің екінші нұсқасына назар салып көрсек, бұл туынды 9 шумақтан тұрады, II буынды қара өлең ұйқасымен (а,а,б,а) шығарылған. ...Өзінің жан сырын, жалғыздығын қаншалықты мұңға бөлеп айтқанымен тумысында батыр, өр ақынның асқақ рухы, қайтпас қайсарлығы өлеңнің негізгі сипатын белгілеген.

*Жүрген күндер керуендей ырғап көшіп,
Оқта-текте кетесің еске түсіп.
Талай қатын қыпшақтан ұл тапқанмен,
Бола алмайды бірі де Иманжүсіп*

Жаратылысында өте сұлу, келбетті өнерпаз, ақын, сері Иманжүсіптің басқаша айтуы мүмкін емес. Себебі Иманжүсіптің өмірі өзінің ұлтына, халқына арналған ол өзі үшін емес, туған елі мен жері үшін өмір сүрді. Өз тұсындағы билікпен келісе алмады, оларды озбырлығы, әділетсіздігі үшін жек көрді. Әділеттілік үшін күресті, орыс империясының сұрқия саясатына қарсы болды, отаршылық езгіге өзі де төзбеді, туған халқын да төзбеуге шақырды. Осы жолда әділетсіз жазаланып түрмеге де түсті.

...Оның өнері қазақ халқының жадынан ешуақытта ұмытылмақ емес, керісінше уақыт өткен сайын жаңарып-жаңғырып, жас ұрпаққа рухани азық күйінде өмір сүре бермек. Иманжүсіптің өлеңдегі, өнердегі бейнесінің актив көрінуінің астарында оның өз өмірбаяны ғана емес, қазақ халқының талайлы тағдыры, өзі өлердей сүйген ұлтының тауқыметті тарихы жатқанын ескеруіміз керек. Иманжүсіптің ақындық «менін» жазушы А.Кемелбаева тұлғалық «мен» деп өте дұрыс атаған (Айтулы ер Иманжүсіп «Таңшолпан». 2013. №3. 153-168б.б.)

...«Бір түнде сегіз қыз алып қашатын» Иманжүсіп тегін адам емес, қараса көз қаритын сымбатты, келбетті, қарулы еркек, «кіргенде Қараөткелдің базарына қызық көріп, қазақ, орыс жағалап жүретін» жан. Өзі айтқандай «толғатып тоқсан қатын ұл тапса да, бірі де Иманжүсіп бола алмайды». «Адамзаттан ұл тумас мендей құмай» деген Иманжүсіп «Бір түстеніп аттанған ауылының, қыздары болушы еді маған құмар», — деп те көсіледі. ... Қорыта айтқанда, Иманжүсіп Құтпанұлы — өмірі мен өнері арқылы қазақ халқымен бірге жасасатын ерекше тұлға. Иманжүсіп Құтпанұлы тағдырынан тағылым алу, әсіресе, егеменді еліміздің ертеңі — жастарымыз үшін, қазақ халқының өскелең ұрпақтары үшін аса маңызды деген ойдамыз.

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,

филология ғылымының докторы, профессор

БАЛУАН ШОЛАҚ

Біржан бастаған әнші ақындар тобының көрнекті өкілдерінің бірі — Балуан Шолақ Баймырзин. Ол өзінің әрі ақын, әрі композитор болуының арқасында ән жанрының дамуына елеулі үлес қоса отырып, ХІХ ғасырдың екінші жарымында Біржан бастаған әншілік дәстүрді ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің халықтық-демократиялық, ағартушылық идеяларымен жалғастырды.

...Басқа әнші ақындардан Шолақтың бір ерекшелігі — ол алып балуан, зор қайрат иесі болған. Ол өзінің сол алып күшін, қажымас қайратын бұқара қамы үшін жұмсаған халық батыры, әрі алуан түрлі спорт өнерінің, қол ісінің шебері. Бір сөзбен айтқанда, Балуан Шолақ — әр алуан өнер бойына түгел дарыған талант иесі.

Балуан — ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жасаған ақын. Ал, оның творчествосының қалыптасуы ХХ ғасырдың басына жатады. ХХ ғасырдың басында болған 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революция, бірінші империалистік соғыс, 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісі және Ұлы Октябрь революциясы қарсаңындағы революциялық қозғалыстар толқыны қазақ шаруаларының таптық санасының оянуына үлкен әсерін тигізді, тап қайшылығы шиеленісе түсті.

...Балуан Шолақ 1864 жылы қазіргі Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Қайрақты деген жерде туған. Арғы түбі Ұлы жүз, оның ішінде Үйсін. Балуан Шолақ жастайынан Көкшетау маңындағы елде өсіп, сонда ержетеді. Шолақтың әкесі Баймырза өзінің үй тұрмысын ғана білген қарапайым, момын шаруа да, шешесі қайратты адам болған деседі. Шолақтың шын аты Нұрмағамбет. Бір жасқа жетер-жетпесінде оң жақ колының саусақтары отқа күйіп, шын аты аталмай, Шолақ атанып кетеді. Мұны ақынның өзі:

*Атандым мен жасымнан Балуан Шолақ,
Оң қолым отқа күйіп болдым олақ, — дейді.*

Шолақпен бірге туған Тәуекел деген інісі болыпты, ал Балуанның өзінен Изажар, Құдайберген деген екі ұл мен Бәтен дейтін бір қызы болады. Шолақтың балалары да сауыққой, әншіл екен. Құдайберген деген баласын Шолақ қартайған кезінде қасына ала жүріп, әнінің аяғын көтергізіп отырған.

Нұрмағамбет әкесінен ерте жетім қалып, шеше тәрбиесінде өседі, бірақ өжет Нұрмағамбет өзінің пысықтығының арқасында жасында жетімдік көрмейді. Күресте көзге түсіп, жасынан жамбасы жерге тимеген балуан атануымен қатар оның бойына біткен әсем әншілік, композиторлық және ат үстінде ойнарлық спорттық мәні бар сан қилы өнерлері болады. Сондай-ақ ол қол өнерінің де талай түрімен айналысады.

...Шолақты көргендердің сөзіне қарағанда, ол біраз уақыт жәрмеңке базарларындағы циркке де қатысқан тәрізді.



Шолақ 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісі кезінде көтерілісшілер жағында болып, оны қолдап отырады. 1917 жылғы буржуазиялық-демократиялық февраль революциясы жеңіп, патша тақтан түскенде, бұқара көпшілігімен бірге патша тәртібіне Шолақ та наразылық білдіріп, Ұлы Октябрь революциясын шын ықыласымен қарсы алады.

Балуан Шолақ 1919 жылы, елу бес жасында қайтыс болады.

Балуан Шолақтың творчествосы да, негізінде, ән текстері мен әуендерден тұрады. Бұл ерекшелік әншілік дәстүрді ұстаған әнші-ақындардың бәріне де ортақ қасиет. Ал, әнші-ақындардың бір-бірінен айырмашылығы сол әуен мен текстіні толық қабыстыра біліп, тың стиль табуында және өзі жасап отырған дәуір талаптарына орай жаңа тақырыпты көтере білуінде. Сөйтіп, идеялық мазмұны мен түрі сай келетін, шебер қиыстырылған әндер шығаруында, атап айтқанда, ән әуені мен тексті дамытуында. Осы тұрғыдан алғанда, Балуан Шолақ та қазақ әдебиеті мен музыка өнерінің даму тарихынан келелі орын алатын ақын-композитор. Оның «Ғалия», «Құлан кісінес», «Дікілдек», «Ыңғай тек», «Желіп-желіп», «Сентябрь», «Қынжыл», «Балуан Шолақ» деп аталатын бірнеше әндері бар. Бұл әндердің бәрі де ел ішіне кеңінен тараған, халық сүйіп айтатын әндер.

Шолақтың әдеби мұрасы әлі толық жиналмай келеді. Ол өмір бойына ел аралап, ән салып, түрлі ойын көрсетіп, серілік кұрып өткен адам. Шолақтың осы мол творчествосынан казірде қолда бары тіпті мардымсыз. Сол сияқты әнші ақын творчествосының зерттелуі де осы күнге дейін нақтылы қолға алынбай жүр. А. Жұбановпен Е. Ысмайыловтың бірен-саран жазғандарынан басқаны атау қиын.

Балуан Шолақ қаршадай күнінен ән салып, өзінің тең кұрбысынан ерте оянады. Ән салғанда ол халық әндерін де, өз әндерін де қатар айтқан. Әрине текстісіз ән айтылмайтыны өзінен-өзі түсінікті, демек, өз әуендерінің текстерін де Шолақ ерте шығарғанға ұқсайды. ...Сондай-ақ Шолақтың ақындықпен қатар балуандықты да ерте бастағаны аңғарылады. Бір өлеңінде Шолақ:

*Мен өзім он жасымнан зор-ақ едім,
Намаз бен оразаға олақ едім,—*

дейді. Мұнан Шолақтың жас шағынан-ақ балуандыққа лайық мүше бітісінің де ерекше болғаны және дінді ұстауды ешбір мақсат етпегені байқалады. Елдің айтуынша, Шолақ жас кезінде алғаш Бәйтен деген балуан жігітпен күресіп, оны жыққан екен деседі. Шолақ ауылда балалармен ойнап жүріп Бәйтенге кездесіп, менімен күресесің бе, дейді. Бәйтен тұрып: саған ондай күш қайдан келді және өзіңнің бір қолың шолақ, — депті. Сонда Шолақ: бір қолымның өзі-ақ, осы жерден лақтырғанда, бүйрек талдың ар жағына түсіреді, — дейді. Бұл сөзге шыдай алмаған Бәйтен аттан түсе сала күресе кетеді. Шолақты олай жұлқып, бұлай жұлқып, әкете алмайды. Шолақ өз кезегі келгенде Бәйтенді арқалап соғады. Сонан үш рет күресіп, үшеуінде де Шолақ жығады. Бәйтен ұялғанынан үн қатпай, атына мініп жүре берген екен. Бұл бала Нұрмағамбеттің балуандықтағы алғашқы адымы. Осыдан былай жас Нұрмағамбет ақындық-композиторлықпен қатар, балуандықтан да көзге түсіп аты шығады. Есейе келе үлкен жиындарда күреске түседі. Қөкшетау, Атбасар, Ақмола — үш дуанның төңірегіндегі елден және басқа жақтардан да көп халық жиналған бір үлкен тойға әр



елдің болыс-биі, байлары өздерінің балуанын, ақын-әншісімен келеді. Аты шулы Керей Сағынайдың паң Нұрмағамбетінің ол жолы өзімен бірге ертіп әкелген балуаны жоқ екен, оның балуаны етіп Шолақты ұйғарысыпты. Паң Нұрмағамбет Шолақтан атың кім? — деп сұрайды. Шолақ: атым Нұрмағамбет, — дейді. Сонда паң Нұрмағамбет Шолақтың өзімен аттас болғанын жақтырмай: — Уай, тәйір-ай, жаман иттің атын бөрібасар қояды деген осы да, — дейді. Шолақ паң Нұрмағамбеттің кекеткенін ұнатпай қалады. Тойда Шолақ паң Нұрмағамбеттің балуаны болып, бас балуанға шығады. Шолақ бас балуанды жығып, күресетіндерің келе бер деп, ортада кетпей тұрып алады. Күреске шыққанның бәрін де қирата жығады. Шолақ аяқтан шалу, тобықтан қағу дегенді білмейді екен, тек арқалап соғып, шыдатпайды. Шолақ паң Нұрмағамбеттің балуаны болғандықтан да тойда балуандықтың бас бәйгесі паң Нұрмағамбетке тиеді. Бас бәйге бір бесті ат, тоғыз бұйым екен. Күрес аяқталған соң Шолақ паң Нұрмағамбетке келіп: Нүреке, бөрібасар болуға жарай ма екенмін, дейді. Сонда паң Нұрмағамбет тұрып: жарайсың, сенің атың бұдан былай Балуан Шолақ болсын, — депті.

Оның:

*Нұрмағамбет атандым Баймырзаұлы,
Жасымнан әрбір іске болдым қырлы, —*

деуі де осыдан.

Ер жете келе Шолақтың әр алуан өнері дами түседі. Бұл екі нәрсеге байланысты еді. Бірі — Шолақтың өз бойына біткен ерекше дарындылығы болса, екіншісі — Біржан салдың қасына еріп, ұстаз алдын көріп, жастайынан үлгі-өнеге алуында. Балуан Шолақ Біржан әндерімен бірге оның төңірегіндегі шәкірт әншілері: Ақанның, Жаяу Мұсаның т. б. көптеген әнші ақындардың шығармаларымен танысады. Шолақтың:

*Жасымнан мен жақсыға жақын жүрмін,
Дария, шалқар көлдей тасып жүрмін, —*

деуі Біржан, Ақан сияқты ірі өнер иелерімен араласып, олардан үлгі, өнеге алып өскендігіне байланысты айтылған.

Біржанның алдын көріп, онан үлгі алуы Шолақ творчествосының даму жолындағы елеулі бір асу, белес болып табылады. Ол ержетіп, есейе келе, өз өнерін өзгеше өрбітіп, өзіндік жаңа стиль табады, ән салудың жаңа үлгісіне машықтанады, түрлі спорт өнеріне жаттығады. Шолақ сөйлесе — серпінді, айтысса — ағынды, алысса — алыптай, ән салса — әсерлі, елдің ерекше сүйіктісіне айналады. Балуанның:

*Үш жүзге атым шыққан Балуан Шолақ,
Денеме тегіс біткен күш пенен бақ, —*

деп шырқауы да оның халық құрметіне бөленгендігіне білдірген ризалығы еді. Осылайша халықтың сүйікті ұлы, ерекше бір өнер иесі болып, ел аралайды, серілік құрады. Шолақтың серілік салтты ұстап, әншілік дәстүрін дамытуы, бір жағынан, оның өз творчествосын өрістетуіндегі өнер мектебі болса, екінші жағынан, халық бұқарасымен тығыз араласуының бір жолы еді. Ол Ақмола,



Көкшетау, Атбасар, Баян төңірегін түгел аралап, Алатауға дейін барады. Қошқарбаев Шашубай т. б. бірнеше әнші-күйшілер тобын ертіп, Арқаның асқақ ән мен сырлы күйлерін Жетісуға да әкеліп таратады.

Балуан Шолақтың елден ерекше өнеріне сай, тұлға бітісі мен мінез құлқы да бөлек адам еді деседі. Шолақты көрген Ыбыраев Әбдірахман қарт былай деп жазады: «Шолақ балуанның, меніңше, жаратылысы басқа деуге болады. Шіркін, осы кезде көрмеге қояр ма еді деп ойлаймын да тұрамын. Өйткені басқа адамнан түр-сипаты бөлек, дене-бойы тақа биік те емес, аласа да емес, орта бойлы деуге болады. Кеуделі, мойыны жуан, тұтас. Адамға қарағанда денесімен бұрылып қарайды. Және аттың жақсысын мініп, киімнің жақсысын киеді. Басына үкі таққан құндыз бөрік, аяғына биік өкше шоңқайма етік киіп жүреді. Шолақтың түсі қара торы, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, шоқша сақал, қара мұртты, тістері аппақ, күлгенде күрек тісі ақсиып көрініп тұратын, сондай сұлу адам болған. Ауыл шетіне Шолақ келіп бір үйге түссе, сол ауылдың кәрі-жасы бәрі жиналып тамашалап қалады. Сол Көкшетау, Ақмола, Атбасар — үш дуан елдің кәрі-жасы бәрі сыйлап қадір-құрмет етеді екен. Шолақ өзі де адамды тез үйірілдіріп алатын адам екен. Сөзге шешен, кішіпейіл және бала демей, шаға демей атының кім екенін біліп алады. Қашан да болса Шолақтың жүрген жері жиын, ойын-сауық болып отырады».

...Балуан Шолақтың әдеби мұрасының негізі — ән текстері. Шолақ ән текстерін шығарумен жасынан шұғылданып, ер жете келе оны өз творчествосында әдеби жанр етіп қалыптастырады. ...Әнші ақындардың қайсысының болсын ән текстерінің стильдік ерекшеліктерін сөз еткенде, әуенінен айырып қарамау қажет. Өйткені текст пен әуен — тұтас бір шығарма, олардың негізгі ой арқауы мен мазмұны бір идеяға құрылады. Сондықтан Шолақтың ән текстерін де, оның әуендерін де стильдік, пафостық ерекшеліктермен, идеялық мазмұнымен тұтас алып қарау шарт. Ән текстерімен қатар, Шолақтың жеке өлеңдері де бар.

...Шолақ шығармаларының бір ерекшелігі — оның ән текстері болсын, жеке өлеңдері болсын автордың өз басынан кешкен оқиғаларға ғана арналып шығарылған. Сондықтан да ондай шығармаларының бас қаһарманы Шолақтың өзі болып келеді.

...Балуан Шолақтың әдеби туындыларының қалыптасуы ХХ ғасырдың алғашқы жылдары. Бұл жылдар оның жігіт ағасы болып, ақыл тоқтатқан, көп жерді аралап ел таныған, халық тұрмысын, еңбек адамының жай-күйін аңғарып тәжірибесі молайған кезі еді. Әсіресе ХХ ғасырдың бас кезінде бүкіл Россияны қамтыған революциялық толқындар, тарихи оқиғалар оның творчествосының дамуына тікелей әсер етеді, идеялық тақырыптық бағытын анықтайды.

Тақырып жағынап алғанда, Шолақ творчествосы, негізінде, екі-үш тақырыптың төңірегіне құрылған. Оның біріншісі — өзінің күш-қайратын суреттеуі. Бұл тақырып Шолақ өлеңдерінің көпшілігінің лейтмотиві болып келеді. Шолақ өзінің ақындық, композиторлық және сол секілді басқа да сан алуан өнерінің ішінде қашан да болсын алдымен өз күшін бұрын атайды, мысалы:

*Баймырза әкем аты, атым — Шолақ,
Кеудемде қайратым мен күшім мол-ақ.*



Шолақ творчествосындағы екінші тақырып — өзінің дарашылдық күресі жайында. Бұл — Шолақ творчествосындағы ең негізгі тақырып, өйткені Шолақтың ән текстерінің көпшілігі, сол секілді көлемді өлеңдері де осы тақырыпқа арналған.

Шолақтың күресі белгілі тарихи дәуірдің сәулесі болып, жер мәселесіне байланысты туды. 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырағаннан кейін, бүкіл Россияда Столыпин реакциясы басталады. Столыпин реакциясы кезінде шаруаларды ішкі Россиядан шеткі аймақтарға қоныстандыру етек алады.

... Міне, осы принципке негізделген Столыпин реакциясының қоныс аудару саясаты көшпелі қазақ халқына да жайлы тиген жоқ, өйткені шұрайлы жерлерін күшпен тартып алу көбейе түсті. Столыпин реакциясының мұндай озбырлығына қазақ шаруалары наразылық білдіріп қарсы тұрды.

...Алайда, Шолақтың өз наразылығынан туған күресі әлеуметтік сипат ала алмайды, мұны оның өз басынан кешкен оқиғаларға құрылған көлемді өлеңдерінен айқын көреміз. Автор бұл өлеңдерінде көбінесе өзінің ерлік әрекеттерін суреттейді. Бірақ мұндағы Шолақтың ерлігі ауыл арасындағы барымташы жігіттің пысықтығынан аса алмайды. Сондықтан да бұл тақырыпқа арналған өлеңдерінде жалаң менмендіктен басқа, тәрбиелік мәні аз.

Сексен өгіздің барымтасы әшкереленіп, көзсіз балуан лажсыз қолға түседі, ұзақ тергеуден кейін Ақмолаға жөнелтіледі. Өзінің Ақмолада тергеуде жүрген кезін балуан былай баяндайды:

*Мен — Шолақ, он жасымнан болдым баяу,
Қаңғырып Қараөткелде жүрдім жаяу.
Жаласы сексен өгіз маған ауып,
Алдында жалғыз оқтың тұрдым таяу.
Қамалап орыс-қазақ тұрса-дағы,
Қайтпаған бір бетінен мені қой-ау.*


Осы сексен өгіз оқиғасынан кейін Шолақ барымталасудан мүлде тыйылады, әйтсе де патша чиновниктері оны қудалауын тоқтатпайды. Оның:

*Мен өзім аққан судай тасып жүрмін,
Кеудесін дұшпандардың басып жүрмін.
Жаласы сексен өгіз маған ауып,
Ұлықтан сол себептен кашып жүрмін, —*

дейтін өлеңі сол кұғынға түскен кезінде шығарылған.

Шолақты қуғындаған тек патша чиновниктері ғана емес, жергілікті қазақтың бай-феодалдары, болыс-билері де оның үстінен жалған шағым жазып, қайта-қайта ұлыққа көрсете берген. ...Бұған Шолақтың Жетісуды аралап, қайтып бара жатып айтқан мына өлеңі куә:

*Сәлем айт, Мойынқұмның болысына,
Әдейлеп білдіріпті орысына.
...Осыдан қайта айналып келе қалсам,
Шіркінді кондырар ем қопысына.*


*Арқада еркін өскен ақтанкерді,
Балапты Мойынқұмның ұрысына.*

Жалған шағымдардың салдарынан Шолақ бірнеше рет түрмеге де отырып шығады. Өзінің түрмеге түскен кезін балуан:

*Абақты — азап орны, жайнаған шоқ,
Басқаным от сияқты ішімде дерт.
Кіргізген кәміріне қарап тұрсам,
Ішінде менен басқа адам да жоқ, —*

деп бейнелейді. Қазақ әкімдері мен патша ұлықтары бірігіп Шолақ кісі өлтірді, ұрлық істеді және патшаға қарсы адам деп өтірік жала жауып, мировой судьяға жеті жылға каторғаға жіберуге үкім де шығартады. Бұл жөнінде Шолақтың ел аузында мынадай өлеңі бар:

*Бойыма күш біткенге еттім шүкір,
Қажысам абақтыда, бетке түкір.
Темірін екі итеріп тартқанымда,
Кірпіші жерге түсті күтір-күтір.*

Бұдан әрі Балуан түрмені және ат қора қақпасын бұзып, өзінің Ақбозымен бірге мировой судьяның жорғасын қоса шығарып алып кетеді де, орнына хат жазып қалдырады:

*Түрмеде алты күн-ақ болдым қонақ,
Сөйлеуге мизамыңды тілім олақ.
Жорға мен Ақбоз атты алып кеткен,
Сұрасаң менің атым — Балуан Шолақ.*


Сөйтіп, өр кеуделі Балуан әділетсіз патша заңының қамауынан өзінің күш-қайратының арқасында ғана босанады. Бірақ ол қуғыннан, астыртын бақылаудан өмір бойына құтыла алмайды. Оған ақынның:

*...Ақылым бір басымда емес арзан,
Тұғалы шыға алғам жоқ бұл қағаздан, —*

дейтін өлең тармақтары куә. Әйтсе де өжет ер, алып күштің иесі Шолақ қамығып қабақ шытпайды, қажымайды, қайта өзінің ұстаған бағытынан, ойға алған ісінен қайтпай қасарыса түсіп, әкім-ұлықтан жасқанудың орнына оларға өршеленіп өшіге түседі:

*Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан,
Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан.
Анталаған сан дұшпан қамаса да,
Сырдың суы келмейді жұлығымнан, —*

деп бойындағы қажымас қайратын, мұқалмас сертін, өшпес жігерін жырлайды. Осы ұзақ өлеңінде Балуан өзінің жүйрігі, жандай серігі Ақбозының бейнесін де береді:



*Ақбоз ат, айналайын менің қалқам,
Сен үшін талай тасты қылдым талқан! ...
Жылқыны неге керек босқа мақтап,
Атты айт, мінген ерін жүрген сақтап.
Ақбоз аттың өнері болды басым,
Домалар өрге қарай тепкен тасым.
Жасынан тіл ұйренген тұлпарым-ай,
Көзімнің тыя алмадым аққан жасын.*

Бұл үзіндіден Ақбоз аттың нақтылы бейнесі аңғарылады. Сол сияқты Ақбоздың өзгеше жүйрік, мықты болуымен қатар оның түр-келбеті, құлындай сұлу мүшесі ақынның бір өлеңінде:

*Жұлдыздың мен жаңылдым нешесінен,
Ақбоздың мен айналам мүшесінен, —*

деп Балуанның өзі де таңданады. Балуанның өз атына соншалық разы болып таңырқауының және бір сыры бар. Ол — Ақбоздың өзінің сеніскен серігі болуы. Шолақтың суреттеулеріне қарағанда неше түрлі ат ойынын көрсетуде Ақбоз ат цирктің үйретілген өнерпаз аттарынан ешбір кем емес.

Сайып келгенде, Балуан Шолақ езілген қазақ шаруаларының өкілі бола отырып, Столыпин реакциясының қоныс аудару саясатына қарсы күресті.

...Әйтсе де Шолақтың бұл күресі — қаншама өзінің жеке мүддесіне негізделгенімен, жоғарыда айтқанымыздай, Столыпин реакциясына наразылық білдірген қазақ шаруаларының қарсылығының бір түрі. Өйткені ол кезде езілген қазақ шаруалары Столыпин реакциясының қоныс аудару саясатына наразы болса да, бірігіп, ашық қарсылық білдіруге бел шеше қойған жоқ еді, тек 1916 жылы ғана шаруалар наразылығы халық-азаттық көтерілісіне келіп ұласты.

Сонымен, Шолақ патша отаршылығының әділетсіздігіне наразылық білдірген, қазақ шаруаларының мүддесін қорғауға тырысқан халық ұлы болды.

Қазақ халқы тарихының даму тұрғысынан алғанда, Шолақтың дарашылдық күресінің қате жақтары да бар.

Қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныс аударылуына байланысты көшпелі қазақтар отырықшылыққа айналумен қатар, қазақ шаруаларының әлеуметтік санасы ояна бастады.

...Сондықтан да ол қоғам дамуының келелі мәселелеріне саяси тұрғыдан мән-маңыз бере алмады, тек бір ғана жер мәселесінің төңірегінде қалып қойды.

Махаббат тақырыбы да Шолақ творчествосынан кең орын алады. Ән, өлең шығарумен ерте әуестенген Шолақ махаббат тақырыбына да өзінің көптеген өлеңдерін арнаған. Әуенсіз жеке өлеңдерін есептемегеннің өзінде, сүйіспеншілік жайында: «Қос қалқа», «Қос перне», «Жай тастама жайған-ай», «Жастық», «Қынжыл», «Келмейді топ жиылмай менің сәнім» т. б. бірнеше әндер шығарған. Бұлар Шолақтың махаббат тақырыбына арналған әндерінің тек бастылары ғана, әлі де ел ішінде жиналмағандары көп.

Шолақтың махаббат тақырыбына арналған әндерінің ішінде ел арасына кеңінен тарағаны — «Ғалия» әні. «Ғалияны» Шолақ өгіз дауымен сотты болып, Ақмола қаласында (қазіргі Целиноград) тергеуде жүргенде Ғалия дейтін қымызшы, сұлу әйелмен танысып, соған арнап шығарады. Шолақ Ғалияны



қанша сүйгенімен оған қосыла алмайды, өйткені бұл кезде Шолақтың жігіт ағасы, үйлі-баранды болып қалған шағы еді. Әйтсе де оны Шолақ ынтыға сүйіп, ғашық болып, ән арнап, ескерткіш қалдырады.

«Ғалия» — Шолақ әндерінің ішінде көп таралып, халықтың ең сүйікті әндерінің бірі болып кеткен ән, қазірдің өзінде де оны құмарта тыңдамайтын адам кемде-кем болар. «Ғалия» әні автордың ішкі жүрек сезімдерін баяндайтын нәзік лирика. Шолақтың басқа әндеріне қарағанда «Ғалияда» көңіл күйі басым болып келіп, үмітпен ынтығып арманға қол созған еркелі наз баяндалады «Ғалияда», — дейді профессор А. Жұбанов, лирика да, сүюдің үні де, Шолаққа тән күш те бар, өлеңі де өткір».

...«Ғалияның» тектісінің басқа әндерден бір басты ерекшелігі бар. Алайық, басқа әнші ақындардың әуендерінің текстері белгілі бір тақырыпқа арналып, нақтылы мазмұнға құрылып, бір-екі шумақтан тұрса, «Ғалия» әнінің тексті ұзақ.

...Мысалы, автор:

*Айым да — сен, Ғалия, күнім де — сен,
Оң қабағым тартады, күлімдесең,*

немесе:

*Жатыр ма екен Ғалия, отыр ма екен,
Айдын көлге шомылғам аққуға ұсап, —*

150

деп өзі ынтыға сүйіп, ғашық болған Ғалияның бейнесін жасауда теңеудің ең көркемін қолданады. «Ай» мен «күн», «аққу» әдетте жиі айтылатын сөздер болғанымен, өз дәуірінің ең жоғарғы эстетикалық ләззат беретін теңеу сөздері. Автордың өзі лирикалық қаһарман ретінде суреттеле отырып, шын махаббатты мәңгілік аңсаған опалы жар, сертті де жүректі ер, халықтық тұлға кейпінде бейнеленеді:

*Әнеугі айтқан, сәулем ай, сөзіңді, ұқтым,
Мен дұшпаннан қорғалап қашан бұқтым?
Ақсұңқарды бөктергі іле ме деп,
Ерегіскен дұшпанды жерге тықтым, —*

деп, сүйген ғашығы үшін өз басын құрбан етуге бел байлағанын білдіре келіп:

*Есен бол, енді айналып келгенімше,
Қылығыңды ұмытпан өлгенімше.
Ел сағынып барамын үйге қайтып,
Бір Аллаға тапсырдым көргенімше, —*

деп өзінің тұрақтылығы мен опалылығын ерекше бір назбен білдіреді.

Шолақ творчествосындағы басты тақырыптар міне осылар. Шынында ақын-композитордың творчествосы толық жиналмағандықтан оның басқа жақтары әзірге мәлімсіз. Әсіресе белгісіз болып отырған оның шығармаларының соңғы дәуірі, яғни 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісі мен Октябрь революциясы жылдарындағы шығармалары. Әйткенмен де



Шолақ 1916 жылы халық жағында болып, көтерілісшілерді қолдап отырған. Шолақтың бұл кезде қандай бағыт ұстағаны жөнінде профессор Е.С. Ысмайылов былай деп жазады: «Қуғын-сүргінді көп көрген Шолақ 1916 жылы халық көтерілісіне тілектес болған; 1917 жылы патша тақтан түскенде, қуанышы қойнына сыймай, Көкшетаудағы үлкен бір жиында сөз сөйлеп, бұрынғы патша әкімдерін аяусыз жазалауды талап еткен». Октябрь революциясы, азамат соғысы жылдарында да Шолақ қалың бұқарамен бірге болып, революция жеңісін құшақ жайып қарсы алады.

Көкшетау Совдепінің бастығы, революционер Сабыр Шәріпов Шолақ туралы былай деген болатын: «Шолақ нағыз халық өкілі, халық батыры екенін революция кезінде жақсы түсіндік. Қазақ-орыс атамандары мен елдегі шонжарлар Шолақты «бұзақы», «ұры» деген жаламен саясат өміріне жолатқысы келмеді, ал біз, Совдепшілер, большевиктер Шолақты өз жағымызға бейімдеп алдық. Шолақ арқылы қалың көпті өзімізге тартып отырдық. 1918 жылы чехословактардың контрреволюцияшыл әрекеті кезінде Шолақ үйіне үш күн жасырын ұстап, астыма ат тауып беріп, Атбасарға қарай жөнелтіп салды».

Сан алуан өнерімен белгілі болған балуан да батыр, ақын да әнші-композитор Балуан Шолақ Баймырзиннің әр салалы творчествосын сая келгенде шығатын қорытынды мынау: Шолақ — ән тексті мен әннің әуенін қатар дамытып, қазақ халқының мәдениетіне елеулі үлес қосқан атақты ақын, халық композиторы, сонымен қатар әр алуан спорт өнерінің шебері, көрнекті балуан. Ол өз творчествосында халықтық-демократиялық бағыт ұстап, сол кездегі езілген қазақ шаруаларының өкілі болып, солардың мүддесі үшін өзінің күш-қуатын аямады, жалғыз да болса жасқанбай отаршыл патша чиновниктері мен жергілікті қазақ әкімдерінің әділетсіздігіне қарсы тұрды.

Ғали ӘБЕТОВ,

*әдебиеттанушы-ғалым,
филология ғылымының кандидаты*

Дереккөз: — Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Үш томдық. — Алматы, 1965. Т.2. Екінші кітап. — 171-185-бб.

А. Жұбанов. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. Алматы, 1942. 152-бет.

Е. Ысмайылов. Балуан Шолақ. «Спорт», 1961, 21 июль, 28 июль № 30, 31.

Балуан Шолақтың өлеңдері. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар фондысы № 409 папка, 1624 папка.

«Қазақ ССР тарихы» 1 том. Алматы, 1957, 547-бет.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Балуан Шолақтың қуғында жүріп шығарғаны, «Ақын жырлары», Алматы, 1958ж. 41-бет.

ШАШУБАЙ СЕРІ

Қазақ даласы туа біткен дарындарға кенде емес. Сондай ғажайып өнер иесінің бірі, сан қырлы тума талант, әрі ақын, әрі композитор, әнші, сырнайшы, сері, цирк ойындарының тамаша орындаушысы Шашубай Қошқарбайұлы болатын. XX ғасырда оның даңқы бүкіл сахараға тарады: оның әндерін барша алаш жұрты орындап, сүйсініп тыңдады. Тек қазақтар ғана емес, өзі талай рет дүбірлі ойын-сауықтарға қатысқан Сібір жұрты да дала қазағының орыс циркі майталмандарынан кем түспейтін ерекше қабілетіне таң-тамаша болса, көрші қырғыз елі де Алатау алқабын талай аралап, ақындық, әншілік өнерімен тамсандырған Шашубайды ерекше құрмет тұтты. Кейінгі ұрпақ ақын есімін көп білмегенімен, айтыс өнері туралы әңгіме қозғалған кезде жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептер курстарында жыр жүйрігінің ақындық суырыпсалма өнеріне міндетті түрде арнайы тоқталып өтеді.

Сөйте тұра біз бір өзі көшпелі театр, дала циркі болған Шашубайды толық ашқан жоқпыз. Шынында да ол тек қазақ мәдениетіндегі ғана емес, әлемдік мәдениеттегі сирек құбылыс, яғни феномен деп айтуға тұрарлық ерекше тұлға. Қазақы қалыптағы әнші, ақындығымен қатар жатжұрттық сырнай аспабын домбыра сияқты жетік меңгеріп, ұлттық әуендерді құйқылжыта орындаған, бет-аузын құбылтып, түрлі қимылдармен аң-құс кейпіне енген, әр түрлі жастағы адамдар бейнесін сомдап, сиқыр әдістерін жасаған, ат үстінде акробаттық қимылдармен күрделі жаттығулар жасаған мұндай бесаспап шебер өнер иесін қай қырынан зерттесе, көптеген тақырыптарды мольнан қамтыр еді. 1960 жылдары жарық көрген үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» Кеңестік кезеңдегі халық ауыз әдебиетіне арналған бөліміне Шашубаймен қатар шыққан замандас жыр жүйріктері Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Төлеу Көбдіков, Қайып Айнабеков, Үмбетәлі Кәрібаев, тіпті одан кейінгі буын өкілдері Омар Шәпін, Нартай Бекжанов, Қалқа Жапсарбаев, Ілияс Манкин, Нұрқан Ахметбеков, Иса Байзақов туралы тараулар енеді де, ақынның қалыс қалып, сөз арасында ғана айтылуын түсінсек бұйырмасын. Ал дәп сол Кеңестік кезеңде шырқау биікке көтерілген халық поэзиясының өркендеп дамуына өлшеусіз үлес қосқан Шашубай есімінің дәуірлеп тұрған кезі еді. Шығармашылық шыңға шыққан ақынның ұлт мәдениетін дамытуға қосқан үлкен үлесі үшін Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері атанып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталуы сол жылдардағы үкімет тарапынан талант иесіне көрсетілген үлкен құрмет десек, осындай абырой биігінен көрінген дара дарынның әдебиет тарихынан лайықты орын берілмеуіне таңданыс білдірдік. Шынында да өз кезінде осындай сан қырлы таланттың замандасы, атақты халық ақыны Доскей Әлімбаев айтқандай «халыққа әнмен өріп, сөз таратқан Шашубай» феноменінің емен еткізер ерекшеліктерін тереңнен ашып көрсету қажет. Бұл қызыл сөз емес. Ақын, әнші, композитор Шашубайдың талант қырлары көпшілік қауымға әлі де кеңінен таныс емес.



...Соғыс алдындағы кезеңде жыр алыбы Жамбылдың атақ-даңқы бүкіл Кеңес Одағына жайылып, үкімет тарапынан халық ақындарына ерекше көңіл бөлінді. Сонау қияндағы Балқашта тұратын Шашубай ақын да:

*Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Ақынмын атым шыққан жасырмаймын.
Жетпістің жетеуіне жетсем дағы,
Қалтырап, кәрілікке бас ұрмаймын, —*

деп жаңа заманның өнер бәйгесіне қосылды. 1939 жылы жазда жоғары билік басында болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы қаулысы бойынша Алматыда халық ақындарының слеті өтіп, бұл келелі жиынға Жамбыл жырау бастап қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі атақты жыр жүйріктерінің түгелі дерлік қатысты. «Халық ақындарын көріп, олардың айтыстарын тыңдағысы келген жұрт театрдың есігін бұзып, терезелерін сындырып кірді», — деп еске алады осы оқиғаның қызу ортасында болған көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев өзінің «Жылдар, ойлар» атты кітабында (Алматы, 1976, 160-б.). Бұл да ашаршылық нәубеті мен қуғын-сүргін зобалаңынан әбден тарығып қалжыраған халықтың төл өнерімен сағынып көріскендігінің айқын белгісі еді.

Алматыдағы осы алқалы жиында қартаң тартқан Шашубай да өз өнерін көпшілікке көрсетіп, барын салды. Сахнада өлеңді іп-ілезде суырыпсалып шығарып, әнін де әуендетіп айтқан, елге таңсық басқа өнерімен де жұртшылықтың зор ілтипатына бөленіп, алғысын алған Шашекеңнің сол ерекше таланты туралы Әбділда ақын: «Арқалы, бет-аузын бақсыша ойнататын Шашубай ақын қыза келе домбырасын лақтырып жіберіп, тепсініп жүріп айтады екен. Оның термелеп төккен жырына оң аяғының тап-тап қосылғаны әлдеқандай айбарлы ырғақ береді» деп асқан дарын иесінің сирек кездесетін талант қырларын дәлме-дәл шығарып, одан кейін басқа бір ырғаққа түсіп, қара өлең әуенімен әндетіп кететін қасиетін айтып өтеді. Міне, Әбділда ақын тамаша сипаттап берген бұл суреттеме Шашубай өнерпаздың қысқа да нұсқа айтылған шынайы да сан қырлы тұлғасы.

«Шашубай ақынды бұрын мен сырттай білетінмін. Көзінің тірісінде-ақ осыншалық аңызға айналған ақынды көрген емеспін» деп таңданыс білдіреді Әбділда ақын сол естелігінде. Ақын араға екі жыл салып Қазақстан Жазушылар одағының жеке тапсырмасы бойынша 1941 жылы мамырды Алматыға шақырылады да, арнайы бөлінген адамдар, олардың ішінде жас ақын Сағынғали Сейітов те бар, бір ай бойы Шашубайдың өлеңдерін өз аузынан жазып алып, жинағын баспадан шығаруға әзірлейді.

Шашубайды бүкіл халыққа алғаш танытқан да осындай ілтипаттың арқасында дайындалған «Сөйле, Шашеке!» жинағы. Сұрапыл соғыстың қызған шағы — 1942 жылы белгілі ақын, әдебиеттанушы-ғалым Сағынғали Сейітовтің құрастыруымен жарық көрген бұл құнды кітап Шашубай есімін республика жұртшылығына кеңінен танытты.

...Шашубай есімін екінші рет тірілтіп, қайтадан даңққа бөлеген белгілі әдебиеттанушы-ғалым, халық ақындары мұрасын тынбай зерттеп келе жатқан филология ғылымының докторы, профессор Серік Негимов 1982 жылы «Жұлдыз» журналының №10 санында «Қошқарбайдың баласы Шашубай»



атты мақала жариялады, арада екі жыл өткенде 1984 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан ақынның «Ақ қайың» атты жинағын құрастырып шығарды. Халық поэзиясы туралы көптеген ғылыми-танымдық мақалалар жазған ғалым бұл жинаққа кезінде С.Сейітовтің Шашубайдың өз аузынан жазып алып, «Сөйле, Шашеке!» кітабында жарияланған өлеңдерін, басқа толғаулары мен айтыстарын енгізді, ақын өмірі мен шығармашылығынан көп мағлұмат беретін алғысөз жазып, шығармаларына ғылыми түсініктемелер берді. Халық поэзиясының білгірі осы жинақпен ғана шектеліп қалған жоқ. Одан кейін де, еліміз тәуелсіздік алған жылдары да республикалық баспасөз беттерінде Шашубай шығармашылығын көпшілікке кеңінен танытқан бірнеше зерттеу мақалалар жариялады. Мұның өзі ғалымның Шашубай талантына адалдығын білдіріп, ақын мұрасына деген шынайы қамқорлығын айғақтаса керек.

Шашасына шаң жұқпаған, қартайғанша қолынан домбырасы түспей, ән шығарған Шашаң сері осылай халқымен қайта қауышып, өзінің ақындық бар болмысымен айшықталды. Шашубай, біріншіден, шынайы халық ақыны. Қарапайым халықтың қалың ортасынан шыққан тума талант жырлары сахара далада туып, осы сәттен бастап ықылым заманнан қалыптасқан дағдылы дәстүр бойынша ел арқылы тарады, ел ішінде өмір сүрді.

...Ғасырға жуық ғұмырында әлеуметтік дүмпулерге толы екі дәуірдің куәсі болып, кедейлік тақсиретін көп тартса да, өнерімен өмір кешкен, өлең сөзінің құдіретімен поэзия шыңына шыққан жыр тарланының ақындық жолы қалай басталып, талантының қайнар көзі қандай сыр бүгіп жатқанын, өнген, өскен ортасы оның шығармашылығына қаншалықты күш-қуат беріп, шабыт шалқарына шығарғандығын білудің өзі ерекше қызық.

...Шашубайдың кіндік қаны тамып, туып өскен, балалық, жастық, азаматтық, ақсақалдық шақтары өткен жері — Арқа аймағының Ақтоғай — Балқаш өңірі. Қазақтың тектік жағынан тартқанда арғы ата-бабалары Дадан тобықты ұрпақтары үш ғасырдан бері қоныс етіп келе жатқан бұл өлке алаш жұртының құт мекені. Ежелден елге ырыс пен қасиет болып қонған Тоқырауын өзені Сарыарқаның белінен бастау алып, шығысқа қарай бағыт алады да, жол-жөнекей шағын өзендермен суын молайтып, біршама күншілік жерге ағып барып, Балқаш көліне құяды. Қазіргі кеншілер қаласы — Балқаш халқы тұщы суды осы Тоқырауыннан ішеді. Ал Ақтоғай өңірінің орта тұсы Балқаш көліне қарай еңістеп аласара беретін ұсақ шоқылы, қырқалы жазықпен көз тартса, солтүстігін аласа таулар тізбегі алып жатыр. Осы тізбектегі Қызыларай тауы теңіз деңгейінен 1565 метрде орналасқан Орталық Қазақстандағы ең биік тау ретінде өңірдің ажар-көркін беріп тұрған туристік маңызы зор мекен.

Міне, Шашубай ақын жері де бай, елі де бай осындай киелі өлкеде — Балқаш көлінің батыс бөлігіндегі Сарышыған шығанағындағы ауылда өмірге келген. Қазір бұл жерді Сарышаған деп атап кеткен. Ал дұрыс аты — Сарышыған деген қолайлы, балыққа бай деген ұғымды білдіреді. Шашубайдың балалық, жастық шақтары талай аң жортып, құс қалықтаған кең жазира далада өткен. Ақтоғай өңірінің тылсым табиғаты мен көшпелі түркі тайпаларының Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын көне ескерткіштері саяхатшылар мен ғалымдары назарына ерте іліккен.

Бала Шашубайға шежірелі туған өлкенің тылсым құпиялары ерекше әсер етіп, шабытына шабыт қосқан, өлеңдерінің негізгі өзегі — өзі туып өскен қасиетті мекеннің әсем табиғаты болса, кейін қартамыс шағында Балқаш жеріндегі мыс,



молибден, вольфрам, қорғасын, мырыш және тағы басқа кен байлықтарын үлкен мақтаньш сезіммен жырлады, кеншілер өмірін мадақтап, өндіріс тақырыбын ерекше шабытпен жырға қосқан бірден-бір ақын ретінде танылды.

Ақынның жан дүниесінде осынау суы мол, шөбі шүйгін, шетсіз, шексіз Сарыарқа даласы, үйір-үйір болып жүрген құландар, көктемде көгі жайқалған адыр-төбелер мәңгі есінде сақталып қалды.

...Өзінің өскен ортасын айтқанда Шашубайдың аталас туыс тары — жоңғар шапқыншылығында қалың тобықты «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманына тап болған нәубетшілікте Арқаға үдере көшкен елді бастап, Тоқырауын өңіріне әкелген баба атанған аруақты, тарихи тұлға, кемеңгер Қараменде би мен сөзге шешен, әділ де адал Сана би артына қалдырған даналық үлгісімен, асыл сөздерімен Шашубайға да игі әсер еткен. «Үш жүзге өрнек үлгі айтқан» Қараменде бидің: «Малың кетсе де, береке-бірлігің кетпесін, бәрі айналып қайтып келеді», «Жақсы боламын десең, әділ бол да халыққа жақ» деген өсиет сөздерін жадында тұмар етіп сақтаған Шашубай жасында кедейлікпен күн кешсе де, барға қанағат етті. Қараменде бабасындай жалғандық пен өтіріктің құнын жақсы біліп, алмастай айбарлы сөзімен халқына қамқор болды, әділдікті ту етіп, ел-жұртына жақты.

...Ел-жұртқа құт болған қасиетті Тоқырауын өзенінің күдіреті Шашубай ақынды талант нәріне қандырды. Жаратылыстың құдай берген кең жазығының әр көгалы өлеңмен тыныстаған, әр шөбі әнмен жайқалған. Туған жері ақынды сарқылмас рухани қуатпен қоректендірді. Туған өлкенің сол ерен рухы оның бүкіл күнделікті қам-қарекеті мен ақындық жолына толығымен жетті. Шашубайдың шығармашылық тағдыры — ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ұрпақтың өнегелі тағдыры.

...Сахараның өнер жұлдыздары бас қосып, жас таланттардың бағын ашқан атақты Қоянды жәрмеңкесінде Құдай берген дарынымен көзге түсіп, даңқы бүкіл елге жайылған Біржан салдан бата алуы оның тағдырындағы жаңа кезең болды. Осыдан былай зерделі жас ән-жырға құлай беріліп, өнер өріне өрлей берді.

*...Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да баста жарлы басылмаймын.
Көрсем де кедейліктің тақсиретін,
Жалынып малы барға бас ұрмаймын, —*

деп «Ақ қайың» деп аталатын атақты бағдарламалық ән-өлеңімен бүкіл қазақ даласының бұйрат-қырлары мен тауларынан асып өтіп, өр дауысы Алатау асуларына жеткен жыр жампозы осылай ән әлеміне, поэзия патшалығына батыл еніп, өзіндік талант табиғатын танытты.

Суырыпсалып табан астында өлең шығаратын арқалы ақын поэзия әлемінде өзі өмір сүрген дәуір шындығын, тарих тынысын сезінбей уақытты сезіну мүмкін еместігін ойша ұғынып, ешқандай сауаттылық та, кітапты судыратып оқыған білімдарлық та ақынның ақиқатты өзі көріп тануымен алмастыра алмайтындығын айқын аңғарды.

...Ол қазақ жерінің ұлылығын, әдемілігін жырлап өтті. Қай өлкеде болып, қай аймақта жүрсе де жүрегінің бір түкпірінде туған жері үнемі сағыныш тұдырды. Алыс жерлерде қаншама құрмет көрсетілсе де, шетсіз, шексіз дала-



сына келіп еркін тыныстады, ашық аспан, кең жазира самалында малшының қара қосында, кеншінің үңгір жертөлесінде емін-еркін әңгіме-дүкен құру оны жаңа шығармашылық ойларға жетеледі, қиялына қанат бітірді, шабытына тың серпін берді.

...Шашубай талантын да оның шеберлігі арқылы айқындаймыз. Шашубайдың ақындық таланты сәтті шығарылған ұйқасты өлең шумағынан, дауыс ырғағынан, толып жатқан әдемі теңеулер мен бейнелі сөздерден сезіледі.

*Түңғиық ақыл, терең ой
Өрісі кең Жайықтай.
Қиялы ұшқыр самғаған
Көктің төсін шарықтай.
Сүңгіп терең түбіне
Су серісі балықтай.
Қырымнан болжап қиынды
Шалдығып шаршап талықпай.
Шолпан болып ұлтына.
Нұр сепкен түңгі жарықтай.*

Ақын өзіне ұстаз тұтқан ұлы Абайды осылай жырлайды, осылай даңққа бөлеп, шырқау биікке көтереді, данышпан сөз зергерінің ұлтына сіңірген өлшеусіз еңбегін Шолпан жұлдызына теңеп, «кестелі сөздің шебері» деген бейнелі сөзбен даналық кейпін сомдайды. Өлең соңын:

*Әлемге атың жайылып,
Тарихтың шықтың төріне, —*

деп адамзаттың ақынына айналған ғұламалық орнын айшықтап береді.

...Ана тілінен нәр алған жыр жампозы туған тілінің қадір-қасиетін биікке көтеріп, оның құдіретін бойына дарытты, халықтық мол тіл қорының сөз байлығын жаңаша түрлендіріп, көркем тіл жасаудың шебері ретінде көрінді.

*Саржадай керілген қас, кірпік оқтай,
Ғашықтық ішке түсті қызыл шоқтай.
Құмарым ат басындай кеудемде алтын,
Тарқарма-ай, домаланып жатыр доптай, —*

деген жыр шумағының екі жолына қыздың сұлулығын сыйдырып, кейінгі екі жолын ғашықтық сезімге арнаған ақынның махаббат дертіне шалдыққан кейпін дәл суреттеп, әрлі сөздермен сомдаған. Абайдың:

*Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл — мизан, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап құлаққа іл, —*

деген ойлы тағылымын жіті назарда ұстап, әншейінде халықтық қолданыста бар сөздер мен сирек нақылдардың жетегінде кетпей, еліктеуден аулақ



ұстайды. Ақын халық поэзиясының рухани бай қазынасынан шын көңілден айтылған сөздерді ғана қолданды. Бұған оның барлық өлең-жырлары дәлел бола алады. Сөз құдіретін Шашубай ақындық жолға түскен балаң шағынан терең сезінген: ол сөзді көреді, тыңдайды және сезінеді, сөздің бұл қадірі, сөздің бұл алтын желісі оған ата-бабаларынан, Тоқырауын мен Балқаш тарихының терең қойнауынан сыр шерткен кең-байтақ даласынан мирас болып жеткен. «Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ» деп жырдан мүсін құйған сөз зергерінің сексеннің сегіріне шыққан шағында да ел алдындағы жауапкершілікті сезінген толғаныстары қызығарлық та үлкен тағылым аларлық.

*Құздан құйған бұлақтай,
Шапшытып жырды көмейден.
Толқытып кұйді сынаптай,
Маржандай сұлу өлеңмен.
Елімді жырға бөлейін,
Теріп алып тағы да,
Сөз асылын тереңнен.
Гармоным құлаштап,
Жыр маржанын төгем мен, —*

деп ел басына күн туған қаһарлы соғыс жылдары бұрынғының жырауларындай тереңнен толғап, қартайғандығына мойымай, өзін майдандағы жауынгерлермен бір сапта сезінеді, сын сәттегі ақынның жоғары жауапкершілігін ішкі толғанысы мен жан тебіренісі арқылы білдіреді.

Шашубайдың ақындық талантының нағыз өрлеген тұсы осы соғыс кезі болды.

...Айтыс дәстүрін бірінші болып 1943 жылы Шашубай бастаған Қарағанды ақындары жаңғыртып, жыр сайысын ұйымдастырды. Бұл айтыстар арасынан Балқаш кеншілері атынан шыққан Шашубай мен Қарағанды қаласының намысын қорғаған Көшен Елеуовтің айтысы құлашын кеңге сермеген, көркемдігі қуатты, жаңаша мазмұндағы сөз сайысы ретінде есте қалды. Ұлы жазушы, академик Мұхтар Әуезов өзінің «Айтыс» атты зерттеуінде осы айтысқа арнайы тоқталып, оның тақырыптық-көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. «Бұл айтыста — «тынысы тарылмаған өрен жүйрік, үш жүзге мәшһүр болып даңқы шыққан» қарт Шашубай Балқашын оның «көз жеткісіз кең шалқыған жерін», «көпіртіп көк теңіздің көбігіндей» мың-мың тоннадан қорытылып жатқан мысын, қажырлы еңбекпен жеңіп алған қызыл туын мақтан ете жырға қосып, ақындар алдына үлкен қоғамдық маңызы бар міндет, мақсат қойды» деп (Әуезов М. Айтыс. — Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1964. — Т.1. Екінші кітап. 202-б.) Шашубайдың айтыскерлік қырын қарастыра келіп: «Қарағанды ақындарының айтысы ішіндегі күрделісі де, көркемі де осы «Шашубай мен Көшеннің айтысы» деп жоғары баға береді (Әуезов М. Айтыс... 204-б.).

Соғыс жылдары қайта дамып өркендеген айтыста Шашубай ақынның екінші тынысы ашылды. М.Әуезов мақтаған Көшенмен жыр сайысынан кейін 1944 жылы 17 тамызда белгілі ақын Болман Қожабаевпен айтысқа түсіп, халықты жанқиярлық еңбекке ұйымдастыру, майданға қажетті қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешек даярлау ісін жақсарту мәселелерін жырға



қосты, осылайша жеңіс күнін жақындатудағы айтыс құдіретін айқын байқатты. Балқашта иін тірескен халық жиналған осы айтысты орыс ақыны Николай Титов бірден орысшаға аударып, жұртшылыққа оқып берген екен. Айтыстың көпшілікке әсер еткені соншалық, оның толық мәтіні сол жылы тамызда Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» және Балқаш аудандық «Балқаш жұмысшысы» газеттерінде жарияланыпты.

Шашубай осылай қартаң тартқан шағында да өзі бала жасынан құлай сүйген айтысқа тың шабытпен қатысып, өзінен кейінгі жас ақынға үлкен үлгі-өнеге көрсетті. Бұрын көптің бірі сияқты болып көрінген Көшен сол айтыста Шашубайға да төтеп беріп, құлашын кеңінен сермей алатынын танытты.

...Үлкен ақын осылайша қашанда үлкен ұстаз болып қала береді. Осы ретте Шашубай феноменінің үлкен бір қыры — оның ақындық және әншілік мектебі, шығармашылық талантты жастарды тәрбиелеуі. Қазіргі ұғым бойынша белгілі бір тұлғаның мектебі деп арнайы салынған ғимараты бар, белгілі бір кісіден арнайы дәріс алып, қандай да бір шығармашылық мамандыққа үйренетін оқу топтары бар мекеме деп түсіндірілуі мүмкін. Ал Шашубай заманында дәп осындай жеке үйі бар шығармашылық мектептер болған жоқ. Шын мәнінде Шашубай сияқты ерекше дарын иесіне еліктеп, соның жолын қуу, содан үйреніп, талантын ұштау, ақындық, әншілік дәстүрін жалғастыру — міне, нағыз тәлімгерлік мектеп осы.

Шашубай нағыз жанашыр ұстаздар сияқты жас талантты ақындар мен әншілердің аяқ алысын үнемі қадағалап отырған, қарапайым халық арасынан шыққан жас дарындардың әдебиетте, өнерде өз жолын табуына көмектесіп, ақыл-кеңесін берген. Ол өз шәкірттерін ешқашан уақытша мақтау сөздермен қошаметтеп дабыра қылмаған.

...Шашубайдың ақындық мектебінің белді бір өкілі — атақты халық ақыны, әнші, композитор Кенішбай Жұбандықұлы. Шашубайдың қарындасынан туған жиені. Тікелей тәрбиесін көріп, ақындық, әншілік талантынан тәлім алған белгілі суырып салма айтыс ақыны, Бақтыбай, Тазабек сияқты ақындармен, Мақпал, Ажар, Нақбала, Ғайша сияқты ақын қыздармен айтысқан. Шашубай нағашысы сияқты уытты ащы тілімен өмірдің келеңсіздіктерін аяусыз сынаған. Ел ішіндегі түрлі той-жиында нағашылы-жиенді екі ақынды әдейі айтыстырмақшы болып еліктіргендерге Шашубай: «Ол жиен ғой. Оның бер жағында екпіні қатты қара дауыл сияқты, ұшырып әкетер. Онан да сырнайымды тартып, таяғымды ойнатып жай жүргенім жөн шығар» деп сылтауратады екен. Мұнысы да жөн шығар. Бір жағынан шәкіртінің талантын бағалап, екінші жағынан, айтысқа бармау себебі — туыстықты жоғары қоюынан болса керек. Бұл да ақынның білгендігі, үлкен парасаттылығы деп ұққан жөн.

Шашубайдың әншілік мектебі де өз алдына жеке бір әңгіме. Ақын шыққан сол Ақтоғай өңірінде өмірге келген атақты әншілер Манарбек Ержанов та, қазақ әнін бүкіл әлемге танытқан Кеңес Одағының халық әртісі Күләш Байсейітова да Шашубайдан тәлім-тәрбие алған өнер майталмандары. Тіпті осы қасиетті өлкенің тумасы, атақты биші Шара Жиенқұлова да Шашубай атасының бишілік талантынан тағылым алып, өзіне ұстаз тұтқан.

Қазақстанның халық әртісі Манарбек Ержанов тек қана әншілігімен ғана емес, өзі ұстаз тұтып, талантына бас иген Шашубай сияқты әрі композитор, әрі күйші, актер ретінде белгілі болған. Жас әншіні алғаш өнерге баулыған ұстазы, жергілікті әнші, күйші Күсенбай екен. Ал әншілік шебер-



лігін ұштауда Шашубай көп еңбек сіңіріпті. Манарбек те Біржан сал, Ақан сері, Естай әндерімен қатар ұстазы Шашубай шығармаларын жиын-тойларда айтып, талантымен ерте танылады. Кейін Қазақ филармониясында жек дауыстағы әнші болып еңбек еткен кезінде ел ішіне кең тараған әндермен қатар Шашубайдың атақты кең тынысты «Ақ қайың» әнін де нақышына келтіре орындап, халық ризашылығына бөленген.

...Шығыс бұлбұлы атанған ұлы әнші Күләш Жасынқызы Байсейітова да Шашубайдың әншілік мектебінің жалғасы іспетті. Күләш та Шашубай атасының құтмекені — Ақтоғай ауданының Нарманбет ауылында туған екен. Ал Манарбек екеуі жақын туыстар. Қазақ тарихында өзіндік орны бар Абайдың талантты ақын шәкірті Нарманбет те, Шашубай да, белгілі әнші Мағауия Хамзин де, атақты математик-ғалым, академик Орынбай Жәутіков те осы Ақтоғай өңірінде өмірге келген аталас туыстар. Мұның өзі ерекше бір құбылыс десек, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың және оның жақын серіктері, ұлтымыздың біртуар перзенттері Жақып Ақбаев пен Әлімхан Ерменовтің кіндік қандары тамған да осы қасиетті топырақ екенін айтсақ, тіпті таңғалармыз.

Шашубай ақын Күләшті туған қызындай жақсы көріп, әр қадамына, әр жетістігіне қуанып отырған. Соғыс кезінде ұйымдастырылған ақындар айтысында Шашекеңнің сөз сайысын тыңдап мәз болып отырған Күләш әншінің фотосуреті талай жинақтарда жарияланған болатын. Өз кезегінде ұлы әнші де өзі бала кезінен әндеріне елтіп өскен, өзі де әндерін беріле орындаған Шашекең өмірден өткенде отбасы мен туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдаған екен. Ол хат мәтіні сол тұста жергілікті газет бетінде жарияланыпты.

Ал би патшасы атанған Шара Жиенқұлованың Шашекең өміріне қатыстылығына тоқталсақ, бұл мүлдем бөлек әңгіме. Атақты биші Алматыда дүниеге келгенімен, өзінің арғы шыққан түбі Ақтоғай өңірі екенін аталас туысы Шашубай білдіріп кетсе керек. Бір жылы Шашубай ағайындарына өкпелеп, Жетісуға келеді де, Алатау өңірінде өнерін көрсетеді. Туысшыл, бауырмал Шашубай Алматыда тұрған ағайыны, сол кездің белгілі бай саудагері Байбұланды іздеп табады. Өнерге жақын Байбұлан халық арасынан шыққан талантты әншілер мен ақындарды әркез қолдап, демеушілік көрсеткен екен. Міне сол мәдениет жанашыры Байбұлан бай 1904 жылы қыста желтоқсан айында Алматыдағы сән-салтанатты үйінде жыр алыбы Жамбыл мен Шашубай ақындардың айтысын ұйымдастырған. Сол айтыста Шашубай:

*Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Пәндесін артықты-кем қылған Құдай.
Саңлағын Алматының жиып алып,
Сыйлады қонақ қылып Байбұлан бай, —*

деп қазақ зиялысының ерен қасиетін жырға қосқан. Енді бір сәтте:

*Қайырлы Байбұландай байың қайда?
Бұлардың нұры шалқыр туған айдай, —*

деп мадақтаған.

... Ал Байбұланның туған інісі Баймолданың қызы Шара осы жылдары өмірге келсе керек. Міне, сол Шара да кішкентайынан өнерге бейім бо-



лып, жұртшылық алдында бишілік талантымен көзге түседі. Атақты бишінің мың бұралған бишілік дарынының бір ұшқыны атақты өнерпаз туысы Шашубайдың түрлі аң, құс кейпін көрсетіп, көрерменді таңғалдырып шебер орындаған бишілік талантынан шығуы әбден мүмкін.

Ұлттық сахна өнерінде жарқырап көрінген қос жұлдыз: бірі — ән өнерінде Күләш, бірі — би өнерінде Шара болып, туған халқын бүкіл әлемге паш етті. Бұл қайталанбас құбылыс та Шашубайдың үлгі-өнегесі, келісті өрнегі, Шашубай шарапаты деп білу керек.

Жыр алыбы Жамбылдың талантты шәкірттерінің бірі, атақты әнші, ақын Кенен Әзірбаев та Шашубай талантына сүйсініп, өзінің ұстазы санаған. Ақындық жолда Жамбылдан ғана үлгі алып қоймай, Шашубаймен талай бірге жүріп, ән мен жырдың дүкенін қыздырған, ақындығы мен әншілігін үйреніп, өнер биігіне шыққан. «Қырғыздың үлкен бір асында бала кезімде атқа шаптым. Сонда көргем Шашекеңді, сонда ауырғам Шашубай боламын деп», - әңгіме тізгінін ағытыпты Кенен ақын Әбділда Тәжібаевпен кездескен бір сәтінде.

Шашубайдың Манарбектен басталып, Күләштармен жалғасқан әншілік мектебінің бүгінгі үзілмес желілері Арқаның әншілік дәстүрімен тығыз сабақтасып жатыр. Соның жарқын бір белгісі Шашубайдың әншілік өнерін белсенді түрде насихаттап келе жатқан талантты әнші, Ж. Елебеков атындағы республикалық халық әндері байқауының бас жүлдегері, басқа көптеген ән байқауларының жеңімпазы Жақсыкелді Майасаров екенін үлкен мақтаныш сезіммен айтуға болады. Сол Шашубай шыққан өңірде туып өскен әнші: — Баяғының өнер адамдары нағыз сегіз қырлы, бір сырлы болған ғой, — деп әріден бастап — Сондай мықтылардың бірі Шашубай Қошқарбайұлы еді. Ақындығы, неше түрлі аспапта ойнап ән салатындығы былай тұрсын, ол цирк өнерін де тамаша меңгеріп, ат құлағында ойнаған екен. Шашубайдың «Ақ қайың» әні туралы: «Шашубай Қошқарбайұлының «Ақ қайың» деген әнін сезініп, жүрекпен айта білу керек» деп ән ерекшелігі туралы ой иірімдерін қозғайды.

Шашубай феноменінің үлкен бір қыры — оның сал-серілік өнерді қатар алып жүруі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ерекше өнерпаздық саласы — сал-серілік талантымен де аты шыққан Шашубай қазіргі цирк өнерінің нышандары бар жонглерлік, сиқыршылық қасиеттерді Кемпірбай мен Балуан Шолақтан үйренген екен. Сері ретінде лирикалық әндер, мадақ өлеңдер шығарып, айтыстарға түссе, сал ретінде сайқымазақ, қу-әзілкештер секілді елді күлдіріп, думандатып жүрген, тақиясын шапшаң қимылмен маңдайына секіртіп не болмаса желкесіне әкеліп ойнатады екен, келесі бір сәтте төбесімен жерде жүргенде аяқтының өзі әрең ілеседі екен. Аттың үстінде төбесімен шаншылып тұрып шапқанда тамашалаған жұрт демдерін ішіне тартқан.

...Атақты композитор, өнертанушы-ғалым, академик Ахмет Жұбановтың, Әбділда Тәжібаевтың естеліктерінде ол туралы «ат үстінде тұрып сырнаймен ән салғанда бет-аузын адам танымастай өзгертіп, бас терісін жүгіртіп ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкітін, таяғын сиқыршыдай ойнататын» деп ерекше қабілетін атап өтуі сөзімізді бекіте түседі.

Осы айтқанымыздың өзі Шашубайдың ақын, композитор, әнші болуымен қатар нағыз әртістік, актерлік, әншілік, акробаттық, сиқыршылық және тағы басқа цирк ойыншыларының қасиеттерін бойына жинақтаған асқан



әмбебап өнерпаз, синкреттік өнер түрлерін қатар алып жүрген ерекше өнер иесі болғандығын айқын дәлелдейді.

...Өзінің сан қырлы сал-серілік, ақындық, әншілік өнерімен елді күлдіріп, көңілін сергіткен, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды сынап, сайқымазақ етіп ойнаған, бет-бейнесін өзгертіп, дауысын құбылтып, сан алуан кейіпке түскен Шашубай әр ауылдың көптен күткен сыйлы қонағы ретінде ерекше құрметтелген.

...Сол себепті де жұртшылықтың әмбебап өнерпазға «Жүйрік Шашубай», «Жорға Шашубай», «Алмас тілді Шашубай», «Жыр-думанның диюперісі» деп әр қырынан атауы халқының оған көрсеткен ерекше ілтипаты мен құрметі болар. Шынайы талантқа берілген бұдан асқан жоғары баға да, атақ та жоқ шығар. Бұл Шашубай өнеріне деген халық қошаметі деп білу керек.

...Шашубайдың санқырлы таланты туған халқының тыныс-тіршілігімен, тағдырымен тығыз байланысты болған, сонымен бірге ғасырдың ауыр жүгін арқалап, еліне елеулі қызмет еткен осы бір таңғажайып тұлғаның ізгі мұраттары мен ой түкпіріндегі асыл армандарының нақты көрінісі болды.

Шашубай шығармашылығы 1960 жылдары жарық көрген үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихына» да, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін дайындалып жарыққа шыққан он томдық «Қазақ әдебиеті тарихына» да жеке портреттік тарау болып енген жоқ. Тіпті көптомдық «Қазақ музыкасы антологиясының» ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы кәсіби халық композиторларының шығармалары енген 4-томында (2006 жыл) осыған дейін «Ақ қайың», «Сырлы қайың», «Бес балқан» әндері халық арасында кеңінен орындалып жүрген Шашубайдың композиторлық еңбегі ескерусіз қалды. Өкінбеске шара жоқ.

Соған қарамастан Шашубай шығармашылығына соншалықты деңгейде жеткілікті көңіл бөлінбегенмен, ең бастысы, заманымыздың ұлы суреткері Мұхтар Әуезовтің «Совет ақындарының айтысы» атты мақаласында Шашубайдың суырыпсалма ақындық талантына қайта-қайта назар аударып, бір тұсында ақынның қасқырмен айтысын жеке талдайды да, «Советтік мазмұн кірген айтыстың түр жағындағы орны, ерекше бір мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады» деп жыр жүйрігінің ежелден бар айтыс түрін жаңа заманға ыңғайлау әдісін көркем шеберлік қыры ретінде таниды (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. — Алматы, 2009. — Т. 41. 55-б.). Осы зерттеудің келесі бір тұстарында Шашубайдың сол 1943 жылы соғыс кезінде ұйымдастырылған Қарағанды ақындары айтысындағы орнын айқындап, оның Көшенмен айтысын көркемдігі жағынан шоқтығы биік жыр сайысы ретінде жоғары бағалайды.

...Халқымыздың біртуар перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев та Шашубай талантын қатты қадірлеген. Жезқазғанда Қоңырат кенішінің бастығы болып тұрған тұста қарайласып, қол ұшын беріп жүріпті.

Біз қазақ мәдениетінің халықтық негіздері, оның халық қайнарынан туындаған мәңгілік жаңаруы туралы үнемі сөз етеміз. Ал сол «халықтық» деген ұғымның мағынасы қандай терең екенін сирек ойлаймыз. Міне, Шашубай шығармашылығының бастау негізін халықтық негіз құрайды.

...Сонау ежелгі заманда отты сақтаушы деген ұғым болған. Қарт абыз күндіз де, түнде де қақаған қыстағы сақылдаған сары аяз бен жаздың аптап ыстығында да адамдарды суық пен ыстықтан қорғап, тамақ дайындау тәсілі



болған, сайып келгенде бүкіл тіршілік атаулының қайнар көзі болған отты үнемі сақтай білген. Соған сай халық та өзінің басты құндылықтарының, соның ішінде көркем сөз бен өнер алауының, ғасырлар тереңінен бүгінге дейін жеткен өшпес дәстүрлер алауын сақтаушы тұлғаға әркез құрмет көрсетеді.

... Қазір ақын атында туған жерінде үлкен кент те, орта мектеп те, көшелер де бар. Сөйтсе де оның жарқын тұлғасы қазақ халық поэзиясының абыройы, даңқы және мақтанышы деп айтуға толық хақымыз бар.

*Келсем де дәл сексеннің сегізіне,
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізінде.
Жігіттей жиырма бесте құлпырамын,
Советтік алтын заңның негізінде, —*

деп, абыз ақын кәрілігіне мойымай, өзін жас қалпында сезінеді.

*Мен — жігіт көңілім шат, өмірім бақ,
Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ, —*

деп, шабыт тұғырына қонған ақиық қырандай жыр нөсерін төгіп, ақындық шабысынан жаңылмауы оның талант күдіретін білдірсе керек.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Шашубай өмірінің соңына дейін «сыртын шалдырса да, ішін алдырмайтын», ақындық бойын кернеп, жырлап, ән салып өтті, туған халқымен бірге оның қайғысын да, қуанышын да бөлісті, шабыт шалқарына шығарған кең жазира даласының түкпір-түкпірін аралап, елді ән мен жырға бөледі, сан қырлы өнерімен разы қылды. Кез келген адамға өз дәуірінің нышаны болып, халқының құметіне бөлену бақыты бұйыра бермеген. Шашубай өзінің қайталанбас, жарқын да мәнді өмірінің жанды бейнесі болды және ұрпақ есінде осылай сақталады. Оның бүкіл шығармашылығының халықтық мәні, оны халық ақыны, халық өнерпазы етті, қазақ халық поэзиясының классигі дәрежесіне көтерді. Шашубай феноменінің күдіреті де оның осы халықтық негізінде жатса керек.

Серікқазы ҚОРАБАЙ

Дереккөз: Қорабай С. Шашубай феномені. — Кіт.: Қошқарбайұлы Ш. Шығармалары. — Алматы, 2015. — 188-213-бб.

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ

Ұлттық мәдениетімізге өшпес мұра сыйлаған, көрікті ойдан кестеленген десте-десте өрнекті сөз өрген, сырлы лирикалық өлеңдерімен, насихат, тәмсіл толғауларымен, ғибратты, танымдық қисса-дастандарымен, тартымды, тапқыр айтыс-қағыстарымен халқын ән мен жыр бесігіне бөлеген, көмекейінен әуелетіп ән саулатқан, «тәтті әннің арасына асыл сөзді меруерт пен маржандай» тізген, сұлу әуендерімен «ән сүйер әлеуметінің» құлақ құрышын қандырған сал-серілік дәстүрдің талантты өкілі Әсет ақынның мұрасы — қазақ өнері мен мәдениетіне қосылған мол рухани қазына.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасы қалған ақындық өнердің өрен жүйрігі; айтыскер, суырыпсалма-импровизатор, сазгер, әнші Әсет Найманбайұлы (1867—1922) нағыз сегіз қырлы өнерпаз әрі қағаз бетінде қаламы қатар жүйткіген сауатты ақын. Замана туғызған зарлы күйдің пернесін тап басып толғаған ақынның мұрасын құйма құлақ қарттар мен өнерді қастер тұтқан қатарластары, ынталы шәкірттері ұрпаққа мирас етті. Әсетке халықтың рухани қазынасы қақпасын кең ашты, ауыз әдебиетінен емін-еркін сусындап, Арқа мен Алтайдың ән-күй бесігінде тербеліп өсті. Ат жалын тартып мінгенен-ақ «ақын бала», «әнші бала» атанып үлгерді.

Академик А.Жұбанов Әсеттің әншілігі ақындығынан кем еместігін әділ бағалаған. «Орындауы келіссе «Әсет» сахна сәнінің бірі. Әсіресе қайырмасында ән құйқылжып, төгіліп, шын мәнісінде ойнақтап, делебеңді қоздырып кетеді» — дейді. Дәнеш Рақышев нақышына келтіріп орындайтын классикалық Арқа дәстүріндегі «Інжу-маржан» әні — өзіндік өрнегі, мөнерімен ерекшелінетін поэтикалық және музыкалық жағынан бір-бірімен шебер ұштасқан, әуен-саз және ырғақтық құрылысы өте мәнді шығарма. Бұл әннің құбылыс-мәнері таза Ақан машығында. Әсеттің әншілігіне, сазгерлігіне талдау жасаған музыка мамандары Арқаның, оның ішінде Ақан серінің әншілік дәстүрінің әсері басымдығын айтады. Ал, Арқа әншілік дәстүрінің биігінен қарағанда «Мақпал», «Қаракөз» әндері Жетісу-Талдықорған өңірінің фольклорлық дәстүрі ортасында туып, қалыптасқаны аңдалады. Әсет Арқа мен Жетісудың, Алтайдың ән өнерін тел меңгерген аралық дәстүр өкілі.

*Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебеңді әсерлі етіп,
Шырқатып, шығандатып, шалықтатып,
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп.*

Әсет ақынның әдеби музыкалық мұрасын зерттеген А.Жұбановтың (Замана бұлбұлдары), С.Еламанованың «Әсет Найманбаев» Төрт томдық қазақ энциклопедиясында), Д.Дүйсенованың «Әсет Найманбаевтың



шығармашылығы» атты зерттеулері, қазақ әндерінің тарихы, зерттелуі туралы жазылған Т.Бекқожина, А.Затаевич, Б.Ерзакович, З.Жанұзақова, Ә.Байғаскина, Б.Аманов, А.Құнанбаева, Ә.Мұхамбетова, Б.Қарағұлов сияқты ғалымдардың музыкалық мұраларды талдауға байланысты еңбектері — Әсеттің музыкалық мұрасының ерекшелігін ашуға төмірқазық болар зерттеулер.

Әсеттің әнші-сазгерлігін айтқанда Арқаның әншілік дәстүрі, оның ішінде Ақан серіні айту ләзім. “Инжу-маржан” әні классикалық Арқа дәстүріндегі шығарма. Бұл әннің құбылыс-мөнері таза Ақан машығында. Ал, Арқа әншілік дәстүрінің биігінен қарағанда “Мақпал”, “Қаракөз” әндері Жетісу-Талдықорған өңірінің фольклорлық дәстүрі ортасында туып, қалыптасты деуге болады. Әсет әндерін алғаш жинақ етіп құрастырған Қ.Жүзбасов 50-ге жуық ән-әуенді нотасымен жариялады. Әсет әншілігіне берілген бағалар — ақынның ән өнерінде шыққан биігіне берілген әділ бағалар. Академик А.Жұбанов: “Әр әншінің өзіне тән музыкалық ерекшелігі барындай Әсеттің де өз қолтаңбасы бар, орындауы келіссе Әсет әні — сахнаның сәнінің бірі” десе, Әсет әндерін ел арасына таратушы белгілі әнші Д.Рақышев: “Әсет әнін үйренгенде оның әрбір әнінің сипат сынына, ойлылығы мен орындалу шеберлігіне ерекше ден қойғандығым еді” деп бағалайды. Қ.Жұмаділев “Тағдыр” романында: “Демежан өз өмірінде талай әнші, өлеңшіні көріп жүріп, нағыз өнер иесін тауып тыңдағаны осы» деп суреттейді. Әсет ақын — өзінің бойындағы ақындық, әншілік қасиеттерге өзі де баға беріп кеткен ақын.

*Ән басып, мейірін қандыр салғандай ғып,
Үйреніп жастар гибрат алғандай ғып.
Тәтті әннің арасына асыл сөзді,
Тоқысаң меруерт пен маржандай ғып.*

Әсет өзі шығарған әндерді таңғажайып сұлу дауысы мен өзі ғана орындаған асқан шебер әнші, өлеңді нәсердей сорғалатқан төкпе ақын.

Арқадан Жетісуға, Жетісудан Тоқтабарлыққа дейінгі байтақ өңірде Әсеттің баспаған ізі некен — саяқ. Сол сал-серілік, ақындық серуенінде бір шоғыр өнерпаздар тобына ақындық үлгі-өнеге мектебі бола білді. Кәдірихан, Кәрібай, Рахымжан, Әріпжан, Шерияздан, Сәмет төре, Қали Әлібеков, Тоқтаған Боранұлы, Әділхан Құрманбайұлы, Қызыр Мамырбекұлы қатарлы өнер адамдары Әсеттің өнерлі шәкірттері, сенімді үзенгі жолдастарының арқасында ақынның мол мұрасы бүгінгі күнге жетіп отыр.

XX ғасыр басындағы қазақ ақындарына тән демократтық-ағартушылық ағымдағы ойларын, діни-дидактикалық уағыздарын өлеңмен өрген ақын шығармаларының ел арасына кең таралуына ең алдымен, сөз жоқ, өзінің сал-серілігі, әншілігі, сазгерлігі, айтыскерлігі, қиссашылдығы ерекше әсер ықпалын тигізді.

...Ақын поэзиясы жастық, сүйіспеншілік лирикасына, өнер, ғылым, дін жайлы ағартушылық дидактикаға, замана жайын толғаған сыншыл реализм дәстүріндегі жырларға, халық поэзиясы үлгісіндегі салт, ғұрып өлеңдеріне, арнауларға толы Өлеңдері ұлттық бояуы қанық, халықтық сарындағы сарқылмас поэзияның қайнарынан «шымырлып бойға жайылған» тұнба-жыр.



...Әрбір ауылдарды аралағанда қазақы салт-дәстүрдің ерекшелігін, өнерге құрмет ететін ата жолын шынайы бағалап, оқырманға өлеңмен ұғындырады. Қазақ ұлтының идеясы бұғауланбаған еркін ұлт болғанын жария етеді.

*Ол да өнер — оқ шығарып мылтық атсаң,
Жапанда жау құтылмас жұйрік аттан.
Сонарда ит жүгіртіп, бүркіт салып,
Қанжыға қандап келсең, ол да мақтан*

Ақын қазақ өміріндегі мылтық ату, құс салу, ит жүгірту, ат баптау сынды өнерді айту арқылы тұрмыстық салтымыздағы ұлттық ерекшеліктерді жанамалай жырлайды.

... Шығармашылық толысу шағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи аласапыран кезеңіне тап келген Әсет ақын мұрасы сол дәуір тудырған әдебиеттегі дәстүр үрдісін дамытуға үлес қосып, ел өмірін, әлеумет тұрмысын, тарих тауқыметін өлең толғауларына арқау етті.

...Әсет ғылым жайлы толғанғанда жыраулық поэзиядан бері насихат, үгіт үлгісінде айтылып келе жатқан белгілі жайларды да термелеп, тәмсілдеп, кейде тың тосын теңеу, соны тіркес тауып, «Ғылыммен тән тазарып жанданады», «Ғылым қу жан тамырын тербетуге», «Пердесі адамзаттың — ғылым шатыр», «Ғылым деген иманның бір кілті бар», «Ғылым таппай мақтанба» деген қайда?... «Талай ғибрат, тәмсіл сөз бұрын өтті...» — деп терең ой түйіндейді. Абай поэзиясынан бастау алған идеяның ақын өлең-толғауларының басты мазмұнына айналуы да заңды.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің демократтық-ағартушылық ағымда болуы, импровизатор ақындардың халық алдына жиі шығуы, өсиет, уағыз айтуына мол мүмкіндігі болуы — ақын өлеңдерінің әлеуметтік, дидактикалық-ағартушылық мазмұнына игі әсерін тигізді.

...Әсет ақын өлеңдерінің көбі насихат, тәмсіл үлгісінен өмір, дүние белестері, имандылық, этикалық, этикеттік жайлар, адам тіршілігінің мәні, жақсы мен жаман, асыл мен жасық, адалдық пен залымдық сияқты өмірде адам-пенде бойында кездесетін кереғар қасиеттерді салыстыра термелеу, аллегориялық тәсілде суреттеу арқылы мәңгілік мәнін жоймас заңдылықтарды сипаттауға көтеріледі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің өкілі Әсет ақынның діни-дидактикалық тұрғыдағы өлеңдері кезінде идеология салдарынан жиналмай, жарияланбай келді. Өзі діни медреседе оқыған, Құран қасиетін, шарифат қағидаларын жақсы білгендіктен, имандылықты уағыздаған ақын өлеңдері үзік-жұлық жетті. Замана, қоғам қайшылықтарын, әлеуметтік ақиқаттарды жырлаған шығармаларында ақын әлеумет өмірінің барысын реалистікпен суреттейді. Абай өнегесін үлгі тұтқан ақын қазақ қалпын Абай үрдісімен жырлайды. «Қазағым, сәнің кетті, қайран жұртым», «Қалдың ба қайран қазақ қамданбастан», «Сарыарқа салқын тауда тәтті сулы» өлеңдері әлеуметтік, саяси тақырып тұрғысындағы туындылар.

Ақынның отарлық саясатқа, елдің қоныстан айырылуына наразылық білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері де өткірлігімен ерекшеленеді. Әсет ақын өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі.

...Әсеттің Рысжанмен, Кәрібаймен, Бақтыбаймен айтысы, Мәликемен



жауаптасуы, Кемпірбаймен қоштасуы, Сәмет төремен, Қалимен жазып айтысуы, Қосымбаймен, Әріппен, Құтбай Көшкіншіұлымен қағысы, Әріпжанмен жұмбақтасуы, Есенқұлмен жазысқан хаты, Алтай Іле, Тарбағатай жерлеріндегі Дәуіт, Ақыт, Ахмет, Абдоллалар мен хат арқылы жауаптасуының (Төрт ақынға хат) біздің дәуірімізге әртүрлі көркемдік деңгейде жетуінің өзі Әсет ақын мұрасына халықтың ынтасын танытады.

Әсет ақын айтыстарынан дін-шариғат қағидаларын, ел мен жер шежірелерін, тарихын бұрынғы өткен айтулы адамдар өмірін жете білген сұңғылалығын, білімділігін айқын көреміз әрі айтыстары өзіндік деректілігімен де маңызды. Рысжанмен, Кәрібаймен, Сәмет төремен айтысынан сол кезеңдегі халық өмірі, ел ішіне белгілі адамдар мен тарихи оқиғалар сипаты көрініс тауып отырған. Әсет пен Рысжан айтысындағы жұмбақталатын мәселелер қазақ тарихындағы келелі оқиғалардың сырын ашады.

...Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті дәстүрін ұштастыра отырып жырлаған ақын қисса-дастандарын тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыдан талдау ақын талантының сан алуан қырын, эпикалық қарымын аңдатып, мұрасының поэтикалық ерекшелігін аша түседі. Әсет ақынның шығыстың ертегілік, аңыздық сипаттағы адамгершілік, адалдық, сертке беріктік, ғашықтық, ерлік, өнер тақырыбын көтерген қиссалары: «Ағаш ат», «Барат қыз», «Ер Шеризат», «Үш жетім қыз», «Үш баланың әңгімесі» «Алтын балық, ақсұңқар», «Бақтияр», «Шәкір-Шәкірат», «Нұғыман-Нағым», діни-уағыздық сипаттағы «Гүлзағипа-Гінар төре», Мұхаммед пайғамбар мұғжизасын дәріптейтін «Француз патшасының баласы» қиссасы, Абай үлгісінде жырлаған «Евгений Онегин» атты нәзиралық туындысы, Монғол халқы өмірінен жырлаған, ғашықтық тақырыбындағы «Салиха — Сәмен» дастаны, отарлық озбырлыққа қарсы қайрат көрсеткен ер тұлғасын дәріптейтін «Кешубай» дастандары арқылы қазақ әдебиетінде қисса-дастан жанрының өрістеуіне мол үлес қосқан ақын. «Евгений Онегин» жырының халықтық вариантын жырлап таратушы да Әсет. Пушкин мұрасын көп халықтардың өз тіліне аударуға мүмкіндіктері болмай жатқан кезеңде ең алғаш ұстазы Абай салған сара жолды ұстанып Әсеттің «Евгений Онегинді» жырлауы — ұлттық мақтанышымыз.

Әсет ақын шығыс әдебиетінің озық шығармаларымен түп нұсқа арқылы танысып, шығыс мәдениеті мен әдебиетінен мейлінше сусындай отырып, назира-жауап әдісінде шығыс аңыз ертегілерін, классикалық шығармаларын өлеңмен қисса -дастан етіп жырлады, өз тұстастарымен жыр бәйгесіне түсті.

...Әсеттің «Ағаш ат», «Барат қыз», «Үш жетім қыз», «Француз» қиссаларында сюжет қызықтап кетпей, тым әсірелемей адамгершілік, адалдық, имандылық қасиеттерді дәріптей жырлауы- гуманистік ой пікірлерінің жемісі. Романтикалық үлгідегі «Салиха—Сәмен» поэмасы — жазба әдебиетінің озық үлгілерінің қатарына қояр туынды. Поэманың композициялық құрылымы, сюжет желісі, мотивировкасы, көркемдік үлгілері; пейзаждық, портреттік суреттеулері Абайдың ақындық мектебінің дәстүрінде.

...Әсет Найманбайұлы мұрасы — замана сынынан өтіп, уақыт талабына төтеп беріп халықтың рухани қазынасына айналған көркемдік-эстетикалық, танымдық тәрбиелік мәнді өзінен бұрынғы бастауы, өзінен кейінгі жалғасы бар тарихи, әдеби маңызды мұра.

...Суретті сөз — образдылық-көркемдік қиялдың жемісі. Ақын өмір,



дүние туралы ойларын ауыз әдебиеті дәстүрімен: «Дүние ел шақырған бір үлкен той», «Айттырып әркім алған дүние қызды», «Дүние толып піскен бір қызыл гүл», «Дүние бояп қойған шүберектей», «Секілді байсыз қатын дүние тұл» деп суреттейді. «Ақырғы сөзінде» өз өмірінің қошемет дуға толы болғанын, уақыттың жылдамдығын, өмірдің өтпелілігін «Зымырап бәйге атындай өте шықтым» - деп әсерлі образ, көркем теңеу жасайды. Ауыз әдебиетінде тұлпарға, дүлдүлге, пыраққа теңеу ертегілерден, эпостардан келе жатқан образ, көркемдік қолданыстар. Ал бәйге атына теңеу тың. Ақынның өзін бәйге атына теңеуі алуан көркемдік тоғысуларға әкеледі., Зымырап бәйге атындай өте шығуы — біріншіден үнемі өнер жарысында болуы, екіншіден, бәйге атының да, айтулы өнер адамының да баптауда, ел аузында мақтауда болатыны, үшіншіден, думанды, шулы дүние - тойдың өткінші екендігі. Зымырап бәйге атындай деген эпитетті теңеу — күрделі метафоралық қолданысқа ауысып, бәйге аты өнер адамының өміріне баланып, символдық мәнге де ие болған. Әсет ақын Кемпірбаймен қоштасуында «Қою сөз қояр ма екен үн шығармай» дейді. Қою сөз эпитеті тірлігінде кесек-кесек ойларымен жұрт сусынын қандырған, өлеңді түйдек-түйдегімен саулатқан Кемпірбайдың ақындық бітімін танытар соны қолданыс. Әсеттің өлең, дастан, айтыс-қағыстарындағы көркемдік бояудың қанықтығы, өрнек, айшық нақыштылығы, сыртқы сымбаты, көркемдік сапасы, өрнекті ойлары ақын талантының таразысы. ...Алашқа аты шыққан Әсет — өз халқының сол телегей-теңіз бай қазынасын игерген ақын .

Әсет ақын да сол кезеңдегі замана тудырған әдебиеттің өкілі. Әлеумет тұрмысын жырлауда Абайдың ақындық мектебінен нәр алған Әсет ақынның сыншылдық, дидактикалық өлеңдері өз кезеңінде насихаттық маңызды болды. Діни-дидактикалық ағымның дамуына ақын діни тақырыптағы өлеңдері мен қиссалары арқылы өз үлесін қосып, халықты имандылыққа шақыруда өзіндік жол, әдіс таба білді.

...Әсет ақын жазба әдебиеті мен импровизацияны тел меңгерген аралық дәстүр өкілі. Ақын шығармалары әр кезеңде әр түрлі тыңдарманға, аудиторияға бейімделіп тууы себепті әрқандай деңгейде болуы да заңды. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда фольклорлық шығармаларда, импровизациялық үлгілерде жақсы нұсқа, жаман нұсқа, қоспа нұсқа деген болмайды. Әр нұсқа өз алдына ерекше, өйткені онда ақынның шығармашылық эволюциясы, стильдік қалыптасудың ерекшеліктері аңғарылады, әрі одан айтушы-жеткізушінің шама-шарқы, үлесі көрінеді.

Әсет — ең алдымен импровизатор ақын, сондықтан оның шығармаларының бірнеше нұсқа, варианттары болуы заңды. Көптеген өлең-толғауларындағы, айтыс, дастандарындағы жолдардың тіпті кейде шумақтардың сөзбе-сөз сәйкес келіп жатуы да импровизациялық өнердің ерекшелігі.

...Ақан серінің, Біржанның, Мәшһүр-Жүсіптің, Шәкәрім мен Әріптің, Нұржан Наушабаевтың өлең, дастандарын Әсеттікі деп айтушылар ел ішінде әлі де кездеседі. Әсет ақынға телініп жүрген кейбір өлең-толғауларды айтып жеткізушілер тарапынан болған жаңсақтықтар дейміз.

...Әдебиеттің мәңгілік мәселесі адамгершілік, гуманизм идеяларын өз шығармаларына өзек еткен, Абайдың ақын шәкірттерінің бірі-сегіз қырлы, бір сырлы Әсет ақын мұрасы — ұлттық рухани асыл қазынамыз.

Әсет орыс, татар, ұйғыр, өзбек т.б. туысқан ұлттар мәдениетімен де толық танысып, қаны араласып, туысып кеткен ақын. Әсеттің өмірі мен



шығармалары жөнінде Қазақстандағы және Қытайдағы әдебиет зерттеушілер көзқарастары бір жерден шығып отырғаны белгілі. 1956 жылы Қытай халық республикасына сапарлай барған Кеңестік Қазақстанның әйгілі жазушысы Сәбит Мұқанов өзінің сапар естелігі ретінде жазған «Алыптардың адымы» деген кітабында «...Әсілі Әсеттің шығарған әні өте көп сияқты. Қытай қазақтарының әншілері оларды түгел білетін көрінеді. Әсет әнін үйрену қиын делінгенмен, оны жақсы орындайтындар да ол жақта мол секілді. Қазір ол әндер нотаға түсе бастаған, Әсет әншілігінің үстіне белгілі ақын да болған. Ол ауызша да айтып, қағазға да жазады екен. Оның «Сәлиқа — Сәмен», «Ағаш ат — қызыл табан» атты поэмаларын, Ырысжан қызбен, Кәрібай ақынмен айтыстарын, Ахмет, Дәуіт деген адамдарды мысқылдап шығарған өлеңдерін, т.б. шығармаларын жатқа білетін адамдар Қытай қазағында көп екен» деп жазады.

Ақын, сазгер, әнші ретінде Әсет Найманбайұлының жалпы қазақ әдебиетімен өнеріндегі орнын көзі ашық, көкірегі ояу жұрттың бәрі білуге тиіс. Ал оның қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі екенін жұрттың бәрі біле бермесі анық. Әсіресе Әсеттің қытайдағы қазақ ән өнерінің өркен жаюына жасаған ықпалы мен сол жолда төккен терін күні бүгінге дейін тарих таразысына салып, тиісті бағасын бере алмай келеміз. ...Әлі де болса баспа технологиясын жақсы игере алмай отырған қытай қазақтары үшін, ол кезде Әсеттің жұрт жүрегіне жол табуы өнерден гөрі ағартушылыққа парапар еді. Себебі ақын салдық құрып жүрген жерінде «Мақпал», «Қоңырқаз», «Қысымет» (Ісмет) секілді әндерін шырқап, халықтың ән өнерін өркендетумен қатар, ел санасына саңлау ашуды, көкірек көзін ояуды мақсат тұтқан. Өйткені, Әсет орыс боданына өткен қазақтың кейпін кимеу үшін, шығыс Түркістан қазақтарын ояту өз парызым, азаматтық борышым деп білген ақын — деп жазады Әсет мұрасын зерттеуші Нағигүл Ысмайылова 2008 жылы Үрімжіде «Шынжаң жастар-өрендер» баспасынан жарық көрген «Сахара бұлбұлы — жырдың дүлдүлі» атты зерттеу еңбегінде.

Әсет шығармашылығының ерекшелігі өлеңдерінің қайталанбас соны стилімен, өзіндік қолтаңбасымен де танылды. Ол — өзіндік өлең өрнегімен кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған ақын.

...Оның әні өз кезінде өзі құштарлана, арындап асқақтата айтқандай, ел аузында жатталып өз бояуын жоймай келеді. Өз әндеріне лайықтап тізген ән мәтіндері, Әсет әнінің толқынды ырғағына қарай бір бунағынан екінші бунағына ойнақшып отыратын нөсерлі серпіні, бейне көкке шапшыған субұрқақ секілді кейде қалықтап, кейде баяу қанат қағады.

*Арғынмын атым Әсет арындаған,
Арындап ән саламын дарындаған.
Аспанның аясында ән шалқытып,
Бұлбұлмын көкте даусым дамылдаған.*

Сәйгүліктей арындаған екпін, бунақтан бунаққа жылжыған иірімді толқын өз ырғағымен жұптасып, бірін-бірі қуалаған дыбыстық қайталаулар, қисынның үндестігінде тізіліп, ұйысқан толымды да бітік әсем ұйқастар ерекше көзге түседі. Басқа ақындардай емес, әсіресе Әсеттің елді аралап салдық құрып жүріп, айтарын әнмен әдіптеп жеткізуі, сол тұста өмір сүрген Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы қатарлы



ақындардың шығармалары ондағы қазақ-үйғыр жұртының оянуына, қытай отаршылдығына қарсы күрес ашуына тікелей насихатшы болғаны анық.

*Қалам тарт, қалма гапыл, талаптанып,
Шыққанша шың-мақсатқа азаптанып,
Еріншек ұйқы-жалқау кейін тартар,
Жасайды ғылымсыз жас салақтанып.
Бәрі жау айналаңның аңдып жүрген,
Сайлап ал оған қару жарақтанып, —*

деп жырлауы, осы тектес идеяға толы, толып жатқан өлең - жырлары Әсеттің өз аузынан да, шәкірттері арқылы да Іле, Алтай, Тарбағатай далаларына тез таралып жатты.

Ақынның 1922 жылы 22 шілдеде Афариқажының үйінде қапыда дүниеден өткендігі мәлім. Ақынның қызы Сәмөгәйдің естелігіне сүйеніп айтылған бұл пікірді зерттеушілер жоққа шығармайды. 1923 жылы 22 маусымда, яғни жадыраған жаз күнінде есіл ер елімен мәңгі қоштасты. «Әсет 1923 жылы жадыраған жаз маусымда, қазіргі Құлжа ауданының Көкқамыр жайлауында дүние салды. Әсеттің сүйегі сол маңдағы көк шыммен көмкерілген Сатбай бұлағының бойындағы татар байы Ғаппари қажы жұртында Ұланбура деген жердің тас жота бейітіне жерленіп, басына тастан белгі қойылды — деп жазды Жұмаділ Маманұлы. Бұл деректі Қазақстандағы белгілі жазушы, «Әсет» романының авторы Құрманбай Толыбаев та құптайды. Әсеттің ескі досы Ғаппари Оспановтың үлкен баласы Лұқпанның айтуына қарағанда, Әсет 1923 жылы 22 маусымда кешқұрым көзін мәңгіге жұмған» («Жұлдыз» 1984 жыл, №7). Ғаппаридың баласы Әбдірауып ақсақал жазып алған дәптеріне қарай отырып: Әсет 55 жасында 1923 жылы, 26 маусымда, Ұланбура жайлауында, Құрбан айттың 1-ші күні жерленіпті» («Қазақ әдебиеті» 1983 жыл, 25 март) дейді. 55 жасында қараңғы елдің бақсысының бақастығынан ба, жат елді паналаған ұлт зиялыларының зымияндықпен көзін жойып отырған Кеңестік жансыздардың әрекетінен бе, қайран ақын қапыда бұл фәни дүниеден «зымырап бәйге атындай өте шықты».

Сайлау ҚОЖАҒҰЛОВ,
Әсет мұрасын зерттеуші,
филология ғылымының кандидаты

ЕСТАЙ БЕРКІМБАЙҰЛЫ

Біржан сал мен Ақан серінің шәкірті, Жарылғапберді, Шама, Жаяу Мұса, Ғазиз, Үкілі Ыбырай, Әздембай сал, Шашубай сынды өнер тарландарының үздік әншілік-орындаушылық шеберлігін, импровизациялық дәстүрін жалғастырған атақты ақын-композитор, әнші Естай Беркімбайұлы (1868 – 1943) еді.

Ол «салдарша сәнді киімдер киіп, астына сәйгүлік сұлу ат мініп, серілік жасау жолына түседі» (Мақсұтбек Майшекин). Естайға әншілік қабілет, суреткерлік қасиет анасы Күлипа мен нағашысы Байтұрымнан дарыған сияқты.

Естайдың өмір тарихын жетік білетін әрі қанды көйлек досы Дәуітжан Құсайынұлының естеліктеріне жүгінер болсақ, Естайдың бозбала шағында сол ауылдағы Шыман деген кісінің үйіне Біржан сал ат басын тірейді. Сол бір мезетте-ақ Біржан салдың өнерін тамашалаймыз деп үйдің іші-сырты құжынаған адамдарға лық толып кетеді. Жұрттың өнерге деген іңкәр көңілін шапшаң қабылдаған Біржан сал ескекті әндерін көркем дауысымен толқындата шырқай, Сарыарқаның сары белін дүр сілкіндіріп тастайды. Шыман қария ауылдың алты ауызын айтқызуға әжептәуір әнші Төлебайдың Шахметін шұғыл шақыртқанмен, Біржан алдында күмілжіп қалармын деп қорғалайды. Осы сәтте Дәуітжанның әкесі Құсайын есіктен ентелеп бас сұға алмай тұрған Естайға:

— Қалқам, Естай! Елдігімізді көрсетейік. «Шолпан қаққаныңды» шырқа, — дейді.

Мейлінше ұстамды, сыпайы, ойы үшқыр елгезек Естай табалдырықтан аттай бере:

*Ассалаумағалейкүм, Біржан аға
Кез болдың қажы үйінде, міне, қара!
Көруге ынтық болып жүруші едім,
Жүрсіз бе есен-аман, жеке дара, —
деп саңқылдап амандасады да:
Бір жұлдыз бар аспанда шолпан қаққан,
Шарайнаның бетіне күміс жапқан.
Бөгелді деп ағалар сөге көрме,
Жүйрік ат аяғына тұмар таққан
Орамалдың шетіне түйдім өрік,
Жүзің сұлу болғанда қасың керік.
Қасың керік кәмшаттың құндызындай,
Екі көзің Шолпанның жұлдызындай —*

дейтін «Шолпан қаққан» әнін сыңғырлата, күмбірлете орындайды. «Естай ән салған уақытта тамағын кенеп, омырау түймесін ағытып әлек болмайтын,

❦

салмақты пішінмен бір орыннан қозғалмай отырып әнді әдепті салатын. Ол домбыраны солақай тартатын. ...Әнді бір салғанда біразға шейін шарықтап, бөгелмейтін», — дейді замандасы Рақымжан Татыбаев «Социалистік Қазақстан», 1966, 23 қаңтар). Задында әнші-композитор, ақын Естайдың машық-дағдысы осындай.

Сөйтіп, жас пері Естай Біржан сал мен Ақан серінің тағылым-тәрбиесін көреді. Қанаттанып, шабыттанып, өнердің биігіне құлаш сермейді, тап-таза қоңыр даусы көңіл тербейді. Естай әндерінде «Біржанның да, Ақанның да әуендері сезіледі: шалқыған кең тыныс, ... аса дамыған қайырмалар, сөз мәні мен ән мазмұнының қабысып жатуы» (Ахмет Жұбанов) оның шығармаларының гармониялық, философиялық, көркемдік болмысын танытады. «Сері боп, сайран салып, дүние көрдік, Сал Біржан, Ақан сері соңына ердік» деген лебізі айғақ.

Естілігімен, зиялылығымен, руханилығымен ерекшеленген ізетті-әдепті депті Естай әлеумет алдында өз заманының шамшырақтары турасында келелі кемеңгерлік кеңестер өрбітіп отырады екен, Мысалы, Жарылғапбердің әншілік-композиторлық, ақындық дарынын жоғары бағалап, Біржан сал мен Ақан серінің қатарына қояды екен. Көңілі мәрт, жаны ән-жырдан жаралған Естай іркілмей әсерлі әңгімесін де, сұлу нақысты әнін де апталап толассыз түрлендіре төгіліп, шынайы сезім, терең күймен асқақтата толғайды екен-ау. Ой-парасаттың тұмарындай, тағдырдың толғауындай, сұлулықтың дастанындай «Қорланды» қалай шырқайтынын шежіреші Рақымжан Татыбаев былайша шертеді: «Жайбарақат жанға ой салатын, жұрт аңсаған ән биіктен-биікке көтерілгендей. Қайырмасында ән аспанға шығып, аяғын жүз құбылтып, байсалды пішінмен аяқталды. Дауыстың кеңдігі үйдің төрт қабырғасын дір қақтырды. Айнала отырған жұрт асқақтаған әннің әншінің тасқындаған өршіл қиялынан, тек үлкен жүректен шыққанын ұққандай.» (Ә. Жапаров. Үш сәт, «Социалистік Қазақстан», 1966, 23 қаңтар, №19).

«Қорлан» — Естай шығармаларының «шыңы, жүрегі» (А.Жұбанов), «арманмен толғаған ғажайып дастан, күңіренген симфония» (С.Бегалин), ғажайып әуезді ән жауһары. «Ән де, күй де бір елеулі жағдайдан туады» дейді екен ұлы ақын-композитор. Ендеше, «Қорландай» асыл дүниенің тууына себепкер болған оқиғаны, Сапарғали Бегалин Естайдың өз аузынан 1939 жылы естіген, соны тыңдайық:

— Қорлан мен менің базарым күн санап қыза түсті. Қорлан болмаған жерде менің домбырамның құлақ күйі өспей, ән де қанаттанбай, берекем болмайтын күйге ұшырадым. Қорлан да тап сондай күйде. Екеуіміздің де арамыз қол жетпейтін тас қамал. Өйткені Қорланды ішкі бір жақта тұратын бір бай саудагер екінші әйелдікке алмақ болып, қалың малын үйіп-төгіп бере қойыпты. Кешікпей ұзатып әкетпек. Мен де сол сияқты қамалды бұзар дәулет жоқ. Не арқа сүйер күш жоқ.

Ақырында Қорланға арнап бір ән сарынын домбыраға шертіп, әнге қостым. Бұл әнді «Бір мысқал» деп атадым. Қорланмен қош айтысар шақ та жетті. Екеуіміздің ол жердегі бар жанашырымыз Жәміш деген Қорланның немере жеңгесі. Ертең жүреміз деп отырғанда Жәміш маған бір бала жіберіпті. Келіп кетсін деген хабарын алып жетіп бардым. Жәміш жайдары ашық мінез ді адам еді. «Әнші құда, қайтқалы жатырсыңдар ма? Сіздердің келгендеріңізден кетулеріңіз ауыр болып жатыр. Замандасың бір тілдескісі келіп, маған тапсырып еді, соған шақырттым», — деп күлді. Осы бір жылы лебізді естігенімде, қандай күйде болғанымды өзім де білмеймін.



Шіркін, Қорлан-ай, бұрала басып, назды үнімен тіл қатып, жеңгесінің қасына келіп отырды. Сүзіле де, күйзеле де қараған қарақаттай көзіне көзім түскенде жүрегім тулап, тұла-бойым от болып жанып кеткендей болды. Қорланып тал шыбықтай бұралған нәзік те, әсем бойында өжеттік қайрат бар екен.

Әнші құда, — деді жымыып, — жеңешем шақырмаса, қош айтуға да жарамай аттана жаздадыңыз, — деп назданып, өңі өзгере төмен қарады. Осы кезде Жәміш жеңгесі сыртқа шығып кетті. Қайтадан серги сөйлеп: - Мені атастырып қойған жерім бар, соған осы қыста ұзатады. Орта жастағы, ақшалы, малды саудагерге барғым келмейді. Ретін тауып кездесейік. Мені жаным сүймейтін адамның қолына қалай қиып кетесің? Әлде жігіттік істеп, қайрат етер жайың жоқ па? — деп тура ашық айтқаны.

Не дерімді білмей, жер шұқи бердім. Біраздан соң бойымда бір ерлік күш пайда болып, егер мен алып кетсем, ересің бе дедім. «Бүгін жүр десең де еремін, бірақ қазір есебі табыла қоймас», дегені. Иә, есебі қайдан табылсын. Мен біраз ойланайын. Егер сен осыған шын бел байласаң, мен нені де болса көруге әзірмін. Көп кешікпей қайта келемін. Қорлан да «мен әзірмін, бірақ кешікпе» деді. — Хабарды осы жеңешем арқылы аларсың, — деп Қорлан бір түрлі қайратты ажармен келіп, менің мойныма асылды. Уа, дүние-ай, — деп Есекең төмен қараған күйі домбырасын қоңырлата тарта жөнелді. (Бегалин С. Сахара сандуғаштары. Алматы, «Қазақстан», 1976, 75-76 беттер).

Тағдыр Қорланды Естайдың маңдайына жазбаса да, үріп ауызға салғандай үптің қызындай үлдірге деген ғашықтық сыр Естайдың таңғажайып таңдайынан шекер-балдай, сиқырлы саздай сорғалайды.

*Бозбала қалма қапы, бұл жалғаннан,
Жігіттің арманы жоқ Қорланды алған! —*

деп жалынды арманын, ой-санасын оятқан ардағын, асыл мұратын тамылжыта сипаттайды.

Қазақ музыка мәдениетінің білгір жинаушысы А. Затаевич «Қазақтың 1000 әні» кітабында Естайдың «Дүние» атты әнін Әбдірахман Бегішевтың айтуынан, «Терме» дейтін әнін Әлікей Өтекиннің орындауынан хатқа түсіріп жариялаған. Сонымен бірге «Құсни-Қорлан» әнінің төрт нұсқасын ұсынған. Ел еркесі, «ән-жырдан сарай салған» халық тағдырының тамыршысы, сұлулықтың жыршысы Естай:

*Көкшетау, Баянауыл көрдім бәрін,
Ұлы Ертіс, Омбы, Семей араладым.
Қарқаралы, Қараөткел. Бәсентин,
Солардың тегіс көрдім балаларын —*

дейді.

Ол 1936 жылы Халық өнерпаздарының Республикалық слетіне, Қазақстан Жазушылар одағының II съезіне, 1945 жылы Ұлы Абайдың туғанына жүз жыл толу салтанатына қатысты. Нұрлыбек, Нартай сынды ақындармен айтысты. Халық поэзиясының алыбы Жамбылмен және Тұрмағамбет шайырмен дидарласты.

Естайдың көркемдік дүниетанымы, суреткерлік зердесі, ақындық ойлау



мәдениеті, ән шығарғыштық қабілеті, орындау шылық шеберлігі жоғары дәрежеде екендігіне «Қорлан», «Бір мысқал», «Жайқоңыр», «Сандуғаш», «Юран-ай», «Шоқ қара ағаш», «Ақжалмаш», «Қоштасу» т.с.с. әндері дәлел. Сондай-ақ аққан судай әнші-ақынның «Ғашық», «Еркем», «Назыгүл», «Қаламқас», «Қаракөз», «Өмір», «Атам-Тентек», «Ұраным-Қанжығалы», «Алатау», «Қызыл домбыра», «Гүлстан», «Па, шіркін!», «Гүлнәр», «Балқаш қыз», «Туды күнім» секілді шығармалары бар.


Шабыттың шырқау биігінде самғаған саңлақтың сап таза сұлулықтың үлгісіндей озық туындылары М. Төлебаевтың «Біржан – Сара», Е. Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операларында, С. Н. Шабельский мен Л. М. Шаргородскийдің «Қобыз бен оркестрге арналған концертінде» шығармашылықпен пайдаланылды. Ұлы даланың дархан дарыны Естай Беркімбайұлы «Қоштасу» әнінің бір тұсында:

Өкінбен қара жерге енеріме,
 Тағдырдың салғанына көнермін де.
 Таңғалып ұрпақтарым жүрер айтып,
 Түрленген тоқсан түрлі өлеңіме.
 Заманның түскем талай безбеніне,
 Халқымның тағдыры бар сөздерімде.
 Сал Біржан, Ақан сері аманатын,
 Тапсырам кейінгі ұрпақ өздеріңе —

дейді. Асылы, Естай мұрасы — қазақтың ән өнері мен сөз өнері тарихындағы көркем құбылыс. Ұлтымыздың шығармашылық даналығын, сұлулыққа деген көзқарасын, әншілік-орындаушылық шеберлігін көрсетеді.

Серік НЕГИМОВ

Дереккөз: Негимов С. Қазақтың сал-серілері. — Алматы, 2005.



журнақтар ғана бар. Олар «Қанапияның әні», «Ат басты шылбырымды», «Кербесті ат» секілді әндері. Алайда, оның бұлбұлдай үнін, ескен желдей, аққан селдей ақындығын балқып тындаған Сарыарқаның байтақ дала-сы, көкорай шалғынды, барқыттай құлпырған жасыл белдері, ақ күмістей жарқыраған аққулы, шағалалы, суы зәмзәм көлдері, көгілдір аспаны куә. Інісі Әлекештің естеліктеріндегі деректерге зейін қойсақ, Қанапия бүгінгі айтқан өлеңін ертең қайталамаушы еді деген сөз бар.

Қанапия айтыс өлеңдеріне де мойын бұрған. Ақындық пен жыршылықтың, әншілік пен домбырашылықтың тізгінін тең ұстаған он тоғыз жасар Әбіш қызбен сайысқа түскен. Ал Әбіш — атақты халық ақыны Нұрқан Ахметбековтың анасы (Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы 1956, 86-бет.).

Қанапияда салдық, серілік қасиеттер мейлінше мол. Басығараның ауылында қақпан құрып, аң аулайтын көршісі болған екен. Бұл кісі қалың тоғайдың ішінде қақпан құрып жүреді. Бір күні таң алағөбеде қақпанын тексеруге барса, тырдай жалаңаш адам кейпіндегі бірдеңе қақпанды салдырлата сүйретіп жүр екен. Содан қақпаншының зәресі ұшып қорқып, құдай мына пәледен құтқара гөр деп тұра қашады, Егер осыдан сау-саламат құтылсам, жалғыз бұзауымды құрбандыққа шалып, халқымды жинар едім деп ойлайды. Сөйтіп, жалғыз бұзауын сойып, елді шақырады. Сонда көпшіліктің ішінде отырған Қанапияның әкесі Басығара аңшы шалға:

— Не көрінді саған, жалғыз бұзауыңды сойып, түс көрдің бе, әлде...

Сонда қақпаншы:

— Тоғайдың ішіне құрған қақпанымды көрейінші деп барсам, қақпаныма адам суретті бір нәрсе оратылып жатыр екен. Содан шошып қорықтым. Сонсоң осыдан аман құтылсам, бұзауымды құдайы қыламын деп атап едім, — депті.

Сонда Басығара құдайың қабыл болсын деп жымияды да былай дейді:

— Осыны істеп жүрген біздің қу болар-ау, — деп күледі.

Сөйтіп, жұрт жалғыз бұзаудың етін жеп тараған екен.

Қанапия ата-бабамыздың көркем мұраларын, ақыл-нақыл сөздерді, терме-толғауларды терең білген. Шаршы топта «Ал, Қанапия, сен бір әңгіме айт, жас науша болсаң да сөз сиқырын сезінетін қабілет-дарының бар ғой» дегенде шешендіктен толғанып, тебіреніп сөйлеп кетеді екен.

*Хас ұрымен жолдас болсаң,
Қайдағы мен жайдағыны айтады.
Шаруаменен жолдас болсаң,
Ботасы мен тайлағын айтады.
Шаштаразбен жолдас болсаң,
Ұстарасы мен қайрағын айтады.*

Немесе:

*Бір мәстекті сатып алып келсең,
Бір бітеу қораға байласаң,
Алдына сұлу сұлыны төксең,
Көк қау шөпті қойсаң,
Бір күні сылап-сипап жүргенде,
Тістеп келіп тебер.
Бір жаман затсызға қызмет етсең,*

*Менен басқа сүйетіні жоқ қой деп,
Былапыт сөйлеп, ісер де кебер.*

Қанапия әділетті алтынға айырбастаған дәулеттілер мен тістілерге қарсы болған. Оның «Жасымнан қарсы болдым ханзадаға» дегені бұған дәлел. Тағдырдың тауқыметін тартқандығына «Жем болдым ала қыстай қандалаға» дегені айғақ.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың «Қазақстанның ұлт театры туралы» (1926) деген мақаласында әйгілі әнші-ақынның «Қанапиясының» шығу тарихына тоқталады. Қанапия ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарында көрінген айтулы батырлардың бірі. Бірде патша үкіметінің жасақталған отряды Қанапияның 16 сарбазын қолға түсіріп, Қараөткел түрмесіне қамайды. Ақын оларды құтқару үшін, абақтыға өзі келіп, жігіттерін босатып жібереді. Тұтқында отырып, іштегі ыза-шерін осынау әнмен баяндайды. «Қанапия» әнінде «арыстанның гүрілі сияқты, өзгеше күшті долдану мен уытты, күшті зығырдың шалқыған жалыны елестейді» деп жазады Қанекең.

Және де Қанапияның әкесі Басығара «патша» әскерінің құмалақтай қорғасыны кісі өлтіруші ме еді» деп оққа ұшқандығын айтқан. (Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. Алматы, Ғылым, 1989, 343-бет).

Кейбір жазба деректерде Қанапия 1870 жылы туып, 1900 жылы қайтыс болған делініп жүр. Қанапияның өмірі жайындағы папкадағы оның мына бір өлеңі жасының жетіп, қартайып отырғандығын мәлімдейді:

*Батыр да болдық бір күнде
Жігіт жинап, ту алған.
Мырза да болдық бір күнде
Жұрттың сыйлап кәрісін,
Жарлысын, бай-барысын,
Алғыс пенен бата алған.
Жастың дәурен өткен соң,
Күш пен қуат кеткен соң,
Бір сұмырай шал болдың
Аузы-басымыз қуарған.*

Айтулы өнерпаздың інісі Әлекештің естелігіне жүгінсек, Қанапия 1840 жылы туып, 1917 жылдың наурыз айында 77 жасында сүзекпен ауырып, дүниеден өтеді. Сүйегі атамекеніне қойылған.

Әншілік және композиторлықты, ақындық пен шешендікті, небір күлдіргі құбылыстарға қайран қалдыратын, таңдай қақтырған салдық мінезі, жаратылыс сыйлаған қабілеті айрықша Қанапия сынды сергек өнерпаздың өмірі бүгінгі таңда ақындардың жүрегін оята бастады.

Халық сүйген өнерпаздың өмірінен әңгіме шертушілер Мұқамбет Қашақұлы мен Есеке Қошқарұлын, өмір-тарихы туралы туған інісі Әлекештің естелігін еске алған орынды.

Серік НЕГИМОВ

МАЙАСАР ЖАПАҚҰЛЫ

Аспандап аңқып, шарықтап шалқып, ән шырқаған, жыр шығарған халық ауыз әдебиетінің небір жауһар үлгілерін жадында ұстаған, әсіресе, әншілігіне төкпе ақындығы, ақындығына жыршылығы, жыршылығына ділмарлығы қосылған қанатты, арқалы, ақ берен ақындардың бірі — Майасар Жапақұлы.

Ол әу баста Арқаның атақтысы Қарқпан ақыннан, 26 жасқа келгенде Пішпек базарында жыр түйғыны Жамбылдан бата алған. Ән-күйге, өлең-жырға әуес талапкер жас айтулы өнерпаз Шашубайға еліктеп, одан тағылым алып, мектебінен өткен. Арқаның ардагер арыстары Біржан салды, Жарылқапберліні, Ақан серіні, Балуан Шолақты, Үкілі Ыбырай мен Мәдиді ардақ тұтқан.

Майасар Жапақұлы 1879 жылы саумал көлдері мен сандық таулары есепсіз Сарыарқаның Тағылы деген таудың баурайындағы Жаса (кейде Жоса деп жазылады) деген күміс бұлақтың басында дүниеге келеді. Бұл ретте кіндік қаны тамған аяулы да қымбат атақонысы турасында:

*Тағылы осы ортада тау дарасы,
Тұнып тұр көк шалғынға сай-саласы.
Орманыңда жайқалған жасыл желек,
Табиғат бесігінің бел баласы.*

деп, Майасар толғанып тебіренеді.

Ақынның тек төркіні, ұя-бесігіне келсек, анасы Сарқыт бал көмей әнші, үздік домбырашы, әрі айтыс ақыны екен.

...Майасар тілі шығысымен әнге үйір болған, жеті-сегіз жасында сөз жаттап, ән айтуға машықтана бастаған. Әкесі Жапақ та дұрыс тәрбие берген — арабша оқытып, сауаттандырған.

Ат жалын мінген шақтан бастап ел аралап, ойын-сауық, той-думанда жүріп, айтысқа түседі. Кеудесінде ақындықтың сәулесі бар Майасар он бес жасында ұзатылып бара жатқан қызға:

*Тойыңыз құтты болсын той болған қыз,
Қызыққа айналады тойғызған қыз.
Қарамай ата-ананың көңіліне
Жат елге барамын деп ой қылған қыз, —*

деп қалжың айтады.

Орталық Қазақстан аймағының көкірегі ояу зиялысы, атаулы тұқымнан өрбіген Бану Майасар тегінің (1937 жылы туған) естеліктеріне ден қойсақ: «Әкем Майасар Қоянды жәрмеңкесінде әр жыл сайын болғанда көрген-естіген



нелер ғажап оқиғаларды, қазір аты аңызға айналған әнші-композиторларды, ақын-жырауларды, балуандарды рет-ретімен жәрмеңкенің бір басынан бастап көргеніндей етіп, сол өнерпаздардың айтқан әнін, айтысын жіпке тізгендей айтып беретін. Бірде дейтін: Халық үймелеп жиналып қалыпты. Не болды десе, Шашубай келе жатыр дейді. Енді қараса Ақбоз аттың үстінде аппақ киім киген, қолында ақ гармоны бар, ұршықтай иіріліп, ат мойнына, артына, бауырына түсіп өлең айтып келеді екен, — сөйтіп, «Ақ қайыңға» салатын еді. Бұны көріп болған соң, әрі барсам, Шөже отырған ақ боз үйге кездестім дейтін. Сол кезде әсем қауым «Нұрлыбек келе жатыр» деп, Шөжені үйден алып шықты. Нұрлыбекті қарсы алған Шөже былай деді деп, сол кісінің мақамына салды:

*Ассалаумағалейкүм, Мәті-Дәулен,
Басынан өте шығар мына дәурен.
Үстінен алты дуан аттай желген,
Нұрлыбек, аманбысың, жалғыз сәулем.
Айналайын, тағыңнан да,
Тәңірім берген бағыңнан да.
Иншалла, сөйлермін,
Айырылмасам жағымнан да, —*

деп, ғажап әннің асыл жұрнағын ойына түсіретін».

178

Бану Майасар тегінің естеліктеріндегі мына бір деректерді айтпай кетуге болмайды. Майасар — көріпкелдігі, болжампаздығы бар адам болған. Бұл қасиеттің барлығын имандылықтан деп түсінетін. Өзі айтушы еді: «Әкем Жапақ 9 жасында Ақбас қалпенің алдына апарды. Арабша оқытты. Мұны мен жетік меңгердім. Әліпбиден бастап Құранды, Мұхтасарды жатқа айттым. Осынау имандылық кітаптардан санама қондырғаным мынау болды: «Пәледен, шайтаннан аластауды, жұлдызнаманы, жаратылыстағы емдік қасиеті бар өсімдіктердің сырына үңілдім».

Қоянды жәрмеңкесіндегі неше алуан қызықтарды кеудесі күміс сандық Зұлқия Оразалықызы Мергенбай келіні (1913 — 1987) әнші ақындар ағайынды Айтпаевтар (Ғаббас, Қадыс, Усайын), Қуан Лекерұлы, Қали Байжанұлы және Майасар Жапақұлы туралы әңгімелерді айтушы еді. Сонымен қатар ел шежірешісі Асайын Мергенбайұлының (1880 — 1961) қолжазбаларында сақталған.

Майасар Жапақұлы жаңа өмір, жарқын таңды, ол әкелген өзгеріс-жаңалықтарды, қисапсыз жақсылықтарды қуана құптап, зерделеп түсіндіреді. «Заман теңеуі» жырында еркіндікке, теңдікке, бостандыққа қолы жеткенін:

*Қарасам айналама тояды көз,
Оңалып шырайланып ел жетіліп тез.
Еркі менен жаңаны салыстырып,
Жырлайтын ұрпағыма келді ғой кез, —*

деп, өмір сұлулығын, Отан ұлылығын өлеңіне өзек етіп, емін-еркін көсіле сөйлейді.

Ақын жырларының арқауы — туған топырағының табиғи байлығы, кен



қазынасы, Орталық Қазақстан кеншілерінің ерен істері, «құздан, мұздан беті қайтпайтын, қасқия қарсы шауып қамал бұзған» қаһармандардың ерлік өмірі, Отан сәулеті, қоғам дәулеті. Мысалы:

*Болаттан Теміртауым алқа таққан,
Жұлдыздай электрі жымың қаққан.
Өрбітіп колхоз-совхоз мал өсіріп,
Төрт түлік өріс алып қаптап жатқан.
Балқашым мыс өзені тынбай аққан,
Даламның шамшырағы Қаныш жаққан.
Халқымның бір мақтаны Қарағанды,
Таусылмас таскөмірі тау боп жатқан.
(«Отаным, алабыңа тұрсам қарап»)*

Майасар шаршы топта жырды қарша боратып, нөсердей селдетіп, құйқылжыта құйындатып айтатын ақпа-төкпе айтыс ақыны. Ол Нұрлыбек Баймұратов, Болман Қожабаев, Қайып Айнабеков, Көшен Елеуов, Жәкен Байтуов, Бұралқы, Үкіш тәрізді ақындармен сөз сайысына түскен.

1943 жылы республика көлемінде Қарағандыда бірінші рет ақындар айтысы өткен. Айтыс жырларын жазушы Ғабит Мүсірепов жинастырып, оған «Айтыс қатарға қайта қосылды» деген алғысөз жазып, «Айтыс. Қарағанды ақындары» деген атпен осы жылы Алматыдан жарияланды. Ғабит Мүсірепов осы кітаптың беташарында Қазақстанда осынау өнердің қарыштап дамуына қозғау салған Қарағанды ақындарының еңбегін айрықша атады. Бұған Майасар шығармашылығы да ортақ. Себебі ол Жәкен Байтуовпен айтысты. Бірде удай ащы тілімен түйресе, бірде өз мінін мойындайды. Айталық, Жәкенге былай дейді:

*Салмақтап әр сөзіңді ойла бала,
Бұл жерде айтқаныңның көбі жала.
Бірлі-жарым болмаса шығыным жоқ,
Сенбесең өзің бар да малды сана.*

*Бір антұрған шөп сатып пальто алғанын,
Өзім де дей алмаймын жапқан жала,
Көктемде көк атыңды кім өлтірді
Сол жағын, сен жаным, ойлап қара.*

Сондай-ақ, ақын халықтың әрі көне, әрі өміршең мұраларын бір жағынан сақтаушы, екінші жағынан, нақыштап жырлап таратушы. Ол «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Еңлік-Кебек», «Ермек» сияқты ғашықтық, батырлық дастандар мен «Шал мен қасқырдың айтысы», «Шөже мен Кемпірбай», «Әсет пен Рысжан» айтыстарын ел ішінде насихаттаған.

М.Жапақұлы «Өрге қарсы», «Қос қоңыр», «Бейбіт өмір сайрандаймын», «Әгугәй» тәрізді әндер туғызған. Сондай-ақ, «Қарғам-ау», «Сұржекей», «Балқадиша» әндерін толқыта шырқаған. «Қақпан» өлеңін айтқанда, малдасын құрып алып, екі тізесімен сабалап, есіктен төрге, төрден есікке жылжып отыратын.

Әнші ақынның тағы бір қыры — астарлы, ишаратты, мәнді тұспал-тұжырымдарға негізделетін мысал өлеңдерді өткір, жатық, жетік құратындығы.

...Осынау мәселелер «Қыран мен жылан», «Шіркей мен маса» т.б. мысалдарда өткір қойылады.

М.Жапақұлы поэзиясының тәрбиелік мәнін де атап өтпесе болмайды. Өмір тәжірибесінде сыналған, екшелген ой-толғамдарын шебер түйіп, өрнектеп беретіндігі, яғни қанатты, нақыл сөздерге айналдырып жіберетіндігі. «Балаңды жүр жебелеп» өлеңіндегі мына бір қанатты жолдарды алайықшы:

*Ағаттық іс баладан
Қапылыста кетеді.
Көзіне көрсет, ақыл айт,
Зердесіне жетеді.
Орынсыз сөйлеп, ұрыспа,
Оның да бар кеселі,
Көрсетіп түзе, ерінбе,
Қайтпасын десең меселі.*

Я болмаса «Амандықта қадір жоқ, алдырған соң білерсің, Денсаулықта қадір жоқ, ауырғанда білерсің», «Қара суда қаймақ болмайды, нағыз шеберде оймақ болмайды», «Жаланып ас іш, жамылып көйлек ки», «Сабағы жаман егістің дәні де жаман» т.б.

180

1943 жылы тамызда Қарағандының жаңа қаласында стадион алаңында митинг өтеді. Митинг алдымен орыс тілінде жүрді. Фашист армиясының хайуандығына қарсы, жеңісті жеделдету үшін қала еңбекшілерінің үндеуін қабылдар алдында халық ақыны Майасарға сөз беріледі. Ақын сақалшашына ақ кірген, алпысты алқымдап қалған, әлі қайраты қайтпаған, үні ұнамды, ашық дауысы алысқа жетерліктей тегеурінді.

*Уа, еңбекші халайық,
Гитлер салды ойранын.
Қанды балақ жауыздың
Желкесін үзіп алайық.
Жеңіске мен асықпын!
Желдей жұйткіп есейін,
Домбырамды қолға алып,
Сол күндерге жетейін...*

деп бастап, тасқынды жырын нөсерлетіп жібереді.

Жұрт оның асыл жыр, асқақ үнін сүйсіне қол соғып қабылдайды. Майасар Қарағандыдағы Доскейге де келіп жүретін, Алматыға айтысқа барарда Михайловкадағы облыстық ауаткомының демалыс үйінде жатты. Айтысқа әзірлік Ф.Мүсіреповтың басшылығымен өтті. Бәйгеге сәйгүлік баптағандай әуелі Майасарды Болманмен айтыстырған. Ақындар Қабыкен Мұқышев, Алдажар Төміржанов, Әуесхан Көшімов осы сынау, әзірлік жұмысына қатысты. Доскей жазда Қызылқұдық деген жерде бие байлатып, демалатын. «Қазіргі ақындардың күдіреттісі Майасар мен Болман, Көшеннің дауысы, әншілігі әсем», деп отыратын.



Майасар 1947 жылы, сол кездегі КСРО-ның кіндік шаһары Мәскеудің 800 жылдық тойына қатысты. Ел, халық, атынан жыр толғады. Әндерін пластинкаға жаздыртты.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер Қазақ Кеңес Энциклопедиясына (т.4), «Ақын-жыраулар» (1979) анықтама кітабында берілді. Айтыстары мен өлеңдері «Айтыс. Қарағанды ақындары» (1943), «Халық ақындары» (1953), «Айтыс» т.3, (1966), «Пернедегі термелер» (1965), «Ақындар жыры» (1963), «Қазіргі халық поэзиясы» (1963), «Ленин деп халық жырлайды» (1969), «Өсиет» (1989) секілді жинақтарда жарық көрді.

Ақын-композитор 1965 жылы дүниеден озды. Сонда әулиелігі, көріпкелдігі ересен дарын Бану қызына былай деген екен: «Баныш, сен біліп қой, мен өлгенде жан-жақтан кісілер келгенше жатамын, мен иістенбеймін». Айтқаны ап-анық болған.

Қорыта айтқанда, Майасар Жапақұлы туған халқының ақындық-әншілік мәдениетін, ұлттық рухани дәстүрлерін өркендетуге салмақты үлес қосты.

Серік НЕГИМОВ

Дереккөз: Негимов С. Қазақтың сал-серілері. — Алматы, 2005.

МӘДИ БАПИҰЛЫ

Сарыарқаның сағым ойнап көсілген кең даласында сонадайдан көз ұшында қос ақбоз атты жарыстыра жүйткітіп, бірінен екіншісіне қосаяқтай секіріп, кейде оқтаудай жараған сәйгүліктің үстінде қаққан қазықтай тік шаншылып, біресе аттың бауырынан көз ілес пес жылдамдықпен лып етіп өтіп, дию-пері дейсің бе, сиқыршы дерсің бе, біреу ойқастап құйындатып келеді... Бұл — жалынды жас жайнақ, асқақ әнші, ақын-композитор Мәди Бәпиұлы (1880 — 1924) еді. Заты даңқты, тумысынан текті, кесек жаратылған Арқаның арыстаны Мәди өрімдей кезінен-ақ көкпар тарту өнерінде болсын, яки күміс түйілген орамалды жұлдыздай ағып, ат үстінен тісімен іліп алуда болсын, немесе асық ойнап, ақсүйек қуып, алтыбақан теуіп, ит жүгіртіп, құс салып, аң аулауда болсын теңдесі жоқ ақтүйғынның өзі еді.

...Мәдидің тегіне, сүйегіне, ғазиз рухына ой жүгіртіп, барлау жасар болсақ, Орта жүздің арғын тайпасының қаракссек бұтағынан өрбіген. Мысалы, бұлбұлдан әйгілі ділмар-шешен Шаншар абыз, одан Келдібек би, одан Қаздауысты Қазыбек би, одан Бекболат би, одан Тіленші би, оның баласы Алшынбай би, Алшынбайдың сүт кенжесі, қара шаңырақтың иесі Бәпи, Бәпидің өзі алты ағайынды. Ағасы Қақабай және Шәпи, Қосық, Бипау, Жанығұл. Бәпи қақ-соқпен ісі жоқ, мейлінше момын, сыпайы, біртоға жан болған. Ол Мәдиді зарығыңқырап көрген. Алшынбай әулеті «атасының кенжесі» деп әспеттеп әлпештеген. Қыз-келіншектер «Еркежан», «Мырза жігіт» деп атаған. Әжесі Мәдиді бауырына салған, еркелетіп еркебұлан ғып өсірген. Өзгенің Мәдиге деген әй-шәйін айбынды әже құлағына ілмеген. Ән еркесі, ел серкесі аяулы әженің құдіретті алақанында еркіндіктің ауасымен, ұлттық сөз өнерінің жұпарымен тыныстаған. Ол — бабасы Қаздауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би, Сырым шешен, Бертіс би толғамдарын, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Абай әндерін, қаны бір қандасы Тәттімбеттің құйқылжыған нақышы мол, иірімі терең тәтті күйін, «Сарыжайлаудай» сәтті күйін, «Сылқылдақ», «Былқылдақ» сияқты сылқым да сырбаз бапты күйін елжірей тыңдап, көкірек балқып, көңілі толқып, сөйтіп, ұлт рухы сүйегіне, жүрегіне ұялап, сұңқарша түлеп өсті.

Сондай-ақ «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік—Кебек», «Қалқаман—Мамыр» тәрізді қисса-дастандарды жатқа заулатты.

Мәдидің алуан сарынды, нешеме қилы әуезді сырлы әншілік-композиторлық, импровизаторлық өнері Қоянды жәрмеңкесінде көкке өрлеп, Сарыарқа аспанын тербетіп, шығандап шарықтады. ...Қоянды жәрмеңкесінің іргетасы 1848 жылы қаланған. Жыл сайын 25 мамырдан 25 маусымға дейін Қоянды жерінде қазақ қауымы үшін мәнді, сауда айналымы үшін маңызды Қоянды немесе Ботов жәрмеңкесі жүйелі жұмыс істеген. Орыс көпесі Бо-

тов тұңғыш рет 1848 жылы қазақтардан мал сатып алып, оны еуропалық мүлік-заттармен айырбастайды. Сонымен Қоянды жәрмеңкесі Еуропа, Азия, Сібір, Батыс Қытай нәрселерін, бұйым-заттарын айырбастаудың орталығына айналды. Әу баста жылдық тауар айналымы 1,5 млн. болса, ХІХ ғ. аяғында 2 млн., ХХ ғ. басында 3 млн. жеткен. 1869 жылы Қоянды жәрмеңкесіне әкелінген мал саны жарты млн. құраған. Сауда орындарының саны — 200. Ұзын-ұзын төрт қатарға орналасқан. Ортасындағы 2 қатарда киім-кешек, шай т.б. қойылса, қос қанатында Орта Азия мен Қытай заттары жайғасып тізілген.

...«Байлық тастан қаттыға, боқтан сасыққа бітемін» деген қазақта бір мәтел бар. Жастайынан Мәди әкесі Бәпидің ағасы пышағы май үстінде жүрген азу тісі бақандай Қақабай болыстың қолында өссе де, оның құлша жүріп, малын бағатын, жұмсаса қаңбақша қалбалақтап, елпектеп жүгіретін шабарманы, қолжаулығы болғысы келмейді.

...Ешкімнің шынжырына да көнбейді, шуда жібін де үзбейді. Атақты «Қаракесек» әніндегі: «Сұрасаң руымды Қаракесек, Момынның обал дейді малын жесек» деген шыншыл лебізін адамгершілік-мейірбандық толғауы, ізгілік сабақтары десек те болады.

Қақабай болыспен, туыспен, сасық ірілікпен арадағы қайшылық, түсініксіздік мүлде асқынып, тереңдеп іс насырға шабады. Ұлтының ар-намысын жоғары ұстап, өз қауымының ақыл-аузы, арқан-қазығы болады.

Қанатты, шабытты, өнерлі Мәдидің болмысын жіті аңғарған күншілдік, қызғаншақтық бойын билеген ішіне пышақ айналмайтын бақай есептің адамы Қақабай атақонысынан мүлде алыстатқысы келеді. Сөйтіп оған: «Үйірлеп жылқы ұрлаған, болыстың қыстауын өртеген, бұрын қызмет адамын жер жастандырған, тіл тигізген, айналасына ниеті бұзық адамдарды топтастырған» деген айыптаулар тағып, әуелі Қарқаралы түрмесіне қаматтырады. Аяқтан шалушы арамзалар, сумаңдаған, жалмаң қаққан сұайттар Қарқаралының оязын Мәди білуші еді, алдаусыратып құтылып кетер деген қауіппен даланың генерал-губернаторына арыз жазып, жалқы туған жампоз ерді, Сарыарқаның сайраған тотысын Атбасар түрмесіне ауыстыртады. Аяғын кісендеп, қолын шынжырлап Мәдиді Атбасарға жаяу салпақтатып жеткізеді. Осындай қоршылықты, қиянатты, жауыздықты бастан кешірген Мәди өкпесінен сырқаттанған әрі ашыққан, ашынған ол:

*Атандым он жетімде Мәди батыр,
Ту ұстап, тұлпар мініп, тіктім шатыр.
Жігіттер, не болам деп ойламаңдар,
Сөйткен ер Атбасарда жалғыз жатыр...*

*Қақабай, әкем Бәпи бір туысқан,
Араз боп ақырында кек қуысқан.
Ауырып абақтыда жатқанымда
Артымнан келмеді іздеп бір туысқан.*

*Атбасар түрмесінде жыл жатамыз,
Көңілді құмалақпен жұбатамыз.
Таласып тар тесікке дыбыс шықса,
«Бар ма деп Қаракесек» тіл қатамыз.*



*Жатқаным темір қақпа, түрме — сарай,
Кебін де, кебенек те киген талай.
Жоқ екен елсіз жерде ердің құны,
Көз талды ергенектеп елге қарай.*

*Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досымнан дұшпаным көп қылған өсек.
Үстінде құс мамықтың жатушы едім,
Бұл күнде қу қарағай болды төсек, —*

деп жырлайды да шырқайды. Мәди әні шартарапқа шалқып, кең тарайды.

...Атбасар оязы адамның сырттаны Мәдиді қатаң бақылауға алды. Жолығуға сұранғандарды тәптіштеп тергейді, тексереді. Осынау күндерде Баянауылдан ойшыл, білімпаз, дала данасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Атбасар түрмесіне ат басын тірейді. Әдейі іздеп, дидарласуға, сәлемдесуге келген Мәшһүр Жүсіпті Мәдиге сөйлестіруге ояз рұқсат бермейді. Себебі, Торғай өңірінде Әмір Әбдіғапар мен Кейкі батыр бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тұтанған еді.

Қазақтың бұтақты мүйіз құлжасы Мәди мен әмбебап дарын Мәшһүр Жүсіп бірігіп, тұтас Сарыарқаны дауылдатып, дабылдатып жүрер деп сенгенеді.

Мәдиді көруден үмітін үзген Мәшһүр Жүсіп түрме маңына дастарқан жайып, адамдармен сөйлесіп, шүйіркелесіп, мұсылманшылығы мол бір жігітке Мәдиге жазған хатын табыс тайды. Сондағы Мәшһүр Жүсіптің сәлемі мынадай:


*Аман-сау жатырмысың, Мәди батыр,
Тұтқын боп бұл түрмеде әркім жатыр.
«Жуымас аққа пәле» деген сөз бар,
Қалас боп құтыларсың бір күн ақыр.*

*Жаңбырдай жауа берген көздің жасы,
Ат пенен не көрмейді ердің басы.
Шөп шулап, ағаш шулап сәлем айтты,
Он екі қазылықтың тау мен тасы.*

*Құмарым тарқамады көріп көзбен,
Білмеймін жүргеніңді қай түрлі ізбен.
Кіруге қайта-қайта қарауылышы,
Қарайды ұрсып-зекіп жаман көзбен.*

*Бекітіп талай ерді кісендеген,
Сонда да ажал келмей кісі өлмеген.
Басына бір кемшілік түскен кезде,
Рас деп шындығына бір сенбеген.*

*Жүргенде басы боста жігіттікпен,
Кісі көп баратұғын «мен сендікпін».
Жаныңда жүз бір достан бірі қалмас,
Түсер күн болған күнде бір кемдікпен.*



Ақсұңқар аспандағы түсер торға,
Өрлеген өнерпаздар жығылды орға.
Ес кетіп жан шыққанай іс болғанда,
Құтылып кейбіреулер шығар зорға.

Ниетің болу керек хаққа дұрыс,
Әркіммен жасай берме жанжал-ұрыс.
Зынданда жалғыз жатқан сен емессің,
Әртүрлі жақсылар бар қылған қоныс.

Бұл сөзді айтушы ағаң — Мәшһүр Жүсіп
Елдей боп қара басы жүрген көшіп.
Сөз зайыры қадіріне жетпеске айтқан,
Сен де бір алтын жүзік қалған түсіп.

«Бұл кісі ағам да емес, әкем де емес, менің қадірімді түсініп, алыстан, елімнен іздеп келген қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп» — депті Мәди.

Осы сөзді естіген Мәшһүр Жүсіп: «Ай, заман-ай, адамды заман билейді ғой! Ат жақсысы кермеде, ер жақсысы түрмеде болған заман ғой!» — деген екен.

Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген тулайды қайшылықта —

деп Мұқағали айтқандай, сөз асылы, ой асылы Мәдидің түрме қапасында көктен саулаған нұрдай буырқанып туған ән өлеңдерінде меруерттей мөлдіреп тұнып тұр. Қудан ұшқыр, құладынан жүйрік нәзік жанды ақын өзінің «Үшқарасында» былайша төгілте жырлайды:

Арғы атам — әулие өткен ер Қазыбек,
Бекболат оның ұлы болыпты бек.
Тіленші — одан туған абзал шері,
Қарадан хан боп өткен бәрі асыл тек.

Атамыз одан кейін Алшынбайды.
Жағасы өткел бермес терең сайды.
Атағың Алатаудай бабаларым,
Көрдің бе, ғарып болған біздің жайды.

Сұрасаң Мәди еді менің атым.
Кем емес адамнан салтанатым,
Кешегің Бауыр-Бошан ортасында,
Біреуден кем тумаған менің затым.

Қақабай, Бәпи еді бір туысқан,
Аянбай өле-өлгенше кек қуысқан.
Ақымақтық, надандықтың бәрін тастар.
Болмады жанашырлық бір туысқан.



Үшқара басын биік мұнар шалған,
Сымпып өте шықты мына жалған.
Тар есік, тар босаға жаман екен,
Ер едім ел ішінде сайран салған.

Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жақсы-жаман толады екен.
Ішіне абақтының кіріп барсаң,
Көңілің су сепкендей болады екен.

Сүйендім абақтының шарбағына.
Сиындым атам Қазыбек аруағына
Бір кезде қаршығадай қалықтаушы ем,
Бұл күнде мен дұшпанның қармағында!

Бауырынан Едірейдің тұн қатамын,
Шылбырын Бозшұбардың шұбатамын.
Алыстан іздеп келген ағайынға,
Тесіктен алқандай тіл қатамын...

«Әр сөзі сай сүйекті сырқыратады, әр сөзінде куат, салмақ, уыт, зіл, мейірім нұры бар» (Илья Жақанов).

...Иіні келгенде айта кеткен жөн болар, ағасы Қақабаймен арадағы араздықтың басталуының бірнеше себебі бар сияқты. Біріншісі, Мәдидің сүйген қызын алдырмайды. Екіншісі, бір қыз дауында Мәдидің билік-кесімі, төрелік айту мәдениеті басым түседі де, Қақабай жеңіліс табады. «Қап, бәлем, көгерген көкбет, көрсетермін көрешек» дейді. Үшіншісі, Қақабай түйелерінің бірі — ақ бура Мәдиді қуып, содан Мәди бір таспен бураның басына сарт еткізеді. Сол бір мезетте бура есеңгіреп, қансырап өледі. (Илья Жақанов. Аққулар қонған айдын көл. Алматы, 1988, 169 —171 беттер).

2004 жылдың тамызында Баянауыл жерінде болғанымда Рамазан Нұрғалиев деген азамат Мәшһүр Жүсіп пен Мәди туралы қызықты әңгімелер шерткенді. Мәшекең туған әулиелі Қызылтаудан Мәдидің Үшқарасына мәшинемен сүт пісірім уақытқа жетесің. Әсіресе, Қызылайғыр әңгімесі қайран қалдырды. Ол былай: Өте сақ, есті, тұлғалы Қызылайғыр үйірін қызғыштай қорғайды. Сол үйірден жылқы аламын дегендерді шайнап тастайды, немесе ат үстінен бөрікше лақтырады, әйтеуір әлек-шәлегін шығарады. Өзі жүрген өңірде басқаның аяғын қия бастырмайды. Қызылайғырдың жойқын мінезін естіген Мәди мұны жетектеп әкелемін деп көзге түспей жорта ұрланып барады. Қызылайғыр түп-тура Мәдиге қарсы барысша атылады, сол бір заматта Мәди қақ маңдайдан қамшымен тіліп түседі. Қызылайғыр шоқиып отырып қалады. Мәди жетекке алып, аулына әкеліп, қорасына енгізеді. Бірер күннен кейін бір топ қуғыншы жетеді.

— Көргендер бар. Қызылайғыр осы ауылда. Бұл өзі адам баласына көнетін, жетектегенге еретін айғыр емес еді. Және сенің қораңа келіпті. Бір үйір жылқы сыйлаймыз, дейді олар. Оның үстіне бәрі аң-таң. Бастарын шайқайды. Қызылайғырдың тағдырына, қолды болғанына өкінеді.

Мәди қорадан екі ақбоз атын шығарып көрсетеді. Мінеки, екеуі де мінілмеген. Тоқ қалпында. (Негізінде, Мәди төрт Ақбоз ат ұстаған. Ел екеу деп ойлайды екен).



Қуғыншылар амалсыздан жүріп кетеді. Алайда көп ұзамай қайтып оралады.

— Жоқ, мүмкін емес. Сенің қораңа келгені анық. Уәдемізде тұрамыз. Бір үйір жылқы саған, — деп қиыла тіл қатады.

Өнерін асырған Мәди қорадан Қызылайғырды шығарып береді.

Көздері атыздай болған, жүректері аттай тулаған қуғыншылар Мәдиге: — Қызылайғырды да, бір үйір жылқыны да саған байладық. Айлаң да, қайратың да, құдіретті қасиетің де мол ер екенсің! — дейді.

— Жоқ, болмайды! Жылқы баққан елдің баласымыз ғой. Өзімді-өзім сынадым — деп Мәди сөзін доғарады.

Қақабай мен Теміржан әулеті, Майтан Тұранов, Сыланбек Малаевтар халық перзенті Мәдиге қаскөйлік ұйымдастырумен бірге, оның ең аяулы досы Мұстақым Малдыбаевтың үстінен нақақтан арыз ұйымдастырып, мал-мүлкін тәркілеп, Қарқаралы түрмесіне отырғызады. Олардың парақорлығы, көргенсіздігі, мансапқорлығы, айлакерлігі жөнінде Мәди Семей губерниялық атқару комитетіне мәлімдейді.

— Менің губисполкомға жазған арызымды сонда бір орыс оқып отыр екен, өзім қауіптеніп шықтым, — дейді жолдастарына Мәди. — Колчак заманында Едірейдің ескі болысы Теміржанов мені үкіметке қарсы көрсетіп, неше айлар абақтыда жаттым. Енді мына үкімет заманында Малаевты қырғып соңымнан салып мынадай қорқынышты халде жүрмін.

Бұл — оққа ұшардан бір күн бұрынғы сөз еді.

1921 жылдың ақпан айының 1 күні Мәди төрт жолдасымен бірге 2-ші аудандық халық сотынан абақтыдағылармен амандасуға рұқсат қағаз алып, түрмеге барады. Түрме бастығы Мәдилерді ішке кіргізбей, қолына винтовка алып жолатпайды. Мылтықтың дүмімен Мәдиді үш дүркін соғып та жібереді. Мәдиді ұстап, түрменің оғар бастығы аткомға алып барады. Милиция бастығы:

— Жасанов қайда? — деп үш рет сұраған. Дереу Мәдиді тұтқындайды. Осы уақытта уездік атқару комитетінен жұмыстан қайтқан айыптыларды түрмеге қарай бастап, бір қазақ милиция жүре бастайды және олармен бірге бірсыпыра қазақтар да осы көшемен кетіп бара жатады. Атқару комитетінің төрағасы көшеге жүгіріп шығып, айыптыларды басқа көшеге ығыстырып жібереді. Бір топ қазақтарды қулықпен шақырып, кеңсеге қамап ұстайды. Ал Мәдиді Жасановпен бірге бөлек көшемен жібереді. Түрмеге таяп қалғанда, Жасанов алдындағы Мәдиді атып өлтіреді. Қанішер Жасановтың оғы қарақұстан тиіп, маңдайынан шығып кеткен! Бұл қанды оқиғаны бірнеше қазақтар көріп тұрған.

Бұл деректерді «Қазақ тілі» газетінің 1921 жыл 9 наурыз күнгі 123 нөмірінде жарық көрген «Мәдидің өлімі» дейтін мақаладан келтірдік.

...Мәдидің «Қаракесек», «Үшқара», «Мәди» сынды тағдырлы әндерін 1975 жылы Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің үйінде асқақ әнші Жүсіпбек Елебековтың өз аузынан тыңдағанмын. Сол бір мәжілісте ұлт зиялылары Әлкей Марғұлан, Бауыржан Момышұлы, Шапық Шөкин, Өмірбек Жолдасбеков, Ісмет Кеңесбаев, Ғайниден Мұсабаев, Әди Шәріпов, Шерхан Мұртаза сынды ардақтылар болған-ды. Жүсекеңнің бөрі басты таяғын, киімін, мұбарак қолын ұстағанның өзі бір ғанибет.

1912 жыл. Қоянды тауы. Әйгілі Жақыпбек әнші Жүсіпбекті Мәдиге таныстырады. Сонда атақты әнші-ақын Мәди Жақыпбекке:



— Баулып жүр едім де, қыран қанаты қатпаған балапанын қиядағыға бау-
лиды. Тек өзіңдей биікке самғайтын болсын, — деді де, маған қарап:

— Кішкентай інішегім, мені байлар, бектер жек көргенімен, қарапайым ел
қадір тұтады. Ендеше, менің де бойымда бір қасиеттің болғаны да. Мә, мына
ақшаға көйлек алып ки, менен тәбәрік болсын деп, менің қолыма бір бөлек
қағаз ұстатып, өзі тез басып шығып кетті» (Елебекова Х. Ән — аманат. Ал-
маты, «Өнер», 1989, 22-бет).

Мәдидің ақындық зердесін, көркемдік ойлау мәдениетін, философиялық
ой-сарындар жүйесін мына бір құрыштан құйылғандай шумақтардан көруге
болады. Мәселен:

*Жігіттер, дөңгелей бер, мыс теңгеше,
Жақсының жамандардан көңілі өзгеше.
Дос та дос, бар күнінде дұшпан да дос,
Қарасқан жоқ күнінде дос өзгеше.*

Немесе:

*Жаза гөр, топырақты елден, Алла,
Тілегін заріптердің берген, Алла.
Құлыңа екі жаза бере көрме,
Кеше гөр, қылдым тәубе-тәубе-тәубе!*

188

1935 жылы шілде айында Қалибек Қуанышбаев пен Жүсіпбек Елебеков
Семейден Қарқаралыға келе жатады. Сонда мұнарланған Қарқаралы тауына
елжірей қарап, тұла бойы балбырап, алпыс екі тамыры солқылдап Жүсекең
«Қарқаралы» әнін шырқайды-ау! ...Композитор-әншінің «Қаракесегі» «Ер
Тарғын», «Мәди» мен «Шіркін-ай», «Қыз Жібек» операларында орында-
лады.

«Мәдидің мәңгі жасар өлмес әні» деп өзі айтқандай, толқын атқан,
сыңғыр қаққан, айбыны мен айдыны асқан рухы биік асқақ әндері, дария
шабыттан туған тағдырлы жырлары, жүрек сырлары, әлеуметтік әділеттік
жолындағы қаһармандық іс-қимылдары үшінші мыңжылдықтың төрінде,
ұлтының көркем ой-санасында жасай бермекші!

Серік НЕГИМОВ

Дереккөз: Негимов С. Қазақтың сал-серілері. — Алматы, 2005

АҒАШАЯҚТАР

Энциклопедия деректеріне сүйенсек, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қазақ даласынан ірі-ірі сауда орталықтары ашыла бастапты. Олар көшпенділердің өндіріс заттарына деген қажетін өтеумен бірге спорттың, цирк ойындарының жаңаша үлгілерін әкелген. Соның біреуі — екі бақанға мініп жүрушілік. Бұл жүріс құралдарын орыстар «ходули» десе, қазақ ортасы «ағашаяқтар» атандырған.

Қазақ елінде біз білетін «ағашаяқ» саны — үшеу. Біреуі — тобықтының көкше табынан шыққан Көпенұлы Берікбол. Оның өмірі мен өнерпаздығы жайында Қазақ энциклопедиясының бірінші томында (101-бет) бірсыпыра баяндалады. Ол композиторлықты, цирк ойындағын әрі спортты бір бойына жинақтаған сегіз қырлы, бір сырлы таланттың өзі. Қазан революциясынан бұрынырақта Архат бекетінде Берікболмен кездесіп, өнерін тамашалаған әйгілі жырау Сүбебек Нұрбаевты тыңдап көрейік.

— «Ағашаяқ», — дейтін еді Сүбекең, — алқа-қотан жиын алдында алуан түрлі қимыл жасады. Біресе аяқ-қолдарымен дөңгелене шеңбер жасап, төрт тағандап, арба доңғалағының кегейінше (шабағынша) айналады; біресе бас терісін қимылдату арқылы тақиясын төбесінде ойнатады; біресе төрт түлік малдың даусына салып үнін құбылтады. Біздің көзімізше лақ болып маңырағанда қорада қалған ақсақ ешкі еміреніп жетіп келді. Ән салғанда төрден есікке, есіктен төрге жорғалап, тыным таппайды. Әсіресе, қыз-келіншектердің бәдендісін, сымбаттысын көрсе құтырып кетеді. Жастарының үлкен-кішілігіне қарамастан әрқайсысын «Тәте» деп еркелете атап, алдарына жетіп барады. Бір көзіне аздап ақ түскен, жұқалтаң сары еді, шоқша сақалдылау болатын.

Сүбекең қазір арамызда жоқ. «Өлген аруақты куәге тартты» деп біреу сенер, біреу сенбес. Ендеше көзі тірі куәгер, бүгінде Аягөзде тұратын, жасы 80-нен асқан шежіреші Қабділахмет Шәкіровті сөйлетейік.

— Мөлшері — 1925 жылдың күз айы. Жаңа Семейде Әбілмәжін балуанның (кәдімгі Майраны алатын) үйінде қонып жатқанбыз. Бір уақытта қолында жасыл сырнайы (гармонь) бар Берікбол келді. Үйдің иесі ойын көрсетсін деп әдейі шақыртыпты. Келісімен сырнайын оңды-солды құлаштай созып, әуелі татарша әндерді құйқылжытты. Одан соң орысша желдірмеге (частушки) басты. Одан соң қазақшаға ауысты. «Ағашаяқ» әнінің қайырмасын кәдімгідей жылап бітірді. Кенет шалқасынан, сұлқ түсіп жатыр. Әуелінде жай жатқан шығар, шаршаған шығар деп ойлағанбыз. Жоқ, олай емес. Кәдімгідей өңі қуарып, көзі аларып танауы қимылсыз. Алған демі білінбейді. Қолының сырты мұздай бастаған. Шын састық. «Ойбай! Дәрігер шақырыңдар!» деп әбігерленбейік пе. Әбілмәжін мұның сырын бұрыннан біледі екен. «Жарайды. Енді тіріл» деуі мұң екен, Берікболымыз жайраң қағып ұшып түрегелді.

Берікболдың дәл қай жасында бақанға мініп жүруді үйренгені туралы қолымызда нақтылы мәлімет жоқ. Жалғыз-ақ осы ғасырдың бас шенінде



найман ішіндегі Ақшабай байдың ауылына құдалыққа барып, екі бақанмен би билеп өнер көрсеткені кәріқұлақты адамдардың әлі есінде. Тойда бәстесіп, қатарынан шөгерілген алты түйенің үстінен қос бақанмен аттапты. Алайда, ең шеткі түйе әлденеден үркіп, қозғалақтап тұруға айналыпты. Берікбол соның үстінен ауып түсіп, бір аяғын сындырып алған деседі білетіндер. Берікбол сол сынықтан бір жылдай төсек тартып жатыпты. «Алла-ау, аяғым-ау» дейтін әнін сонда шығарған көрінеді.

Егер Берікбол біздің тұсымызға тірі жетсе, концерті мен ойынына көрермендер тайлы-тұяғы қалмай баратыны анық. Бір ауылдан келесі ауылға өтіне, қиылып шақыртатын өнерпаздың өзі болар еді. Амал не. 1930 жылы 60 жастан сәл асыңқырағанда Аягөзде дүние салған. Денесі ескі қалың зираттың ішіне жерленіпті. Қабыры белгісіз. Басына еш белгі тұрғызылмаған.

1961 жылдың қысы. Онда мен «Балдырған» журналында істеп жүрген кезім. Белгілі жазушы Бердібек Соқпақбаев та сонда істейтін. Халық әні делініп жүрген «Ағашаяқ» әнінің шын авторы кім екені туралы бір күні әңгіме таласы өрбіді. Мен өзім білетін Көпенұлы Берікболды айттым.

— Апырау, ол әнді шығаратын «Ағашаяқ» біздің жақтан шықты деуші еді ғой, — деді Бердібек әңгімеге араласып, Бердібектің Алматы облысы Нарынқол ауданының азаматы екенін білетінмін.

Арада жылдар өтті. Ауылымыздағы кітапханадан ғалым әйел Б.Р. Қазыханованың «Эстетическая культура казахского народа» дейтін кітабын ұшыраттым. Соның 58 — 59 беттерінде ескіше Ұлы жүздің албан руынан өткен ғасырда шыққан Рахымберді есімді «Ағашаяқ» туралы жазылыпты. Кітап авторы бұл мақаласында «Музыка и жизнь» журналының 1960 жылғы үшінші санына сілтеме жасайды. Аталмыш журналда орысша былай делінген: «Известен замечательный народный комик XIX века Рахимберди по прозвищу «Агашаяк» (Деревянная нога). Міне, қайда нағыз талант! Сонау жылғы Бердібектің айтқанының бекер емес екенін сонда бір-ақ білдім. Өкінішке орай осындай таланттың есімі Қазақ энциклопедиясына кірмей қалыпты. Өмір дерегі бүгінгі ұрпаққа мүлде беймәлім.

Үшінші «Ағашаяқ» — Назар Жүндібайұлы бұлардың екеуінен де бұрынырақта өмір сүрген. Найманның матай руынан шыққан. Бүгінгі Шар ауданының (Семей облысы) «Шалабай» асыл тұқымды мал зауыты орналасқан жерде туып-өскен. Зираты да сонда.

Назардың нағашысы Тобықтының көкше деген атасынан. Назар 15 жасқа толғанша сол нағашысының (аты-жөнін анықтай алмадық) қолында тәрбиеленіпті. Өскенбайдың асына қатысқанда 29 жаста екен. Ал Өскенбай асын әдебиет зерттеушілері 1850 жылы берілген десіп жүр. Осы мерзімге табан тіресек, Назар 1821 жылы дүниеге келген болып табылады. Дүниеден қайтқан жылын былайша мөлшерледік: бүкіл Ертіс өңіріне әйгілі дарынды дәрігер Дүйсенбі Қалматаев 20 жасында, яғни, 1880 жылы Омбының екі жылдық фельдшерлер даярлайтын училищесін бітіріп қайтқан. Жолшыбай Делбегетей тауындағы Назардың қыстауына соғып, орта жастағы онымен көп әңгімелеседі. Бір кездегі серінің, әрі жортуылшы батырдың айтқандарын күнделік дәптеріне мұқият жазып алады. Оның ішінде Назардың өмірбаяны, жасаған ерліктері, қай жасында «Ағашаяқ» атанғаны түгел қамтылса керек. Амал не, осындай аса бағалы қолжазба мұра, басқадай дәрігерлік архивімен қоса өртеніп кетіпті. Бұл соғыстың алдындағы жылдары болған оқиға. Сөйтіп, «Ағашаяқтың» қашан дүние салғаны анықталмай кетті. Алайда,

Білал Тәшеков, Күндебай Қалиев секілді ескікөз жерлестерінің айтуынша, Назар 90-нан аса қайтыс болған көрінеді. Соған қарап, біз «Ағашаяқ» 1911 жылдары өмірден кеткен болар деп топшылаймыз.

Енді Назар Жүндібайұлының қалайша «Ағашаяқ» атанғанына тоқталайық. Семейден жетпіс шақырымдай батысқа таман Карпов ка селосы бар. Ерте кезде бұл жас жігіт Назар сол жәрмеңкеден аяқ тірейтін кертпештері, қолтыққа басатын көлденең жақтаулары бар құрастырмалы екі бақанды сатып алады да ауыл адамдарынан жасырын тау ішіне барып жаттығады.

...Сол жылдың қоңыр күзінде Назар бір шаруамен Семейге жол тартыпты. Қайтар бетте қоналқыға Делбегетей тауындағы бір байдың үйіне ат тұмсығын тіреді. Үй иесі өте қарау адам болса керек. Жұпыны киімді жолаушыны менсінбей жыландай жиырылады. Тошаласында ет самсап тұр. Ал, қонағына бергені қатығы бал-бұл татитын қара көже. Қатты назаланған Назар ас қайырғанда былай бата берген:

*Көже келді көлкілдеп,
Бетіне суы мөлтілдеп.
Күздің желі өтімді,
Осы көже болмаса,
Өліп едім селкілдеп.
Көже шыққан орыстан
Аумайды батпақ, қорыстан.
Қара көже берген осы үйге,
Жау шапса да болыспан,
Осы ауылда кім аш?
Осынау үй аш.
Мына кемпір өлгенде,
Басына сайғақ орнына
Итсигек (тікенекті бұта) шаныш.*

Мұны естіген кемпір бұлқан-талқан ашуланып, қонақты үйінен қуған да шыққан. Ызаға булыққан Назар түн ішінде аттанып кете барған. Кегі ішінде кеткен.

Арада бірер апта өтіпті. Алғашқы қарашаның қары жауыпты. Назардың аулына алыстағы Қалба өңірінен келген Қайранбай қажы (жазушы Әди Шәріповтің ұлы атасы) қонақ болады. Жүзіктің көзінен өткендей жылпос Назар қонақтарға қызмет етісіп, қой сойысады, ет турасады. Домбырамен біраз ән салып, көңілдерін көтереді. Сөйтіп түн ортасы ауа үйіне қайтқан.

Ертеңіне түске таман бір топ адам ауылға сап ете түспесі бар ма. Бастап келген Делбегетей тауындағы әнеугүнгі сараң бай. Аман-саулықтан соң тікелей келген шаруаларына көшкен. Түнде байдың тошаласы жарылыпты. Кеше ғана сойған семіз тайыншаның етін түп көтере біреу алып кеткен. Не жаяудың, не аттының ізіне ұқсамайтын қар үстіндегі белгісіз түртіктер осы ауылға бастап әкеліпті. «Күдікті адамымыз Назар» дейді бай бірден дауға кірісіп.

Екі жақ ақырында Қайранбай қажыға жүгінбей ме.

Сонда Қажы:

— Екі ауылдың арасы 15 шақырым екен. Барған, келгені — отыз шақырым. Аттың ізі жоқ дейсіңдер. Назардың түн ортасы ауа, бізді жатқызып үйіне



қайтқанына мен куә. Сонда Назар сонша жерге таң атқанша, құс болып ұшып барып келген бе? Бұрынғысын қайдам, дәл осы жолы Назардың ақ та адал екеніне жанымды беремін.

Қажы осыны айтып Алланың атымен ант ету үшін Құран кітабына қол соза бергенде... кенет:

— Қажеке, Құранды кеудеңізге соқпаңызшы! Алғаным рас еді, — деп салғаны Назардың. Қуғыншылар да, ауыл адамдары да аңтарылып қалған. Назар сол жерде екі бақанын алдырып, оған қалай мінгенін, қалай аршындай жүргенін, тайыншаның етін екі қанар қапқа тең бөліп, қалай арқасына таңғанын іс жүзінде көрсетеді. Тайыншаның ішек-қарынсыз, бас, сирақсыз таза сұрпы етін 100 килограмм деп мөлшерлейік. Соны екі бақан арқылы 15 шақырымға бірер сағатта жеткізген Назар Жүндібайұлының қайратына, тапқырлығына, жүректілігіне қалай сүйсінбеске.

Көзі көргендер Назардың түр-тұлғасын былай сипаттайды: ұзын бойлы, шағыр көзді, жарқабақтылау келген сары кісі. Камзолының жағасына алуан түсті маталардың ұзынша қиықтарын жіппен ілгізіп қояды. Жай жүргенде сол желбіректер арқасына төгіліп, ат үстінде жел кеулегендіктен кәдімгі ленталарша созылады. Басына құс қауырсыны тәжі киген бейне үндістердің көсемі секілді болса керек. Үстіне де қызылды-жасылдыны аралас киеді. Және бір қызығы сол, ұзын киімді ішінен, қысқа киімді оның сыртынан киетін. Жазда тыныстай қалған жерінде жерден шөп жұлып алып, соны тізесіне салып ширатып отыруды әдет еткен. Дәл осындай қалпында Ертіс бойын аралаған орыс саяхатшыларының біреуі серінің суретін салып алып кетсе керек. Меккеге қажылыққа бара жатқанда Томск қаласының бір жерінен «Ағашаяқты» суретін көріпті, деген әңгіме бар ел ішінде. Құрметті спортты сүйер қауым, ата-бабалардың осы дәстүрін жалғастырып, ауылды жерде «Ағашаяқтар» үйірмесін ашса қайтер еді. Ұлттық спортымыздың жаңалығы болып енгізілмес пе еді? Жүру құралдарын қалай жасау жолдары мен есебін жазып, суретін салып, «Спорт» газеті арқылы насихаттауға да болады ғой.

КЕНІШБАЙ ЖҰБАНДЫҚҰЛЫ

Орталық Қазақстан, атап айтқанда, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы жерінде жыр туын желбіреткен жүйріктердің бірі — Кенішбай Жұбандықұлы (1885 — 1956). Ол — төкпе ақын, айтулы шешен, асқан жыршы, әнгімеші, домбырашы болған. Жастайынан өткір, ширақ, ізденімпаз, зейінді болып өскен. Он бес жасынан бастап өнерге, өлеңге өмірін арнаған.

Жасөспірім шағында Жетісу еліне келеді. Ән мен жыры толқыған, өнері өркендеген осынау өлкеде Кенішбай байдың өгізін айдап, егінін салып жүріп, Раи қызы Ақбаламен, Таубай қызы Ажарбикемен айтысады. Бұл кезде ақын небәрі он сегіз жаста екен. Қарадөнбай Назардың асында азулы ақын Бақтыбайдың қызы Айсамен сілкілеседі. Сондай-ақ, Дулат руының ақыны Әпежеппен және Мақпал, Барқыт деген қыздармен қақтығысады. Әсіресе, қаңлы елінің қызы Мақтамен жекпе-жекте бір-бірін жеңе алмай, ең соңында қыз тоғыз ауыз жұмбақ айтып, Кенішбайды сүріндірмекші болады. Кенішбай бұған да мүдірмейді. Жалпы алғанда, осы елде кез келген қыз сауыққой, әнші, әрі ақын екенін осыдан-ақ көруге болады.

Бірде Жалайыр ішіндегі андас еліндегі Бек баласы Ыбырай болыстың шаңырағында ән шырқап, жыр толғайды. Бір мезетте ақынның өнеріне разы болып, жаны жадырай, көңілі қанағаттанған Ыбырай болыс: «Мына бала Бақтыбай ақыннан бата алса нағыз дүлдүл ақын шығайын деп тұр екен», — дейді. Осы сәтте албырт ақын:

*Не болад Бақтыбайдан бата алғанмен,
Үйреніп одан өлең жат алғанмен.
Болмаса өз жанымда жырға іңкәрлік,
Біреуден күн көрем бе от алғанмен? —*

деп, бір шумақ өлең айтып салады.


— Фатихасын ал деп едім, қиғаш жауап қайтардың ғой. Олай болса, ширақ, Бақаңмен айтысасың ба? — дейді Ыбырай.

Сонда Кенішбай:

*Әкеліңіз, айтыстан мен таймалы,
Неде болса сынаын тіл-найзаны.
Бақтыбайды пір тұтып табынғаннан,
Бойға біткен бірауыз сөз пайдалы, -*

деп ұтқырлық пен тапқырлық танытады.

Ақырында Ыбырай Бақтыбайға кісі жұмсайды. Бір уақытта тыста біреудің:



*Алты кісі келеді домбыралы,
Екі ақынды ауылға қондырады.
Аты шулы Үш жүзге дүр Бақтыбай
Бұл баланы қалай да оңдырады, —*

деген сөзі естіледі.

Іле-шала ел шетіне келіп қалған адуынды, құйынды ақын Бақтыбайдың күндей күркіреген ащы дауысы шығады:

*Ауылдан өлең айтқан бала бар ма,
Андаста Ыбырайға тең дана бар ма?
Айтысам деп айтыпты бала байғұс,
Шіркінде жалғыз шайнам сана бар ма? —*

дей бергенде, Кенішбай сөз бұлағын ағытып тасқындатады:

*Бұл үйде бала болса, не қыласыз,
Мен — мейман, аяғыма жығыласыз.
Бүркіттің жасөспірім қыранымын,
Байқаңыз, шеңгелімде сығыласыз.
Мен — болат көк темірді тесіп өткен,
Саспаңыз кісідей-ақ есі кеткен.
Болсаң да бұрын ақын, ей, Бақтыбай,
Балаға байқап сөйле, арттан жеткен.*

Баба қыран мен бала қыран сөз майданында аянбай шайқасады. Бақтыбай Ыбырай болысты, оның балықтың сүйегіне қақалып дүниеден көшкен арғы атасы Балпықты дәріптейді. Осы тұста Кенішбай:

*Жақсы ақын өлең сатып ат алар ма,
Шындықты өтірікке сата алар ма?
Сіз мақтаған Балпықты мен де естіп ем,
Қомағай болмаса, балыққа қақалар ма, —*

дейді.


— Дәм-тұзым атқыр, төрімде отырып, ата-тегіме тіл тигіздің, — деп Ыбырай Кенішбайды сабамақшы болады. Сонда әйелі Зылиха:

— Ақын айтыс үстінде не айтпайды, үйге келген мейманды болыс деген атыңмен тоқандап сабауың өзіңе ұят емес пе? — деп тоқтатады.

Бір жыл өткен соң Кенішбай Бақтыбаймен тағы кездеседі. Ол Кенішбайдың мұсылмандық ережелер кітабын қолына ұстап оқып үйренбегенін, шорқақ екенін сезіп қойып сүріндіреді. Осыдан бас тап Кенішбай арабша оқып, шарифатты түсінетін дәрежеге жеткен.

Кенішбай Тазабек, Файша, Нақбала және Қоянды жәрмеңкесінде Соқыр Ажар, Қақпан, Жанатбай сынды ақындармен айтысқан.

*Өлеңді тауға да айттым, тасқа да айттым,
Ер-әйел, кәрі менен жасқа да айттым.
Ақ орда алпыс басты ақ үй менен
Кішкене қара лашық қосқа да айттым*



*Малшыны өлеңменен тебірентіп,
Санасыз сөз танымас насқа да айттым
Қадірлес жекжат пенен сүйек шатыс,
Ардақты құда менен досқа да. айттым
«Ал, ал» деп алтынымды өткізе алмай,
Көп жерде асыл сөзді босқа да айттым, —*

деген жыр жолдарында ақынның шынайы бейнесі суреттелген. ...Кенішбай Жұбандықұлы 1927 жылы Балқаш қаласында Қазан төңкерісінің он жылдығына орай ағыл-тегіл жыр төккен. 1944 жылы Қоңырат, Шет аудандары ақындарының айтысы өтті. Мұнда ол Жәкен Байтуовпен сөз сынасты.

Кенішбай ақындық өмірбаянында жеке өмірінің суреттері де бедерленген. Оның алты ұлы мен алты қызы болған. Барлығы да дүниеден ерте өткен. Осынау зарлы, мұңлы күндер жайында Кенішбай былайша сыр тербейді екен:

«Жайдарлы жаздай жарқ-жүрқ етіп жігіттік өтті, қаһарлы қыстай қабағын түйіп кәрілік келе жатты. Жігіттік жайлауынан қанаты сынған қаздай болып қалыппын. Соңыма ерген балапан жоқ. Жиделібайсыңға жете алмай, жолда қондым. Еңіреген ел, бүрсең қаққан тіршілік. Қазан желі соққан қауындай көңілімнің гүлі солды. Кеудем қайғыға толды».

Кеншекең Арқаның атақты ақындары Шөже, Кемпірбай айтыстарын жатқа айтқан. 60—70 қисса-дастандарды білген. 200-ден астам сұлу суретті, терең мағыналы халық жұмбақтарын жадында ұстаған. Өзі мынадай жұмбақтар шығарған:

*Бір нәрсе сөйлей береді сөйле десе,
Сөйлемейтін сөз болмас әлденеше.
Етін кесіп аламын сөйлемесе,
Етінен ет кесіп алғаннан соң,
(Қарындаш)
Арқада қасиетті киік бақтым,
Беліне екі жерден, арқан тақтым.
Екі ұры ол киікті ұрлай ма деп,
Дөң астына апарып қазық қақтым.
(Домбыраның шегі)*

«Он бесте өнер бітіп жұтынғанмын» деп Кеншекеңнің өзі айтқандай өмірінің бел-белестерін былайша кестелейді:

*Отызда әр өнерді пайдаланып,
Дүниені кен тасындай опырғанмын.
Қырықта қырып жүрген қырандай-ақ,
Дүниені қызыл судай сапырамын.
Қырық бесте қайрат, ақыл бірдей толып,
Дүшпанды қарсы келген жапырғанмын.
Елуде өзен-судай өнер тасып,
Асылға өн бойымды толтырғанмын.
Алпыста алдырмайтын алтайыдай,
Ілестірмей сан тұлпарды қалдырғанмын.*



Немесе ақын елі мен жерінің жұлдыздай жарқырап туған жандарын жырға қосып тебіренеді. Мәселен:

*Халыққа үлгі шашқан ағам Абай,
Мен де ақын, жыр дегенің қалың тоғай.
Жасымнан жер таныған тарлан бозбын,
Жеңе алмас бәсекеде ешкім оңай.
Аталас өз жақыным бұл — Шашубай,
Қарқыны мұның да жүр бір басылмай.
Манарбек, Күләш пенен біздің бала,
Әнімен балқытады қорғасындай.
Көргенде ұлы тойды қызып кетіп,
Тоғайдың әуілдеймін жолбарысындай.*

Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында Қазақ Кеңес энциклопедиясының 5-томында және «Ақын-жыраулар» атты библиографиялық (1979) көрсеткіште жазылды.

Судырлап ғасырлар, бұлдырлап замандар өтсе де ақын жыры еш уақытта ескірмейді. Ендеше, Кенішбай жырының қанаты талмайды.

Серік НЕГИМОВ

КӨДЭК БАЙШЫҒАНҒАҒЫ

Қиы заманның қиындығына иімей, артына қырау жыр-мұра қалдырған арқалы ақынның бірі — Көдек Байшығанұлы. Ол 1888 жылы қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданы Шлакөде жайлауында дүниеге келген. Көдектің кішкене кезінде анасы қайтыс болады да, атасы Маралабайдың баурында өседі. Әкесі Байшыған мен атасы Маралабай — екеуі де қағытта-қажыға ұста, сөзге шешен адамдар боыпты. Байшыған өз кезінде айттыс ақыны ретінде таныма болған көрінеді. Көдектің ақын боып қалыптасуына әкесінің де әсері аз болмаса керек.

Шлағын ғана шаруасы бар Маралабай атасының тербиесінде өскен Көдек жасынан зейінді-зерек боып, өз бетімен хат таниды.

— *Әлнбуді ежікпен танып алдым,
Бірте-бірте шималап қанығармын, —*

деген жолдар ақынның қалай хат танығанын аңғартса керек. Хавық әдебиетінің нері қунарын бойына сіңіріп, тамыршыдай тап басып, тауып сөйлейтін өнерді ортада өскен Көдек сиқыры сөздің сырғына ерте қаныққан. Қиыннан қиыстыра білуге машықтанған.

— *Он үшке он екіден адымдалдым,
Атымды өзім ертпен жабындадым.
Той болған тамашалы жерге барып,
Өленге сол кезімнен азындадым [1, 209 б.] —*

деген сөзі осыған дәлел.

Он екі-он үш жаста ақын ретінде таныма бола бастаған Көдек бұрыннан келе жатқан импровизаторлық дәстүрді жауғастырып өенді қома-қола суырыпсаып ауызша да айтқан, жазып та шығарған.

Көдек 1918 жылы әскер қатарына алынады. Хиуа, Бұхар хандықтарына қарсы азамат соғысына қатысып, 1920 жылы денсаулығына байланысты елге оралады. 1921 — 1923 жылдары облыстық атқару комитетіне қарасты ерікті хавық жасақшыларының бастығы бола, 1923 жылдан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Сүмбе ауылдық кеңесінің төрағасы боып істейді. Ақын жиырмаасыншы жылдары іске аса бастаған ұжымға біріктіру, аяқатты адамдарды тәркілеу кезіндегі шонақ бесенділердің асыра сілтеген іс-әрекетін сынаған өенділері үшін қуғынға ұшырайды. Бұла аздан, бір жағынан, алапат аптық қысады. Осы сияқты нәубеттерге төзе алмаған хавық бас сауғалап Қытай еліне ауады. 1916 жылы Ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Қытайға өтіп, бір жылдан кейін ғана келген Көдек осы қатардағы елмен бірге 1930 жылы атақонысынан еріксіз ауады. Оны замана зардабы шетелде шерменде тірлік етуге мәжбүр етеді.



Ақын «Қоштасып қалдырдым да Албан елін» деген өлеңінде шетке кетудің себеп-салдарын нақты айтады:

— Ет пен сүт салығынан шошыған жұрт,
Қарасу кешіп жерден ауған едің.
Жазықсыз халық жауы атанған соң
Мекенін тастап шықты аумағы елдің [1, 98 б.], —

дейді. Шекара шебінен өткен ақын Іле аймағына қарасты Мұңғылкүре ауданы Ақдала деген жеріне келіп қоныстанады. Өз кезінде ақпа-төкпе ақын ретінде кеңінен танылған Көдек 1937 жылы Мыс деген жерде ауырып қайтыс болады.

Көдек мұрасын шартты түрде жас кезіндегі өлеңдері, 1917 жылдан 1930 жылға дейінгі туындылары және 1930 — 1937 жылдар аралығындағы өлең-жырлары деп үш кезеңге бөлуге болады. Көдек он үш жасынан бастап-ақ ауыл арасында өтетін той-томалақта өнер сайысы — айтысқа араласады, есімі елге белгілі бола бастайды.

...Оның «Ата», «Әже», «Бір қызға», «Маң төбет», «Бір болысқа», «Телкүрең», «Саумал» т.б. өлеңдері қолма-қол айтылған қағытпа-қалжың болып келеді. «Бір балаға» өлеңінде былай дейді:

— Атыңнан айналайын жақсы-ақ Құдай,
Болмапты кейінгі ұлы бастапқыдай.
Кісіге ұйге келген маза бермей,
Тапқанша мұндай ұлды тас тапқыр-ай.

Өлең бір балаға қарата айтылса да, баланы тентек етіп өсірген ананың әрекеті нысанаға алынады. Ал ұстаудың ретін жете білмейтін қымызы ашымай қалған бір жеңгесіне көптің алдында-ақ:

Бұл — қымыз қазір іріп ашымаған,
Секілді шикі сорпа татымаған.
Сапырып ұлестіріп құйып отыр,
Жарайсың жақсы жеңгем жасымаған. —

деп әзіл-қалжың, іліп-қақпа түрінде айтқан өлеңімен жеңгесінің салдыр-салақтығын мысқыл етеді.

Ақынның бір қыры — сын-сықаққа бейімділігінде. Сатиралық сарын оның ілгерінді-кейінді жазған туындыларының көбінен-ақ аңғарылып тұрады. М.Әуезов 1927 жылы Ленинградта жүргенде жазған бір мақаласында Көдектің ақындығы жайында айта келіп: «Парасатты ойлайтын, айналасына сын көзбен қарайтын ақын өлеңдерінің актуальді тақырыптары әрқашан да өзіне тән айқын сатиралық мәнге ие» — деп жазады.

Бірде қаралы хабарды айтуға келген адам сыртта ешкім көрінбеген соң үйге кіреді. Үйде отырған Тергеубай «Неге үйге кіріп айтасың?» деп хабаршыны сабап жіберген көрінеді. Мұны естіген Көдек қолма-қол былай депті:

Үйінде екен барғанда,
Мұсатай, Итжан манабың.
Хабар айтқан кісіні,
«Үйден кет!» деп сабадың.
Көрмеске уәде етіп пе ең,
Ағайынның намазын.

*Қапшығыңда бар ма еді,
Өлместен алған қағазың.*

Халықтық салтқа қарсы мінез-қылық көрсеткен Тергеубайдың әрекетіне ашынады, айыбын бетіне басады. Ауыр сөзбен айыптай отырып шенейді.

Бірде ауылға келген Бөлтірік ақынға Көдекті сынау үшін көкпар тартып жүрген оны шақыртады. Көкпарын тастап Бөлтіріктің алдына келген жас жігіт бірден:

*Ассалаумағалейкүм, алдияр,
Шақырған соң кеп қалдым.
Жүрісім өте асығыс
Көкпарды қуа бетке алдым.
Нөкерлерім қасымда,
Өкшелеп, қуып, жетсе алдым.
Аялдасам кешігіп,
Аттың тері бос қалдың.
Жасыңа құлдық аталар,
Айтарыңды деп қалғын, —*

деп өзінің жағдайын іркілмей, өлеңмен өріп жібереді. Баланың алғырлығын байқаған Бөлтірік: «Ауылдарыңнан дауылды, ақ түйғын ақын шыққалы тұр екен, жолы болып, алдынан нұр жаусын!» — деп батасын беріп, риза болыпты.

Өлеңді төгіп те айтатын, жазып та шығаратын Көдек ауыл арасында болатын той-тамашаларда көзге түседі. Он үш жасында күйеужолдас болып барған Көдек бір қызбен сөз қағыстырады. Алдымен жөн сұрап, онан соң айтысуға дайын екенін айтады:

*— Алыстан әдейі іздеп тойға келгем,
Төгілген құйрық-жалы жорға кермен.
Аралап әріптесті іздеп жүріп,
Өзіңді топ ішінен зорға көргем.
Атың кім, қай русың, жөніңді айт,
Көрікті қос перизат бойға келген, —*

дегенде қыз:

*Ұқсаңыз, сұрасаңыз атым — Әйім,
Қожбанбет руым, білсең жайым.
Жолыңды ал, тоғызыңды ал, құда бала,
Кісі атын қиыстырып айта алмаймын. —*

деп жолын беріп, айтысудан бас тартады.

...Ақынның біршоғыр өлеңдері арнау түрінде айтылған. Мәселен: «Жансерке әжіге», «Ажар жеңгем», «Жамалға», «Қайнарбайға», «Тазабек батырға», «Әубәкірге», «Тұрлықожа», «Уәжіп молдаға», «Ілияс Жансүгіровке», «Молдарақыманға», «Оқушыларға», «Ибатқа», «Ораз Жандосовқа», «Әуезге», «Нұрқожаға», «Сасанның баласы Мақсұтқа», «Мұғалімдерге», «Тыныбайға», «Әлімқұл Нүсіпқожаұлына», т.б. өлеңдерінде жақсы-жаман адамдарды салыстыра сипаттап, өрелі ой түйуге ұмтылады. Халық әдебиетінен сусындап, оның бай дәстүрін бойына сіңірген ақын болғандықтан, оның біраз өлеңдері арнау түрінде айтылған. Ауызша өлең шығаратын ақын атаулының көп туындысы жеке адамдарға арнау түрінде айтылатыны ежелден келе жатқан салт.



Қандай қаламгер болса да, өз заманының моральдық-адамгершілік, имандылық мәселелерін айналып өтпейді. Бірде Ажар есімді жеңгесі «Мені өлеңге қосып мақташы, қайным» десе керек. Сонда Көдек:

*Бұл кісінің әдеті,
Көк инені тұртпейді.
Жырттық киім, кір киім,
Жүк бұрышына бүктейді.
Әңгімесі, күлкісі,
Не бітпейді, жітпейді. —*

деп мақтаудың орнына сын айтады. Оның «көк инені тұртпейтін», олақ, үй ішіне дұрыс қарамайтын салдыр-салақ екенін тура айтып бетіне басады. Оның тура айтуы туғанына жақпаса да, әркез шындықты айтуды мақсат еткені аңғарылады. Мәселен, «Әубәкірге» деген өлеңінде:

*Дәулеті, мансабы бар ел жақсысы,
Әр ісін ақиқатпен шамалаған.
Шетінде сол мансаптың сіз де барсыз,
Ел-жұртың жан-жағыңды паналаған.
Адасқанға ақылмен жол көрсетіп,
Талайдың ісін оңдап саралаған.
Бұрынғы білермендер айтқан екен:
«Азбайды халық сенген адал адам», —*

200

дейді.

...Көдек «І.Жансүгіровке» арнауында да «Алаштың азаматы қандай болар?» деп сауал тастайды да, өзі жауап беруге тырысады. Өйткені ел тағдыры алаш азаматтарына байланысты екенін жақсы сезінген. Алаш азаматы қара басының қамын ғана ойламауы керек.

*Алаштың азаматы қандай болар,
Елдің жаны өзіңе жандай болар.
Елі үшін өміреніп, тебіреніп
Айтқаны шекер менен балдай болар.
Қанша артса да еселеп көтеретін,
Көш басы жүк артатын нардай болар.
Бүкіл елдің көзі мен көңілінде
Төбесінде толқыған айдай болар.*

Бұл өлеңінде ақын қазақ халқын бөлмей-жармай тұтас алып ой сабақтайды. Бүкіл алаш баласын қамти сөйлеп, оның азаматы қандай болу керектігін айтады. Ақынның ойы — бірді емес, мыңды меңзейді. XX ғасыр бас кезіндегі заман зауалынан сескенеді. «Кім білер, кейінгі ұрпақ қандай болар?» — деген күдігі бой көтереді. Сондықтан қазақ халқының еркін ел болуы алаш азаматына байланысты деген түйінге келеді. Өлеңді Ілияс сынды ақынға арнауы да тегін болмаса керек. Қазақ елінің тағдырына алаңдаған ақын алаш азаматына сенім артады.

Көдек бірнеше өлеңдерінде албаннан тарайтын рулардың (айт, құрман, шүйке, құсық, қалыбек, сүйіндік, шоған, алжан, қожбанбет, сары, т.б.) басты-басты беделді адамдарының іс-әрекетіне сипаттама береді. Ел де, жер де бүкіл алаш азаматына ортақ, олардың тіршілігінің тірегі, құт мекені. Алаш азаматы



арқылы ел іргесі берік болып, берекелі ынтымақ орнайды деп біледі. «Ата-баба» өлеңінде былай дейді:

*Қалыбек пен Сүйіндік,
Артық туған бағадан.
Сүйіндігі би болған
Шарапаты бар адам.
Билігіне разы
Алдына келген сан адам.*

Немесе:

*Сайынбөлек батыр боп
Қалмақты жарға қамаған.*

Не:

*Тезектің кезі ер Жайнақ,
Үлгі көрген бабадан.
Тартынбай тауып сөйлейтін
Ойы тұнық, дана адам.
Нияз атам бай болып,
Бақ қонып, Қызыр қараған...
Берекелі ынтымақ,
Іргені берік қалаған.*

Бұл жолдарды оқып отырғанда бірінің би (Сүйіндік), бірінің (Сайынбөлек) батыр, бірінің (Жайнақ) шешен, бірінің (Қалыбек) қайыры көп, енді бірінің (Ниязбек) бақ қонып, бай болғанын аңғаруға болады.

...Ақын арнау өлеңдерінің кейбірінде адамдардың жақсы, жаман мінез-қылықтарын, іс-әрекеттерін салыстыра сипаттап, өрелі ой түюге ұмтылады. Ол «Жаман еркек» деген өлеңінде былай дейді:

*Жақсы әйелге күмәнқор жаман еркек,
Күзетер басқан-тұрған жерін өлшеп.
Күлсе де, сөйлесе де күмән етіп,
Тұрады қаны қайнап, ішін өртеп.*

Осы жолдардан ер адамның кісілік келбеті анық байқалады. Мұндай отбасының түтіні түзу шығады деу қиын. Бұл — күмәнқор жаман еркек. Мұндай «қаны қайнап, іші өртеніп» тұратын еркектен қандай үміт күтуге болады? Сондықтан, ақынның жақсылыққа жаны жадыраса, жамандыққа жаны күйері анық. «Арнау өлең — белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды» [4, 35 б.] екенін ескерсек, бұл шарт Көдек өлеңдерінде сақталған.

Ақынның «Әйел туралы» өлеңінде:

*Ерге арман әйел алу ақылдыдан,
Әр істі жақсы әйел мақұл қылған.
Ауылдас ағайынға ұйытқы болып,
Жатты да, туысты да жақын қылған.*

Немесе:

*Қисық сөз, қыңыр мінез жар жаманы,
Ұйқы, ойын, киім, тамақ бар арманы.*

*Нысапсыз, сараң, шадыр, арсыз, мылқау,
Осымен күн өткізер ер жаманы. —*

дейді.

Мұнан екі түрлі әйелдің кейпін көреміз. Алғашқы шумақта жақынды да, жатты да туыс санайтын, ағайын арасына ұйытқы болып жүретін ақылды әйелдің ісі көрінеді. Бұл — ауыл-аймақтың береке-бірлігін сақтап, ел анасы дәрежесіне көтерілген әйел. ...Қалыптасқан тәрбие-тәртіптің бұзылуы кісілікке нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себепті бұл мәселеге ілгерінді-кейінді өмір кешкен ақын-жыраулардың бәрі де назар аударған, ой толғаған. Солардың бірі — Көдек.

Ақын арнау өлеңдерінің көпшілігінде жеке адамдардың іс-әрекетіне, мінез-құлқына баға береді. Кейде қағытпа-қалжың түрінде айтқанымен де сол адамның адамгершілік болмысы ашылып отырады. Өйткені ата-бабадан келе жатқан жақсы дәстүрді — әдепті сақтап отыру жеке адамдардың көңіл-күйіне де, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасқа да әсерін тигізеді.

...Үйін таза ұстап, асын дәмді жасайтын, сыйластықты сақтап, әулеттің абыройын көтеретін ұқыпты әйелдерге ризалық білдіреді.

*Құрметті қайран апам қандай еді,
Қымызы шекер менен балдай еді.
Исі күндік жерден аңқып тұрған
Асқан сүрі қайырған майдай еді.*

Немесе:

*Көрікті бұл жеңгейдің сүйек сыны,
Байқалмас тұлғасында ешбір міні.
Сөзі әдепті, мінезі ұнасымды
Адамға үлкен-кіші майдай тілі.*

Бұл — ақылды аналарға берілген орынды баға.

Демек, ақын «жауырды жаба тоқуға» бармайды. Кім туралы айтса да қара қылды қақ жаратынын көреміз. Мұндай ерекшелік талантты ақынның көптеген өлеңдерінде сақталған. Бірде Омарбек дейтін адам үйіне жекжатшылап екі жігітті ертіп Көдекке сәлем беріп, бірер ауыз лебізін тыңдауға келеді. Жайлап домбыра тартып отырған ақын даусын көтере әндетіп, алдымен сәлем бере келгендеріне рақмет айтады. «Барыс-келіс, алыс-беріс бөлінбеген енші екенін» еске салады. Бұдан кейін:

*... Бірде қызық, бірде құбыл дүние,
Шындығын да, сұмдығын да тербегем.
Әр адамға тура пішкен үлгім бар
Біреудікі біреуіне келмеген.
Оқымаған, тоқыған жан халықта
Сөзді сынап, құнын білер зерменен.
Бір жағында шипагерлік дауам бар,
Тексіздер мен ұятсызды емдеген.
Зұлымдар мен жеменгерді жерлеген.
Ел басқарған көпке қормал азамат,
Оны айтқанда сөзім тасып кернеген, —*

деп ойын жалғай түседі «Омарбек пен жекжатына» арнаған туындысында.

Көдек осы өлеңінде де ішкі жан сырын бүгіп қалмаған. «Шындығын да, сұмдығын да тербегем» деп өзі айтқандай, ақын өлеңдерін оқып отырғанда оның бұл сөзінің шындығына көзіміз жетеді.



...Ойы — ұшқыр, көзі — қырағы, тілі — өткір ақын өмірдің ақ, қарасын да, адамдардың жақсы-жаманын да қатар алып салыстыра жырлайды. ...Бір қарағанда тексіздік пен ұятсыздық — бір-біріне жақын ұғым. Тек-тәрбиесі дұрыс болмаған адам ұятсыздыққа жол береді. Залымдық, ұятсызды, жемқорлық — бәрі де кісілікке дақ түсіреді. Көдек осындай жиіркенішті қылықтардың болмауын қалайды, көргендігіне көңілі тояды.

...Көдек арнау өлеңдерінде жеке адамдардың мінез-құлқының, ақыл-ойының, инабат иірімдерінің қандай екеніне көбірек көңіл бөлген. Басқаша айтқанда, адам деген атқа лайықты мінезді іздейді. Осы ретте ол «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» дейтін Абай тұжырымымен үндестік тауып отырады. Кейде жақсы мен жаманды айыра бермейтін парықсыз жандарға налыс білдіреді. Мәселен, «Қайнарбайға» арнауында «Бұқа мұрнын тескендей жұдырықпен, дөрекі сөз айтудан арланбай ма?» деп Қайнарбайдың ойланбай сөйлейтін ақылсыздығын сынайды. «Тазабек батырға» өлеңінде жер-суын қорғай білген батырлығын мадақ етсе, «Тұрлықожаға» туындысында азаматтық жақсы істеріне риза болады. «Еліне келген нашарды жиыстырып ел еткенін» үлгі етеді. Кедей-кембағалдарға көмегі тиген қайырымды адам ретінде көрсетеді.

Ақынның «Заманбек туралы» өлеңінен мүлде басқа жайды ұғамыз. Жаркенттен Сүмбе ауылына басшылыққа келген Заманбек көптің үмітін ақтаудың орнына, оларға әңгіртаяқ орнатуға бейім нағыз озбыр басшы болады. Оның қолымен небір пәле-жала, жамандық жасалады. Бұл қылығын ақын тізіп тұрып бетіне басады.

*Елдің ішін бұлдірді арандатып,
Жамандық, пәле болып іздегені.
Айдап, өріп, иіріп жусатады,
Жоғалтып ұлт, ру мен дін дегенді...
Өз ауылы, өз елін құрту үшін,
Не болса да мақұл боп тілге ереді.
Баяғы Майлыбайдың қатасындай
Басыңа соның күні бір келеді.*

203

Өлеңнің мазмұнына қарағанда өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы шындық айтылатын сияқты. «Жоғалтып ұлт, ру мен дін дегенді...» деген тармаққа қарап осындай қорытындыға келуге болады.

...Көдек Байшығанұлының сын-сықақ сипаттағы өлеңдерінің бәрі де шындыққа суарылған, ақиқатты арқау еткен туындылар. «Қата жайында» толғауында штабтан мандат алып, елден мал-мүлік жинаған Қатаның жыл-постығына күйінеді. Жазықсыз елді қан қақсатқан шолақ белсенділерге зығырданы қайнайды. Оның теріс әрекетіне көзжұмбайлықпен қарай алмайды. Бір күні «жегенің желкеңнен шығады» деп кектене түседі.

*Қате, сен өз еліңді қорлағаның,
Қуртамын, жоғалтам деп зорлағаның.
Мал-мүлік, алтын-күміс, ақшасымен
Жау тигендей тонадың, олжаладың.*

Не:

*— «Алып кел деп жатыр» деп,
Албаннан жиды жалды атты.
Бүтін киім, соғымды,
Қатаға берген жан бақты.*

*Жинаған қойы одан көп
Келтіріп жатыр жан-жақты. —*

дейді.

Ар-ұятты белінен басқан екіжүзді белсенді елдің мал-мүлкін өз қалауынша тонап, нысапты білмей ашкөздікке бой ұрады. Адамшылықтан жүрдай мұндай адамдардан қоғамға үлкен зиян келуі мүмкін. Ақын күмілжіп-күлбітелемей:

*Зұлымдықпен, қулықпен,
Кісі ақысын алмағын.
Тіршілікте азғынсың,
Өлсең тарттың зардабын, —*

деп үкім айтады. Кісілігі жоқ жанға аяушылық көрсетпейді.

Өмір-тіршілік сауалдарын әр қырынан қамти білетін ақын өз кезіндегі әлеуметтік мәселелердің ешқайсысына енжар қарамаған. ...Халықтық ақыл-нақылмен қабысып жататын мынадай жолдарда ақ, қараны қатар алып мінезінің қалтарысын шынайы саралап ашуға ден қояды.

*Бақ келгенде досың көп,
Жаны бірге тыныстар.
Басқа пәле келгенде,
Аулаққа бәрі жылыстар.*

204

Ақын адам болмысын әр қырынан бағадайды. Байлық пен бағың барда айналсоқтап дос болғандардың басыңа бір іс түссе жаныңа жоламайтын екіжүзділігін дөп басады. Тіпті адамзаттық моральға жат іс-әрекеттердің түп-негізін шынайылықпен ашып көрсете біледі. ...Ал, ел басқаратын әкімдердің парыз-қарызы қалай екеніне назар аударайық.


*Ақ-қараны айырған,
Ұлықта да ұлық бар.
Халыққа тегіс көз салған,
Кейбір ойы тұнық бар.
Есе тисе есірер,
Қанқұйлы мен бұзықтар.
Оған да орнап қалмайды,
Мойныңда тағдыр-құрық бар, —*

деп түйеді.

Көдектің бұл өлең жолдарынан «бес саусақ бірдей емесін» ұғамыз. Ойы тұнық адал мен қанқұйлы, бұзықтарды қарсы қоя отырып, түбінде бір тағдыр-құрықтың барын еске салады, пенделіктен биік болуға үндейді, әділдік, адамгершілік қадір-қасиетті жоғалтпауды уағыздайды.

...Сондықтан Көдек шығармалары анық реалистік, әлеуметтік мән-мағына көтеріп тұрған туындылар десек артық айтқандық болмайды.

Байшығанұлының арнау өлеңдері әртүрлі адамдардың іс-әрекетіне байланысты не мадақтау не сын түрінде айтылады. Осы тәсіл арқылы адамның сан қилы мінез-құлқын, жеке адамның жеке ортамен қарым-қатынасын көрсетуге ден қояды. Мәселен, «Бәзілжанға» атты өлеңінде Бұқараның сараңдығы сынға алынады. Бәйіт жазып беруді өтінген Бәзілжанға мынадай өлең жазып жіберіпті:



*Үш теңге Бұқара ағаң беріп еді,
Ішіме сыяр емес жасырғанға.
Болғанда оған — теңге, маған — тиын
Әшкерә қыласың деп ашуланба.
Қашқынды қашып келген мақтап берсем,
Үш теңге тапқандаймын қасымнан да. —*

деп сараңдықты да шенейді, ренішін де білдіреді. Қашып келген адамның күйінің болмайтынын да бүгіп қалмайды. Бұл өлең адам мінезінен де, заман сырынан да хабар береді.

Ақынның арнаулары жеке адамдарға ғана емес, көп адамдарға да арналған. Мәселен, «Жастарға кеңес» өлеңінде жақсы-жаманды салыстыра, қатар ала отырып ұтымды ой түюге ұмтылады. «Оқушыларға» өлеңінде талапты басты парыз, өнер-білімді — ырыс деп ұғындырады.

*Жас кезінде оқу мен өнерге ұмтыл,
Талап қылып ізденген табар мұны.
Өнер-білім — адамның ырысы деп,
Атаң мен айтпап па еді бабаң мұны.*

Болмаса:

*Білім табу — тебенмен құдық қазу
Іс емес қолдан келер бірдемдегі...
Байлық та, парасат та білімде тұр,
Жалықпай тауып шығар ізденгені.*

Ақын байлық пен бақытты, ақыл-парасатты тікелей біліммен байланыстыра қарайды. Жастардың білімді болуы — басты мәселенің бірі. Ел болашағын жастармен байланысты қарасақ, бұл да өмірдің өз талабынан туындаған қажеттілік екені даусыз. ...Жастар терең білім мен парасатты болса, жамандыққа жол бермейді. Бұл адамгершілік-имандылықты бекіте түседі. Бірақ білімді болу оңай емес, ол үшін ерінбейтін еңбек, талап, мұқалмайтын күш-қайрат қажет деген байламға келеді, қапы қалмауға үндейді, шалыс басудан сақтандырады.

Көдек Байшығанұлының «Мұғалімдерге» деген өлеңі де көп адамға арналған. Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы өзгерістердің кейбірін (сауат ашу) қолдайды. Алайда заман өзгерісі адамдарды түрлі жағдайға түсіргенін атап көрсетеді және мұндай «жаңалықтарға» өз көзқарасын да білдіреді.

*Болғанда біреу олай, біреу былай,
Бәйгеден келер озып қорғанбаған.
Түбінде бәрінен де сол озады
Біреуді кем-кетік деп қорламаған. —*

дейді. Ақын «біреу олай, біреу былай» болған заманның кейбір науқандарына онша іш тарта қоймағанын аңғаруға болатындай. Оның азаматтық дауысы асқақ естіледі. «Біреуді кем-кетік деп қорламаған» деген сөзінде дәулетті адамдар мен жылқының дербестігін қалаған зиялы қауым өкілдері меңзеледі деп ұғуымыз қажет. Көдек Кеңес үкіметі іске асырып жатқан түрлі саяси науқандарды қолдамаған. Қайта кейбір кеңестік заң-түзім көп адамның тағдырын тәлкек еткені жайында ұстамды ой айтуы өлең өресін биіктете түскен.

Көдектің хат түрінде жазған бірнеше өлеңі бар. Соның бірі «Битіманға хат» деп аталады. Өлең 1927 жылы жазылған. Бұл кезде совет өкіметі жер-жерде

өзінің іс-шараларын жедел іске асырып жатқан кез болатын. Ақын Битіманға жазған хат өлеңі арқылы ел ішіндегі берекесіздіктен хабардан етеді. Ел ағалары шетінен тұтқындалған.

*Әлібек, Бегалыны қатар ұстап,
Албанға қарайтұғын бет қалмады.
Өлгені, ұсталғаны, сотталғаны
Бұл елде күйзелгенде ес қалмады.
Беталды нақақ күйіп жоғалдық деп,
Талайдың ішінде боп кетті арманы, —*

деген жолдар боямасыз шындық еді. Жиырмамыншы жылдардың ішіндегі мұндай қым-қиғаш озбырлық елді әбден күйзелткен-ді. Дәулетті адамдардың мал-мүліктерін тәркілеумен тынбай, оларды жазықсыз жазалап, торғайдай тоздырған болатын.

... «Түтіні әр жерінен бықсып шығар, Тұр ма екен Жетісуды өрт шалғалы?» — деген жолдарды іркілмей айтуы үлкен ерлік. Бұл — халқына қамқор болып жүретін аңғарлы ақынның жан күйзелісі.

Екінші бір өлеңі жиырма бес жасында сотталып кеткен Сәлиманға қарата жазылған. Сонда Сәлиманның қандай қылмысы болған?

*... Бізді құртқан әсілі солар екен,
Шаш ал десе, бас алған кейбір шұнақ. —*

206

деген сөзі де біраз сырды аңғартады.

Кедей-кембағалдарды еліртіп, «шаш ал десе, бас алатын» дүлей белсендіге айналдырған кеңестік кезеңнің тағы бір амал-айласы аңғарылады. Тәркілеу кезінде албан елінің бір топ игі жақсыларын — Ыбырайымбай, Рахымбай, Бейсен т.б. жақсыларын «көрнекті бай» деп түрмеге қамайды. Сол тұтқында жатқан ағайындарына өлеңмен екі хат жазады. «Сәлем де аға-ініге түрмедегі» деп басталатын хатта белсенділер бай адамдарды құртуға жан сала кірісіп, «ұзында өш, қысқада кегіміз бар» деп даурықса, Көдек оларға жанашырлық танытады. Сондықтан хат жазып, хал сұрауды адамгершілік парыз санайды.

*Бұрынғы Жаркенттің түрмесінде
Бар шығар әр албаннан барып жатқан.
Қармағы ілгеректей ілінер ме,
Ешкімге зияны жоқ малын баққан.*

...Бұл өлеңінде автор бір ғана ауқатты адамды емес, бірнеше бай адамдардың атын атап, түсін түстей отырып, заңсыздыққа өкінеді. «Екінші хатынан» тағы да мынадай жолдарды оқуға болады. Қойдың жүні мен сүтіне дейін есепке алынған.

*«Сатасың қанша сиыр, көрсеткін» деп,
Шетінен тамға басып, қарып жатқан.
Үстінен қойдың жүнін дағауарлап
Саудырып оның сүтін алып жатқан.
Түгендеп бәрін тегіс айта алмаймын
Тебендей дәнеңе жоқ қалып жатқан.*



Бұл да сол тұстың анық ақиқаты. Өз малдары өздеріне бұйырмай, сатылатын малға дейін рұқсат алу қажет болады. Халықты күнкөріс көзінен айырып, бәрін есепке алған. «Таптық жікке» бөлуді оңтайлы шара ретінде қолданған. Дәулетті адамдарды жазалау әділетсіздік болатын.

...«Оралға хат» өлеңінде «адамға жазығы жоқ күйе жағып» туып-өскен жерінен айырған заман кейпін ұтымды бейнелейді. Патша үкіметі қазақ елінің құнарлы жер-суын тартып алып отырса, Совет өкіметі тапқа бөлу арқылы халықты мүшкіл күйге душар етті.

*Шағым мен айдалудың барысында,
Жолдағы қызыл қанға боялғаны.
Тең басқан еркіндікті еске алып
Адамы Жетісудың тоналғаны.*

Қысқасы, империяның отарлау саясаты кеңестік кезеңде де жалғастық тапқаны белгілі. Бұл тұста қазақ зиялылары, солардың ішінде, алаш қайраткерлерінің де қуғынға ұшыраған кезі болатын. Ақын осындай қиын-қыспақты кейде ашық, кейде астарлап жеткізеді.

...Қазан төңкерісінің «шарапаты» халықты жер-суынан айырды, мал-мүлкін тартып алды, еріксіз ұжымға біріктіруді жалғастырды. Мұнымен де тынбай, қаншама дәулетті адамдарды жер аударды, жауапқа тартты. «Өртең шалған тоғайдай» өлеңі уытты да отты туындыларының бірі.

*Бал татыған балдыры,
Жемісті жердің құруын.
Азаматын айдатып,
Салады қанды құрығын. —*

дейді.

Енді бірде былай дейді:

*Екіжүзді найсаптар
Белсенді болып шығуын.
Жақсыны жаман көрсетіп
Өздерінің бұғуын.*

Құбылмалы қулардың кейпін қандай дәл бейнелеген. Кісіліктің иісі мұрнына бармайтын дүлейлерді «заман сендердікі» деп елірткені белгілі. Осының нәтижесінде дөрекі, көр кеуде шолақ белсенділер көбейді. Көдек жан жылуы жоқ белсенділердің бейнесін көптің көз алдына шығарады. Бірақ өмірден мүлде күдер үзбейді.

*... Әділдік жеңер күн туар,
Жарқыратып маңдайды. —*

деп әділдіктің жеңетініне сенеді. Бұл күндері ақын болжамының шындыққа айналғанын көрдік.

Өткен ғасырдың алғашқы жарымында ел басынан өткен қилы заман зобалаңы екінің біріне оңай тимеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық Қарқара көтерілісі кезінде қаншама адамдардың өмірі қиылды. Тәркілеу мен ұжымға бірігу, ашаршылық пен репрессия жылдарының зобалаңы аз болмағаны аян. Енді қайту керек? Саяси науқандардан қалай аман қалуға болады?



*Ет пен сүт салығынан шошыған жұрт,
Қара су кешіп жерден ауған едің.
Жазықсыз «халық жауы» атанған соң
Мекенін тастап шықты аумағы елдің.*

Осындай қысымға шыдамаған ел туған жерін тастауға мәжбүр болады. «Атажұрттан ауып кету — үлкен қасірет. Мұндай жағдайға әркім өз еркімен бара бермеген. Жиырмасыншы жылдардың (XX ғ.) соңына таман «кіші октябрьдің» қызу науқаны мен «аша тұяқ қалмасын» деген ұр да жық ұрандарды желеу етіп халықты ұжымға біріктіру науқаны ел басына ауыр нәубат әкелді... Күйзеліске ұшыраған бір қауым ел Қытайдағы қандастарына қара тартып барады. Соның бірі — Көдек ақын.

Алайда өз көзімен көрген шындықтарды ақын жіпке тізгендей етіп өлең өзегіне айналдырып отырған. Көптің көрген қиянаты ақынды ойлантпай қоймайды.

...Бұған қарағанда ақын саяси шараларды өзінше бағалайды. ...Ақын қоғамдық өмір шеңберінде болып жатқан шындықтарды көркемдік шындыққа ұтымды айналдырып отырған. Көдек — сан түрлі саяси науқандардың себебін жан жүрегімен сезіне білген ақын.

Көдек Байшығанұлы 1916—1930 жылдар арасындағы ел өміріндегі елеулі өзгерістерді тізбектей отырып суреттейді.

Ақын «обалды, өкінішті болғандарды» көре отырып, қалай үнсіз қалсын. Олардың жоғын жоқтап, мұң-қайғысына ортақтасады. ...Шырғалаң кез шындығы Көдек қаламынан сырт қалмаған.

Мұндай өлең жазған ақынның қудаланбай қалуы мүмкін емес. Шекара асқан ақын ол жақта да көптеген ауыртпалықтарға тап болады. Алдымен жол-жөнекей қарақшы-қалмақтардан құқай көреді. «Қолыма қалам алып жазамын хат» өлеңінде:


*«Қашқан жауға қатын ер» дегендейін,
Тонады жолда қалмақ тонап алып!..
Баста бөрік, етік жоқ аяғымда
Қайтейін қарақшылар тонады анық.
Қаншалық жалынсаң да тыңдамайтын,
Боп шықты адамзаттың арамы анық.*

дейді.

Атамекеннен алыстаған қиын заман, қырсық күннің шындығы терең тебіреніспен жырланады. Еріксіз бөлініп-жарылған еліне қамығады. Көдек — шетке ауған халықтың бастарынан өткен қиындықтарды алғашқылардың бірі болып өлеңмен өрнектеген ақын.

Халық туған жерін бақытына балаған. Сол себепті әр адам өмір-тіршіліктің мәнін де туған жерімен байланыстыра қараған. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген сөзді ұрпағының санасына сіңіріп отырған. Мұндай бассыздыққа басалқы айтар жан болмағандықтан, босқындар ешкімге тіл қатып, тіс жармайды. Зорлыққа да, қорлыққа да шыдап, жабырқай жүріп жан бағудың қамына кіріседі. Тек тірі қалудың қамын ғана ойлайды.

Ауыл-ауылды аралап тамағы үшін әркімге жалданады, талғажау табудың қамына кіріседі. «Албан тарихы» толғауында ауыр тұрмыс-тіршілікті бар жанымен сезіне жырлайды.



*Шалдығып қашқын байғұс сүрініп жүр,
Болдырған арық малдай әлі кеткен.
Тамағы үшін жалданған малайлар көп
Секілді құры сурет жаны кеткен.
Теректей қазандағы дауыл ұрған
Астықтай үсік шалып әрі кеткен.*

Бұл — бүкпесіз айтылған шындық. Ақын жерден ауған елдің өте ауыр күйзелісті бастарынан өткізгенін бедерлі бейнелейді. Сондай-ақ осындай сүреңсіз тірлікке кінәлі кім деген сауалға да жауап береді.

*Адамды екі жікке ажыратып,
Бірін — жау, бірін — дос халық еткен.*

Көдектің қай өлең-толғауларында туып-өскен жеріндегі озбырлыққа шыдамай, жат елде жапа шеккен босқындардың тағдыр-талайы әр қырынан дәйекті жырланады.

*Таралып өсіп-өнген қайран елім,
Біріңнен бірің кеттің адасып-ай.
Үйі жоқ баспанасыз жүрген байғұс
Қыстағы шыдамады борасынға-ай.
Суырша жерді қазып кіріп алған,
Жаппасы үш сиырдың қорасындай.*

Шет жердегі шерменде тірліктің сиқы осы. Гоминдаң үкіметі көмек-жәрдем берудің орнына қашқындарға күмән-күдікпен қарайды. Атамекеннен алыстау жүректе жара, көңілде нала болып қала береді. Бірақ осының бәрі жыр-шежіреге айналып, ақын атын асқақтата түседі.


Мұндай сүреңсіз, сұрқай тірлік, артта қалған атамекен — бәрі сезімтал, нәзікжанды ақынға оңай тимейді. Әркез ақынның жан әлемі туған жерімен бөлінбейтін бірлікте екенін байқаймыз.

Сағыныш пен өкініш қос өрім тартқан мұндай жолдарды бей-жай оқу мүмкін емес. ...Көдек Байшығанұлының көптеген туындылары «Кең Текес», «Тау берігі — ел берігі», «Елге хат», «Сасан ауылына барғанда», «Ел аралау», «Жауап хат» т.б. осы кезеңде жазылған. XX ғасырдың алғашқы жартысында Шыңжаңды (Шығыс Түркістан) билеушілер жергілікті халықты мейлінше қаталдықпен қамап отырған. Бұл өңірде билік жүргізіп отырған гоминдаң үкіметінің зымияндық саясатын жақсы ұққан ақын Шың-Шысайдың екіжүзді заң-түзімінің құпия сырын ашады:

Ақынның сын-сәуегейлігі көп уақыт өтпей-ақ ақиқатқа айналады. «Жаппай тазалауды» мақсат еткен ауыр кезең басталады.

Көдек ақын өзінің сым-семсерін қулардың сұм-сұрқиялығына, зорлық-шылардың асқақтаған астамшылдығына қарсы сілтейді. Бұл ретте оның шыншыл да сыншыл шығармаларының пәрмені, ықпалы күшті. ...Ел билеуші мансаптылардың зорлығы мен жоқ-жітіктердің тұрмысы салыстырмалы суреттеледі. Қолында мөрі бар билеушілердің адамдық өресінің төмендігіне өкінеді.

*Қытайша жазуы бар ағаштан мөр,
Өзінше дәулет екен қолдағы бір.*


Әлсізге әкіреңдеп, байға шұлғып,
Азуы алты қарыс шомбалың жүр.

Барға басын шұлғып, әлсізге әкіреңдеуді әдет еткен келеңсіздікті орынды қағытады. Ақын «азулы, аты шулы» деп ешкімнің де бет-жүзіне қарамай, тура айтады, келеке етеді.

...Алудың, баудың неше түрлі амал-айласын жасайтындардың кейпін былай көрсетеді:

*Бір-екі шабарманын мен де көрдім,
Елінен жүйрік пенен жорға алып жүр.
Ырыс-құт соятуғын керек болса
Ар жағы қой-сиырға жалғанып жүр.
Біреудің қора-жайын тартып алып
Әркімге тиеді екен зардабы бір.*

Өздерінің жұмыс орнын пайдаланып халықтың мал-мүлкін зорлықпен алған адамның (шабарман) әрекетін қатал сынайды. Тағы оқып көрейік:

*Сасанның Еркімбегі мынау дейді,
Тылтиған қара кісі формалы жүр.
Аласа шаршы келген сүйегі бар,
Жаялы сары ат мінген жорғалы жүр. —*

210

деген портреттік сипаттама оның кейпін көз алдыға әкеледі. Кекірейген басшының сиықсыз бейнесі еріксіз жиіркендіргендей болады. Сасан ауылындағы мансаптының екіншісін төмендегіше сипаттайды:

*Бірауыз сөздің жөнін айтар болсаң,
Қақ басқа қамшыменен салғалы жүр.
Шалағай шатынаған мінезі бар,
Ішінді ашуланса жарғалы жүр.
Бойында Телгараның көріп едім,
Тақсырлап ұлкен-кіші жан-жағы жүр.*

«Сасан ауылына барғанда» толғауында осындағы кедей-қарашалардың хал-жайы да ақынның қырағы көзінен сырт қалмайды.

*Отыншы, сушы болып бір талай жан,
Өмірі жоқшылықтан жалданып жүр.
Үстінде іліп алар лыпасы жоқ.
Әйтеуір тамағы үшін жан бағып жүр...
Қорлық-зорлық пәленің бәрі осында
Кедейді құтқармайтын қармағы жүр.*

Бір ауылдағы адамдардың екі түрлі тұрмыс-тіршілігі анық аңғарылады. Әсіресе, ішерге тамағы, киерге киімі жоқ, күн көріс қамы үшін «жалшы-малшы» болып жалданып жүрген жарлылардың жадау тірлігін айнытпай бейнелейді.

...Көдек «Тыныбайға» өлеңінде Тыныбай жылқышысын «басынған қашқын» деп айыптайды. Мұны естіп отырған ақын «Сіз халықтың үстінде жайқап жүрсіз, ту қойдайын барлаған соғымдағы» — деп оны ащы мысқылға айналдырады. Тумаған ту әрі бордақтаған семіз қойға теңеп, масқаралайды.



Ақын «Кең Текес» толғауында Текес бойында отырған қалың елдің хал-жайын таныстырады. Барлық-байлық кімде болса өр көңіл, өктем сөз де солардікі болмақ. «Көзден жас, көңілден шер» кетпеген елдің жайы шынайылығымен көрінеді. Автор айтқаны келіп, айдарынан жел есіп тұрған алты ақалақшы туралы бір сырдың ұшығын шығарады.

*Кең Текес шөбің шүйгін суыңменен,
Тентегің басылмады-ау қуыңменен.
Жылқының мандам болған арқасындай,
Мансаптың байланысты ұрыңменен.*

Бұл жолдардан да залымдық пен ұятсыздықтың сыры ашылады. Шындыққа табан тіреге ақын батыл да, батырып та айтады. «Мансаптың байланысты ұрыменен» деу, сөз жоқ, шындықты шыжғырып бетке басу. ...Барған-жүрген жерлерінде шу-шұрқан шығарып жүретін қыңыр да қисық шабарман-шеріктердің іс-әрекеті де өрескел еді. Олардың оспадар қылықтарын шымбайына батыра шенейді.

Халықтың мал-мүлкіне бүйідей тиіп берсе қолынан, бермесе жолынан алатын мұндай есерсоқтарға қарсы бірауыз сөз айтуға болмайды. Неге? Өйткені олардың тектеп, тыйым салатын қарсы келу — зиратқа қарай жүгірумен бірдей еді.

*Бірауыз сөз қайырып жауап айтсаң,
Ілдің бір пәлеге қырын келген.
Нашарға өте-мөте қырын келіп,
Кім қалды ол уақытта сүрінбеген?*

Міне, қарсы келгендердің «сыйы» — осы. Бұл ел ішінің шынайы көрінісі. Ақын халық басына түскен қысымның зардар-зарын мейлінше терең сезіне отырып көптің мұң-мұқтажын батыл жырлайды, халықтың ауыр тағдырына алаңдайды. Қайта сол бұқараның үстінен байып отыруды мақсат етеді, қарабастарының қамын ғана күйттеген.

*Атағы, айбарынан жұрт қаймыққан,
Басында үкіметтің дутыңы жұр.
Аяздай сықырлаған жерді жарып
Таралып жан-жағыңа дүмпуің жұр.*

Бүкіл халықты бір тарының қауызына сыйғызып отырған өлкелік өкімет басшысының (дутың) сорақы сипаттарын ұтымды ашады. Осыған қарамастан Көдек көз алдында болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарамаған. Өз бағасын беріп, көзқарасын білдірген.

*Байлық пенен пұл қишті осы күнде,
Тілді-ауызды адамды сөйлетпеген.
Өр көңіл де, өктем сөз осыларда
Жақындаса «жаныма» «ей» деп келген.*

Билік пен байлыққа қолы жеткен адамдардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болғандықтан өр көңіл мен өктем сөз де осыларға тән. Оларға мына дүние өздері үшін жаралғандай көрінеді. Сондықтан өздерін басқалардан жоғары қояды, қанағат пен тәубені ұмытады.



...Қорыта айтқанда, Көдектің «Елге хат», «Ел аралау», «1916 жыл туралы», «Үркін» дастандары мазмұны жағынан бірін-бірі толықтырып отыратын туындылар. Аталған дастандардың тарихи-деректілік мәні зор. Береке-бірлігі бұзылған елдің мұңы, бодандық болмысынан туындап жатқан заманның запыран зары, туған жерге деген ыстық ықыласы — бәрі тарихи дерекпен ұштастырыла өзек-өрім тартқан жыр-шежіредей шынайылықпен бейнеленген. Көдек өлең-жырларының қайсысын оқысақ та елінің болашағына алаңдайтын ақын ондағы болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғаларды жүрек сүзгісінен өткізіп, ерекше тебіреніс-толғаныспен суретті сөзге айналдыра ой өргеніне қаныға түсеміз. Заман зарын әр қырынан қамтып жырлаған дастандарының көркемдігі кемел, мән-маңызы жоғары тарихи тақырыпқа жазылған туындылар болуымен ерекшенеді. Сондықтан Көдек — тарихи дастанның дамуына үлкен үлес қосқан талантты тұлға.

Көдек Байшығанұлының шығармалары бастан-аяқ іркіліссіз құйылып отыратын «эпостардағы төкпе өлеңнің әуендете айтылатын» тәсілмен жырланған. Демек, ақын арыдан арна тартар дәстүрді дамытқан. Оның туындыларының ажарын ашып, мазмұнын құнарландыра түсетін кестелі тілдік өрнектер көп.

Зуфар СЕЙІТЖАНОВ,

филология ғылымының докторы, профессор

Дереккөз: Сейітжанов З. Көдек Байшығанұлы. — Кіт.: Шетелдердені қазақ әдебиеті. — Алматы, 2014. — 148 —177-бб.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байшығанұлы К. Қайтейін жалған дүние. — Алматы, 2008. (Бұдан кейінгі өлең үзінділері осы кітап бойынша беріледі.).
2. Әуезов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда. Алтын тамыр. — Алматы, 2001. — №3 (Аударған Д. Батыр)
3. Бердібаев Р. Дәстүр тағылымы. — Алматы, 1973, 140-бет.
4. Әдебиеттер терминдерінің сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. — Алматы, 1996.
5. Сейітжанұлы З. Ел күрескері — Көдек. Алматы ақшамы, 1997. 27 қараша.
6. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. — Алматы, 2002. 4-том.
7. Әуезов М. Шығармалары. — Алматы, 1969. — 11-том.
8. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. — Алматы, 1994.
9. Мәдібай Қ. Өрісті өнер. — Алматы, 2014. — 18-б.

ТӘКЕН САЛ БАЙҒҰТТЫҰЛЫ

Тәкен сал 1860 жылдардың орта тұсында Қордай ауданына қарасты Сұлтөр өңірінде дүниеге келген. Арғы бабасы Жылқыайдар — қалмақ жаугершілігі тұсында асқан ерлік көрсеткен айтулы батыр, ел қамқоры болған адам. Ұрпақтар ұғымында киелі жан саналып, артында мол аңыз қалған. Мәселен, ол кісі жазғы шілдеде жылқы жайып жүргенде, төбесінде бір шөкім бұлт еріп жүреді екен. Жылқыайдардың екі немересі Мүлкаман мен Қонай да — ата жолын қуған қас батырлар. Баршаға аты мәлім Қордай батыр — осы Мүлкаманның ұрпағы. Атақты Бердібек күйші, Тәкен сал да — тікелей осы әулеттен.

Тәкен сал өз тұсында Жетісу өлкесіне кеңінен мәлім болған, әншілік, сазгерлік, ақындық өнерді қатар ұстаған үлкен дарын иесі еді. Қордай өңірінде Тәкен туралы сөз болғанда, оның замандасы, өзгеше дарынды ақын қыз Әлмен қатар аталады. Әлмен ақын да ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазіргі Қордай ауданына қарасты Сұлтөр өңірінде өмір сүрген. Жазда жайлауға жанай көшіп, қыста қыстауға қатар қонатын, төскейде малы, төсекте басы араласқан құдандалы, бауырлас, ағайындас екі ауылда бір кезеңде тетелес туған қос өнерпаз бір-бірін бала жастан-ақ жақсы біліп, ойын-тойда жиі ұшырасып, отты өлеңмен қағысып жүріп қатар өскен.

Әлмен ақын Тәкенге: «Қой мен жылқың белгілі, Тәкен байғұс, көкала аттан бөлек не құтың бар?», — деп кемсіткенмен, Тәкеннің әкесі әжептәуір ауқатты кісі болған. Тәкеннің салдық құрып жүруі тегін емес. Ел аузындағы аңызға қарағанда, Тәкен сал бөтен ел, бөгде жұртты аралағанда, Көкала атын жібек матамен тұсап жіберетін көрінеді. Таңертең атын өрістен ұстап әкелген кісіден әлгі матаны сұрамайды-мыс.

Тәкен сал жүйрік баптап, бәйгеге қосуға құмар екен. Кезінде оның Көкала сәйгүлігінің даңқы ақынның өз атағынан кем тарамаған. ...Тәкен салдың мұрасы бізге түгел жетпеген. Көп айтыстарынан хатқа түскені — Әлмен қызбен айтысы. Әсілі, Тәкен сал Әлменмен өмір бойы айтысқан. «Айтыс кітабының бірінші томында жарияланған айтыс пен Кенен архивіндегі, сондай-ақ Асылқұл Бұрбаев айтуындағы нұсқалар бір-біріне кейде ұқсап, кейде алшақтап жататыны байқалады. Оның бар себебі, негізінен, ол екі ақынның әр кездегі әр басқа айтыстарының бір-бірімен араласып кетуінің әсері болса керек.

Әлмен қыздың Тәкенмен тым ерте ұстасқанын айғақтайтын мынадай бір әңгіме бар ел аузында: Тәкен сал бір күні «Әлмен қыз ұзатылып барады екен» дегенді естиді. Шамасы, әкетіп бара жатқанын кездейсоқ көрген біреулер жеткізсе керек. Бірақ бұл кәделі ұзатылу емес еді. Әйтпесе, Тәкен салдың естімей қалар жөні жоқ-ты. Ақын қыз бесікте атастырылған /«бесік кертпе»/ күйеуін менсінбей, кердеңдей берген соң, анау оны нағашысыныңкіне қонаққа бара жатқан жерінен жолда ұстап алып, зорлықпен әкеткен-ді. Және оны қыз әкесінің келісімімен



істеген. Ол жағын естіді ме, естімеді ме, кім білсін, әйтеуір, Тәкен сал: «Бір сүрінер тұсы осы, айтысып қалайын», — деп соңынан қуа жөнеледі. Зорлықшы топ ақын қызды жеңіл пәуескемен әкетіп барады екен. Тәкен сал оған қатарласа беріп, шырқай жөнеледі. Күйеу қасындағы топты менсінбей қыр көрсеткені ме, әлде ақын қызды тұқыртудың жолы осы дегені ме, қайткенде де, Тәкен сал сыпайылықты аттаңқырай сөйлейді /“Алып қашып бара ма ойпаң жерің?”/. Бұл таңырқарлық жайт емес. Әр кезде-ақ қыз бен жігіт айтысы үстінде жігіттер ондай анайы мінез көрсететіні — ұшырай беретін жайт. Мәселен, «Ұлбике мен Күдері қожа айтысы», т.б.

Жапа шегіп, ашынып келе жатқан қыз еш тартынбастан, уытты өлең тізгінін босатып қоя береді. Тәкеннің анайылау сөздерін елең етпегендей ұтқыр да өткір өлеңмен жауаптасып, бетін қайтаруға тырысады: «Ойпаң жерді сөз етіп не қыласың, аузы-басың қан жалап шыққан жерің», дейді. Жол үстінде екеуі біраз айтысып, ақыры Тәкен бұл жолы да ұта алмай кетеді. Оны Тәкен салдың осалдығы дегеннен гөрі Әлмен қыздың мықтылығы деп бағалаған жөн сияқты.

Тәкен салда ақындықпен қатар әншілік, сазгерлік өнер де бар еді дедік қой. Жетісу көлемінде жақсы белгілі халық әндерінің ішінде Тәкеннің әндері де жүргені даусыз. Тәкен туындыларының бізге анық белгілісі — «Қоянды, Желсаз жайлауы-ай», «Ойжайлау» және «Жүрдім ойлай» әндері. Бұлардың алғашқы екеуі бүгіндері де халық арасында жиі айтылады. Тек біріншісі әр ауылда әрқалай: «Сүлүтөр, Желсаз жайлауы-ай», «Ақтерек, Желсаз жайлауы-ай» т.т. деп өзгертіліп, екінші жолы ғана «өмірдің бар ма байлауы-ай» деп дұрыс қайталанады.

Тәкен салдың Көшер, Өскенбай, Жаңғараш, Суанқұл дейтін бірге туған төрт бауыры болған. Тәкен сал солардың кенжесі. Бәрінен де өсіп-өнген ұрпақ баршылық.

Марал ЫСҚАҚБАЙ,
жазушы

МАЗМҰНЫ

Қазақтың сал-серілік дәстүрі.....	3
Әнші ақындар, сал-серілер	23
Сал-серілер өнері	30
Сал-серілік.....	34
Сал-серілер жайлы бір үзік сыр.....	36
Жанақ Сағындықұлы	38
Аңызға айналған он жеті	41
Түбек Байқошқарұлы.....	51
Сабырбай Ақтайлақұлы	55
Бұлғақ сері.....	64
Тәттімбет	69
Біржан сал	73
Жаяу Мұса	85
Құлтума Өтемісұлы.....	109
Ақан сері	112
Үкілі Ыбырай	120
Құлан Алдабергенұлы	129
Иманжүсіп Құтпанұлы.....	140
Балуан Шолақ	143
Шашубай сері	152
Әсет Найманбайұлы.....	163
Естай Беркімбайұлы.....	170
Қанапия Басығараұлы	174
Майасар Жапақұлы	177
Мәди Бапиұлы.....	182
Аға Шаяқтар	189
Кенішбай Жұбандықұлы.....	193
Көдек Байшығанұлы	197
Тәкен сал Байғұттыұлы.....	213

ҚАЗАҚТЫҢ САЛ-СЕРІЛЕРІ

ISBN 978-601-03-0451-2



ИБ № 253

Редакторы *Әлсейіт ОСПАН*
Корректоры *Қапиза БЕКЕНҚЫЗЫ*
Компьютерде беттеген *Дйгерім МОЛДАХМЕТОВА*
Техникалық редактор *Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ*

Басуға 18.03.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 60x100 ¹/₁₆.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Academy.kz".
Көлемі 15 ш.б.т. Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс №153/2265.

"ҚАЗАқпарат" баспа корпорациясының баспаханасы



Мұқабда суретші Айнабек Оспановтың "Еркіндік" картинасының фрагменті пайдаланылды.

Қазақ хандығының
туы тігілген
Қозыбасы биігі